

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Сулейман Демирель атындағы университет

ӘОЖ: 378. 147: 801. 73

Қолжазба құқында

ОТАРБАЕВА ГАЗИЗА НУРАХМЕТОВНА

**Көркем мәтінге интерпретация арқылы
студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Сулейман Демирель атындағы университет
профессоры Береке Жұмақаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, ассист.профессор Джейлани Акай
(Босния және Герцеговина, Халықаралық Берч университеті)

Қазақстан Республикасы
Қаскелең, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 КӨРКЕМ МӘТІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ	14
СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН	
ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ	
АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1 Көркем мәтіннің интерпретация нысаны ретінде зерттелуі	14
1.2 Көркем мәтін интерпретациясының философиялық (герменевтикалық) және филологиялық аспектілері	27
1.3 Көркем мәтінді қабылдаудағы танымдық үдерістің (түсіну – түйсіну – пайымдау) өзара әрекеттестігі	44
1.4 Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері	62
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	73
2 ОҚЫРМАНДЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕР	75
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫ АРҚЫЛЫ ӘДІСТЕМЕСІ	
2.1 Көркем мәтінге интерпретация жасаудың рефлексивті амалдары	75
2.2 Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі	86
2.3 Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту әдістері	100
2.4 Көркем шығармаға интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың тиімділігін зерттеу бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстардың барысы мен нәтижесі	131
Екінші бөлім бойынша тұжырым	154
ҚОРЫТЫНДЫ	156
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	159
ҚОСЫМШАЛАР	167

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей нормативтік құжаттарға сілтеме берілген:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (04.06.2020 ж. қаралды)

2 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (04.06.2020 жылы қаралды)

3 Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> (қауау мерзімі: 08.12.2020)

АНЫҚТАМАЛАР

Әдеби рефлексия – көркем шығарманың эстетикалық құндылықтары мен мән-мағынасын бағамдауға бағытталған рефлексия.

Әдеби шығармашылық қабілет – ұшқыр қиял мен көркем тіл арқылы дүниенің, әлемнің көріністерін, өмірден алынған әсерді сөзге сыйдыра біру.

Герменевтика – грек тілінен аударғанда «түйсіну», «пайымдау» деген мағына береді. Герменевтика – мәтінді интерпретациялаудың ұстанымдарын және мағынаны түсіну, талқылау тәсілдерін зерттейтін ғылым.

Герменевтикалық шеңбер (түсіну шеңбері) – бүтіннің мағынасын бөлшек арқылы, бөлшектің мағынасын бүтін арқылы түсіну. Яғни, мәтіннің мағынасын мәнмәтін арқылы, мәнмәтіннің мағынасын мәтін арқылы түсіну әдісі.

Ғылыми интерпретация – әдебиеттанушы оқырманның (көбіне) түсініп-түйсінгенін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексеріп ұсынған интерпретациясы.

Интерпретация – латын сөзі. Қазақ тіліне аударғанда «делдал», «дәнекер болу» деген ұғымды білдіреді. Яғни, көркем шығарма мен оқырман арасындағы дәнекер, оқырманның шығарма төңірегінде өзіндік ой қорытуы, түсінуі, шығармашылық өңдеуден өткізіп, өзінше тұшынуы.

Интерпретатор – көркем мәтіннен түсінгенін, түйгенін сөз арқылы, ғылыми ой-пайым немесе өнердің өзге түрі ретінде қайта жарыққа шығарушы.

Интерпретацияның қисындылығы – интерпретатор пікірінің объективтілігі, шығарма интерпретациясының авторлық интенция мен мәтіндегі негізгі идеядан алшақтамауы.

Концептуалдық мазмұн – шығармадағы экстралингвистикалық факторлардың (әлеуметтік, мәдени, прагматикалық, психологиялық) бірлігінен, олардың өзара үйлесім тауып көркем мәтін түзуінен туындайтын мән-мағына.

Қабылдау (көркем қабылдау) – белгілі бір затты (нысанды) салыстырмалы түрде ұзақ бақылау барысында ойлау, затты немесе нысанды талқылап-түсіну, қабылдау нысанының түрлі байланыс жүйесін, ерекшеліктерін табу әрекеттерінің жүзеге асуын білдіреді.

Құзыреттілік – білім алушының түрлі білік-дағдыларды жан-жақты жинақтауынан көрінетін білім нәтижесі.

Мағына – жалпыға ортақ, сөз бен әлеуметтік ортаның қатынасынан, қоғамдық тәжірибенің көрінісінен туындайтын объективті, тұрақты ұғым-түсініктер жиынтығы.

Мән – жеке адамның психикасында қалыптасып, индивидуалды-жекелік сипатқа ие және аталмыш мағынаға интерпретация жасау барысында қалыптасатын субъективті ұғым.

Оқырмандық интерпретация – оқырманның көркем туындыны оқып шыққаннан кейінгі ой-сезімінен, көңіл-күйінен, алғашқы әсерінен туындаған бастапқы интерпретация.

Шығармашылық – тұлғаның өзіндік айрықша қасиеттерінің болуын талап ететін, түрлі қайшылықтарды шешуге қабілеттілігін айқындайтын жеке немесе қоғамдық мәні бар жаңалықтарға бастайтын адам әрекетінің түрі.

Шығармашылық интерпретация – әдеби шығарманы әдебиеттің өзге жанрына немесе көркемөнердің басқа түріне көшіріп, жаңа өнім ретінде ұсыну.

Шығармашыл тұлға – өз бетінше үнемі ізденісте болатын, әр іс-әрекеттің, құбылыстың ерекшеліктеріне қарай білімі мен біліктілігін тиімді жұмсай алатын және оны түрлі салаға қатысты бағыттай білетін, өз алдына нақты міндеттер қойып, олардың тиісті шешімін де өз бетінше таба білетін адам.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ЭБДҰ – Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы

PISA (Program for International Student Assessment) – Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы

PIRLS (Progress in International Literacy Study) –Бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерделеу бойынша халықаралық зерттеу

PhD – философия докторы

СДУ – Сулейман Демирель атындағы университет

ЖОО – Жоғары оқу орны

т.б. – тағы басқа

т.с.с. – тағы сол сияқты

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі таңда отандық білім беру жүйесі білім берудің нәтижелерін, білімгерлердің бойынан табылуы тиіс құндылықтар мен олардың иегеретін білік-дағдысын, қолданатын құзыретін саралау, қайта зерделеу, білім жүйесін толықтай трансформациялау кезеңінде тұр. Осы тұста қазіргі кездегі мол ақпараттар ағымын өз бетінше игеріп, сыни ойлай білетін, өзіндік көзқарасын дәлелдей алатын еркін ойлы, шығармашыл тұлға тәрбиелеудің өзектілігі арта түседі.

Әрбір оқу пәні шығармашыл тұлға қалыптастыруға әлеуетті. Дегенмен, әдеби шығармашылыққа, әдеби білім мазмұнына, әдебиетті оқыту әдіс-тәсілдері мен формаларына қойылатын талап айрықша болатыны заңды. Шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін, ең алдымен, білім алушыларды көркем шығарманың мазмұны мен мәнін өз бетінше түсініп, пайымдай білу дағдыларын дамытуға арналған оқу әрекетіне бағыттауымыз керек.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ЭЫДҰ-ның ересектердің (16-65 жас) құзыреттілігін халықаралық бағалау бағдарламасының (PIAAC) нәтижелері бойынша Қазақстан оқу сауаттылығы бойынша 34-орынды иеленгенін алға тартып: «Қазақстан халқының сауаттылық және құзыреттілік деңгейін бағалау әлемнің көптеген елдерінен елеулі артта қалғанын куәландырады. ...Білім және ғылым жүйесіндегі бұл жағдай өзгермейтін болса, таяу перспективада ұлттық адами капитал одан әрі нашарлап, кәсіби кадрлардың азаюы және еліміздің экономикалық әлеуетінің төмендеуі орын алады», – деп ескертеді және бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі ретінде: «білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету»[1], – деп көрсетеді.

Аталған мәселенің өзектілігі тек біздің елде ғана емес, бүкіл әлем бойынша артып келеді. Оқу сапасын зерттеуші PISA (Program for International Student Assessment) және PIRLS (Progress in International Literacy Study) сынды халықаралық жобалардың нәтижелері бойынша оқу сапасы мен түсіну деңгейінің әлем оқушыларында төмендеп кеткендігін көрсетеді. 2015 жылғы PISA рейтингінде Қазақстан 53-орынды көрсетсе, 2018 жылғы рейтинг бойынша 69-орынға тұрақтаған[2]. Мәселенің бәрі – оқушыларының мәтіннен керек ақпаратты тауып, оны өздігінше интерпретациялап, баға бере алмауынан туындап отыр. Зерттеушілер бұл мәселені, біріншіден, ақпарат ағымының күн санап өсіп, ал адам баласы оны игеріп үлгермей жатқанымен байланыстырса, екіншіден, бұрынғы білім жүйесінде оқудың жылдамдығы мен сапасына көбірек көңіл бөлініп, түсіну сапасы төмендеп кеткенін алға тартады. Қазақстан білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің PISA-2018 қорытындысы турасында: «PISA рейтингіндегі нәтижелерді жақсарту алатын біздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер 15 жастағы оқушыларға әлі де әсерін тигізбеді. Өйткені тест тапсырғандар – жаңартылған білім беру мазмұнына көшпегендер. Жаңартылған бағдарламалардың әсерін біз PISA-2021 рейтингінен, ең дұрысы

«PISA-2024 рейтингінен бастап көре аламыз» [2], – деген пікірі де осы ойды қуаттайды.

Осылайша, жоғары оқу орнына да оқу және шығарма талдау дағдылары қалыптаспаған, көп жағдайда, тіпті мәтінді түсініп, оны өз бетінше интерпретациялай алмайтын студенттер келеді. Әсіресе, мәні терең, айтар ойы астарлы көркем шығармаларды түсініп-түйсіну деңгейі тым төмен. Сондықтан, оқу және оқығанды қабылдау мен түсіну мәселесін жоғары білім жүйесінде қарастыру өте маңызды.

Біріншіден, бүгінгі білім беру талаптары студенттің тек қана кәсіби емес, тұлғалық, әлеуметтік тұрғыдағы құзыреттіліктер жиынтығын меңгеріп шығуын көздейді және бұл құзыреттіліктерді қалыптастыруда шығарма оқу мен түсінудің үлесі аз емес екені айқын. Тек гуманитарлық сала мен филолог студенттер ғана емес, өзге мамандықта білім алушыларда да көркем шығарма оқу қажеттілігі анық байқалады. Алайда, шығарманы толыққанды талдау жүзеге аспау салдарынан, қисынды түсіну де интерпретация да жүзеге аспайтыны белгілі.

Жоғары мектепте интерпретациялау құзыретін қалыптастырудың екінші өзектілігі – мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру үшін алдымен мектепте білім беруші мамандардың дайындығы талапқа сай болуы керек. Бүгінгі «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» да негізгі бағыты оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып білім беруді көздейді[3]. Яғни, бүгінгі жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнын бекітіліп берілген пәндер тізімі емес, кәсіби және тұлғааралық, мәдениетаралық қатынастарға, тұлғаның өзіндік дамуына негізделген құзыреттіліктер жүйесі құрайды. Осылайша, білім беруді модернизациялаудың бүгінгі кезеңінде алғы шепке жекелеген арнайы пәндер емес, жалпы гуманитарлық ғылымдарға ортақ, бірыңғай әдіснамалық ұстанымдар мен категориялар шығады. Осындай әмбебап категориялардың бірі ретінде **мәтінді**, гуманитарлық танымның негізгі мәселелерінің бірі ретінде **интерпретация мәселесін** танимыз. Сондай-ақ, бүгінгі әдіснама ғылымында интерпретация мәтінді түсінудің жемісі, нәтижесі ретінде емес, іс-әрекет, үдеріс, әдіс ретінде қаралады. Біз өз зерттеу жұмысымызда көркем шығармаға жасалатын интерпретацияның шығармашыл тұлға қалыптастырудың тиімді әдісі бола алатынын негіздейтін боламыз.

Зерттеудің мақсаты: көркем мәтінді интерпретациялау дағдысын дамыта отырып, шығармашылық қабілетін арттырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін жасау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тиімді әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің нысаны: көркем мәтінге интерпретация жасау арқылы студенттер шығармашылығын дамыту үдерісі.

Зерттеу пәні: көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі.

Зерттеудің міндеттері:

- көркем мәтін интерпретациясы мәселесін философиялық, герменевтикалық және филологиялық көзқарастар тұрғысынан зерттеп-зерделеу;

- интерпретацияны әрекет тұрғысынан негіздеу және оның жүзеге асу сатыларын айқындау;

- көркем шығармаға интерпретация арқылы шығармашылықты дамыту кезеңдерін және оған сәйкес қалыптасуы тиіс құзыретіліктерді анықтау;

- студенттер шығармашылығының көрсеткіші мен критерийлерін зерделеу және оның даму деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістеме дайындау;

- көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;

- көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту әдіс-тәсілдерін айқындап, оқыту әдістемесінің тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер оқу үдерісіне көркем шығармаға интерпретация жасаудың кешенді әдістемелік жүйесі енгізілсе, көркем шығарманы оқыту арқылы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалауға бағдар берілсе, шығармашылық құзыретті қалыптастыруға негізделген дәстүрлі, инновациялық әдістер және әдеби шығармашылықты дамытуды көздейтін дидактикалық тапсырмалар жүйелі түрде қолданылса, студенттердің оқу іс-әрекетінің репродуктивті – белсенді – интергративті – шығармашылық кезеңдері қадам-қадаммен жүзеге асырылатын болса, **онда** сыни ойлауы қалыптасқан креативті тұлға, шығармашыл студент моделіне қол жеткізуге болады, **өйткені** студенттердің оқу сауаттылығы артып, көркем шығарманы түсініп-түйсінуі, оған рефлексия жасай алуы, көркем шығарманы талдап, бағалай алуы студенттер шығармашылығын дамытудың негізгі қозғаушы күші саналады.

Зерттеудің жетекші идеясы: көркем мәтін интерпретациясын ғылыми-теориялық зерттеу, студенттердің көркем мәтінді талдау мен бағалауына, өзіндік интерпретацияда қайта шығармашылық өнім ұсынуына бағытталған әдістемелік жүйе құру өзіндік ойы қалыптасқан, креативті, шығармашыл маман дайындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Зерттеудің әдіснамалық негізін мәтін интерпретациясы, герменевтика теориясы, көркем мәтінді қабылдау мен түсіну, талдау мен бағалау турасындағы, шығармашылық құзыретті қалыптастыру, шығармашылыққа баули оқыту, шығармашылық психологиясына қатысты әдебиеттану, педагогика, философия мен психология саласындағы әдебиеттер мен зерттеулер, ғылыми көзқарастар мен тұжырымдар құрайды.

Зерттеу әдістері: Диссертациялық жұмысты ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу барысында жинақтау, талдау, ой қорыту, жобалау әдістері; эксперимент жұмыстарын ұйымдастыру барысында бақылау, сауалнама, сұқбаттасу, талдау, диагностикалық әдістер; зерттеу жұмысын қорытындылау

барысында талдау, ақпаратты қорыту, өңдеу, сандық және сапалық сараптау, жинақтау, даралау әдістері қолданылды.

Эксперименттік база: Эксперимент жұмыстары Сүйлейман Демирель атындағы университет, Еуразия гуманитарлық институты және Халықаралық Берч университеті базасында жүргізілді.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

1. Бірінші кезеңде мәтін теориясы, көркем мәтін интерпретациясына қатысты ғылыми-философиялық, теориялық еңбектер сараланып, оның студенттер шығармашылығын дамыту мүмкіндіктері зерттелді. Жоғары оқу орнына түскен студенттердің шығармашылық әлеуеті анықталып, тақырыпқа сәйкес шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды.

2. Екінші кезеңде көркем мәтінге жасалатын интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың дидактикалық ұстанымдары, оқытудың әдістемелік жүйесі жасалып, студенттердің көркем мәтінді қисынды қабылдау, түсініп-түйсіну, интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға, сол арқылы, шығармашылық белсенділіктерін арттыруға бағытталған оқыту әдіс-тәсілдері мен оқу құралдары, тапсырма түрлері әзірленді. Қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылып, интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды.

3. Үшінші кезеңде жүргізілген тәжірибе нәтижелерін талдау, сараптау, соған сәйкес, әдістемелік жүйеге өзгетулер мен түзетулер енгізіліп, тиімділігін анықтау жұмыстары жүргізілді. Эксперимент нәтижесінің сандық және сапалық көрсеткіштері талданды. Жұмыстың нәтижесі тұжырымдалып, әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- көркем мәтін интерпретацияның негізгі теориялық аспектілері нақтыланып, интерпретация теориясына, көркем мәтінді түсініп-түйсінуге, талқылауға қатысты ғылыми көзқарастар сараланып, мазмұндық тұрғыда жүйеленді;

- «интерпретация» ұғымы дағды, әрекет ретінде қарастырылып, оның жүзеге асырылу сатылары айқындалды;

- көркем мәтінге жасалатын интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың дидактикалық мүмкіндіктері анықталды;

- көркем шығармаға интерпретация арқылы шығармашылықты дамыту кезеңдері мен студент бойында қалыптасуы тиіс құзыреттіліктері анықталды;

- студенттер шығармашылығының даму деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістемелер дайындалды;

- көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

- көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту әдіс-тәсілдері айқындалды;

- көркем мәтін интерпретациясы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының нысаны ретінде алғаш зерттеліп, оқыту әдістемесінің тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді.

Жұмыстың теориялық маңызы: Диссертациялық жұмыста интерпретацияның көркем мәтінді тану мен оқу-таным үдерісінің сапасын арттырудағы мүмкіндігін айқындау, білімгер құзыретін қалыптастыру жолдарын қарастыру мәселелері тұрғысынан зерттеліп, көркем шығармаға жасалатын интерпретацияны оқу-танымдық үдерістің нәтижесі ретінде емес, оны жүзеге асырушы әрекет ретінде танытады. Интерпретация теориясына қатысты еңбектер философиялық, психологиялық, герменевтикалық, әдебиеттанушылық тұрғыдан толықтай сараланып, оны зерттеу мен оқытудың маңызы айқындала түседі. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар жоғары мектепте әдеби білім берудің әдістемелік және теориялық негіздерін байытуға, оны жаңашыл көзқарастар тұрғысынан саралауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы: Жұмыста көркем шығарманы қабылдау мен түйсінуге, талдау мен бағалауға, жаңа шығармашылық өнім алуға негізделген әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар, студенттер шығармашылық интерпретациясын бағалау критерийлері, интерпретация арқылы шығармашылықты дамытудың іс-әрекеттік механизмі, оны жүзеге асыру кезеңдері мен әр кезеңде қалыптасатын білік-дағдылар жүйеленген. Зерттеу қорытындылары жоғары білім беру жүйесіндегі білім сапасының жетілуіне, мәтін талдауға, студенттердің шығармашылық жұмыстарын дамытуға негізделген курстардың мазмұнын толықтыра түсуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мәтін теориясы мен практикасы, интерпретация теориясы, студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеп жүрген ізденушілер мен оқытушылаға пайдалы болмақ.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы жұмыстың әдебиеттану, философия, психология, педагогика, әдістеме ғылымдарының жетістіктеріне негізделуімен, теориялық тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып, талдануымен, жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес қолданылған зерттеу әдістерінің тиімділігімен және қол жеткізген нәтижелердің шығайылығымен анықталады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Заманауи мәдениеттің өзегі – мәтін. Мәтін өнер мен мәдениеттің ажырамас бөлігі болғандықтан оны қабылдау мен түсіну, зерделеу мен өз бетінше пайымдай білу тұлғалық дамудың көрсеткіші саналады. Сондықтан, мәтінді түсініп, пайымдап оқу дағдысын, оқырмандық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту аса маңызды.

2. Интерпретация – оқырманның мәтінмен, автормен және өзінің жеке тұлғасымен ішкі диалог орнатуы, автор мен оқырманның ортақ шығармашылыққа жұмылуы, оқырмандық рефлексияның жемісі.

3. Көркем мәтінге жасалатын герменевтикалық талдау көркем шығарманы автор ұстанымы, уақыт пен кеңістік, оқырман дүниетанымы мен құндылықтары, мәтін тұрғысынан – тағыда өзге сан қырынан зерделеп, пайымдауға жол ашады.

4. Көркем шығарманы қабылдау, талдау, интерпретация жасау дағдылары студенттердің шығармашылық құзыретінің қалыптасуы мен дамуына ықпал

етеді. Сондай-ақ, шығармашылық интерпретация студенттердің эмоциясының, қиялы мен образды ойлауының арта түсуіне мүмкіндік береді.

5. Көркем мәтінге жасалатын интерпретация студенттің оқу-танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде қаралып келді. Біздің көзқарасымызша, интерпретация әрекеті – шығармашылықпен қорытындыланатын үдеріс. Яғни интерпретация – оқу әрекетінен басталып, түсіну, пайымдау, қорыту, бағалау мен шығармашылық өнімге дейінгі сатылы, динамикалы үдеріс. Ол жаңа шығармашылық өнім алуға бағытталған әрекеттің әрі үдерісін, әрі нәтижесін айқындайды.

6. Оқырмандық интерпретацияның материалдық өнімі – жаңа туынды, сөз өнерінің әр жанрында жарыққа шығатын тұлғаның шығармашылық әрекетінің нәтижесі. Ол оқырманның өзіндік түйгенінен, автормен, шығармамен жеке диалогынан туындаған жаңа мәтін түрінде т.б. шығармашылықтың түрлі формаларында (музыка, кескін, кино және театр өнері түрінде) жарыққа шығуы мүмкін.

7. Заманауи цифрлық технологиялар интерпретация әрекетін жаңаша ұйымдастырып, көркем образдарды вербалды, визуалды түрде жарыққа шығару жолдарын, оқырмандық ұстанымды көрсетудің жаңа амалдарын, шығармашылық өнімді таныстыру мен таратудың тиімді арналарын ұсынып отыр.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен сарапталуы. Зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелері бойыша 6 мақала, 1 әдістемелік нұсқаулық жарық көрді. Олар:

1. Criteria-Based Assessment Of Creative Types Of Writing In A Form Of Essay // Bolivarian Republic of Venezuela, University of Zulia, Experimental Faculty of Science, Journal Opción, Año 35, No. 88 (2019): 470-508 ISSN 1012-1587 / ISSNе: 2477-9385;

2. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар // ҚазҰУ хабаршысы, Қазақстан, Алматы – 2018ж, №4 (172);

3. Интерпретация – көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің бір жолы // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті хабаршысы, Қазақстан, Алматы – 2019ж, №1(77);

4. Көркем мәтін интерпретациясы және герменевтикалық әдістер // Ш. Уалиханов атындағы КМУ хабаршысы, Қазақстан, Көкшетау – 2019ж, №4;

5. Функционалды оқу арқылы мәтінді тану мен түсіну // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №4(74), 2020

6. Әдебиет пәнінде оқушылардың таным белсенділігін арттыру жолдары (М. Жұмабаев шығармалары арқылы) // «М. Жұмабаев мұрасы және рухани жаңғыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 10 қазан 2018 жыл. – Алматы, 218-222 бб.

7. Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері // Әдістемелік нұсқау – «Қазақ университеті» баспасы, – 2019ж.

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 КӨРКЕМ МӘТІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Көркем мәтіннің интерпретация нысаны ретінде зерттелуі

Көркем мәтін – күрделі де жан-жақты құрылым. Көркем мәтінді талдау мен оқыту барысында сан түлді әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Көркем шығарма мәтін теориясы, поэтикасы, герменевтика, стилистика сынды түрлі ғылыми салалардың зерттеу нысаны болады. Көркем мәтін – ұлттық діл мен мәдениеттің, құндылықтардың көрінісі, адамзат ақыл-ойының айнасы, дүниеге деген көзқарастар мен таным картасы. К.Т. Маняпова мәтін тұжырымдарын жеті бапқа бөліп қарастырып, төмендегідей талдап көрсетеді:

1) мәтіннің барлық бөлшектері өзара тығыз байланысты (құрылымдық поэтика тезисі);

2) мәтін бөлшектерінің арасындағы байланыс ортақ желілер(мотив) ретінде айқындалады (мотив талдау тезисі);

3) мәтінде кездейсоқ нәрсе болмайды (психологиялық талдау);

4) мәтіннің әрбір жекеленген, тіпті үстірт мәндерінің де астарлы мазмұны бар; мұнда мифологиялық сипаттағы терең әрі әмбебеп заңдылықтар жатыр (К.Т.Юнгтің аналитикалық психологиясы);

5) мәтін реалистік шындықты суреттемейді, ол шынайы құбылыстармен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);

6) бір мәтіндегі шынайы ақиқат басқасында жалған болып шығуы әбден мүмкін (мүмкін дүние семантикасы);

7) мәтін қатып қалған мән-мағына емес, ол автор, оқырман және мәдени контекст арасындағы сұқбат (М.М. Бахтин поэтикасы)[4].

Бұл айтылғандар мәтінге қатысты көзқарастар, енді көркем мәтінге тән ерекшеліктер мен заңдылықтарға тоқталып өтейік. Т. Есембеков: «Көркемдік ұғымы өнердің ерекшелігін көрсетіп тұрады, ойлану мен сананың айрықша күйін, түрін анықтайды. Әр өнердің болмысын оның эстетикалық табиғаты түгендеп тұрады, яғни көркем туынды тұлғаның рухани дүниесінің сұранысын қанағаттандыратындығымен, адамдар арасындағы эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыруымен ерекшеленеді», – дей келе, көркем мәтінге тән заңдылықтарды төмендегіше жіктейді:

1. Тұтастық заңы бүтін бітімнің іштей аяқталғандығын, яғни эстетикалық нысан ретіндегі пішіннің реттілігі туындының тұтастығын қамтамасыз етеді, оған деген эстетикалық көзқарас қалыптастырады.

2. Эмоциялық рефлексия, бұл заң эстетикалық көңіл-күйден көркемдіктің шарттылық заңын тудырады.

3. Ішкі адрестілік заңы эстетиканың хабарлаушы қасиетіне байланысты алғышарттардан туған. Әрбір көркем тұтастық үнемі әлдебір белгісіз адресатқа арналады. Сыртқы адрестілік (арнау, оқырманмен ойласу) әрбір мәтін үшін

міндетті емес. Көркем мәтін оқырман-адресатқа ішкі жан дүниесінің сырларын ашады, сөйтіп, бүтін бітім ретінде танылады.

4. Шығармашылық даралық заңы. Бұл заң бойынша тек ешкімге еш нәрсеге ұқсамайтын өнер туындысы ғана көркем дүние бола алады екен.

5. Басымдық беру заңы. Аталмыш заң шығармашылық жинақтауларға ерекше мән береді. Жекенің жалпыға, индивидтің адамзатқа ортақ мәселелерді қамтуы көркемдіктің биік шығы болып саналады. Осы орайда, Ф. Шеллингтің шығарма дара болған сайын әмбебап бола береді деген пікірін есте ұстау қажет[5, 27].

Көркем мәтінде тіл арқылы, сөз немесе сөйлеу арқылы ғана жеткізілу мүмкіндігінен әлдеқайда көп ақпараттар қоры сақталған. Кейде кішкене ғана деталь көркем шығарманың мәнін ашып беріп жатса, кейде керісінше, бүкіл көркем туынды бір ғана детальды түсіндіруге қызмет атқарып тұрады. Осы тұрғыдан алғанда көркем шығарманы дұрыс қабылдау мен түсіну өте маңызды[6].

Біз көркем мәтінді герменевтикалық тұрғыда зерттеуге баса назар аударамыз. Герменевтика (гректілінде«түйсіну») – мәтінді интерпретациялаудың ұстанымдарын және. мағынаны түсіну, талқылау тәсілдерін зерттейтін ғылым. Интерпретация – латын сөзі. Қазақ тіліне аударғанда «делдал», «дәнекер болу» деген ұғымға саяды. Яғни, көркем шығарма мен оқырман арасындағы дәнекер, оқырманның шығарма төңірегінде өзіндік ой қорытуы, түсінуі, шығармашылық өңдеуден өткізіп, өзінше тұшынуы.

Интерпретация мәселесі бүгінде көптеген гуманитарлық ғылымдардың негізгі зерттеу нысанына айналып, сан алуан пікірталастар мен көзқарастарға арқау болып отыр.

Алғаш рет интерпретация мәселесін ғылыми таным әдісі ретінде неміс ғалымы В. Дильтей қарастырған болатын. В. Дильтей жалпы гуманитарлық ғылымдардың негізін қалап, оны «рух туралы ғылым» деп атады. Позитивистік философияның үстемдігі артып, ғылыми танымның негізі жаратылыстану ғылымдары деген түсінік басым кезеңде В. Дильтей таным үдерісі қалай жүзеге асады, әлемді тану мен дүниені қабылдау құралы ретінде нені атай аламыз деген сауалдарға жүгінді. Дильтейдің «рух туралы ғылымында» әр ғылыми таным интерпретация әдісіне негізделіп, гуманитарлық ғылымдардан бастау алады. «Интерпретация дегеніміз – өмірдің сан алуан құбылыстарын ұзақ уақыт бақылаудың өнер ретінде жарыққа шығуы» [7, 78], – деп, В. Дильтей нысанның ішкі мазмұнының өмірде, тұрмыстың түрлі жағдайларында іс-әрекет, сөз, өнер, түрлі заңдылықтар ретінде көрініс табуын меңзейді.

Герменевтиканың философиялық және әдіснамалық ғылым ретінде зерттелуі мен гуманитарлық ғылымдарға деген жаңаша көзқарастардың қалыптасуы интерпретацияны таным әрекетінің әдісі ретінде қарастыруға жол ашты. Х.Г. Гадамер интерпретацияны семиотика мен тарих, тілдік гносеология мен логика, филология, аударма, әдеби сын сияқты гуманитарлық ғылымдар

мен салаларға қызмет ететін теориялық-танымдық категориялардың бірі деп айқындайды[8, 35 б.].

1955 жылы итальяндық ғалым, философ Э. Беттидің «Интерпретацияның жалпы теориясы» еңбегі жарыққа шықты. Беттидің теориясына сәйкес, интерпретация – үш тараптың қатысуымен жүзеге асатын үдеріс. Олар – автордың өзіндік ойы, интерпретатордың жеке көзқарасы және репрезентативті форма. «Репрезентативті форма» деп Э. Беттисимвол, жест, сөйлеу, әрекет, жазбаша мәтін, өнердің түрлі туындысы, т.б. –барлық адам субъектісінің мағыналық көрінісін атайды. Репрезентативті форманың қызметі – мәтіннің мәні мен мағынасын жеткізу, тасымалдау.

Э. Бетти интерпретацияның объективтілігін сақтауды басты назарда ұстау керектігін негіздей отырып, көркем мәтінді интерпретациялауда төмендегідей төрт шартты атап көрсетеді:

1. Интерпретацияға нысан болып отырған мәтіннің автономиясы сақтау. Яғни, интерпретатор өзінің субъективті көзқарастарына сүйеніп интерпретацияның қисындылығына кедергі келтірмеуі тиіс. Интерпретацияның өзегі – мәтін, интерпретация қанша жаңа көзқарастар мен дара талқылауларға түскенімен, өзегінен, негізгі идеясынан ажырамау керек.

2. Жинақылық және мағыналық байланысты сақтау. Бүтін нысанды түсіндіру мен жекелеген ойға немесе мәтіннің бір бөлшегіне талдау жасауда интерпретатордың арақатынасты үзіп алмауы, мәнмәтінмен жұмыс істей білуі талап етіледі.

3. Мәтіннің өзектілігін сақтау. Мәтіннің жазылған уақытындағы өзекті мәселелерді, автордың жеткізбек болған негізгі ойын жоғалтпай, бүгінгі күннің идеяларымен сабақтастыра білу.

4. Герменевтикалық мағына сәйкестігін сақтау немесе қисынды түсіну. Интерпретатордың туынды авторына идеялық-танымдық тұрғыда ашық болуы. Автордың рухани әлемін қабылдауға, айтпақ ойын, дүниетанымын түсінуге деген ұмтылысының болуы, туындыгерді тануға, онымен диалог орнатуға тырысу.

Э. Бетти интерпретация түрлерін төмендегідей топтастырады:

Анықтаушы интерпретация – репрезентативті мағынаны түсіну. Мақсаты репрезентативті форма ретінде көрініс тауып отырған мәтіндегі мазмұнды, айтар ойды анықтау.

Репродуктивті интерпретация–интерпретацияны оқырманға, көрерменге немесе басқа да адресатқа көркем туындының мәтін жеткізуші құрал ретінде қолдану. Негізгі ойды қайта жарық көрген интерпретациялық өнім арқылы жеткізу. Бұған көркем мәтіннің драма, музыка, кинотуынды, аударма ретіндегі интерпретациялары жатады.

Нормативті интерпретация – қоғамда, тұрмыста белгілі бір ережелерді, моральдық-нормативтік қағидаларды жалпыға ортақ түсінуде қолданылатын интерпретация. Э. Бетти нормативтік интерпретацияға «тұрақтылық тән» деп көрсетіп, оған құқықтық, этикалық, діни интерпретация түрлерін жатқызады[9].

болады деген мағынаны білдірмесе керек. Алайда, қисынды интерпретация жасауға деген ұмтылыс «идеал оқырман» тарапынан жүзеге асатынын анық айтады.

1990 жылы жарыққа шыққан «Интерпретацияның шегіатты еңбегінде интерпретацияның еркіндігі мәселесіне тағы да тоқталып өтеді. Зерттеуші А.Р.Усманова У.Эконың бұл еңбегі турасында: «Түптеп келгенде Эко өзінің интерпретацияның «ашықтағы» мен «шексіздігі» туралы ойлары үшін «жауапкершілікті өз мойнына алып», ғылыми көзқарастарын қайта қарап, трансформацияуына тура келді» [11], –деген ой түйеді.

Дәл осы У. Эконың ғылыми көзқарастарының дамуыкөркем шығармаға жасалатын интерпретацияның қызметі турасындағы пікірлергеайтарлықтай ықпалтиіп, туындыны түсіну мен талқылаудағы автор және оқырман категорияларының зерттелуіне бастама болды.

Философиялық герменевтикада «интерпретация» термині түсіну және түсіндіру өнері деген мағаны білдірген. Интерпретация теориясы мен көркем мәтінді талдау мәселелері орыс және шетел лингвистері мен әдебиеттанушы ғалымдарың еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, қарастырылды (Г.И. Богин 1996 ж.; Г. Брандес 1990 ж.; В.В. Виноградов 1954 ж., 1963 ж.; Г.О. Винокур 1991 ж.; И.Р.Гальперин 1981 ж.; В.З. Демьянков 1985 ж.; К.А.Долинин 1985 ж.; А.Б. Есин 1998 ж.; Н.А. Купина 1985 ж.; В.А. Кухаренко 1979 ж.; Ю.М. Лотман 1970 ж., 1972 ж.; В.А. Лукин 1999 ж. ; А.Л. Никифоров 1993 ж.; Н.Ф. Пелевина 1989 ж.; Э.Г. Ризель, Е.И. Щендельс 1975 ж.; Г.Я. Солганик 1973 ж., 1997 ж.; З.И. Хованская 1975 ж.; W. Fleischer, G. Michel 1977 ж., 1993 ж.;). Бұл авторлардың еңбектерінде интерпретацияның жалпы теориясы айтылса, В.З.Демьянков жазба мәтіндердің интерпретация мәселесін, В.Е. Никифоров, көркем мәтіндерді интерпретациялау әдістері мен олардың негізгі лингвистикалық, ситилистикалық және әдебиеттанулық құрылымын қарастырды. Сонымен қатар, мәтін лингвистикасы мәселелері бойынша (И.Р.Гальперин 1981 ж. ; Ю.М. Лотман 1970 ж.; В.А. Лукин 1999 ж.; З.Я.Тураева 1986 ж.), мәтін стилистикасы бойынша (И.В. Арнольд 1990 ж.; Г.Брандес 1990 ж.; Н.Ф. Пелевина 1989 ж.; Г.Я. Солганик 1973 ж., 1997 ж.; W.Fleischer, G.Michel 1977 ж., 1993 ж.), көркем мәтінді талдау теориясы бойынша (В.В. Виноградов 1963 ж.; Г.О. Винокур 1991 ж.; З.И.Хованская 1975ж.; Е. Riesel 1975 ж.), көркем мәтінді әдеби талдау ұстанымдары мен тәсілдері (А.Б. Есин 1998 ж.), автор ойы мен мәтінді қабылдаушының түсінуі арасындағы байланыс мәселелері бойынша (И.В. Арнольд 1990 ж.; М.М.Бахтин 1979 ж.; А.Б. Есин 1998 ж.) еңбектердің интерпретация теориясының қалыптасуындағы үлесі зор. Автор және оқырман қатынасы мәселелері герменевтикағы қатысты еңбектерде (Г.-Х. Гадамер 1988 ж., 1991 ж.; М.Хайдеггер 1993 ж.) және психологияға қатысты еңбектерде де (Д.И.Выготский 1986 ж., Н.А. Рубакин 1977ж., К. Юнг 1991 ж.) көрініс табады. Көркем мәтінді қабылдау мәселесі психоллингвистикалық зерттеулерден де орын алған (В.П. Белянин 1988 ж.; А.А. Леонтьев 1969 ж.; В.А.Пищальникова 1992 ж., 1999 ж.; Ю.А. Сорокин 1985 ж.). Ал интерпретацияны көркем

қабылдау, әдеби шығармашылық психологиясымен байланыстыра зерттеу В.М. Жирмунский, М.П. Алексеев, Д.Дюришин, А.Н. Веселовский және т.б. ғалымдарың еңбектерінде ішінара көрініс тапты.

Көркем шығарманы түсінуге деген ұмтылыс, көркем туындының ерекшеліктері мен қызметін анықтау Антика дәуірінен бастап бүгінге дейін эстетика, поэтика, семиотика мен лингвистика т.б. іргелі ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып келеді.

Гадамер өз еңбектерінде «Көркем мәтін дегеніміз – әдеби талдау арқылы түсіндере салудан әлдеқайда ауқымды дүние, алиинтерпретация мәтінді түсіндіру техникасы деп қарастырудан әлдеқайда кең ұғымды білдіреді», – дейді [12, 125 б.] .

В.В. Гетьман интерпретацияның негізгі құралымы ретінде келесі ұстанымдарды көрсетеді:

➤ Интерпретация жасауда жеке тұлғалық және тұлғааралық қатынастар маңызды, яғни мәтін авторы мен интерпретатор арасындағы байланыс, мүмкін болса, тіпті бір мәтіннің бірнеше интерпретаторлары арасындағы байланысты анықтап отырған жөн;

➤ Интерпретация ажырамас үш компоненттің басын біріктіруі тиіс: автор және оның ішкі әлемі – мәтін – оқырман-интерпретатор және оның өз ішкі әлемі. Осы «үштік одақ» адекватты интерпретацияның қалыптасуының кепілі бола алады. Осылайша мәтін интерпретациясы бір жағынан оқырманның өз ішкі әлемі мен екінші жағынан «автордың жиынтық әлемінен» түзілген «әлемнің менталды моделін» құрауы тиіс;

➤ Интерпретация тілдің және сөйлеу тілінің құрылымына, мәнмәтін мен жағдаяттарға, қарым-қатынас ережесіне, тілдік қарым-қатынас шеңберінен тыс дәйектемелерге сүйеніп жасалады;

➤ Интерпретация жасауда мәтіннің немесе пікірдің мағынасы туралы болжамдарды ескеру және тексеріп отыру маңызды [6].

Көркем мәтін интерпретациясы дегеніміздің өзі – мәтін мазмұнын құрайтын көркемдік мағынаны тану мен түсіну құралы. Бүгінгі таңда көркем шығарманы түсіну мен интерпретация мәселелері психолингвистика, когнитивті лингвистика әдебиеттану, мен герменевтика ғылымдарының аясында әр қырынан зерттеліп келеді.

Психолингвистика тілдік жүйедегі сөйлеу үдерісін, оның қалыптасуы мен қабылдануын зерттейді. Психолингвистикалық концепциялар индивидтің жеке білімі мен сөз мағынасының арақатынасы, оның сөздік қорындағы эмотивті сөздердің көрсеткіші тұрғысынан анықталады. Сонымен қатар, жеке адамның сөйлеу құрылымында сөздерді қолдану үдерісінің зерттелуіне ерекше назар аударылады.

Когнитивті лингвистика тілді түрлі ойлау құрылымдары мен үдерістері аясында зерттейді. Бұндай зерттеулер адамның жеке танымына, дүниеге көзқарасы мен оны қабылдауы мен түсінуіне негізделеді. Когнитивті лингвистика саласындағы мәтін мен дискурсты менталды кеңістікте концептуалдау, тарихи аспектіде концептуалдау, концепт табиғаты мен

концептуалды талдау бағыттары интерпретация мәселелерін қамтиды. Когнитивті лингвистика адамның қоршаған ортаны тану арқылы өзіндік әлем картинасын, бейнесін жасайтын менталды үдерістерін зерттейді.

Герменевтикалық тәсіл аясында зерттеуші мәтін мағынасын, мәнін түсінуге қисынды интерпретацияға ұмтылады.

Әдебиеттану ғылымы көркем мәтінді түсінудің формалары мен түрлері, бір ғана мәтін қалайша реципиенттің санасында түрлі интерпретация тудырады деген мәселелерді зерттейді.

Әдебиеттану ғылымында интерпретацияның көркем мәтінді талдау тәсілі ретінде зерттелу эволюциясын төмендегідей кезеңдерге бөліп көрсетуге болады.

1) Антикалық кезең. Неоплатоншылар бұл әдісті классикалық әдебиет мұраларындағы аллегориялар мен астарлы мағыналарды түсіну үшін қолданды.

2) Орта ғасырларда интерпретация түрлі діни жазбалардың мазмұнын түсінудің негізгі әдіс-тәсіліне айналды.

3) Жаңа дәуірде интерпретация философиялық мәнге ие болып, интерпретация әдісі түрліше көзқарастар мен зерттеулердің нысанына айналды. Олар:

а) Интерпретация – мәтінге автор берген дарытқан ой мен мазмұнның мағынасын түсіну. Интерпретацияны философия-герменевтикалық көзқарас тұрғысынан зерделеуде көркем шығармадағы мағыналық мазмұнның қайнар көзі, негізі автор деп танылады. Сондықтан, көркем шығарма мазмұнын түсінуде автор туралы нақты ақпараттар мен биографиялық маңызға ие болады.

ә) Интерпретация дегеніміз – мәтіндегі қандай да бір кодтың ашылуы. Ол мәтіннің құрылымдық сипаты арқылы көрініс табады. Мәтінде жүйе, ритм сынды түрлі объективті-құрылымдық формалар қалыптасады және мәтіннің мағынасы автордан бұрын осы қалыптасқан құрылымдарға тәуелді.

б) Интерпретацияны постмодернистік көзқарастар аясында зерттеу көркем мәтіннің негізгі мәнін ұғу, ашып түсіне алу деген ұғымға саяды. Бұл теория бойынша мәтіннің мән мағынасы авторға да шығарманың мәтіні мен құрылымына да тәуелді емес. Шығарманың идеялық мазмұны мен мәні мәтінді оқу барысында қалыптасады дей келе, интерпретация түсінігі оқырман еншісіне қалдырылады. Оқырман шығарманың бойындағы мағынаны қабылдаушы емес, керісінше, мәтінге мән-мағына беруші. Оқу үрдісінің өзі мәтінді мағынамен байыту деп қарастырылады. Оқырман ауысқан сайын шығарманың мәні де өзгеріп, әр оқырман өз интерпретациясын ұсынатыны осының айғағы.

Біз зерттеу жұмысымызда көркем мәтін ұғымын әдеби мәтін, яғни интерпретацияға «ашық» көркем шығарма ретінде де, әрі интерпретация арқылы қалыптасқан шығарма ретінде де қарастырылады. Яғни, әдеби мәтін дегеніміз – қаламгердің роман, повесть, поэма, әңгіме, драма жанрында жазылған аяқталған көркем туындысы. Оның негізінде «жаңа көркем мәтін» (сол көркем туынды негізінде композитор, қоюшы-режиссер, суретші немесе сценарист арқылы (интерпретатор) өнердің басқа түрі мен жанры ретінде туындаған (опера, музыка, балет, кинофильм, картина) көркем мәтін) қалыптасады. Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, көркем мәтін

интерпретациясын екіжақты – интерпретация нысаны және интерпретация нәтижесі ретінде қарастыру шарт.

Мәтін, соның ішінде, көркем мәтін бүгінде сан қырынан зерттеліп, түрлі анықтамалар беріліп келеді. Ғалымдар көркем мәтінге тән эстетикалық функциясының болуы, астарлы ойының болуы, қабылдаудың түрлілігі т.б. сияқты бірнеше негізгі белгілерді атап өтеді. Бұл турасында А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді. ...Көркем сөз дүниені *көңілдің түйген, қиялдың меңзеген* әлпіне түсіріп айтады. Көркем сөз айтқанын *ақыл табуынша* дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліштеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатта қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады»[14, 242-244 бб.], - деп түйіндейді. Сонымен қатар, «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттарының біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады» [14, 242 б.], – деп, түсініп-түйсінудің әр түрлі болатын ескертіп, көркем мәтіннің интерпретация нысаны ретінде қарастырылуының негізін көрсетіп береді. Яғни автордың өзі өмірден көрген білгенін, түйгенін, зерттеп зерделегенін өз түйісінше, өз интерпретациясында шығармаға айналдырып ұсынуын «Көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша, сөйлейтін шын емес, шығарғы әңгіме болады», – деген ой арқылы жеткізсе, ғалымның пікіріне қарама-қарсы үдеріс автордың айтқанын оқырман да өз интерпретациясында зердесіне түйеді. Ол шығарынды әңгімені де оқырман өз түйсігі мен қиялынан өткізіп, өздігінше қабылдайды. Міне, осыдан қазақ әдебиеттану ғылымында авторлық интерпретация мен оқырмандық интерпретация туралы түсініктің алғашқы зерттелуі Ахмет Байтұрсыновтан бастау алады десек қателеспейміз.

Көркем шығарманы талдау мен талқылау әдістемесімен, интерпретация теориясымен байланысты зерттеулерді талдап, сараптай отырып, еңбектер мен көзқарастарды бірнеше бағытқа топтастырып, төмендегідей тұжырымдар ұсындық:

1. Мәтінді өзі жазылған тілдің филологиясы аясында талдау. Бұл тәсіл мәтінді ішкі талдау арқылы түсініп, қабылдауға негізделген (З. Ахметов, З. Қабдолов, Қ. Жұмаділев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Сманов, Л.В. Поповская т.б. еңбектері негізінде):

2. Шығарманың айтар ойы мен эстетикалық құндылығын түсінуде мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ескеру маңызды (З. Қабдолов, Г.И. Богин, М.М. Бахтин, В.М. Головкин т.б. еңбектері негізінде);

3. Мәтінді өзі жазылған кезеңге сәйкес мәдени-тарихи жағдаяттарды ескеріп интерпретациялау керек. Бұндай талдаулар мәтін жазылған кезеңге

қатысты кең көлемді мәнмәтінмен жұмыс істеуді көздейді (Қ.Жұмалиев, Д.Ысқақ, В. Дильтей т.б. еңбектері негізінде);

4. Мәтінді дискурстың бір бөлігі ретінде қарастыру. Бұл жағдайда мәтін прагматикасына назар аударылып, адресат пен адресанттың қарым-қатынасы анықталады (Н.Уэли, Қ.Есенова, З. Ерназарова, В.И. Карасик, Л.В. Поповская т.б. еңбектері негізінде);

5. Мәтінді белгілі бір автордың туындыларының бірі ретінде қарастырып, оны интерпретациялауда шығарманың жазылуына әсер еткен библиографиялық мәліметтерге жүгіну (З. Қабдолов, Ж. Дәдебаев, М.Загидуллина т.б. еңбектері негізінде);

6. Мәтінді түсінуге оқырманның өмірге деген жеке көзқарасы, өзіндік тәжірибесі мен дүниетанымы әсер етеді. Соған байланысты кей ақпараттар түсінуге оңай немесе қиын тиіп, кей ақпараттар шынайы немесе жалған түрінде қабылданады (А.А. Брудный, М. Ю. Лотман,Т. Есембеков, Ж. Дәдебаев, т.б. еңбектері негізінде);

7. Мәтінді терең түсіну үшін түсінуге арналған арнайы әрекеттер, түсінуге деген өзіндік дайындық керек. Бұл үйренуге, қалыптастыруға болатын рефлексивті оқу қабілеті (Г.И. Богин т.б. еңбектері негізінде);

8. Бір мәселе төңірегіндегі бірнеше кейіпкердің көзқарастарын салыстыру арқылы мәтіннің жалпы полифониясын құрастыруға болады (Г.И. Богиннің еңбектері негізінде[15].

Жасалған тұжырымдарға кеңірек тоқталып өтсек:

1)Көркем шығарманы өзі жазылған тілдің филологиясы аясына талдау – мәтін талдаудың негізгі құралы. Қ. Жұмалиев бұл талдау түрін: «Көркем әдебиеттің образ жасаудағы құралы – сөз. Тіл қорынан сөздердің ең керектісін таңдап, талғап ала білудің және оларды сөйлемнің құрамында шебер қиюластырудың арқасында жазушылар адам ойының түюі мен сезім түйсігінің әр алуан құбылысын суреттеп бере алады. Бұл – оны көркем өнердің ішінде өмірді әрі толық, әрі кең суреттейтін сегіз қырлы және халыққа көп тарайтын түрі ететін шарттың бірі» [16, 201] – деп бағалайды. Тілдік талдауларды мәтін талдау жүйесінің ажырамас бөлшегі ретінде қарау себебіміз, тілдік бірліктер арқылы мәтіннің пропозицияларын жақсырақ игереміз, мәтін мазмұнына тереңірек бойлай аламыз. Бұл түсінуді герменевтикада бастапқы түсіну, оқырманды терең түсінуге дайынушы түсіну деп атау қалыптасқан. Сөздердің лексико-грамматикалық мағыналарын, грамматикалық категориялардың қолданысын, имплициттілігін жақсы меңгеру мәтінді функционалды талдау әдісіне жетелейді.

2) Көркем шығарманы талдаудың маңызды бөлігін мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін түсіну құрайды. Бұл тұста шығарманың жанры автордың мәтінге баға беруі, оқырманына жол сілтеуі екенін ескерген жөн. Бұл туралы В.М.Головко: «Жанрдың мазмұндық жады» романның, новелланың, балладаның немесе т.б. күрделі типтендіру жүйесін оқырман қабылдауына алдын-ала қалыптастырып қояды»[17], – деп түсіндіреді. Сондықтан,

шығарманың жанрлық ерекшеліктерін дұрыс түсіну, мәтінді де қисынды түсінуге ықпал етері анық.

3. Қабдоловтың: «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби үдерістегі атқарар рөліне, алар орнына байланысты. Мольер мен Мүсірепов пьесаларынан көп-көп жанрлық ұқсастықтар көре тұра жер мен көктей айырмашылықтар байқау себебіміз де сондықтан. ...Жанрлық дамудың өзі – тірі процесс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады... Бұл да әр әдебиеттің тарихи тағдырлары мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады» [18, 294 б.], – деген пікірі шығарманың жанрлық ерекшеліктерін білу шығарманы түсіну мен қабылдауға жетелейтінін аңғаруға болады.

3) «Қандай әдеби мұраны алсақ та, одан сол халықтың өмір тіршілігінің бір көрінісін аңғаруға болады. ...Әдеби шығарма өмірде болуға мүмкін құбылысты суреттемей, өмірде болған тарихи шындықты суреттесе, осыны әдебиеттің тарихтылығы деп атаймыз» [16, 206 б.], – дейді Қ. Жұмалиев. Көркем туындының жазылу кезеңіндегі тарихи-мәдени, қоғамдық-әлеуметтік жағдаятты түсіну сол елді, оның салт-санасын, мәдени ерекшеліктерін зерттеу арқылы, дәл сол тарихи кезеңде жазылған басқа да әдеби туындыларды қарастыру арқылы қалыптасады. Мұндай интерпретация шығарманың идеясын, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сол кезеңдегі көзқарас тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Тарихи-мәдени фон мәтіннің мағыналық шеңберін кеңейтіп, мәтін арқылы байқала бермейтін мәнді үстейді. Олар аксиологиялық, эмоционалды-бағалауыштық, когнитивтік мағыналардың ашыла түсіне себеп болады [6].

Шығармадағы тарихи-мәдени фонды түсінудің тиімді тәсілдерінің бірі – мәтінде көрініс табатын немесе жанама қатысы бар концептілерді анықтау. Мәтін өзі жазылған кезеңдегі мәдени әлемнің бейнесін қайта құруға қызмет етеді және көркем шығарма сол кезең туралы негізгі ақпарат көзі ретінде қабылданады. Алайда, мәтіннен алынған ақпараттар әрдайым эксплицитті (айқын, нақты) бола бермеуі де мүмкін. Көркем мәтіндегі мүлде басқа дәуірдің моральдық-этикалық құндылықтары мен дүниеге көзқарастарын түсіну үшін де арнайы интерпретацияға, қосымша зерттеулерге жүгінетініміз анық [6].

Мәдениет – мәтін – оқырман қатынасына негізделген көзқарасты М.Ю.Лотманның еңбектерінен байқауға болады. Ол мәдениеттің мәтін арқылы көрініс тауып, мәтін арқылы дәуірден дәуірге ауысып келе жатқанын негіздейді [19, 159 -165 бб.].

3) Мәтін интерпретациясы маңызды ақпараттардың бірін автордың биографиялық мәліметтері құрайды. Автордың күнделіктері, жазған хаттары, биографиялық мәліметтері – бәрі-бәрі интерпретацияның қисындылығын арттыра түседі. Шығармаға авторың дүниетанымы, эмоционалды жай-күйі, өмірлік көзқарастары мен қиял әлемінің маңызы зор екені айтпаса да белгілі.

Бұл ойды З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Жазушының шығармашылығы оның ғұмырнамасымен тығыз байланысты. Жазушы творчествосы оның адамдық болмысымен, азаматтық бітімімен, өзгеден ерек өз өмір тәжірибесімен, білімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен ұласып, керек десеңіз, бірігіп, біте қайнасып жатады.

Өз көзімен көрмеген немесе өзі сезіп-білмеген шындықты жазушы жаза алмайды. Гетенің сөзімен айтсақ, жазушы творчествосында оның өз өмірбаянына (биографиясына) енбейтін бірде-бір сызық жоқ, жалғыз-ақ, бірде-бір сызық сол қалпында емес, ылғи ғана аунап түсіп отырады», – деп түйіндейді.[18, 156 б.]

«Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы» атты мақаласында: «Сөз, сөз тіркесі, тармақ деңгейінде жасалған образ бен образдылықтың мағынасын тану өте күрделі, оны нақты анықтау өте қиын. Олардың бірқатарын тілдің бейнелеу құралдарының тобында (троп, фигура, т.б.) қабылдап, қарастыру мүмкін емес. Өйткені олар белгілі бір құбылыстың нақты мағынасын білдірмейді, күрделі образды, образды бейнені білдіреді. Оның құрамдас бөліктерінің аясындағы жалпы мен жалқы, деректі мен дерексіз, тура және бұрма мағыналық қатарлардың өзара қатынасы, жанасуы мен қиысуы, қабысуы мен матасуы, ақырында көркемдік заңдылықтарына сай жинақталуы нәтижесінде пайда болған образды ұғым сыры оны қабылдау деңгейінде, яғни қабылдаушының санасында ғана біршама айқындалады. Алайда оны қабылдаушының, пайымдаушының санасындағы бейнелі ұғым ретінде тілдік құралдармен нақты түсіндіру бағытындағы ізденістер нәтижесі әрдайым ойдағыдай болып шықпайды. Мұндай жағдайда белгілі бір құбылыстың мағынасынан тілдік құралдар арқылы айқын жеткізуге болмайтын мән тудыру жолындағы автордың ойлау қызметінің сатылары мен кезеңдерін, тетіктерін сараптауға тура келеді»[20], – деген Ж. Дәдебаев автордың өмір сүру кезеңі мен дүниетанымы ғана емес, авторлық интеллект, автордың білім қоры мен оның өсу сатылары да шығарматануда өте маңызды екенін алға тартады.

4) Шығармаға интерпретация жасау кезінде, туындыны түсінуде әр оқырманның жеке ерекшеліктеріне да назар аудару қажет. А.А. Брудный «дүниені тану тереңдігі жеке өмірлік түсініктерінің тереңдігімен өлшенеді» деген ой айтады. Көркем шығарманы түсіну мен тануда оқырманның өзіндік өмірлік тәжірибесі, мәтінді түсініп-түйсінуге дайындығы мен шығарманы оқу кезіндегі эмоциялық жай-күйі, өте маңызды. Оқырманның өмірінен орын алған, басынан өткен оқиғалар мәтінді бағалауға ықпал етіп, оның түсініктілігін арттырып немесе әлсіретіп жіберуі мүмкін. Оқырман дайындығы туралы «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақаласында Жүсіпбек Аймауытов: «Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек? Салған жердей кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек»[21] – деген пікір айтса, А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені

рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық» [14,244 б.], – деп интерпретация, түсіну дегеніміз автор мен оқырман (интерпретатор) арасындағы ортақ шығармашылықтан туындайтынын, оқырманның өресі авторға жетпей тұрса, білім деңгейі мен дүниетанымы қабыспай тұрса, ешқандай түсіну де түйсіну де жоқ екенін меңзейді.

Айтылған ойды Ж. Дәдебаев: «Бұл жерде тыңдаушылардың, оқушылардың қабылдау, түсіну деңгейлері ескерілетінін есте ұстаған дұрыс. ...Тіпті бір тыңдаушының немесе бір оқушының өзі оны өмірінің түрлі жағдайында, түрлі кезінде түрліше түсінуі мүмкін. Осы ретте ақын айтып отырған сөздің де, бейнелеп отырған суреттің де мағынасы мен мәні қабылдаушының санасында сан құбылып, бір мағынадан екінші мағына, бір мәннен басқа бір мән туындап тарала беретініне көз жеткізуге болады» [20], – деп пайымдайды.

5) А.А. Брудный «Психологическая герменевтика» еңбегінде: «Мәтін дегеніміз – бір мағынаға шоғырланған құбылыс. Мәтін өзін түсінуді, түсінікті болуды мақсат тұтады. Бір жағынан, мәтін – біздің ерік-жігерімізден немесе санамыздан тыс сезім деңгейінде қабылдайтын мазмұнның материалдық тасымалдаушысы. Екінші жағынан, түсіну үдерісінде мән мен мағына сан өзгеріске ұшырағанмен, мәтін өзгеріссіз, тұрақты қалпын сақтайды» [22, 185 б.], – деп жазады. Бұл ой мәтін тұрақты, оны сан түрлі мағынамен әрлейтін оқырман екенін меңзейді. Мәтінге жан бітіретін түсіну үдерісі мен талқылау әрекеті. Мәтін әрбір оқырманның өзі таныған дүниенің бейнесі ретінде, әлемді сезінуі, көңіл-күйі, өзіндік қабылдауы ретінде көрініс табады, өмір сүреді.

Бұл үдерісті ақпараттың екі арнасының өзара тоғысуы деп қарауға болады. Біріншісі – қандай өзіндік идеясы бар, тұрықты мән-мағынаға ие мәтін десек, екіншісі – мына дүние, мына орта туралы өзіндік парасат-пайымы қалыптасқан, өзіндік көзқарасы бар оқырман. Мәтінді түсіну – осы екі арнаның тоғысып, бір жүйе құрып, жаңа мән-мағына туындату үдерісі. Ол мән-мағынаны эмоционалды-бағалаушылық, дедуктивті, бейнелі т.б. деп бөлеміз.

б) Оқырманға шығарманың негізгі идеясын, айтар ойын түсінуге мүмкіндік бередітін тәсілдердің бірі – түсінудің рефлексивті әдісі. Көркем мәтінді түсіну үдерісі оқырмандың білім қорына, сезім күйіне тікелей тәуелділігінен бөлек, оның түсініп-түйсіну қабілетіне, мәтінмен жұмыс істеу дағдысына да байланысты. Г.И. Богин және оның шәкірттері рефлексияны түсіну әдістерінің бірі ретінде қарастыра отырып, оқырмандық рефлексияның басты сауалы «Мен түсіндім» немесе «Мен не түсіндім?» болуы керек дейді. Сондай-ақ, рефлексия

және герменевтикалық техникалар тек мәтінді түсіну әдісі емес, жалпы таным әрекетінің негізгі құралына айналуы тиіс екенін алға тартады.

Түсіну үдерісін мән-мағына іздеу, логикалық қорытындылар жасау, метамағыналарды табу, жаңа, тың мағыналар мен идеялараға жету сынды көпсатылы үдеріс деп сипаттауға болады. Метамағыналар – оқырманның түсінген-түйгенінің қорытындысы. Осы тұста мәтіннің мағынасы мен мазмұнының арақатынасы айқындала түседі. Мәтін мазмұны көркем туындының негізгі идеясын, айтпақ ойын түсіндіруге бағытталса, мағына – уақыт пен кеңістікке, оқырманның таным деңгейі мен құндылықтар жүйесіне бағытталған түйін, түсінік.

Мәтіннен метамағыналарды табудың тиімді әдістері рефлексия мен интерпретация екені анық. Г.И. Богин, ең алдымен, оқырманның рефлексивті оқу дағдысын қалыптастыру керек деп есептейді [23, 38 б.]. Ғалым: «Интерпретация – мәтін мағынасының вербалды жарыққа шығуы, сөзбен айтылған рефлексия», - деген ой айтады. Интерпретация шығарма идеясын түсінуден басталып, оқырманның жеке пікіріне, өзіндік қорытындысына келіп тіреледі. Толыққанды интерпретация жетудің түрлі әдістері бар екенін атай келе ғалым Г.И. Богин герменевтикалық шеңбер, мағынаны кеңейту және интенциялау сияқты герменевтикалық техникаларды атап көрсетеді.

Герменевтикалық шеңбер техникасы оқырман өзінің көзқарастары мен білім қорын, дүние туралы таным-түсініктерін мәтінмен қатар қойып саралау, салыстыру, зерделеу арқылы жүзеге асырады.

Мағынаны кеңейту техникасы мәтінге мағына үстеп тұрған көркемдік құралдарды анықтау, оларды түсіндіру мен дамытудан тұрады. Мәтіндегі негізгі ойға жетелеуші құралдар бір-бірімен көркемдік жүйе арқылы байланысып, ортақ метамағына құрайды.

Интенциялау техникасы оқырманның өзіне үңілуін, өз түсінгенін рефлексивті талдаудауын талап етеді. Оқырман қандайда бір метамағына немесе көркемдік идея жеткен тұста «Мен түсіндім, бірақ не түсіндім?» деген сауалға оралып отыруы тиіс [23, 40 б.].

7) Мәтін полифониясын түсіну – көркем мәтінді интерпретациялаудың маңызды бөлігі. Мәтін полифониясы деп – мәтіннің мәнін ұғуда, мағынасына жетуде мәтіннің барлық бөлшектерінің кешенді түрде қаралуын: мәтінге кейіпкерлер, оқырман, автор, қоғамдық көзқарас, салт, сана, орта т.б. тұрғысынан сипаттап, баға беруді айтамыз. Мәтін полифония дегеніміз – бірнеше көзқарастардың тоғысуы. Мәтін полифониясын аша алу және оны дұрыс түсініп-түйсіну оқырманның мәтінге, оның мазмұнына жан-жақты қарауына, кешенді талдауына мүмкіндік береді. Яғни, рефлексияның екі түрі қатар жүреді: «Мен не түсіндіммен» қоса, «Басқалар не түсінді?» деген сауалдың да өзектілігі артады.

Біз көркем шығарманы түсіну мен интерпретацияға қатысты пікірлердің бір парасын ғана сипаттап өттік. Оларға ортақ ой: көркем шығарма – герменевтикалық әдістер мен көркем мәтінге түрлі талдаулар жасау арқылы анықтауға болатын мағыналар қоймасы.

Түйіндеп қарасақ, интерпретация түсінігі түрлі ғылым саласының зерттеу нысанына айналып, қай салада да өзектілігі артып отырғаны байқалады. Соның ішінде, мағынаны тану, түсіну және оның оқытылу жайттары пәнаралық мәселеге айналып, білім беру саласының да негізгі нысаны ретінде қарастырылуда. Бүгінгі таңдағы жаңартылған білім бағдарламаларында да негізгі мақсаттардың бірі ретінде көркем шығарманы оқу, оны тиісті деңгейде қабылдап түсіну, оған талдау жасап, өз пікірін, көзқарасын айту (интерпретатор ретінде) мәселесі көрсетілген. Олай болса, ең алдымен, болашақ педагогтардың талдау-талқылау құзыретін қалыптастырып, теориялық білімін толықтыруымыз керек екені анық. Әдебиетті оқыту әдістемесі аясында бірқатар ғалымдардың (А. Көшімбаев, Ә. Қоңыратбаев, Т. Ақшолақов, Ә. Дайырова, Т. Жұмажанова) ғылыми зерттеулерінде бұл мәселе тікелей «интерпретация» ұғымымен атап берілмегенімен, әдебиеттің танымдық, эстетикалық қызметі тұрғысынан ойтұжырымдар жасайды. Интерпретация философиялық, филологиялық, психологиялық т.б. көзқарастар тұрғысынан жан-жақты зерттелгенімен, оны оқыту мәселелеріне, әсіресе интерпретацияның оқу-таным үдерісіндегі қызметін айқындау, білімгердің көркем мәтінді тану мен таныту құзыретін қалыптастыру жолдарын қарастыру мәселелерінотандық қана емес шетел ғалымдары толыққанды зерттеу нысанына айналдырмағаны байқалады. Орыс ғалымдары өзге тілді материалды игеру барысында жасалатын интерпретацияны оқыту мәселесі мен әдістемесіне баса назар аударған. Т.А. Виниковецкаяның «Методика обучения интерпритации художественного текста (французский язык, языковой ВУЗ)» атты кандидаттық диссертациясы (1985ж), А.Н. Ибрагимованың «Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе интерпритации иноязычного художественного текста» (2008) атты кандидаттық диссертациясы осыған дәлел. Қазақ әдебиеті мен әдістемесі ғылымында тікелей көркем мәтін интерпретациясы мәселесін зерттеген, көркем шығарманы оқу мен түсінуде интерпретация жасай білу құзыретін қалыптастыру, интерпретация жасау құзыретінің өзі басқа да көптеген әдеби және өмірлік құзыреттіліктер қалыптастыратынын қарастырған зерттеулер ұшыраспады. Біздің жұмысымыз бүгінгі күннің басты мәселесіне айналған оқу сауаттылығын қалыптастыру, функционалды оқу, бағалау және салыстыру дағдыларының қалыптауына бастау болады деген сенімдеміз.

1.2 Көркем мәтін интерпретациясының философиялық (герменевтикалық) және филологиялық аспектілері

Интерпретация мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет ететін кең көлемді филофосиялық категория екені сөзсіз. Тіпті мәтін интерпретациясының өзі сан қырынан қаралып зерттеліп келеді.

Әдебиеттану ғылымында көркем шығармаға жасалатын интерпретацияны мәтіннің мазмұнын, мән-мағынасын, негізгі идеясы мен концепциясын тану, түсіну, зерделеу деп қарастырамыз. Оның бірнеше түрлері бар:

1. Алғашқы, оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді.

2. Ғылыми интерпретация. Әдебиеттанушы оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді.

3. Шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.)[24].

Шығарма, ең алдымен, оқырман тарапынан қабылданып, оның шынайы мәнін, мағыналық қабаттарын түсіну үшін интерпретацияға үдерісі жүреді. Ғылыми интерпретация шығарманың идеясын тану, астарлы мағынасына бойлауда әдебиеттанушы ғалымдардың, зерттеушілердің сыни пікірлері мен пікірталастары арқылы туындайды. Ал, шығармашылық интерпретация – автордың айтар ойын өздігінше қабылдап, зерттеушілердің пікір-көзқарастарын қайта зерделей отырып, шығарманың мәнін ұғып, өз жүрегіңнен өткізіп өзге бір өнер туындысына айналдыру. Мүлде бөлек өң беріп, тың дүние жасап шығару.

Көркем шығарма да кез келген өнер туындысы секілді адамдар арасындағы қарым-қатынасына, өмір көріністеріне негізделеді. Себебі, автор өз шығармасын белгілі бірхалыққа, белгілі бір қауымға арнап жазары сөзсіз. Сондықтан оқырман мәтін арқылы шығарманың көркемдік әлемімен қатар оны жасаған автордың әлемін де қабылдайды. Кейде тіпті автор мен оқырман арасында диалог орнап, автор бейнесі кейіпкерлер арқылы, баяндаулар мен монологтар арқылы таныла түседі. Қазіргі әдебиеттану ғылымында шығарманың мәтіндік жүйесіндегі автор бейнесі, оны оқырманның қабылдауы, оған әсері сынды күрделі мәселелердің зерттелуі қарқын ала бастауы да сондықтан. Бұл мәселелер герменевтикалық зерттеулер аясында қарастырылып, қазіргі қазақ әдебиеттануында қарқын алып келе жатқаны байқалады. Әдебиеттанушы ғалым Т. Есембеков бұл туралы: «Мәтінді талқылау үдерісінде оқушының герменевтика мен рецептивтік эстетикаға сүйенгені абзал, өйткені ол – саналы-интуитивті әрекет, сондықтан интерпретатордың еркіндігі, субъективтілігі, өзіндік оқшау пікірге құмарлығы міндетті түрде мәтін арқылы дәйектеліп, дәлелденіп, нақтыланып отырғаны орынды. Түйіп айтқанда, мәтінді интерпретациялау оның мағыналарын түсініп отырып бағалау және мән-маңызын дәйекті бағалау дегенге жақын»[5, 22 б.], – деп ой түйеді.

Қазіргі батыс әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясының негізгі әдіснамалық қағидаларын зерделеуде герменевтика кең тараған. Әдебиет зерттеушісі Ұ. Еркінбаев «Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері» атты мақаласында «Дәстүрлі филологиялық герменевтика мен қазіргі әдеби герменевтиканың ара жігін В. Дильтей мен Г. Гадамер сынды философ ғалымдар ажыратып берген болатын. Түсіну үдерісіндегі «тарихи аралық», «тарихи көзқарас» категориялары бұл мәселенің негізгі айқындауыш факторы болды. Әдеби герменевтика өкілдері өнер туындысын жеке дүние ретінде қарастыру мүмкін емес, өнер туындысы дәстүрлі мәдениеттің шынайы материалы болғандықтан

оны сол мәдени контексте түйсіну керек деген көзқарасты ұстанады» [6], – дейді.

Ғалымдардың пікірінше, мәтінді тану үшін көп қырлы, жан-жақты талдау қажет. Мәтін талдауда оның мағыналық, мазмұнықжәне композициялық құрылымының ерекшеліктерін түсінумен қатар авторлық интенцияны, автордың жан әлемін, стиль даралығын, дүниеге көзқарасын, шығарманың адресатын да ескерген жөн. Герменевтика көркем туындыныөз ішінде ғана қарастырмай, оның туындауына әсер еткен, жазылып, жарық көрген тұстағы дәстүрлі мәдениет аясында тану, зерделеу қажеттігін алға тартады.

Мәтінтанудагерменевтикаға қатысты екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі – мәтінді мәдени-тарихи, әлеуметтік жағдайлардың ықпалынсыз,тек мәтіннің өзіне ғана сүйене отырып түсіндіру қажеттігін қолдайды. Екінші жақтың ұстанымы бойынша герменевтика – философия. Мұнда мәтінді түсінуден, интерпретация жасаудан гөрі ол турасында ой толғау басым, мәтінді түрлі контексте кең ауқымда зерделеуді көздейді [13].

Герменевтиканың ренесанс дәуірінен бастау алып бүгінгі күнге дейін қалыптасқан бірнеше ұстанымдары бар. Олар:

- Мәтінді оқшау, жеке дара күйінде ғана емес, шығарманың толыққанды құрылымында, жалпы контекстік жүйеде зерттеу қажет;

- Мәтінді түсіну үшін мүмкіндігінше автор туралы толыққанды білім, түсініктің болғаны жөн;

- Шығарманы интерпретациялауда автор араласқан тарихи-мәдени ортаны зерттеу, қайта қалпына келтіріп зерделеу өте маңызды;

- Тарихи ескерткіш материалдары үшін жан-жанқы тілдің барлық заңдылықтары ескеріле отырып грамматикалық, филологиялық талдау жүргізілуі қажет;

- Әрбір әдеби жанрдың өзіндік ерекшелігі болатындықтан, мәтін қай жанрға жататынын анықтап алу қажет. Сондай-ақ, көркемдеуіш құралдарына (гиперболалар, метафоралар, аллегориялар мен символдар) баса назар аударылуы тиіс.

- Қолжазба мәтіндерді түсіндіруде мәтіннің неғұрлым нақты, дұрыс оқылуына назар аудару керек;

- Мәтін мағынасын түсінуде салыстармалы әдіс, өзге де ұқсас мәтіндермен қатар қойып зерделеу әдісінің маңызы зор;

- Түсіндіруші, ең алдымен, көркем шығарманың туынды авторы мен оның ортасы үшін қандай мән-маңызға ие болғанын анықтап алу керек. Содан кейін ғана бүгінгі заман, қазіргі қоғаммен байланысын анықтауға болады[6].

Герменевтиканың шығу тегі ежелгі грек мифтерінен бастау алады. Бүгінгі таңда герменевтиканы гуманитарлық ғылымдардыңәмбебап әдісі ретінде танимыз. Герменевтиканы барлық гуманитарлық ғылымдардың іргетасы, бастау көзі деп атауға толық негіз бар. Алайда, бүгінгі зертеулерге арқау болып жүрген әдеби герменевтиканың ауқымы бұл мәселелерден әлдеқайда тар. Біздің нысанамыздағы әдеби герменевтиканың мақсаты – нақты әдіснамалар мен әдеби тәсілдер жасау. Батыс әдебиеттануында ХХ ғасырдың алпысыншы

жалдарынан бастап герменевтиканы көркем шығарманы өз ішінде қарастыру аясы тарылып, ол құрылымдық, коммуникативтік, лингвистикалық бағыттарда басым зерттеле бастады. Герменевтиканы бұл қырынан қарастыру дәстүрлі герменевтика мен бүгінгі әдеби герменевтиканың арасын алшақтатып жібергені да рас. Алайда, герменевтиканың басты нысаны интерпретация екені өзгермейтін қағида болуы шарт. Әдебиеттанушы ғалым Ұ. Еркінбаев та: «Асылында сана һарекеті қандай болса да оның болмысы – түйсіну (интерпретация) болады. Оның түйсінуден бөлек мақсаты болуы мүмкін емес» [25]– дей келе, ғалыми интерпретацияның басты міндеті сөз өнерінің құндылығын ұғындыру екенін баса айтады.

XX ғасыр философиялық герменевтиканың ірі өкілі Г.-Х. Гадамер: «Біз мәтінді түсінуге ұмтылған тұста, автордың жан дүниесіне еніп кетеміз ... біз оның мән деп танығанын табуға ұмтыламыз. Герменевтиканың міндеті – осы түсінудің «ғаламатын» айқын ете түсу. «Ғаламат» деп отырғаным бірнеше жанның өзара келісімге келуі, үйлесуі ғана емес, олардың ортақ мән-мағынаға жетуге қатыстылығы» [8, 87 б.], – деп, көркем шығарманың мәнін айқындайтын автор ғана емес, ол оқырман араласқанда ғана, оқырманының қатысымен ғана қалыптасатынын айтады. Автордың идеясы мен айтпағы да дәл солай анықталады, оқырман туындыны түсінеді.

Егер автордың идеясы мен интенциясы оқырманға әрдайым айқын болса, түсіну мәселесі туындамас та еді. Түсіну дегеніміздің өзі түсінбеген нәрсеміздің анықтаудан, білуге ұмтылуданы тұрмай ма?! Оқырман үшін мәтіндегі түсініксіз дүние, автор үшін мәтін туғанға дейін түсінікті болғаной, туындаған идея т.б.

Интерпретация мәтіндегі бүтін ойды бөлшектей талдап немесе түрлі бөлшектерін бірге жинақтап, бұрыннан түсінікті дүниелердің басын біріктіру арқылы түсіндіру әдісі. Бұл әдіс – түсіну шеңбері немесе герменевтикалық шеңбер деп аталады.

Интерпретация түсінігі, оның міндеттері мен мүмкіндіктер аясы герменевтика ғылымы қалыптасқалы айтылып келеді. Бүгінгі мәселе – интерпретация және түсіну антитезасын құрайтын базалық түсініктерді зерттеу барысында туындайтын интерпретацияның стратегияларын анықтау болып отыр.

XX ғасырдың ортасына дейін интерпретация философиялық еңбектерде де, филологиялық зерттеулерде де «түсіну» ретінде («таңбадан мағынаға өту») қарастырылып келді. Яғни интерпретация дегеніміз – түсінуге бастап апаратын үдеріс, ал түсіну – интерпретацияның мақсатты нәтижесі ретінде анықталды.

Алайда, семиотикалық өлшемдер мен семиозис туралы ұғымдардың кеңейіп, күрделене түсуі интерпретация мен түсіну арақатынасын да трансформациялауға, қайта қарауға міндеттеді. Қазіргі семантикалық өлшемдерге салатын болсақ, интерпретация үдерісі мағынамен жұмыс істеу болса, түсіну үдерісі оның мәнін ашуға қызмет ететінін көрсетеді. Бұндай талдаулар А. Бюлердің «түсіну дегеніміз – әрдайым дұрыс түсіну (richtig-verstehen)» деген идеясына саяды. Ал интерпретация болса, дұрыс та теріс (кәте) те болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, сәтті немесе сәтсіз интерпретация

болады. Осылайша, интерпретациялау әрдайым сәтті аяқталуға міндетті емес»[26], – деген ойымен келісуімізге тура келеді.

Герменевтикада мәнмәтінге деген екі түрлі көзқарастан туындаған интерпретацияның екі стратегиясы қалыптасқан.

Бірі – «авторды өзінен артық түсіну» стратегиясы. Бұл стратегия Ф.Шлейермахер негізін салған «герменевтиканың позитивті формуласы»[27, 129 б.] деп аталып, контекст ретінде автордың өмір сүрген кезеңін, грамматикалық және психологиялық ерекшеліктерін, автордың өзі үшін де анық болмаған интуитивті түрде қолданған авторлық қолданыстарды қарастыруды қажет етеді. Бұл стратегия филологиялық интерпретацияның негізі болып табылады: Филолог-интерпретатор автор сөз қолданыстарын, оның өзінен артық біледі, мәтінге қосымша түрлі фактілер мен материалдар жинақтайды. Жинақталған ақпараттарды қолданылған интерпретацияны нақтылап, дәлелді ете түсуші фон ретінде ұсынады.

Екінші стратегия – Г.Г. Гадамер ұсынған «авторды басқаша түсіну» стратегиясы. «Авторды басқаша түсіну стратегиясы» мағына факт ретінде өмір сүрмейді деген тұжырымды ұстанып, мәнмәтін ретінде мәтін реципиентінің өзіндік санасында қалыптасқан нысанды қарастырады. «Авторды өзінен артық түсіну» стратегиясы интерпретацияны мәтін және оны тудырушы (автор) субъектіге қатысты қарастырса, «авторды басқаша түсіну стратегиясы» мәтін қабылдаушының санасына әсер етіп, одан интерпретация туындайды деп қарастырды. Яғни, оқырман авторды өзінен артық түсіне алмайды, тек өз білім деңгейіне, өзі өмір сүретін ортадағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарға, өзіндік дүниетанымына сай түсінеді. Бұл әрине, авторлық айтпақ ойды тарылтып жіберуі немесе кеңейте түсуі мүмкін екені де белгілі. Философ Жак Дерида «авторды басқаша түсіну стратегиясын» қолдай отырып, біздің интерпретациямыз шығарманың өн бойындағы «көмескі мәнді» (спящий смысл) табуға қызмет ету керек деген ой айтады.

Оқырман белсенділігі болмаса мәтінді түсіну мүмкін емес. Көркем шығарманы интерпретациялау үдерісінде адресаттың, хабар алушы оқырманның рөлі өте маңызды. Өйткені, ғылыми немесе газет мақаласынан, ресми құжаттардан алынған ақпараттардың аясы шектеулі, арнайы бір топтағы адресаттарға ғана бағытталған болады. Бұл топтағы жекелеген тұлғалардың өзгеруі берілген ақпараттарды түсіну мен қабылдаудағы өзгерістерге әкелмейтіні анық.

Ал, көркем шығарма мәселесінде мүлде бөлек. Бұл жерде таным нысаны шектелмеген және жалпы берілетін ақпарат пен хабар да жалпының талқысына бағытталған. Сондықтан автордың танымы мен көзқарасы түрлі қабылдаушылар үшін түсінікті – түсініксіз – шынайы – жалған – әділ – әділетсіз – терең – жалаң – мүмкін – мүмкін емес т.б. болып қабылдануы мүмкін. Себебі, шығарманы қабылдау үдерісі шартты, жеке факторларға, әр реципиенттің өзіндік қасиеттері мен білім дәрежесіне, жеке дүниетанымына, өмір тәжірибесіне, құндылық бағдарына тікелей тәуелді. Оқырманның білім аясы, дүниетанымы неғұрлым кең болса, көркем шығармаға жасалатын

интерпретация да соғұрлым терең, соғұрлым мәнді. Интерпретация, түсіну дегеніміз автор мен оқырман (интерпретатор) арасындағы ортақ шығармашылықтан туындайды, оқырманның өресі авторға жетпей тұрса, білім деңгейі мен дүниетанымы қабыспай тұрса, ешқандай түсіну де түйсіну де жоқ.

Жалпы интерпретация дегеніміз – онда қатталған мазмұнды ашу, айқындау. Мұның өзі адресаттың когнитивтік санасындағы білім қорының көлемімен тығыз байланыста ашылатын мәселе. Адресанттың жеткізбек болған ниеті реципиентке бұрын-соңды белгілі ұғымдарға негізделсе, бұл коммуникация біршама нәтижелі болмақ. Ал ондай сәйкестік болмаған жағдайда оқырманның мәтінді дұрыс интерпретациялау екіталай. Сонымен мәтінді интерпретациялау үшін адресаттың фондық немесе аялық білім қоры маңызды рөл атқарады[28, 9 б.].

Интерпретация мәселесінің бүгінгі таңдағы өзектілігі таным белсенділігінің маңызға ие болуы, көркем шығармаға жаңаша көзқарастардың қалыптасуы, шығарманы түсіну, талдау мәселелері мен автор-интерпретатордың тұлғалық қалыптасу формаларының өзектілігімен тікелей байланысты. Көркем шығарманың мазмұны түсіну мен талқылау құралы ғана емес, өмірлік тәжірибе мен қолданысқа да қызмет етуі керек.

Көркем шығармаға жасалған интерпретацияның қисындылығы – интерпретация теориясындағы негізгі мәселелердің бірі. Аталмыш мәселе көркем мәтіннің мазмұны мен мағынасын қандай амал-тәсілдермен, қандай әдіспен түсіндіруге болады деген сұраққа келіп тіреледі. Интерпретация көркем туындының мағынасын ашып қана қоймайды, сонымен қатар, оны толықтырып, байытып, мағыналық-мазмұндық тұрғыда түрлендіре түседі.

Әдебиеттану мен лингвистикада интерпретацияның қисындылығы (адекваттылығы) турасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Оған себеп «Бір көркем туындының қанша интерпретациясы болуы мүмкін?» деген сауал. А.Потебня, М. Эпштейн, Б. Кроче, А. Горнфельд, W.Iser, J. Culler, В.А.Лукин, С.М. Шакиров сынды ғалымдар көркем мәтінге жасалатын интерпретация шексіз, еркін, кең ауқымды деген пікір ұстанады. Олар қанша идея болса, сонша көзқарас, сонша талдау мен түсіну бар, оларды өзара салыстыру да қисынға келмейді дейді. Бұл теорияға сәйкес мәтінді түсіну дегеніміз автордың айтпақ ойын немесе мәтіннің негізгі идеясын ұғыну емес, оқыған туынды негізінде өзіндік жеке мағынаға жету, өзіңе керек мәнді ұғыну немесе табу. «Интерпретацияның түрлілігіне, тіпті «интерпретациялық қайшылыққа себеп болатын «реципиенттердің (қабылдаушылардың) тілдік, интеллектуалдық, эмоционалдық айырмашылықтары» деп көрсетеді Н. А. Чернявская[29]. Бұл көзқарасты ұстанар болсақ шығарманың мағынасы да, оған жасалар интерпретацияның да шексіз болары сөзсіз.

Бұл теорияға қарсы тарап шығарманы түсінуде адекваттылық болуын алға тартып, шығармаға жасалатын интерпретация қисынды болуын көздейді. И. В. Арнольд, А.С. Бушмин, А. А. Залевская, П.А. Николаев, В.Е. Хализев, Р. Уэллек, О. Уоррен, М.Б. Храпченко сынды ғалымдар көркем шығарма жылдар бойы өзгермейтін негізгі нысан болғандықтан ғылыми түрде түсіндіріліп

негізделуі тиіс деп есептейді. Бір шығарма турасында түрлі пікірлердің болуынан гөрі, ғылыми негізделген қисынға сиятын бір анықтаманың болуы әлдеқайда құнды. Ал көптеген сан түрлі интрепретациялардың орнын «адекватты деп танылған интрепретациялар тізбегі» алмастыра алады деген ұстанымды ұсынады. Өйткені мән-мағынасы толық ашылмаған шығармалар турасында дискуссия тудыруы заңды құбылыс[30].

Дәл осы тұжырымды ғалым А.П. Скафтымов қолдайды. Ол: «Интерпретацияның түрлілігі оқырман мәтінді қай деңгейде түсінгенімен байланысты. Әр оқырман шығарма өз қалауынша түсініп, өздігінше интрепретациялайтын болса, ол көркем шығарманың негізгі идеясы жойылып кетуі мүмкін»[31, 11 б.], – дейді

Өз зерттеу жұмысымыз аясында біз де кез-келген интерпретацияның мағыналық өзегі авторлық интенциядан алыс кетпейтін болса, қисынды деп тани аламыз деген тұжырымға тоқталамыз. Яғни, бір шығарманың бірнеше интерпретациясының болуы мүмкіндігін айта отырып, интерпретацияның адекватты болуы, белгілі бір шектеулерден шығып кетпеуін де назарда ұстаған жөн. Себебі, барлық интерпретаторларға ортақ мәтін бар, көркем шығарманың жазылу ортасы мен кезеңі бар. Көркемдік мән-мағынаны ұғыну мен түсінудің шекарасы жоқ, шексіз дегенмен де, әр көркем шығарманың өзіндік көтерген тақырыбы мен проблематикасы, өмір шындығын бағалаудағы идеялық-эстетикалық көзқарасы, стилі бар. Көркем шығарма мәнін ашуда қанша түрлі идеялар болса да, интерпретация туындының идеялық-эстетикалық-бағытының, көркемдік концепциясының өзегінен ажырамауы керек. Сондықтан да жылдар жасаған туындылар өзінің негізгі идеясы мен өзекті ойын жоғалтпай келеді.

Аталған мәселеге байланысты теориялық жұмыстарда интерпретация мен түпнұсқаның арақатынасы қарастырылып, бір түпнұсқа шығарманың қанша дұрыс интерпретациясы болуы мүмкін деген мәселені қарастырады. Сонымен қатар, адекватты интерпретация – адекватты емес интерпретация, дұрыс интерпретация – жалған интерпретация деген анықтамалар ғылыми айналымға енген.

И.Г. Дройзен «Интерпретацияға біз автормен жеке байланысқа түсе алмаған жағдайда жүгінеміз» [33, 57 б.] дейді. Осы тұста интерпретацияның бірнеше түрін атайды:

- прагматикалық интерпретация – істер мен фактілер бойынша;
- қоршаған орта интерпретациясы – уақыт және кеңістік;
- психологиялық интерпретация – мотивтер т.б. бойынша;
- идеялар немесе этикалық факторлар бойынша интерпретация[33, 57 б.];

Л.В. Чернецтің пікірінше, қисынды емес интерпретацияның белгісі ретінде әдеби материалдар базасының жеткіліксіздігін айта аламыз[33, 48 б.].

А. Б. Есин: «кәсіби емес интерпретациямен тікелей қатынасқа түсу арқылы, алғашқы әсер ету арқылы интерпретация талдауға қарағанда «нақтылыққа» жақын, «қажетті қисындылық деңгейіне» оңай жетеді», – деп, интерпретацияның бірінші кезекте қабылдау мен әсерге тікелей тәуелділігін айтады[34, 5 б.].

Біздің ойымызша, бұл екі пікір бір-бірін толықтырады. Қосарымыз, тек адекватты интерпретацияның деңгейі көркем шығармаға жасалған талдауға және мәтіннің ішкі және сыртқы байланыстарын тануға назар аударғанда айқындала түседі. Ескере кететін жайт, шығарманың соңғы әрі нақты дұрыс түсіндірмесі мынау деп кесіп айту да дұрыс емес. Түрлі түсіндірмелер әр түрлі деңгейде нақты, өз деңгейінде мазмұнды, өзінше терең болуы мүмкін. Олай болса, көркем мәтінді түсіну мен талқылаудың негізгі критерийлері қандай деген сұрақ туындайды.

Жоғарыда айтылған дәйектерді саралай келіп, Г.Л. Тульчинский дәстүрлі герменевтика ғылымы интерпретацияның төрт түріне басымдық беретінін айтады. Олар: грамматикалық (тілдік), стилистикалық, тарихи және психологиялық (жеке тұлғалық).

- Грамматикалық (тілдік) интерпретация автордың көркемдік мақсаттарын, оқиғаның тарихи кезеңін т.б. назарға алмайды. Тілдік интерпретация сөз бен оның өзара байланысына, нақтырақ айтқанда ой мен сезімнің, идеяның берілу тәсіліне бағытталған. Белгілі бір тілдегі шығармаға жасалған грамматикалық интерпретация сөздерді талдау (сөздік қорға талдау, сөздердің мағынасы мен этимологиясы, метафоралардың қолданысы) мен грамматикалық формаларға талдау жасаудан тұрады.

- Стилистикалық интерпретация, біріншіден, сөз қолданыстары арқылы (метафора, гипербола және басқа да троптың түрлерінің, аллегория, аллитерация, анафоралардың қолданысы, ұйқас, өлең өлшемдері т.б.) көркем шығарма қаншалықты негізгі мақсатына жете алды деген мәселені қарастырады. Екіншіден, автордың өзіндік қолтаңбасының болуы, белгілі бір қалыптасқан жазу стилін ұстану мәселелерімен байланысты. Үшіншіден, автордың өзіне дейінгі немесе замандастарының жазу стиліне ұқсастығы мен айырмашылығы төңірегіндегі талдауларға жүгінеді.

- Тарихи интерпретация шығармадан нақты тарихы оқиғаларды, сол тарихи кезеңнің қаламгер болмысына әсерін, шығарма жазудағы ұстанымына ықпалын анықтау. Авторды, автордың тілдік, стилдік ерекшеліктерін біліп қана қою аз. Әр автор – өз дәуірің перзенті. Тарихи интерпретацияның аясы шексіз. Біз қаншалықты автор өмір сүрген кезеңді, оның өмір тынысы мен мәдениетін жақсырақ білсек, шығарманы да соғұрлым жақсырақ түсінеміз. Бұл тарихи фактілерді автор шығарманы жазу барысында саналы, кейде тіпті бейсаналы түрде шығармасына арқау етуі мүмкін. Сондықтан тарихи интерпретация субъективті (автордың көзқарасы тұрғысынан) және объективті (шығарманың жазылу кезеңіне байланысты басқа да дерек көзерінен алынған материалдар негізде) жасала беруі мүмкін.

- Психологиялық интерпретация жоғарыда айтып өткенміздей интерпретатордың өзіндік дүниеге деген көзқарасы, білім аясы, таным деңгейіне қарай жасалатын жеке интерпретация. Бұл жерде автордың тілдік қолданыстарына да, шығарманың көркемдік мақсатына да, тарихи шындыққа да орын бар. Бәрі оқырманның қабылдауымен тікелей байланысты [35,38-40 бб.].

Тарихи интерпретация турасында Д.С. Лихачев көркем шығарманы төмендегідей жүйеде зерттеуді ұсынады:

1) мәтіннің жазылу тарихын, автордың айтпақ ойын және оның берілуі мен дамуын бірлікте қарастыру;

2) автордың жеке тұлғасын, оның биографиясы мен шығарманың жазылу орнын, туындау себебін зерттеу;

3) шығарма жазылған кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды, тарихи оқиғалар мен әдеби бағыттарға назар аудару[36, 87 б.].

Ал, психологиялық интерпретацияның тәсілдерін Ф. Шлейермахер екі түрге жіктеп, оларды дивинациялық және компаративтік деп атап көрсетті. Дивинациялық тәсіл дегеніміз – интуитивтік түсінік болса, компаративтік тәсіл – салыстыруларға, түсінуші (интерпретатор) мен түсіндіруші (автор) көзқарастарын қатар қойып талдауға негізделген. Ф. Шлейермахер психологиялық интерпретацияға «шығарманы автордан артық түсіну» («понимать произведение лучше, чем его понимал автор») деген анықтама береді.

Интерпретация әрекетін М.В. Николаева төмендегідей сипаттап көрсетеді:

1. Интерпретация әрекеті субъект (интерпретатор) пен объект (мәтін) арасындағы ортақ қарым-қатынасынан туады. Көркем мәтіннің өзі автордың шығармашылық белсенділігінің жемісі болғандықтан, автор мен оқырман қарым-қатынасының нәтижесі деуге де болады. Бұл қарым-қатынасты референті көркем мәтін болып табылатын коммуникативті акт деуге болады.

2. Интерпретация әрекеті екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан интерпретация үрдерісінде интерпретаторда жеке тұлғасына әсер ететін белгілі бір психикалық образдар қалыптасса, екінші жағынан, мәтіннің мәні (интерпретация әрекетінің нысаны) де интерпретатордың ықпалына қарай өзгеріп отырады.

3. Интерпретация әрекетінің нәтижесі мәтін түрінде (ойша, ауызша немесе жазбаша) түсініп-түйсіну немесе өзге өнер түріндегі шығарма ретінде жарыққа шығады.


4. Интерпретация әрекеті мәтінді қабылдау мен түсінуге негізделген іс-әрекеттер мен операциялар жиынтығынан тұрады.

5. Интерпретация құрылымы бірнеше кезеңдерге топтастырылған[37, 74б.].

В.А. Кухаренко: «Көркем мәтін күрделі әрі көп қабатты. Оны интерпретациялаудағы басты мақсат – оның өн бойындағы ойлар мен суреткер сезімдерін барынша ала білу. Суреткердің ойлағаны шығармаға айналады, ал оқырман сол туындының бар байлығын тұшына білуі керек», – деген пікір білдіріп, төмендегідей сызба (1-сызба) ұсынады[38,10 б.].

Интерпретатор (оқырман немесе зерттеуші) әрдайым, ерікті-еріксіз түрде шығарманы қабылдауда өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенеді. Дегенмен, шығарма одан өзгеріп кетпейді және оқырманға айтар ойы мен берер эмоциялары мен ассоциациялары да сол қалпы қала берді. Көркем шығарма интерпретациясының бірінші міндеті мәтіннен образдық белгілерді таба білу. Шығарманың даму логикасын, олардың байланысын, қарама-қайшылықтар мен

салыстыруларды мұқият бақылап отырудың өзі автордың бастапқы ойына бастап барары анық.



1-сызба. Авторлық және оқырмандық интерпретация (В.А. Кухаренко)

Осы тұста, интерпретация шығармаға тек оқырман тарапынан ғана жасалмайтынын, шығарма жазуда авторлық интерпретацияның да жүзеге асатынын ескеруіміз керек. Авторлық интерпретация көп жағдайда тарихи шығармаларды жазуда, өмірлік шындықты суреттеуде ерекше байқалады. Яғни, автор шығарманың өн бойына өз қабылдауын, дүниені тануын қандай интерпретацияда ұсынды деген авторлық позиция мен көзқарастан туындайды.

Жазушы (автор) шығармаға арқау болатын деректер мен оқиғаларды терең зерттеп, жүйелеп өңдейді. Бұл өңдеу екі бағытта қатар жүреді. Біріншіден, өмірлік шындық, болған оқиға көркемдік жүйеге түскенде көркем шығарманың элементіне айналып, көркем материал ретінде қабылданып, эстетикалық интерпретация жүзеге асады. Екіншіден, кез келген дерек көркем сюжеттен өз орнын тауып, туындыда жасалған көркем картинамен қабысып кетеді. Бұл үдеріс концептуалды интерпретация деп аталады.

Т.Демежанов «Художественная интерпретация образа Кенесары Касымова в казахской литературе» атты диссертациясында авторлық интерпретацияның төрт түрін атап көрсетеді. Олар: ерікті (вольная), тура (зеркальная), бейтарап (лояльная), импульсті (импульсная).

Ерікті интерпретация – өмірде болған жағдаяттарға, тарихи оқиғаға толық тәуелді емес, кейде оларға сәйкес келмейтін, кейде тек солардың үлгісінде жазылатын шығармаларға қатысты.

Тура интерпретация – тарихи оқиға немесе прототип шынайы суреттеледі. Бұл жағдайда автор көбінесе сенімді ақпараттарға, мемуарлық дерек көздеріне, архив деректеріне жүгінеді. Бірақ бұл ақпараттардың бәрін өзіндік көркемдік концепциясына салып, соның аясында ұсынады.

Бейтарап интерпретация – белгілі бір тарихи тұлғаның өмірін шынайы суреттеуде жекелеген оқиғаларды немесе кейіпкер биографиясын өз тарапынан өңдеп немесе толықтырып ұсыну.

Импульсті интерпретацияны жазушылық шеберліктің шыңы деп көрсетіп, бұл жағдайда прототип авторға тек көркем бейне жасауға түркі болып, шабыт сыйлайды. Тарихи кейіпкердің немесе прототиптің іс-әрекеттері мен ойлары психологиялық жағынан жанданып, күрделене түседі. Тарихи кейіпкердің өзі оқиғаның ерекше өрнегінің, авторлық концепцияның орамында шығармадағы кейіпкер бейнесімен біте қайнасып кетеді [39, 68 б.]. Олай болса, мәтін интерпретациясы дегеніміз – автордың шындықты тануы мен көзқарастарынан

туындаған көркем шығарманың идеялық-эстетикалық, мағыналық және эмоционалдық ақпараттарын түсіну, қорыта білу.

В.Н. Крылов интерпретация тәсілдерін «Интерпретация көркем мазмұнды қайта өңдек, яғни оны ұғымдық-логикалық «әдебиеттану және әдеби сынның негізгі жанрлары), лирика-публицистикалық (эссе) немесе басқа көркем тілге (графика, театр, кино т.б. өнер түрлер) аудару арқылы арқылы жүзеге асады»[40, 161 б.] – деп үш топқа жіктеп көрсетеді.

Түсіндірмелі-логикалық тәсіл ретінде әдеби талдаулар, сын-пікірлер, рецензиялар мен әдебиеттанулық зерттеулерді жатқызады. Біз алдыңғы бөлімдерде интерпретацияның бұл түрін ғылыми интерпретация деп атап кеткен болатынбыз.

Лирика-публицистикалық тәсілге оқырманның көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етіп, көркемсөз ретінде жарық көрген эссе, мақала, талқылауларды ұсынады.

Сонымен бірге, өзге көркем туынды ретінде ұсыну деп жоғарыда атап өткен шығармашылық-образдық интерпретацияның тәсілдерін көрсетеді.

С. П. Рубцова «Интерпретация и объяснение: два подхода к пониманию текста» атты мақаласында көркем шығармаға интерпретация барысында төмендегі жайттарды ескеру керектігін алға тартады:

1) шығарманы тек бүгінгі күннің контекстінде талдау мүмкін емес болғандықтан, туындыдан осыған дейінгі әдеби дәстүрдің, аға буын үлгісінің болуын зерттеу;

2) шығарманы оның жазылу кезеңімен қатар қарап, тарихи көрінісін анықтау;

3) шығарманы автордың бүкіл жұмысының бір бөлігі ретінде талдау;

4) автордың биографиясының, оның жеке тұлғалық қасиеттерінің шығарманың жазылуына әсерін қарастыру;

5) оқырмандық интерпретацияны кәсіби әдебиеттанушы мен сыншының интерпретациясынан жеке алып қарау[41].

Кәсіби интерпретация саласында төмендегі тұжырымдарды негізге алу орын алған:

а) Тарихи-мәдени талдау. Тарихи оқиғаларды білу, олардың автордың тағдырына, шығарманы жазудағы мақсаты мен ниетіне әсерін анықтау.

б) Мәнмәтіндік талдау. Жалпы мәтіннен оқшау, жеке талдау. Ол бірнеше кадамнан тұрады:

- негізгі материалдарды анықтап, бір топқа жинастыру;

- анықталған фрагменттің негізгі ойға үлесін анықтау немесе авторлық дәлелдерге сүйену;

- авторлық көзқарасты жеке контекст аясында зерттеу.

в) Лексико-синтаксистік талдау. Жекелеген сөздердің олардың комбинациясы мен қолданылуын автордың шығарма жазудағы айтар ойы мен ниетін (намерение) анықтауда қолданылады[42, 28 б.].

Жоғарыда көрсетілген көркем мәтін интерпретациясының ұстанымдары мен әдістердің басын біріктіру арқылы біршама толық әрі терең ақпарат алуға

болады. Интерпретацияның мақсат-міндеттеріне және таңдалған әдіс-тәсілдеріне қарай көркем шығарма интерпретациясының бірнеше түрін жіктейміз:

- «аударма интерпретация» (зерттеуші-интерпретатор шығарманы түсініксіз тілден, түсінікті тілге аударып ұсынады), көркем шығарманың анықталмаған, түсініксіз тұстарын талқылау, түсіндіру. Бұл жерге көркем шығармаға жасалған түрлі коментарийлер, автордың өмір сүрген кезеңі, сол уақыттың ерекшеліктері, тілдік ерекшеліктер, өнер мен мәдениеттің бағыты, т.б. жатады.

- «апплекация» - интерпретатор өз тұжырымын ұсынады, яғни, көркем шығарма негізінде оқырман шығарманың мағыналық, мазмұндық диапазонын кеңейтіп өз туындысын жасайды. Мысалы, белгілі бір автордың шығармасы желісімен пьеса қойылымын жасау секілді, көркем шығарманы негізге ала отырып, жаңа дүние жасап шығару. Бұл жерде автор шығарманы толық өзгерте алады: сюжетін, шешімін өзгертеді немесе жаңа көзқарастар қосады, көркем шығарманы субъективті қабылдауын көрсетеді.

- «қарапайым интерпретация» - әр оқырман интерпретатор ретінде қарастырылып, өз санасында жеке әдеби әлем құрады, кейіпкерлер галереясын жасайды. Қанша оқырман болса, сонша интерпретация, сонша түсінік бар. Бұл шығарманың ауқымын кеңейте түсері сөзсіз. Интерпретацияның бұл түлі ғылыми негіздеуді қажет етпейді, көп жағдайда жеке адамның (интерпретатордың) иелігінде қалады[41].

Интерпретацияның аталған түрлерінің қай-қайсысы болсын көркем шығарманың өмірін ұзарта түсері анық.

Интерпретация – ерекше когнитивті үдеріс. Көркем шығарманы түсіну үшін шығарманың жанрлық заңдылықтарын, тарихты, дәстүрді, автордың биографиясын, оның жеке және психологиялық ерекшеліктерін, ортасын, шығарманы жазу себебін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын т.б. бойынша үлкен білім қоры қажет. Және көркем шығарманың мағыналық, мазмұндық әлемін тануда автордың, оқырманның сыншы және әдебиеттанушының әрқайсының өз орны маңызды. Автор – көркем шығарманы тудырушы ретінде, сыншы – презентатор, ұсынушы ретінде, әдебиеттанушы - талдаушы ретінде, ал оқырман – тұтынушы ретінде маңызды. Ескерте кететін нәрсе, сыншы мен әдебиеттанушы да осы көркем шығарманы оқырмандары қатарынан орын алады.

П. Рикер интерпретацияға «Айқын мәннің астарындағы ойды анықтайтын ойлаудың міндеті анық көрініп тұрған мәннің мағыналық деңгейлерін анықтау. Осылайша, символ мен интерпретация шартты ұғымға айналады: күрделі, көпқабатты мәнбер жердеинтерпретация да бар және дәл интерпретациялау барысында сол көпқабатты мәндер ашыла түседі»[10, 159 б.], – деген анықтама беріп, жоғарыда айтылған ойымызды бекіте түседі. Оқырман көркем мәтінді интерпретациялау арқылы түсінеді. Түсіну мен интерпретация өзара тығыз байланысты және бір-бірінсіз жүзеге аспайды. Бұл турасында Гадамер: «Ұғым ретінде интерпретация бір жағынан аналитикалық және шығарма жайлы түсінік

калыптастырушы болса жалпы білім, екінші жағынан, көркем түйсіну және барлық детальдің басын құраушы болуы керек»[8, 89 б.], – дейді.

Бұл пікірден екі көзқарасты жіктеп алуға болады: біріншісі – интерпретацияны талдау мен талқылаудың, түсіндірудің құралы деп танитын әдебиеттанушының көзқарасы болса, екіншісі – көркем шығармадағы жай-күйді эмоцияларды басынан кешіруші оқырман көзқарасы. Оқырман көркем шығарманы талдауды мақсат тұтпайды, оны сезініп, эмоциялық әлеміне енеді. Әдебиеттанушы шығарманы әдебиеттану ғылымының заңдылықтарына, оның жанрлық, композициялық ерекшеліктеріне, көркемдігі мен құрылымдық логикасына т.б. сәйкес интерпретациялайды. Бірінші көзқараста интерпретация автордың айтарын, ойын дөп басып, нақты талдаулар жасауды көздейді. Ал оқырман болса, көркем шығарманы өздігінше қабылдап, қалауынша түсінеді. Тіпті кейде автор ойынан мүлде алшақ, кейде қарама-қайшы келіп те жатуы мүмкін.

Әдеби шығармаға жасалатын оқырман интерпретациясын екі аспектіде қарастыруға болады: біріншісі – танымның ерекше формасы ретінде, екіншісі – тұлғаның шығармашылық белсенілігінің элементі ретінде. Бірінші аспектіде қарастыратын болсақ, интерпретация түсіну үдерісінің нәтижесі. Көркем шығармаға жасалған интерпретацияны түсіну, зерттеу мен трактовка жасау, оның негізгі мәнін түсінікті тілге аударып жеткізу – негізінен әдебиеттанудың үлесіндегі мәселе. В.Е. Хализевтың: «Интерпретация» терминіне бүгінгі таңда мәртебелі рөл берілген. Бұл сөз көбіне ерекше таным әрекеті ретінде көрініп, түсіну, білмегенін білумен қатар, бұрыннан білетін ғылыми «мән-мағынаны» (ғылыми, дүниетанымдық, көркем) басқа тілге аудару, оларды жаңа құралдар арқылы қайта құру (қайта өңдеу) ретінде айқындалуда»[43, 157 б.]– деп, интерпретация арқылы алған мән, мағына, танымдық ақпараттардың бүгінгі қажеттілікке жарап, шынайы өмірдегі жаңашыл талаптарға қызмет етуі аталған ұғымның маңызын жоғарлатып отырғанын нұсқайды.

Әдеби интерпретация дегеніміз бүгінде тек мәтіннен немесе мәтіннен тыс ақпараттардан алынған субъективті әсерлерді жеткізу ғана емес, тұтас интуитивті, белсенді дүниетанымдық түсініктердің, сондай-ақ, белгілі бір түсініктерді қажет ететін зерттеулердің жиынтығы. Кәсіби интерпретатор-әдебиетшінің міндеті өзінің субъективті әсерлерінің ырқында кетпей, өзінің жеке оқырмандық тәжірибесін, зерттеушілік тәжірибесі арқылы реттеп отыруы тиіс [43, 172 б.].

Ғалымдар интерпретацияны шығармашылық әрекет ретінде тануға да тоқталады. Көркем шығарма интерпретациясы шығарманың жалпылама көркемдік мағынасына бағытталады. Г.Л. Ермаштың пікірінше, «көркем туындының мазмұны шығарма жазуға әсер етуші интуиция, қиял, талғам және ойлау сияқты барлық шығармашылық факторлардың жемісі»[44, 19 б.].

Оқырмандық интерпретация төмендегідей қасиеттерге ие:

- шығарманың өзектілігін, нақты айтар ойын оқырман нақтылап, оқырман анықтайды;

- ол оқырманның жеке тұлғалық ерекшеліктері мен жазушының шығармашылық ерекшеліктерінің арақатынасынан туындайды;

- шығармашылық әрекеттің элементі ретінде қарастырылатын интерпретация қабылдау әрекетімен тығыз байланысты;

Интерпретация теориясындағы тағы бір маңызды мәселелердің бірі «Көркемдік шындықты қандай ғылыми тәсілдер арқылы тануға болады?» деген сауал. А.С. Бушмин: «Ғылыми форма көркем бейнені толықтай қамти алмайды, оның сан қырлы мән-мағынасын толықтай ала алмайды, көркем туындыдан алатын әсерді де алмастыра алмайды. Егер ол мүмкін болса өнердің қажеттілігі болмас еді. Бірақ, екінші жағынан қарағанда, егер көркем бейнені ғылыми тұрғыда зерделеп, жарыққа шығара алмасақ, өнертану ғылымына, өнерді зерттеуге негіз болмай қалар еді. Көркем бейнені логикалық ұғымдарға салуға болмайды, бірақ логикалық тұрғыда түсіндіруге болады» [45,112 б.], –көркем шығарманы талдау мен түсінуде өнер биігінен қарау керектігін негіздейді. Бұл пікір көркем мәтінді талдау мен түсінуде интерпретацияның маңызын нақтылай түседі.

Біз көркем шығарма интерпретациясын тұлғаның шығармашылық әрекеттерімен байланыстыратын көзқарастар тұрғысынан қарастырамыз. Бұл көзқарастарға сәйкес, интерпретация деп өнер туындысының жалпы көркемдік мән-мағынасын түсіну үдерісін және оның нәтижесін атайды. Интерпретация үдерісі оқырман көркемдік әлемге еніп, онымен бірге жасап, сол күйге енген сәтте интуитивті және бейсаналы түрде жүзеге асады. Интерпретация іс-әрекеттің көркем формасы.

Түйіндей келе, интерпретация турасында төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

интерпретация –көркем шығарма мен оқырман арасында диалог орнатудың, түсінудің алғышарты;

интерпретация – оқырмандық сананың елегінен өткен мән-мағынаны, астарлы ойды табу;

интерпретация – түсінуге жетелейтін үдеріс, ал түсіну –интерпретацияның мақсатты нәтижесі;

интерпретация – автордың дүниетанымын, әлемге көзқарасын аша түсу көркем туындыныңмағыналық, эмоционалдық, идеялық және эстетикалық ақпараттарын игеру, қайта қорыту;

интерпретация – қабылдау, түсіну, талдау, бағалау сынды кешенді әрі көпдеңгейлі үдеріс[46,129 б.].

«Көркем мәтін интерпретациясының философиялық (герменевтикалық) және филологиялық аспектілері» тарауында келтірілген ғылыми көзқарастар мен талданған негізгі идеялар топтастырылып, жүйеленіп металды картада көрсетілді. (1-сызба)



2- сызбаның жалғасы

1. грамматикалық (тілдік) интерпретация
2. стилистикалық интерпретация
3. тарихи интерпретация
4. психологиялық (жеке тұлғалық) интерпретация

Г.Л. Тульчинский

Көркем шығармаға жасалатын интерпретацияда шек болмайды, оның ауқымы кең, еркін. Қанша интерпретатор болса, сонша көзқарас, идея, интерпретация бар.

Көркем шығарма өзгермейтін негізгі нысан болғандықтан ғылыми түрде түсіндіріліп негізделуі тиіс. Бір шығарма турасында түрлі пікірлердің болуынан гөрі, ғылыми негізделген қисынға сиятын (адекватты) бір анықтаманың болуы әлдеқайда құнды.

Көркем мәтінді түсіну мен талқылаудың негізгі критерийлері мен талаптары қандай?
Көркем шығарманы интерпретациялауда қандай тәсілге жүгінеміз?

Ф. Шляйермахер:	Д.С. Лихачев:	В.Н. Крылов:	С.П. Рубцова:	О.В. Миронов:
1	2	3	4	5
- дивинациялық тәсіл – интуитивтік түсіну; - компаративтік	- мәтіннің жазылу тарихын, автордың айтпақ ойын және оның	- түсіндірмелі-логикалық тәсіл – әдеби талдаулар, сын-	- шығарманы тек бүгінгі күннің контекстінде талдау мүмкін емес	а) тарихи-мәдени талдау. Тарихи оқиғаларды білу,

берілуі мен

2- сызбаның жалғасы

- 1	2	- 3	4	5
<p>- тәсіл– салыстыруларға негізделген, түсінуші (интерпретатор) мен түсіндіруші (автор) көзқарастарын қатар қойып талдау.</p>	<p>- дамуын бірлікте қарастыру; - автордың жеке тұлғасын, оның биографиясы мен шығарманың жазылу орнын, туындау себебін зерттеу; - шығарма жазылған кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды, тарихи оқиғалар мен әдеби бағыттарға назар аудару.</p>	<p>пікірлер, реценциялар мен әдебиеттанулық зерттеулер. - лирика-публицистикалық тәсіл – оқырманның көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етіп, көркемсөз ретінде жарық көрген эссе, мақала, талқылаулар және де өзге көркем туынды ретінде ұсыну.</p>	<p>болғандықтан, туындыдан осыған дейінгі әдеби дәстүрдің, аға буын үлгісінің болуын зерттеу; - шығарманы оның жазылу кезеңімен қатар қарап, тарихи көрінісін анықтау; - шығарманы автордың бүкіл жұмысының бір бөлігі ретінде талдау; -автордың биографиясының, оның жеке тұлғалық қасиеттерінің шығарманың жазылуына әсерін қарастыру; -оқырмандық интерпретацияны кәсіби әдебиеттанушы мен сыншының интерпретациясынан жеке алып қарау</p>	<p>олардың автордың тағдырына, шығарманы жазудағы мақсаты мен ниетіне (намерение) әсерін анықтау. б) мәнмәтіндік талдау. Жалпы мәтіннен оқшау, жеке талдау. Ол бірнеше қадамнан тұрады: - негізгі материалдарды анықтап, бір топқа жинастыру; -анықталған фрагменттің негізгі ойға үлесін анықтау немесе авторлық дәлелдерге сүйену; - авторлық көзқарасты жеке контекст аясында зерттеу. в) лексико-синтаксистік талдау. Жекелеген сөздердің олардың комбинациясы мен қолданылуын автордың шығарма жазудағы айтар ойы мен ниетін анықтау.</p>

2-сызба. Философиялық және филологиялық интерпретация турасындағы ғылыми көзқарастардың менталды картасы

1.3 Көркем мәтінді қабылдаудағы танымдық үдерістің (түсіну – түйсіну – пайымдау) өзара әрекеттестігі

Көркем шығарманың концептуалдық мазмұнын түсінуге жетелейтін бірден бір әдіс ол – интерпретация. Концептуалдық мазмұн (концептуалдық мән) шығармадағы экстралингвистикалық факторлардың (әлеуметтік, мәдени, прагматикалық, психологиялық) бірлігінен, олардың өзара үйлесім тауып көркем мәтін түзуінен туындайды. Ал концептуалдық мәнге жету, оны қабылдау мен түсіну жолы ретінде интерпретацияны атауға болады.

В.В. Савельева: «Көркем мәтін өз бетінше өмір сүріп, қызмет атқармайды, оқырманның оқуы мен қабылдауы арқылы өмір сүреді. Көркем мәтінді қабылдау мен түйсінудің түрлі кезеңдері туралы сөз етуге болады. Бұл үдерістің қатар жүретін негізгі төртеуін атап айтайық: оқу, түсіну, талқылау (интерпретация), талдау» [47, 19 б.], – деп әр көркем шығарманы оқуда аталған әрекеттердің үздіксіз әрі қатар жүріп отыратынын атап кетеді. Біз жұмыс барысында осы оқу мен қабылдау, түсіну мен талқылау, талдау мен интерпретацияның арақатынасын зерделеп, салмақтай түсуді мақсат етіп отырмыз.

«Көркем туындының мазмұны (аяқталғанан кейін) суреткер санасында емес, оны түсінушілердің (оқырманның) санасында дамиды», – дейді А.А.Потебня [48, 243 б.]. Әдебиеттану ғылымында шығарманың қалай интерпретацияланғаны, түсіндірілгені мен оның мазмұны мен мәні қалай көрініс тапқанымен көп нәрсе байланысты. Тіпті шығармаға берілетін негізгі баға, айтылатын түйінді ой осыларға байланысты десе де болады. С.Д. Лихачев интерпретацияны әдебиеттану ғылымының өзегі, өзге әдебиеттану пәндерін айналасына жинап тұратын қазығы деп есептесе, С.С. Аверинцев филологияны «түсіну қызметі» деп атайды. Ж. Дәдебаев та «Әдебиеттану дегеніміздің өзі әдебиетті тану, түсіну, бағалау (қабылдау) және сол танылған нәрсені баяндау екенінде сөз жоқ. Ал көркем әдебиет немесе нақты әдеби шығарманың бүтін жүйесіндегі немесе сол бүтіннің бір бөлшегіндегі жасырын, бүркеулі мәнді тану мен түсінудің жөні бөлек. Бұл жерде, әрине, бүтіндік ұғымының мәнісі төрт құбыласы түгел кемелдікпен байланысты анықталады [20]», – деп әдеби интерпретация әдебиеттану ғылымының өзегі, күретамыры деген пікірді қолдайды.

Интерпретация – әлі де түбегейлі зерттей түсуді қажет ететін күрделі мәселе. Талдау мен интерпретацияның аражігін ашып көрсетсең, оқырмандық интерпретациясын жекелеген мәселелерін зерттеуге арналған еңбектер көп емес. Көркем шығарманы талдау мен талқылауда қабылдау, түсіну, зерделеу, түйсіну сынды сатылы әрекеттер мен үдерістердің психологиялық, педагогикалық т.б. қырларын зерттеуде интерпретация әмбебап әдіс ретінде танылады.

Интерпретация жасауда, ең алдымен, көркем шығарманың мазмұнын, мағынасын, астарлы ойын әр оқырманның өз өмір тәжірибесімен қабыстары түсінуімаңызды. А.Б. Есин: «Интерпретация дегеніміз – адамның жеке өзінің

түсінуі» деген формуланың бар мәні «Өзінің» деген сөзге сыйып тұр. «Өзінің» дегені «өз басынан өткергені» деген сөз», – дейді [49, 129 б.]. Есиннің «өзінің түсінуі» деп отырғаны автор ойынан мүлде бөлек, қарама-қарсы түсінік емес, керісінше оқырманның өз тәжірибесі, білім деңгейі автор ойымен сабақтасып шығарманың идеясы ашыла түседі, мағыналық шеңбері кеңейе береді. Демек, көркем мәтінді интерпретациялаудағы басты шарт – қабылдау (рецепсия) мен түсіну.

Көркем шығарманы қабылдау мәселесін зерттеуші ғалымдар автор мен қабылдаушы арасындағы өзара байланысты, қабылдаушының автор ойын құптауын, автордың пікіріне үн қосуын, ойларын толықтыра түсуін, т.б. қатынастарды «ортақ шығармашылық» (сотворчество) деп атайды. Академик Д.Лихачев өнер туындысын қабылдау бұл – автормен шығармашылық әріптестік дей келе, өнер туындысын қабылдау үшін салмақты эстетикалық дайындық, терең әрі жан-жақты білім, эстетикалық сананның икемділігі керек деген ой айтады [50, 284 б.]. О. Кривцун болса, сөз адам ойынан хабар беруші құрал әрі қабылдаушы санасында ой тудырушы, сондықтан шығарманың көркемдік-поэтикалық қуаты неғұрлым күшті болса, соғұрлым қабылдаушының ынта-ықыласын оятып, сезім қылына әсер етеді. Сонда ғана қабылдаушы автор ойына үн қатып, автор мен қабылдаушы арасында әріптестік орнайды деген пікірді ұстанады [51, 273 б.].

Е. Адаева: «Мәтінді интерпретациялаудың алғашқы сатысы – қабылдау. Мәтін қабылдануы – оның туындауына қарсы процесс. Мәтін түзу ойдан мәтінге қарай бағытталса, қабылдау мәтінен ойға қарай жүргізіледі.

Аялық білімде мәтін құрастыру мен оны қайта кодтау жүретіндіктен, мәтінді қабылдау пресуппозициямен байланысты. Пересубпозиция мәтінді мәтінді сайма-сай қабылдауға мүмкіндік беретін алғашқы білім, яғни мәтін мазмұнының компоненті» [28, 9 б.], – дейді.

Көркем шығарманы қабылдау күрделі де жан-жақты үдеріс. Бір қарағанда, қабылдаудың бағыты мен құрылымы шығарамға тәуелді, екінші жағынан, қабылдау үдерісі барысында шығармашылық әрекет іске асып, шығармадағы көркем бейнелер қабылдаушының тұлғалық ерекшеліктерінің, өмірлік тәжірибесінің, эстетикалық идеалдары мен дүниетанымдық ұстанымдарының, өзіндік мақсаттарының ықпалына түсіп, түрленіп отырады.

Психологияда «қабылдау» ұғымы тар және кең мағынада қарастырылады. П.М. Якобсонның еңбектерінде тар мағынадағы қабылдау – «біздің сезім мүшелеріміз арқылы берілетін нысандарды қабылдау әрекеті»; кең мағынадағы қабылдау (бұның ішіне психолог көркем қабылдауды да жатқызады) дегініміз – белгілі бір затты (нысанды) салыстырмалы түрде ұзақ қабылдау барысында ойлау, затты немесе нысанды талқылап-түсіну (истолкование), қабылдау нысанының түрлі байланыс жүйесін, ерекшеліктерін табу әрекеттерінің жүзеге асуын білдіреді [52, 101 б.].

Психологияда әдеби туындыны қабылдаудың төмендегідей кезеңдері қалыптасқан:

1) Шығарманы тікелей қабылдау, яғни шығармадағы көркем образдармен бірге жасап, шығарманың көркемдік әлеміне еніп, сезіну.

- Бұл кезеңде қиял үдерісі басымдық алады

2) шығарманың идеялық мазмұнын түсіну

- Бұл кезеңде ойлау әрекеті басымдық алады, алайда оқырмандық эмоциялар да қалыс қалмайды

3) көркем шығарманың жеке тұлғаға әсер етуі

- Қорытынды кезең, қабылдаудың нәтижесі.

1-сурет. Әдеби туындыны қабылдаудың кезеңдері

Психолог О.И. Никифорова қабылдау механизмін бағдарлық және негіздеп екіге бөліп қарастырады. Бағдарлық бөлігінде (шығарманы оқуды жаңадан бастағанда) оқырман назары төмендегідей мәселелерге бағытталады:

- 1) шығарманың жанры мен жалпы құрылымы;
- 2) оқиғаның іске асу орны мен уақыты
- 3) бас кейіпкер және оған автордың эмоционалдық қарым-қатынасы;
- 4) оқиғаның басталуы;
- 5) шығарма мазмұнының көлемі.


Механизмнің негізгі бөлігінде шығарманың өзектілігіне мән беру менмәтінді талдау арқылы қабылдау жүзеге асады[53, 125 б.].

Соңғы уақыттарда зерттеуші ғалымдар (Л.В. Чернец, М. Науман, Ю.Б.Борев, т.б.) «шығарманың қабылдану әлеуеті» деген ұғымды негіздеуде. Яғни, белгілі бір көлемдегі ақпараттың мән-мағына және құндылық тұрғысынан оқырман қабылдауына дайындығының болуы. «Кез келген шығарманың өзіндік әлеуеті болады. Классикалық туындылардың қабылдану әлеуеті олардың жазылған дәуірінен тыс ұзық өмір сүруіне жол ашады. Осылайша шығарманың өзіндік ерекшеліктері, оның мазмұны мен формасы интерпретациялау қажеттілігін тудырады, түрліше оқу мүмкіндігін ашады»[54, 119 б.], – дейді Л.В.Чернец. Бұл дегеніміз жазушы әдеби туындының көркемдік әлемін жасау арқылы оқырман қабылдауына да әсер ете алады деген мағынаға саяды. Классикалық және рецептивтік эстетикалық талдауларды негізге алатын бұл концепция бойынша әрбір шығарманың бойында автор дарытқан инвариант мән болады. Сын-пікірлер қоғамдық ой-сананың елегінен өтіп, әлеуметтік-эстетикалық «бағыттаушы» қабылдауды тудырады.

Реципенттердің көркем шығарманы қабылдауының түрлілігі шығарманың инвариант мәнін өзгертпейді, бірақ, сан-алуан варианттарын аша түседі. Осылайша шығармадағы тұрақтылық мен өзгермелілік, инварианттылық мен вариативтілік диалектикасы қалыптасады[55, 43 б.]. Бұл тұжырымның алдыңғы тарауда айтылған көркем шығармаға жасалатын интерпретацияның адекваттылығы мәселесі бойынша да көп сауалдың жауабын табуға негіз болатынын байқауға болады.

Көркем мәтінді қабылдау үдерісі турасында ғалым А.С. Әділова: «Көркем мәтінді қабылдау үдерісі сол мәтінді түсінуге, интерпретациялауға мүмкіндік беретін түрлі тілдік маркерлерді танумен тығыз байланысты. Ал танудың өзі, шын мәнінде, жаңа нәрсені бұрынғы бар біліммен үнемі байланыстырып отыру, салыстыру. Оқырман осы тану нәтижесінде өзіне бұрыннан таныс материалдарды еске түсіреді, олардың образдар жүйесін, оқиғалар желісін, тіпті болмаса жекелеген кейіпкерлердің немесе автордың сөз қолданысын өзектендіреді, сол арқылы жаңа оқып отырған мәтіннің (кодталған) ақпаратын ашады, басқаша айтқанда, мәтіндер арасында диалогтік байланыс орнатады» [56, 6 б.], – деп, қабылдау мен таным үдерісінің өзара тығыз байланысты екенін нақтылап кетеді.

Компаративистиканың негізгі категориясының бірі – рецепция. Көркем шығармаға жасалатын рецепциясы сан салалы. Ол оқырманның эмоционалдық жай-күйін, өзіндік логикасын ұғыну мен шығармаға баға беру мүмкіндіктерін қамтиды. Көркем туынды мен оқырман түсінігінің, автор идеясы мен оқырман рецепциясының арақатынасын төмендегі сызбадан (3-сызба) көруге болады.



*3-сызба. Автор – көркем шығарма – оқырман арақатынасы
(А.В.Матюшкин)*

Біздің қарастырып отырғанымыз кез келген мәтін емес, көркем шығармаға жасалатын интерпретация. Яғни, автор мен оқырман арасындағы өзара байланыс, қабылдау мен үндестік мәселесі. Сол себепті де, көркем шығарма, көркем әдебиет дегеніміз не, басқа мәтіндерден несімен ерекшеленді, көркем шығармаға жасалатын интерпретация несімен өзгеше деген сұрақтарды айналып өте алмаймыз.

Көркем мәтін интерпретациясының негізгі қиындығы, көп жағдайда, жазушы өз туындысын жазу барысында толық, аяқталған ой мен идеяны біле бермейді. Көркем шығарма ойдың, идеяның ғана емес, оның жазылу әдісіне, туындау тәсіліне де тәуелді. Ол мазмұнның ғана емес, құрылымның да жемісі. Суреткер асқақ армандарын, ұтқыр ойлары мен үлкен идеяларын көркем образға айналдырады. Жазушының өзі де соңғы нүктені қойып, соңғы сөйлемді жазғанда ғана аяқталған, толыққанды идея мен ойға тап келіп жататын жағдайлар да болады. Сондықтан да, автордың өзі мәтінмен екіжақты қарым-қатынасқа түсіп отырады. Шығарманы тудырушы жазушы ретінде және карапайым оқырман ретінде.

Жылдар бойы, тіпті XX ғасыр бойы көркем әдебиет ұғымына түрлі анықтамалар беріліп, түрлі пікірлер айтылды. Алайда, көркем әдебиеттің анықтамасы деп дөп басып атап, көркем шығарманың қызметі мен қалыбын толық ашып бере алатын анықтама әлі беріле қойған жоқ. Бұл құбылыс заңды да. Себебі, көркем шығарма кез келген өнер туындысы секілді өмірдің өзінен алынып, өмірдің шынайы келбетін суреттейді. Сондықтан да, оның сан түрлі формаларға ие болып, шектеусіз құбылып, тынымсыз өзгеріп отыруы заңды. Тіпті көркем әдебиетке нақты анықтама табылған күнде де жаңа заман, жаңа өмір жаңа жазушыны тудырады немесе жаңа оқырман келеді де бұрын сонды ешкім көрмеген көркемдікті көреді, ел таппаған көзқарасты табады, жаңаша интерпретациялайды да нақтыланған анықтаманы жоққа шығаруы әбден мүмкін.

Сондықтан да бүгінгі таңда семиотика ғылымы әдебиетті автор мен оқырманның өзара келісімінен туындайды деп түсіндіреді. М.Ю. Лотман мұндай келісімнің төрт нұсқасын ұсынады:

1. Мәтін көркем мәтін түрінде жазылмайды және көркем мәтін ретінде қабылданбайды.
2. Мәтін көркем мәтін түрінде жазылады, алайда көркем мәтін ретінде қабылданбайды.
3. Мәтін көркем мәтін түрінде жазылмайды, бірақ көркем мәтін ретінде қабылданады.
4. Мәтін көркем мәтін ретінде жазылып, көркем мәтін ретінде қабылданады.

Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, бір мәтінді әр оқырман әртүрлі қабылдайды және көркемдікке деген көзқарасы да түрліше болады. Тіпті көркемдік дегеніміздің өзі мәтінге оқырман ұсынған шартты ұғымға айналады[57, 321 б.].

Ю. Боревтің пайымдауынша, түсіну – автордың өзін толғанқан дүниені жарыққа шығаруынан басталып, реципиентке арман-мұрат, ой-сезім, ақпарат тудырумен аяқталатын коммуникация[55, 47 б.]. М. Бахтин түсіну үрдісін төрт топқа жіктейді:

- 1) таңбаның психофизикалық түрде қабылдануы;
- 2) таңбаның танылуы;
- 3) белгіленген контекстегі таңбаның мағынасын түсіну;

4) белсенді-диалогтық түсіну[58, 258 б.].


Түсіну – филологиялық герменевтика тұрғысынан қарағанда мәтіннің мәнін ұғу. Бұл тыңдаушы мен айтушының, оқушы мен жазушының арасындағы диалог іспетті. Автор мен оқырман танымының, олардың әлемге, дүниеге деген көзқарасының тоғысуы мен қайшылықтарынан туындаған диалог. Себебі, түсіну үдерісі мәдени, тілдік әлеуметтік, психологиялық факторлар жиынтығына, қабылдаушының (реципиент) тұрмыстық контекстіне байланысты. Мәтінмен диалог орнату барысында, яғни мәтінді оқу барысында оқырман көркем шығарманың негізгі ойын табуға тырысады, автордың дүниетанымын өз танымындағы әлем бейнесімен қатар қойып қарастырады.

М. М. Бахтинмәтінді түсінудің төмендегідей деңгейлерін көрсетеді:

1. Мәтінді қабылдау;
2. Мәтінді тану және оның белгілі бір тілдегі жалпы мағынасын түсіну;
3. Мәтіннің белгілі бір мәдениет аясындағы мағынасын түсіну;
4. Мәтіннің құрылымына сәйкес диалогтік мәнін ұғыну [58,361 б.].

Бахтиннің концепциясына сүйенсек, мәтінді түсіну дегеніміз – мәтінді тек оқып, танысып шығу емес, талқылау, түйсіну, басқа мәтіндер мен мәдени контекстермен қатынасы деңгейінде интерпретациялау деген тұжырымға келеміз.

Демек, мәнді тану үшін және мәтінді түсіну үшін мәтінге интерпретация жасауымыз тиіс. Практикалық және теориялық талдаулардың нәтижелерін негізге ала отырып интерпретация кезеңдерін төмендегідей топтастырамыз: байқау, болжау, гипотезалар ұсыну, зерттеулер қорытындысы және оларды бар мәліметтермен салыстыру (2- сурет).



2-сурет. Интерпретация кезеңдері

Интерпретация үдерісінің бастапқы кезеңінде қабылдаушы мәтін туралы түсінік қалыптастырып, негізгі ойынша өздігінше болжайды. Ол қабылдаушының мәтінге берген алғашқы бағасы деуге болады. Әр қабылдаушының көркем шығарманы өзінің өмір тәжірибесімен, өзінің жеке құндылықтарымен байланыстыра қабылдауының нәтижесінде бір мәтіннің

бірнеше интерпретациясы туындайды. Туындаған интерпретация реципиенттің мәтінді қабылдау деңгейіне, тілдік, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады. Соған қарап қабылдаушының мәтінді қаншалықты түсініп-түйсінгенін бағамдайтын боламыз.

Осы тұста мынандай қарама-қайшы үдерісті байқаймыз: шығарманы түсіну үшін, өзіндік интерпретация жасау үшін талдау жасай білуіміз керек те, талдау үшін оны қабылдап, оқырмандық интерпретациядан өткізуіміз қажет. Бұндай үдерісті әдебиеттану ғылымында **герменевтикалық шеңбер** деп атаймыз. Герменевтикалық шеңбер дегеніміз – бүтіннің мәнін бөлшек арқылы, бөлшектің мәнін бүтін арқылы (мәтінді мәнмәтін арқылы, мәнмәтінді мәтін арқылы) түсіну, ұғу. Біздің негіздеп отырған шеңбер бойынша әрбір шығармаға жасалған талдау түсінуге жетелейтін болса, әрбір түсіну талдап-талқылауды қажет етеді деген түйін шығады.

А.В. Матюшкин көркем мәтін интерпретациясының үш бағытта өрбитінін айтады. Олар:

- қабылдау ;
- түсіндіру;
- бағалау.

Сондай-ақ, ғалым мәтіннің ішкі мазмұнын қабылдаудың ерекшеліктеріне тоқталып, оны төмендегідей сызбада (4-сызба) көрсетеді:



4- сызба. Мәтіннің ішкі мазмұнын қабылдау үштағаны (А.В. Матюшкин)

Мағына, мән және мазмұн бір-бірін анықтап, бірінен бірі туындап отыратын үштаған құраған кезде көркем мәтінді қабылдау жүзеге асады, көркемшығармаға интерпретация жүзеге асады деген анықтама береді[59,166.].

Мән және мағына ұғымдары өзара тығыз байланысты, алайда синоним емес. Мағына – объективті, ал мән – субъективті сипатқа ие. Мағына жалпыға ортақ, сөз бен әлеуметтік ортаның қатынасынан, қоғамдық тәжірибенің көрінісінен туындайды. Ал мән жеке адамның психикасында қалыптасып, индивидуалды-жекелік сипатқа ие және аталмыш мағанаға интерпретация жасайды. Мағына – тұрақты, мән – өзгермелі. Мән контекске тәуелді және контекске қарай өзгеріп отарады. Мағына – белгілі бір ұғымды білдіруші болса,

мән – оны толыққанды жеткізуші. Мағынаны түсінеміз, мәнді ұғынамыз. Алайда мәтін мазмұнының сан салалы мәнін ұғуда, мәндік диапазонын анықтауда дәл осы мағынаға жүгінеміз. Бұл турасында Г.И. Богин «Субстанциональная сторона понимания текста» атты еңбегінде: «Менің сөзімнің мәнге ие болып, өзге де мәнді ой иелерінің (әсіресе менімен ұқсас тәрбие алған) сөзімен ұштасып, байланысып жатуының құрастырушысы дәл осы – мағына», – деп, туындының мәнін дұрыс түсініп, қабылдай алу үшін мағынаның үлесін атап көрсетеді[60,31 б.].

«Белгілі бір мәтінді белгілі деңгейде қабылдау, ол жайында сөз айту, пікір білдіру, мазмұн мен пішін жарастығына сипаттама беру әркімнің де қолынан келуі мүмкін. Ал әдеби шығарма туралы, оның мазмұны мен мәнінің тереңіне бойлап сөз айтудың, пікір білдірудің ғылыми пайымдау деңгейіне көтерілетіні де бар, көтеріле алмайтыны да бар. Пікір білдіру, сөз айту тиянақты талдауға, талдаудан кейінгі жинақтауға негізделмеген болса, онда одан пайымдаудың ізі де табылмайды. Пайымдау талдауға, бағалау жинақтауға негізделгенде ғана ой негізді, пікір дәлелді бола алмақ. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау дегеніміздің өзі мәнге негізделеді. Мәннің тереңіне бойламайынша, талдау да, жинақтау да, пайымдау да, бағалау да үстірт болып шығады.

...Мағына, мазмұн – тіл білімінде ғана емес, гуманитарлық ғылым салаларының бәрінде де ұдайы зерттеліп келе жатқан күрделі де іргелі құбылыстардың бірі. Тура мағына, бұрма мағына, ауыспалы мағына, астарлы мағына, жасырын мағына, көп мағына, негізгі мағына, қосалқы мағына, эстетикалық мағына, көркемдік мағына жайында әдебиеттану ғылымында да аз айтылған жоқ. Мағынаны қабылдау, түсіну, пайымдау үдерістері аясындағы ізденістер де кең қанат жайып келеді. Әдеби шығарманың мазмұны, оның құрамдас бөліктері жайында іргелі ойлар қоры бары рас. Алайда әдеби шығарма мәтінінің, оның бірліктерінің мағынасы, мазмұны, мәні айналасында анықталмаған мәселелер аз емес», – дейді ғалым Ж. Дәдебаев[20].

Г.Л. Тульчинскийдің ұсынған мағына моделі бойынша да мән және мағына ұғымдарының ара-жігі ажыратылып көрсетіліп, «материалды форма, әлеуметтік мағына және жеке тұлғалық мән» деген ұғымдарға тоқталады. Ғалымның пікірінше, айтылар ойдың мәнін нақты, дәл түсіну мағыналық құрылым толыққанды жүзеге асқанда қалыптасады да мағынаның заттық және мәндік компоненттері қабыса түседі. Сол арқылы әлеуметтік мағына мен жеке тұлғалық мәнің екеуі де түсінуге қызмет атқарады [35,59 б.].

Мәтіннің мәнін түсіну мен табу интерпретация үдерісімен тығыз байланысты. Түсіну мен интерпретацияның өзара байланысы шетелдік және орыс ғалымдарың еңбектерінен көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Хәкім Абай«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек»[61], –деген пікірі арқылы түсінгенімізді қорытып, зерделеп отыруымыз керектігін айтады. А.А. Потебня

«Түсіну дегеніміздің өзі – шығармашылық үдерісті орнын ауыстырып қайталау» [48,151 б.], яғни түсінудің өзі интерпретация тудырады десе, М.Хайдеггер: «Талқылау дегеніміз түсінгенді есте ұстау емес, бірақ түсінудің барлық мүмкіндіктерін жасау, ...Түсінудің бойында саралау, яғни түсінгенді игеру мүмкіндігі бар»[62, 131 б.] – дегені де Абай пікірімен сабақтас.

Н.И. Колодина түсінудің түрлері мен тәсілдерін төмендегідей жіктеп көрсетеді:

«Түсіну түрлері дегеніміз – түсіну үдерісін айқындайтын белгілердің жиынтығы, ал түсіну тәсілдері дегеніміз – түсіну үдерісі кезінде қабылдаушы қолданатын әрекеттер жүйесі.

Түсіну тәсілдері герменевтикалық, эвристикалық,гносеологиялық, психологиялық болып болып бөлінеді.

Түсінудің түрлері семантикалық, когнитивтік, өзгермелі (распредмечивающий)болып бөлінеді.

Түсінудің барлық түрлері мен тәсілдері көркем мәтінді қабылдаумен қатар жүреді.

Түсінудің герменевтикалық тәсілі тілдік коммуникациямен байланысты. Бұл жүйеге білім, ой қорыту, сонымен қатар, қабылданған материалды деңгейлеу де кіреді.

Эвристикалық тәсіл зерттеліп отырған мәтін шеңберінен шығып, басқа жаңа мәтінге өтуді көздейді. Мәтінді жаңа контексте бағалау, мәтінді мәтін арқылы түсіну алға шығады. Бұл жүйеге салыстырмалы зерттеулер, мәтіннен тыс зерттеулер де кіреді.

Мәтінді түсіну реципиенттің жеке өмірлік тәжірибесінсіз жүзеге аспайтындықтан түсінудің психологиялық тәсілі жеке-субъективті қасиетке ие.

Түсінудің гносеологиялық тәсілі автордың, кейіпкердің және қабылдаушының ойлау әрекеттерін қатар қарастыру. Қабылданушы материал продуцент (автор) пен кейіпкерлердің мәдени-тарихи іс-әрекеттерінің нәтижесі ретінде түсіну»[63, 163 б.].

Көркем мәтінді түсіну көп қырлы, көп деңгейлі үдеріс екенін айтқан болатынбыз. Профессор З. Қ. Ахметжанова түсініктеме бере отырып оқуды (комментарий) көркем мәтінді түсіну жолдарының бірі ретінде қарастырады. З.Қ. Ахметжанова түсініктеменің төмендегідей түрлеріне тоқталады:

- этнолингвистикалық түсініктеме;
- этномәдени түсініктеме;
- макробелгілерге түсініктеме;
- тарихи-мәдени түсініктеме;
- саяси-мәдени түсініктеме;
- салыстырмалы-мәдениеттанушылық түсініктеме [64].

Түсінудің тағы бір жолы – автордың болмысын, жеке тұлғасын тану. Себебі автор тек биографиялық тұлға емес, қоғамдық-әлеуметтік сананың, тұрмыстық қайшылықтардың, адами қарым-қатынастардың өкілі, түрлі өмірлік тәжірибелерді өнер туындысы арқылы оқырманға жеткізуші. Бұл тәсіл көркем шығарманы қабылдау мен түсінуді автор идеясымен қабыстыра түсетін болады.

Оқырмандық интерпретацияның жүзеге асуын да бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады:

- оқырман интерпретациясының алғашқы кезеңі көркем шығарманың сюжеті мен фабуласының айналасында өрбиді, яғни оқырманды оқиғаның өрбуі мен кейіпкерлердің іс-әрекеті ғана қызықтырады;

- оқырмандық интерпретацияның келесі кезеңінде мазмұннан мағына іздеу, кейіпкерлер іс-әрекетінің уәжі, олардың ішкі жан-дүниесі, неліктен бұндай шешімге барғаны т.б. дүниелерді бағамдау, оларға баға беру жүзеге асады.

- интерпретацияның соңғы кезеңінде автордың ой-өрісі, дүниеге көзқарасы, тұлға ретіндегі құндылықтары маңызға ие болады. Оқырман туындының көркемдік әлемін автор көзімен тануға, түсінуге талпынады [13].

Ю.Б. Борьев Седов пен Поляковтың көркем шығарманы түсінудің бірнеше кадамды жүйесінегізінде түсінудің төмендегідей деңгейлерін атап көрсетеді:

1. Денотативті деңгей – оқиғаның өрбуі мен дамуына ықпал ететін кейіпкерлердің тұлғалық қасиеттері, заттық әлем мен көркемдік кеңістікті қабылдау мен түсіну деңгейі;

2. Психологиялық деңгей – кейіпкер психологиясын тану, кейіпкердің ішкі және сыртқы әлеміне үңілу деңгейі;

3. Аксиологиялық деңгей – көркем туындыға автордың қатынасын анықтау деңгейі. Шығармадан авторлық көзқарастардың, авторлық дүниетанымның көрініс табуын түсіну [65,46 б.].

Қазіргі әдістемелік зерттеулер көбіне түсінудің коммуникативті және когнитивті тәсілдерін қарастырады. Түсінудің коммуникативтік тәсілі білімгердің тілдік құзыреттіліктің қалыптастырумен байланысты, ал когнитивті тәсіл білімгердің таным үдерісін дамытумен байланысты. Аталған екі тәсілдің басын біріктіре отырып, коммуникативті-когнитивтік тәсілді ұсынушы ғалымдар да бар. Яғни көркем шығарманы оқыту барысында мәтін мазмұнына, оның танымдық ақпараттарына мән берілуі, тілдік дағдылармен бірге танымдық құзыреттіліктер де қатар қалыптасып отыруы басты назарға алынады.

Т. П. Адскова мен С. А. Турбекова білім алушыларды функционалды оқуға үйрету үшін Х. Гербердің үш деңгейлі оқу әдісін қолдануды ұсынады. Олар:

1. Оқырманға мәтіннің сыртқы ақпаратымен ғана танысуды көздейтін деңгей «түсінікті» деп аталады.

2. Логикалық деңгей «ойлану және табу» деп аталады.

3. Бағалаушытық және шығармашылық деңгей «Өзім» деп аталады [66].

Х. Гербер ұсынып отырған функционалды оқу әдісінің әр деңгейінде интерпретация жүзеге асып отырады. Бірінші деңгейде қабылдау, яғни шығарма мазмұнын жалпы байқау-бағамдау жүреді. Екінші деңгейде оқырмандық пікір, оқырманның өзіндік ойлауы, логикасы мен таным деңгейіне сай түсіну орын алады. Үшінші деңгейде шығармашылық интерпретация жүзеге асады. Шығармадан оқырманның түйгені жаңа өнім, бөлек туындыға айналады. Интерпретатордың автормен бірлескен «Өзінің» жұмысы туады.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде білім алушылардың көркем шығарманы қабылдауы мен түсіну мәселесі түрлі бағытта зерттелді: қабылдау, талдау және көркем шығармаға жасалатын интерпретацияның өзара байланысы тұрғысынан, оқырмандық қабылдау деңгейлерінің типологиясы тұрғысынан, көркем шығарманың тектері мен түрлерін қабылдау мен түсіну тұрғысынан, т.б. Білім алушылардың көркем шығарманы қабылдауы мен түсінуі тек көркемдік-танымдық деңгейді ғана емес, абстрактілі ойлау деңгейін де қамтитын терең мазмұнды, кең ауқымды үдеріс.

Мұғалім үшін білім алушылардың көркем туындыны қаншалықты терең түсініп, қабылдағаны, нені аңғармай, нені мүлде түсінбегенін білу өте маңызды. Мұны білу арқылы шығарма талдауды тиімді әрі қызықты етуге болады. Онсыз да түсінікті нәрсеге тоқталмай, оқушыны қызықтыратын, керек ақпаратына назар аудартуда маңызы зор. Мұғалімнің міндеті білім алушылардың шығарманы оқығандағы алғашқы әсері мен түсініктерін тереңдетіп отыру.

В.Г. Маранцман оқырман қабылдауы мен түсінуін зерттеудің әдеби туындыны талдау жұмыстарын сауатты ұйымдастыруға (әдеби талдаудың бағытын айқындауға, мәтінді оқытудың әдіс-тәсілдері мен жолдарын таңдауда, талдаудың қажеттілігін көрсетуде) көмегі зор деп біледі. Ал әдеби талдау, бірінші кезекте, оқытушы білім алушылардың алғашқы қабылдауы мен түсінуіне ықпал етуіне, оны тереңдетуге немесе түзетуге, білім алушылардың қиялын дамытып, талғамын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Н.Д. Молдавская қабылдау мен түсіну үдерісінде әдеби тектер мен жанрлардың маңыздылығы жоғары екенін атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша: «Оқырман үшін әдеби тек дегеніміз шығарманың көркемдік әлеміне енетін алғашқы «қақпа» іспетті. Оқырман, ең алдымен, тек пен түрдің негізгі заңдылықтарына бағынады, содан кейін ғана содан кейін ғана оқыған дүниесінің мазмұны мен стилдік ерекшеліктеріне бойлайды»[67, 88 б.]. Әдіскер-ғалымның айтуы бойынша, көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің сапалы болуының негізі – білімде. Барлық әдеби білім жүйесі оқырманның көркем шығармадан ләззәт алып, эстетикалық қабылдау деңгейінің көтерілуіне қызмет етуі тиіс. Әдеби дамудың негізгі жолы – оқыту, онсыз оқырман мен шығарманың кездесуі (диалогы) орын алмас еді.

Көркем шығарманы қабылдаудың құрылымын зерттеуде В.Г. Маранцман оқырмандық эмоция, қиял, шығарма мазмұнын түсіну, және туындының формасы сынды элементтердің өзара әрекеттесуін қарастырады. Әдіскердің пікірі бойынша, атаған элементтердің әр қайсысы білім алушылардың оқырман ретінде даму деңгейін бағалауға ықпал ете алады. Олар: 1) эмоцияналдық әсер ету дәрежесі; 2) шығарма мазмұнын меңгеруі; 3) көркемдік формаға назар аудару деңгейі; 4) қиял еркіндігі.

Оқырмандық қабылдау деңгейін анықтаудың негізгі әдістері әңгімелесу, анкета, шығарма жаздыру, көркем мәтін материалдары бойынша проблемалық жағдаяттар тудыру, шығармашылық-образдық интерпретация жасау т.б. бола алады[68, 87 б.].

Білім алушылардың қабылдау және түсіну мәселелерін зерттеу, ең алдымен, көркем шығарманы талдау мен интерпретациялау әдістемесін дамытуды көздейді. Студенттердің шығарманы қабылдауы мен түсінуін мұқият зерттеу білікті маман (мұғалім) дайындау, оның рухани құндылықтарын қалыптастыру міндетімен де тікелей байланысты. Бұл туралы О.Ю. Богданованың сөзімен айтсақ: «Әдебиетші-мұғалім оқу үдерісінде оқырмандық қабылдаудың ерекшеліктерін ғана емес, әдеби талдаудың барлық тиімді нұсқаларын пайдалана отырып, білім алушылардың қабылдауына белсенді ықпал етуге тырысуы қажет.

Көркем шығарманы қабылдаудағы танымдық үдерістің педагогикалық тұрғыдан зерттелуінде оқырман-білім алушылардың типологиялық ерекшеліктері мен мәселесі де баса назар аударуды талап етеді.

Г.И. Беленький қабылдаудың екі деңгейін анықтап көрсетеді:

- төменгі деңгей – интуитивті, көп жағдайда аэстетикалық (эстетикалық тұрғыда бей-жай қарау), тұрмыстық эмоцияларға толы қабылдау;

- жоғары деңгей – концептуалдық қабылдау, яғни оқырманның шығарманы бар жан-тәнімен қабылдап, көркем туындыны жазушы қиялы мен ақыл-ойының, күш-жігерінің жемісі деп танып, шығармадан шынайы өмір көріністерін байқай білуі және мазмұнын түсініп, пайымдаудан үлкен эстетикалық ләззат алуы. Концептуалды қабылдау тек маманданған оқырманға тән. Концептуалды қабылдаудың негізгі ерекшеліктерінің бірі – оқырманның (көрерменнің, тыңдарманның) автордың көркемдік ойлау жүйесіне еркін еніп, басқа жүйелерге де еш қиындықсыз ауыса алуында [69, 185 б.].

Білім алушылардың оқырмандық белсенділігін, шығармашылық қиялы мен көркем шығарманың мазмұнына бойлау деңгейін, оқу мотивтерінің басымдықтарын т.б. ескере отырып әдіскер-ғалым В.А. Доманский қабылдаудың үш деңгейін көрсетеді: 1) сюжетті-оқиғалық деңгей (төменгі деңгей); 2) бейнелі-аналитикалық деңгей (орташа деңгей); 3) идеялық-эстетикалық деңгей (жоғары деңгей) [70].

Сюжеттік-оқиғалық деңгейде білім алушы көркем шығарма сюжетін шығарманың өзге элементтерімен өзара байланысы жоқ оқиғалар тізбегі деп қана санайды. Оқыған шығармадан алған әсерінің толық еместігі, ойлау үдерісінің жүйесіздігі байқалады. Олар сюжетті нақты өмірлік деректердің көрінісі ретінде қарап, тәрбиелік мәнін ұғуға тырысады. Бұл деңгейдегі білім алушыра шығарманың идеясын қарапайым, жеңіл түрде түсінеді. оқиға дамуы барысында эмоционалық белсенділіктері жоғары болғанымен, шығарманың формалық ерекшеліктеріне, авторлық позицияның берілуіне назар аудармайды. Бұл деңгейдегі білім алушылар көркем туындыны бағалау критерийлеріне шығарма өмірлік оқиғаларды суреттеуін, шынайылығын, қызықтылығын, сюжеттік тартысты оқиғаларға толы болуын, тілінің қарапайым әрі жеңіл болуын жатқызады. Оқырмандық қызығушылықтар қатарын детективтер, тарихи және шытырман оқиғалы романдар толтырады. Поэзияға мүлде қызықпайды десе де болады. Оқу мотивтері – танымдық, ойын-сауықтық, эмоционалдық.

Бейнелі аналитикалық деңгей логико-түсініктемелік және эмоционалды-бейнелік деп екі типке бөлінеді. Логико-түсініктемелік типтегі білім алушылардың қабылдауы шығарманың эмоционалды-бейнелік компоненттеріне назар аудармай, талқылауға бейімдігімен ерекшеленді. Шығарманың тәрбиелік-этикалық, құндылықтық мәнін ашуға көбірек мән беріп, нақты деректерден алыстар кетіп жатады. Бұл шығарма идеясын атүсті түсінуге алып келеді. Аталған білім алушыларда эмоционалдық әсер ету дәрежесі өте төмен, шығармашылық ойлау мен қиял жоқтың қасы. Көркем туындыны бағалау критерийлері ретінде шығарманың танымдық құндылығын, көркемдік материалдық өзектілігін, композициялық құрылымының нақтылығын көрсетеді. Оқу мотивтері – танымдық, тәрбиелік-дүниетанымдық. Оқырмандық қызығушылықтары жан-жақты: саясат, тарих, соғыс және қаһармандық, танымал тұлалардың биографиялары, мемуарлар, саяхат және шытырман оқиғалар.

Эмоционалды-бейнелік типке жататын білім алушылардың оқыған шығармаларына эмоционалдық қарым-қатынасы айқын байқалады және ол көп жағдайда субъективті ассоциацияларына негізделеді. Шығарманы оқу барысында кейіпкердің жан әлемін барынша сезініп, кейіпкерлермен біте-қабысып кетіп жатады. Кейіпкерлер бейнесі оқырманның жеке тұлғалық бастан кешкендеріне сай еркін бейнеде қабылданатына болмаса, бұл тип білім алушылары қиялы мен шығармашылық ойлауы тұрғысынан жоғары белсенділік танытады. Туындыдан әсерленуі жоғары болғанымен, шығарма идеясын толық әрі жүйелі түсіне бермейді. Өзіндік өмірлік тәжірибелері мен ұстанымдарына сүйеніп талдаулар жасайды, жазушының идеялық-эстетикалық көзқарастарын кейіпкерлер бейнесінен іздейді. Шығарманы бағалау критерийлері – эмоционалдық әсер ету дәрежесі, қызықтылығы, өмірлік мәселелерді көтеруі, шынайылығы, жеке өмірлік тәжірибесімен сәйкес келуі. Шығарманың формасына, композициясы мен тілдік қолданыстарына, авторлық ізденістерге, көркемдік детальдарына да назар аударып жатпайды. Шығарманың тілі қарапайым әрі жеңіл болуын жөн көреді.

Идеялық-эстетикалық деңгей білім алушылары көркем мәтінді толық, жүйелі, эстетикалық тұрғыда адекватты түсінумен, жоғары эмоционалдық және санала интеллектуалдық түрде қабылдауымен ерекшеленеді. Өнер туындысын адамдарды, өмірді тану, өзін-өзі тану, рухани баю, тұлғалық тұрғыда өсу құралы деп таниды. Оқырмандық ұстанмы – көркемдік деңгейі жоғары шығармаларды оқу. Шығарманы бағалау критерийлері – психологиялық шынайылығы, образдардың жан-жақтылығы, көркемдік мәнері, шығарманың идеялық-көркемдік тереңдігі, жазушы дүниетанымының ерекшелігі, гуманизм және көтеріп отырған мәселесінің көркемдік тұрғыда сенімділігі, көркемдік идеядарының қазіргі заманның руханияты тұрғысынан талаптарына сай болуы[70] (1- кесте).

Көркем туындыны қабылдау мұғалім мен білім алушы оқырман арасындағы ортақ іс-әрекеттің, жүйелі әдістемелік жұмыстар мен үздіксіз оқу үдерісінің нәтижесінде қалыптасып дамиды деуге болады. Ал, оның деңгейі

болса, педагогтың көркем өнерді қабылдау психологиясын, жас ерекшеліктерге байланысты өзіндік айырмашылықтарын, белгілі бір білім алушылар арасындағы жекелік көрініс табуын, тәрбиелік және мәдени-эстетикалық деңгейлерін білуімен байланысты. Мұғалім бала бойындағы көркемдік қабылдаудың қалыптасуын жүйелі түрде, жоспарлы түрде басқарып отыруы тиіс.

Көркем шығарманы қабылдау мәселесі әдеби білім берудің әдіснамасын жасау, қабылдаудың заңдылықтары мен болмысын зерттеу, қоғамдық дамудың түрлі кезеңдеріне және өнер дамуының тарихи үдерістеріне сай оқырман (тыңдарман, көрермен) эволюциясын көрсету, қабылдаушы аудиторияның заманауи талап-талғамын, қызығушылықтарын нақты әлеуметтік тұрғыдан зерттеу сынды ауқымды жұмыстар мен міндеттерді қатар атқарады. Көркем мәтінді қабылдаудың танымдық үдеріс тұрғысынан зертелуіне психологтардың да (Қ.Б. Жарықбаева, М. Мұқанов, С. Бап-баба, А.Г. Жабицкая, Н.И. Никифорова, П.М. Якобсон т.б.), әдебиеттанушылардың да (А.Байтұрсынов, Т. Есембеков, Е. Адаева, Г.А. Гуковский, В.С. Мейлах, В.Е. Хализев, М.В. Храпченко, Л.В. Чернец т.б.), эстетиктердің де (Ю.В. Борев, Е.В. Волкова, О.А. Кривцун т.б.), әдіскерлердің де (Ы. Алтынсарин, Ә.Қоңыратбаев, О.Ю. Богданова, Г.И. Беленький, В.А. Доманский, М.Г. Качурин, Н.О. Корст, Н.И. Кудряшев, Т.Ф. Курдюмова, В.Г. Маранцман, Н.Д. Молдавская, Е.В. Перевозная т.б) қосар үлесі зор екенін тарау барысында жинақтап, сүзгіден өткізіп ұсынуға тырыстық.

Сондай-ақ, бүгінгі ақпараттық қоғам, филологиялық ғылымдарда антропоэзектік бағыттың басымдық алуы, пәндерді кіріктіре оқытудың кең етек алуы – бәрі де мәтінді, оның ішінде көркем мәтінді жаңаша зерттеп, жаңа қырынан тануды қажет ететінін көрсетеді. Білім беру мақсаттарды да заман талабына қарай жанданып, жаңарып отыраы анық. Сөзіміздің дәлелі ретінде төменде жіктеп көрсетілген әдеби білім беру ұстанымдарын ұсына аламыз:

- өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, рухани кемелдікке, адами құндылықтар мен жалпыадамзаттық мәдениетке, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу мен құрметтеуге тәрбиелеу;

- әдебиет теориясы, тарихы мен сыны тұрғысындағы негізгі ұғымдарды, олардың бірлігін ұғындыру және оларды шығарма оқу мен талдауда тиімді қолдана білу, көркем шығарманы мазмұны мен түрі, мәні мен мағынасы жағынан пайымдап талдай алу дағдыларын қалыптастыру;

- көркем мәтінді түсініп-түйсіну, шығармашылық-образды ойлау, авторлық интенцияны түсіну мен оқырмандық интелект, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру;

- көркем әдебиетті өнер биігінен бағалай білу және өзге де өнер түрлерімен салыстырып, байланыстыра алу білік-дағдыларының болуы;

- әдеби пәндер жүйесіне тән іскерлік дағдылар мен шығармашылық қабілеттерді шыңдау, қалыптасқан білік-дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана алу, т.б.

Біздің пайымдауымызша, әдебиеттің ғылыми ауқымы да, зерттеу аясында, шығармашылық алаңы да белгілі бір қалыпқа, арнайы шекараларға сыймайды. Оны оқытудың мақсат міндеттері де жоғарыда көрсетілген тізіммен шектелмейтіні анық. Алайда, осы көрсетілген құзыреттер мен қалыптастыратын білік-дағдылардың қай-қайсысы да интерпретациясыз яғни білім алушының өз пайым-парасатының сүзгісінен, таным-түсінігінің таразысынан өтпейінше жүзеге аспайтыны тағы бар. Сондықтан да білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда интерпретацияның түрлі типтерін, әдіс-тәсілдері мен стратегияларын білу өте маңызды болып отыр.

Қазіргі таңда оқытушы-мұғалімге шығармашылық жұмыстар жүргізуге арналған түрлі тапсырмалар пайда болғанымен, әдебиетті оқыту әдістемесінің практикасында әлі күнге іс-әрекеттердің репродуктивті әдістерін пайдалану, көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің біржақты тәсілдері қолданылатын аңғаруға болады. Біздің білім беруде көтерілуі тиіс негізгі мәселелер:

- әлі күнге сюжеттік желілердің мазмұнын талдауды ғана мақсат тұтып, шығарманың көркемдік спецификасын ескерместен, автор көтеріп отырған айын проблемалық мәселелерге ғана назар аударып келе жатқанымыз ;

- білім алушылардың көркем шығарманы қабылдауын, онымен бірге толғанып, сол күйге еніп оқуын белсенденді ететін жүйелі жұмыстардың болмауы;

- білім алушылардың эмоционалдық және интеллектуалдық белсенділіктерінің қатар дамуына назар аудармау;

- көркем шығарманы шынай өмірмен байланыстыра талдау және өнер туындысын өмірді тану, өзін-өзі тану, рухани баю, тұлғалық тұрғыда өсу құралы ретінде оқыту керектігінің ескерілмей қалуы, т.б.

Өйткені бұларсыз көркем туындыны толыққанды түсіну мүмкін емес. Ал, интерпретацияның білім алушылардың білік-дағдыларының, шығармашылық құзыретінің дамуын қалыптастыратын дидактикалық мүмкіндіктері бар ма, қандай әдістер мен тәсілдерге жүгінеміз деген сауалдарға келесі тарауларда тоқталамыз.

1-кесте. В.А. Доманский ұсынған білім алушылардың көркем шығарманы қабылдау деңгейлері

Қабыл дау деңгейлері	Қосымша деңгей	Ерекшеліктері	Көркем туындыны бағалау критерийлері	Оқырмандық қызығушылықтары	Оқу мотивтері
1	2	3	4	5	6
Сюжетті-оқиғалық деңгей		<p>Шығарма сюжетін шығарманың өзге элементтерімен өзара байланысы жоқ оқиғалар тізбегі деп қана санайды. Оқыған шығармадан алған әсерінің толық еместігі, ойлау үдерісінің жүйесіздігі байқалады. Сюжетті нақты өмірлік деректердің көрінісі ретінде қарап, тәрбиелік мәнін ұғуға тырысады. Шығарманың идеясын қарапайым, жеңіл түрде түсінеді. Эмоционалық белсенділіктері жоғары болғанымен, шығарманың формалық ерекшеліктеріне, авторлық позицияның берілуіне назар аудармайды.</p>	<p>-өмірлік оқиғаларды суреттеуі; - шынайылығы; - қызықтылығы; - сюжеті тартысты оқиғаларға толы болуы; - тілінің қарапайым әрі жеңіл болуы.</p>	<p>Детективтер, тарихи және шытырман оқиғалы романдар. Поэзияға мүлде қызықпайды десе де болады.</p>	<p>таным-дық, ойын-сауықтық, эмоционалдық</p>

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Бейнелі-аналитикалық деңгей	Логико-түсініктемелік	Шығарманың эмоционалды-бейнелік компоненттеріне назар аудармайды, талқылауға бейім. Шығарманың тәрбиелік-этикалық, құндылықтық мәнін ашуға көбірек мән беріп, нақты деректерден алыстар кетіп жатады. Шығарма идеясын толық түсінбейді. Аталған білім алушыларда Эмоционалдық әсер ету дәрежесі өте төмен, шығармашылық ойлау мен қиял жоқтың қасы.	<ul style="list-style-type: none"> - танымдық құндылығы; - көркемдік материалдық өзектілігі; - композициялық құрылымының нақтылығы. 	танымдық, тәрбиелік-дүниетанымдық.	саясат, тарих, соғыс және қаһармандық, танымал тұлалардың биографиялары мен мемуарлар, саяхат және шытырман оқиғалар.
	Эмоционалды-бейнелік	Шығармаға эмоционалдық қарым-қатынасы айқын байқалады және ол субъективті ассоциацияларына негізделеді. Кейіпкердің жан әлемін барынша сезінеді. Қиял мен шығармашылық ойлау тұрғысынан белсенді. Шығарма идеясын толық әрі жүйелі түсіне бермейді. Өзіндік өмірлік тәжірибелері мен ұстанымдарына сүйеніп талдаулар жасайды, жазушының идеялық-эстетикалық көзқарастарын кейіпкерлер бейнесінен іздейді.	<ul style="list-style-type: none"> - эмоционалдық әсер ету дәрежесі; - қызықтылығы; - өмірлік мәселелерді көтеруі; - шынайылығы, - жеке өмірлік тәжірибесімен сәйкес келуі. 	жан-жақты	жан-жақты

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Идеялық-эстетикалық деңгей	-	<p>Көркем мәтінді толық, жүйелі, эстетикалық тұрғыда адекватты түсінумен, жоғары эмоционалдық және санала интеллектуалдық түрде қабылдауымен ерекшеленеді. Өнер туындысын адамдарды, өмірді тану, өзін-өзі тану, рухани баю, тұлғалық тұрғыда өсу құралы деп таниды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - психологиялық шынайылығы; - образдардың жан-жақтылығы; - көркемдік мәнері, шығарманың идеялық-көркемдік тереңдігі; - жазушы дүниетанымының ерекшелігі; - гуманизм және көтеріп отырған мәселесінің көркемдік тұрғыда сенімділігі; - көркемдік идеядарының қазіргі заманның руханияты тұрғысынан талаптарына сай болуы. 	<p>көркемдік деңгейі жоғары шығармаларды оқу</p>	<p>Классика</p>

1.4 Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері

Қазіргі қоғам дамуы экономикалық, саяси, рухани және адам өмірінің тағы да басқа салаларында түрлі өзгерістер мен жаңаруларға ие. Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне де соқпай кетпеді.

Бүгінгі білім беру жүйесі тұлғаның өзіндік «Менін» дамытуға, байытуға, сыртқы әлеммен қарым-қатынаста өз орнын тауып, әлеуметтік рөлін анықтауға, тұлғалық өзін-өзі қалыптастыруда белсенділік танытуға басты назар аударып отыр. Қазіргі білім берудің басты талыбы адамгершілікке тәрбиелеу, адамды негізгі құндылық ретінде танытып, тұлға дамуына барынша ықпал ету. Демек, білім берудің барлық формасы, әдістері мен технологияларының басты міндеті тұлғаның дамуына қызмет ету болып отыр.

Бүгінгі ақпараттық қоғамда біз сан мың түрлі, өте кең ауқымды ақпараттар ағымымен бетпе-бет келіп, оларды дұрыс қабылдап, іріктеп, қорытып, түсініп, бағалап және оларға қатысты өзіндік көзқарасымызды қалыптастырып, мәселенің шешімін таба білуіміз маңызды. Қазіргі білім беру жүйесі де, жаңа стандарттағы білім берудің жаңартылған мазмұны да дәл осы аталған құзыреттіліктер жүйесін тиімді игеріп, ақпарат ағымымен дұрыс жұмыс жасай алу, олардың шешімін шығармашыл, креативті түрде таба білу біліктіліктерін қалыптастыру болып отыр. Білім беру мен тәрбиелеуде шығармашыл тұлға қалыптастыру қазіргі қоғамның әлеуметтік маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты да өзін-өзі дамыта алатын, өз әрекеттерін бағдарлай білетін, қоғаммен және қоршаған ортамен ашық шығармашылық қатынастар құра алатын тұлға қалыптастыру екені анық.

Педагогика ғылымы тұлғаның шығармашылық дамуына білім берудің әсерін негізгі мәселелердің бірі ретінде қарастырады. К. Д. Ушинский, С.Т.Шацкий, П. П.Блонский т.б. педагогтар білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу үрдісі білім алушының қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін, қабілеті мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асу қажеттігін атап айтады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының басымдық беріп отырған мақсаттарының бірі – қоғам мен тұлға арасында сапалы қарым-қатынастар орнауын зерттеу, тұлғаны тәрбиелеу, білім беру және шығармашылық тұрғыдан дамытудың барынша тиімді жолдарын қарастыру болып отыр. Бұл туралы Қ.Әбдібекқызы «Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту» атты еңбегінде: «Шығармашылық бүкіл болмастың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі. Табиғат, қоғам құбылыстарында, жеке адамның ақыл-санасында, ішкі жан дүниесінде – бәрінде шығармашылықтың табиғ процестері үздіксіз жүріп жатады. Және ол процесс бейберекет, жүйесіз жүрмейді, белгілі бір табиғи заңдылықтармен, табиғи жүйемен дамиды. Бұл – өз өрі мен еңісі, асуы бар, қат-қабат, шытырман қия-қиядан тұратын жол. Табиғат ішкі шығармашылық процестерді өзі басқарады. Біздің тілге тиек ететін құбылысымыз – табиғи шығармашылық процестердәң үздіксіз дамуына

себепкер болатын сыртқы факторлар. Сыртқы факторларды ішкі табиғи мүмкіндіктерді ескере отырып реттеу, жүйелеу жеке адамның ой-санасына, қызметіне байланысты» [71, 3 б.], – деген ой түйіндейді

Құбылмалы қоғамның өзгерістеріне, түрлі жағдаяттар мен оқиғаларға дұрыс жауап қатып, тиімді әрекет ету үшін әр адам өз шығармашылық мүмкіндіктерін барынша тиімді қолданып, белсенділік танытуы тиіс. Шығармашыл белсенді тұлғалар өз өмірінің интеллектуалдық мәселелерін ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми мәселелерді шешу үшін де өте қажет.

«Қазіргі заманғы өмірлік жағдаяттарда шығармашылықтың маңыздылығы даусыз. Шығармашылық жұмыс болсын, оқу немесе демалыс болсын адам әрекеттерінің әр аспектісінен көрініс тауып отыруы керек. Педагогикалық психология шығармашылықты қабілет, үдеріс, қоршаған орта үйлесімділігінен басталып, адам бойынан интерпретация, идея, іс әрекет, шешім немесе қандайда бір өнім түрінде көрініс табуы деп таниды. Яғни, шығармашылықтың әмбебап анықтамасын *адам тудырған шығармашылықтың барлығы – оның өмірді қабылдауынан, ішкі жан дүниесінен, даралық сипатынан бастау алады* деп көрсетуге болады» [72, 474-475 б.].

Тұлғаның шығармашылық құзыретін қалыптастыру, шығармашылық белсенділігін арттыру – шығармашылық тұлға дамуының ажырамас бөлшегі. Шығармашылық белсенділік – сапалы білім берумен қатар аталатын тұлға дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі ғана емес, білім беру сапасына тікелей әсер етуші фактор.

М.Ф. Макарова білім алушының шығармашылық қабілетті арттыру төмендегідей педагогикалық жағдайлардың негізінде сәтті жүзеге асады деп көрсетеді:

- 1) тұлғалық-бағдарлы білім беруді іске асыру. Яғни білім беру мазмұны тұлғаның мүмкіндіктері мен қабылетін, танымдық қызығушылығына сай болуы;
- 2) білім алушы мен мұғалімнің ортақ шығармашылығы. Бұл білім беру үрдісінде жеке тұлғалардың өзіндік дамуын қалыптастырып қана қоймай, тұлғааралық қарым-қатынастарды реттейді;
- 3) білім алушылардың оқу-зерттеу жұмыстарына араласуы және ғылыми шығармашылықты дамыту;
- 4) білім алушылардың танымдық белсендігін дамытуға арналған инновациялық технологияларды мақсатты қолдану [73, 203 б.].

Ш. Ерхожина «Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту әдістемесі» атты монографиясында: «Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, олардың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үдерісін жолға қою қажет болып табылады. Білім алушылардың шығармашылық қабілеті де оның ойлауы мен тәжірибелік әрекеттері арқылы ғана дамиды. Сондықтан шығармашылықты қалыптастырып, дамыту үшін шығармашылық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктерін қарастырамыз» [74, 103-104

б.], – деп шығармашылық жұмысты тиімді ұйымдастырылуы білім алушылардың білім-білік дағдыларын ғана емес, тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың да негізі екенін алға тартады.

Осы уақытқа дейін ғылыми еңбектерді сараласақ, шығармашылық қабілет, шығармашылық құзырет, шығармашылық белсенділік ұғымдары түрлі ғылым саласында жан-жақты зерттеліп қойғандай көрінуі мүмкін. Алайда, әлі күнге дейін білім алушылардың тұлға ретіндегі шығармашылық белсенділігінің қалыптасуы мен даму жолдары толыққанды жүйе ретінде орнығып, ғаламдар тарапынан бір тоқтамға келген жоқ. Тұлғаның шығармашылық құзыреті турасында ғылымда нақтылық жоқ. «Шығармашылық құзырет» ұғымы адам өмірінің түрлі саласында (әлеуметтік, педагогикалық, ғылыми, өндірістік т.б.) қолданылғанымен аталмыш тақырып аясындағы жекелеген сұрақтар өз жауабын таба қойған жоқ. Тіпті, ортақ ғылыми анықтама да қалыптаспаған. «Шығармашылық құзырет» ұғымы кей зерттеулерде «шығармашылық белсенділік» ұғымымен пара-пар қарастырылса, кей зерттеулер шығармашылық белсенділік шығармашылық құзырет қалыптастырудың алғышарты деп көрсетеді. В.Б. Филимонова тұлғаның шығармашылық белсенділігі тақырыбын зерттеп жүрген педагог зерттеушілер тобын шартты түрде 4 топқа бөліп қарастырады:

«Ғалымдардың бірінші тобы шығармашылық белсенділікті танымдық әрекеттер мен болжамдарды шешуге деген ұмтылыс, қажеттілік пен бағыттылық (Г.А. Коровкина), тапсырмаларды орындауға жаңашыл элементтерді енгізу, бір тапсырманың шешімін табуда жаңа тәсілдерді қолдану (Г.И. Пятяко), білімі мен біліктілігін жаңа жағдаяттарға сәйкес қолдана білу (Т.М. Смирнова)деп көрсетеді. Бұл жерде шығармашылық белсенділіктің өте маңызды құрылымдық элементі – тапсырманы орындауда жаңашылдықпен келу, еңбек өнімінің нәтижесіне өзіндік жаңалық енгізуге бағыттылық басымдық алады.

Екінші топ ғалымдар «шығармашылық белсенділік» ұғымын «іс-әрекет» ұғымымен қатар қояды. М.А. Данилов шығармашылық белсенділікті тек берілген тапсырманы орындауға деген әрекеттер қатары деп анықтаса, В.П. Строков шығармашылық белсенділік дегеніміз білім алушылардың жаңа дүниені жасауға жұмсаған білімі, дағдысы мен біліктіліктері, сонымен қатар оны орындау барысындағы эмоциялық қатынастарының жиынтық көрсеткіші деп түсіндіреді.

Үшінші топқа «шығармашылық белсенділікті» тұлғалық қасиеттердің бірі деп санайтын ғалымдарды жатқыздық. Бұл ғалымдар қатарындағы Б.Х. Пикалов, Е.Н. Яковлева, Е.А. Ходырева сынды зерттеушілер ұсынған анықтамаларда шығармашылық белсенділік тұлғалық қасиеттердің көрсеткіші ғана емес, оның белсенді әрекеттерінің көрсеткіші болуы керектігі ескерілмей қалады.

Ғалымдардың төртінші тобы шығармашылық белсенділікті тұлғалық қабілет деп таниды. Яғни А.Н. Леонтьев, И.Я. Лернер, Я.А. Пономарёв, Г.И.Щукинасынды белгілі ғалымдар шығармашылық дегеніміз белсенділіктің

ең жоғарғы деңгейі, тұлғаның жеке ерекшеліктерімен анықталатын, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне тікелей байланысты қабілет деп таниды»[75].

Шығармашылықты күрделі интегралды білім беру жүйесінде қарастыратын болсақ, шығармашылық белсенділік креативтілік (жаңа дүние жасай алу мүмкіндігі, жаңашылдыққа ұмтылыс ретінде), шығармашылық әрекеттерге дайындық (шығармашылық жұмыстарға деген ынтасы, мотивациясының болуы), белгілі біліктіліктердің болуы (ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе алу, т.б.) сынды қасиеттерді қамтып жатуы тиіс. Аталған компоненттерге жеке-жеке тоқталып көрелік.

Креативтілікті тұлға өмірінің ең белсенді қолданыста болуы тиіс қажеттіліктердің қатарына қосуымыз негізсіз емес. Креативтілік білім алушының шығармашылық іс-әрекетке белсенді араласуына мүмкіндік беретін жекетекші фактор. Креативтіліктің ең жарқын әрі қарапайым көрінісі ретінде адамның арман-қиялы ұшқырлығы саналады.

Тұлғаның талап-ынта (мотвациялық) ерекшеліктеріне шығармашылықпен айналысуға деген талабының, шығармашылық қызығушылықтарының болуы, жаңалық ашуға, жаңа заңдылықтар қалыптастыруға деген ынта-жігерінің болуы.

Біліктілік көрсеткіші ретінде белгілі бір мәселені немесе міндеттерді дұрыс қойып, олардың шешімін таба білу, оған тиімді әдістер таңдай алу, өмір шындығын өзгінше қабылдап, өзіне бейімдей алу қасиеттерін жатқыздық.

Қазіргі психолого-педагогикалық зерттеулерде шығармашылық белсенділігінің құрылымдық компоненттерін анықтаудың тәсілдері, оны бағалау критерийлерінің түрлі жолдары көрсетілген. Шығармашылық белсенділіктің даму деңгейлерін анықтаудың негізгі критерийі – құрылымдық компоненттерін анықтау.

А.К. Умбетова болашақ маманның шығармашылық белсенділігінің құрылымдық компоненттерін төмендегідей етіп топтастыруды ұсынады:

- шығармашылық белсенділіктің бағытын сипаттайтын компоненттер. Ол белсенділіктің мақсаты мен мотивін білдіреді және шығармашылық белсенділіктің құрылымын анықтаушы болып келеді (шығармашылық белсенділіктің білімі мен мотиві);

- шығармашылық белсенділіктің пәндік-операциялық жағын сипаттайтын компоненттер (тәжірибелік білім, шеберлік және дағды);

- шығармашылық белсенділіктің спецификасын және оның көріну мөлшерін сипаттайтын компоненттер (бастамашылық, табандылық, ойлау ерекшелігі, жігерлілік)[76].

И.В. Фуфаев білім алушылардың шығармашылық белсенділік деңгейлерін анықтап, төмендегідей үш деңгейді көрсетеді.

Төменгі деңгей – білім, біліктілігі мен дағдыларын толықтыруға деген ынтаның жоқтығы, танымдық қызығушылықтардың болмауы. Білім алушы шығармашылық тапсырмаларды орындауда өзіне тән ерекшеліктерге ұмтылмайды, үлкен ой еңбегін жұмсамайды, көбіне репродуктивті іс-

әрекеттерге бейім. Тапсырманы біліміне, дағдыларын жағдаятқа қарай қолданудан бас тартады. Өзін-өзі бақылау тәсілдерін қолданбайды десе де болады.

Орта деңгей - білім, біліктілігі мен дағдыларын толықтыруға деген ынта сирек көрініс табады. Танымдық қызуғушылықтары тұрақты емес, жағдаяттарға байланысты өзгермелі. Шығармашылық белсенділігі орта деңгейдегі білім алушы стандартты емес тапсырмаларды орындауға ұмытылады, алайды өз бетінше орындай алуы сирек, көбіне сыртқы көмектерді қажет етеді. Жаңа шемім табуға деген шынайы құштарлық пен қызығушылық болған жағдайда өз ойларын ұсынып, ізденістің жаңа әдістерін таба алады. Топта немесе мұғалімнің көмегімен қиындықтарды жеңе алады. Қалаған нәтижесіне қол жеткізгенде қуанады. Шығармашылыққа негізделген ерекше тапсырмаларды өз бетінше орындауға деген қызығушылық жоғары. Бұндай білім алушылар тапсырманы біліміне, дағдыларын жағдаятқа қарай қолдануда ой еңбегіне көп жүгінеді, ерекше күш-жігер жұмсайды.

Жоғары деңгей - білім, біліктілігі мен дағдыларын толықтыруға үнемі құштар. Танымдық қызуғушылықтары тұрақты. Шығармашылық жұмыстарды үнемі өз бетінше орындайды. Әрдайым ерекше шешімдер қабылдайды. Стандартты емес тапсырмаларға әрдайым сәтті жауап табады. Шығармашылық белсенділік деңгейі жоғары студенттер өзін-өзі әрдайым бақылауда ұстап, тұрақты ой еңбегімен айналысады»[77].


Шығармашылық құзырет турасында К.Р.Исаева мен А.К.Бұртибаеваның «Студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру» атты мақаласында: «Шығармашылық-эстетикалық құзыреттілік — әлемге саналы және белсенді эстетикалық көзқарастың тууы, көркем-шығармашылық қабілеттің байқалуы, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдауға дайын болуы»[78], – дейді

Р. Наурызбаева шығармашылық ұғымына: «Шығармашылық дегеніміз – қайшылықтарды шешуге бағытталған, ол үшін жекелік қасиеттердің болуын талап ететін, жеке адам үшін немесе әлеуметтік мәні бар жаңалықтарға әкелетін адам әрекеті болып табылады»[79, 12 б.], – деген анықтама береді.

Жоғарыдағы ой-пікірлерді қорыта отырып, өз тарапымыздан біз де тұлғаның шығармашылық құзыретінің құрылымы білім мен білік-дағдылардан, жеке тұлғаның қасиеттері мен құндылықтарынан және рефлексия бірлігінен туындайтындайтынын жүйелей отырып (5- сызба), *шығармашыл тұлға – өз бетінше үнемі ізденісте болатын, әр іс-әрекеттің, құбылыстың ерекшеліктеріне қарай білімі мен біліктілігін тиімді жұмсай алатын және оны түрлі салаға қатысты бағыттап білетін, өз алдына нақты міндеттер қойып, олардың тиісті шешімін де өз бетінше таба білетін адам* деген тұжырым жасадық.

Ұсынылып отырған шығармашылық құзыреттілік компоненттерін қалыптастыруда аналитикалық әрекет түрі ретінде көркем мәтін интерпретациясын қарастырамыз. Яғни, көркем мәтінді мәдениеттің бір бөлшегі, халықтың әлеуметтік тәжірибесінің көрінісі, қандай да бір әдіс-

тәсілдердің көмегімен ашылуға тиісті жасырын (кодталған) ақпарат, түсіну мен пайымдау нысаны, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, интеллектуалды өсу, рефлексивті және шығармашылық ойлау құралы, сонымен қатар шығармашылық іс-әрекеттің мақсаты ретінде қарастыратын боламыз.



5-сызба. Тұлғаның шығармашылық құзыретінің құрылымы

Көркем мәтіннің дидактикалық қызметі де оның білім беру құралы интерпретация нысаны, білік-дағдыларды қалыптастыру мен дамыту құралы және түрлі тақырыптар бойынша дискуссиялардың арқауы бола алуымен байланысты.

«Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі» мақаласының авторлары «Шығармашылыққа баулу оқушы бойындағы талант көзін ашып, тілдік қорын байытып, ойлау, іздену сияқты психологиялық категорияларын қалыптастырып, оқушының дамуына өзіндік әсерін тигізеді» деп, шығармашылық жолдарын төмендегідей көрсетеді:

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары:

- шығармашылық тұрғыда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен оқу міндеттерін анықтау арқылы;
- пәнаралық бірлестіктерді қалыптастыру арқылы;
- оқытуды жаңа педагогикалық жаңа технологияларға негіздеу арқылы;
- концептуалды идеяға негізделген оқу процесінің инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, тағы басқа арқылы іске асырылады[80].

Бүгінгі таңда әдеби білім берудің әдістері мен тәсілдеріне де, әдебиеттің мазмұны мен формасына да қойылар талап күределене түскен. Студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту үшін көркем шығарманың мазмұнын ғана емес, мәні мен мағынасын өз бетінше түсініп, пайымдауға, ой түюге негізделген жұмыс түрлеріне бағыттау маңызды. Сондықтан оқытушы-ұстаз ақпаратты дұрыс игерту барысында білім алушылардың оқу жұмыстарын ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін де қайта қарап, жаңартып отыруға мәжбүр. Бұл турасында әдіскер-ғалым Қ. Бітібаева: «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс»[81, 122 б.], – деп ой қорытады. Қалай десек те, оқу, түсіну, түйсіну (оқыған шығарманы интерпретациялай алу) құзыретін қалыптастыру қай заман үшін де өзектілігін жоймаған әрі барлық басқа білік-дағдыларды қалыптастырудың негізі болып қала береді.

Заманауи ғылыми кеңістікте көркем мәтін көпқырлы идеялық-эстетикалық құбылыс ретінде филологиялық ғылымдардың сан саласында түрлі көзқарастарға арқау болып, түрліше зерттелуде. Мәтін грамматикасы, мәтінді филологиялық талдау, лингвомәдениеттану, лингвоөлкетану, ментальді лингвистика, психолонгвистика, когнитивті лингвистика, әдебиеттану, т.б. ғылымның қай саласы болмасын бәрінің басты міндеті – мәтіннің мән-мағынасын аша білу. Сондықтан қолданылатын әдіс-тәсілдер де өзара кіріктіліген және талдаудың негізгі концептісі мәдениет – ойлау – тіл парадигмасына құрылған. Көркем мәтінді талдау мен интерпретациялауда да осы аталған филологиялық салалардың бәрінің үлесіне жүгінеміз және барлық әдіс-тәсілдерді кіріктіре қолданамыз. Сол арқылы көркем мәтінмен жұмыс төмендегідей құзыреттіліктерді қалыптастыруға арқау болады:

- ақпаратпен, мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытады;
- білім алушылардың оқу ынтасын және танымдық белсенділіктерін арттырады;
- әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырады;
- мәтіннің имплицитті мәнін ашуға және мәтіндегі жалпы мән-мағынаны интерпретациялауға бағыттайды;
- авторлық интенцияны қисынды қабылдауға және мәтіндегі мән тудырушы элементтердің маңызын тануға үйретеді;
- тұлғаның шығармашылық әлеуеті артады;

- өзін шығармашылық тұрғыдан көрсету қажеттілі туындайды /мүмкіндігі туады;
- интерпретациялай алу біліктілігі қалыптасады;
- көркемдік талғамы шыңдалады;
- көркемдік және рухани түрде бай тұлға қалыптасуына септігін тигізеді;
- көркем сөйлеп, топ алдында еркін сөйлеу құзыреті дамиды;
- болашақта өнер мен шығармашылыққа өз бетінше қызығушылық танытып немесе айналысуына жол ашады.

Шығармашылық қабілетті дамытуда түсінудің, талдаудың, рефлексияның маңызы зор. Көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау өз бетінше ойлау: ақпаратты сыни тұрғыда бағалауға, және соның негізінде өзіндік қазқарасын қалыптастыруға үйретеді.

Жоғарғы оқу орны оқытушыларының оқу үдерісін ұйымдастырудағы негізгі дидактикалық мәселесі де шығармашылық әркетке түрткі болатын тәсілдер мен дағдыларға үйрету болып отыр. Бұл тұста мазмұны жағынан да, құрылымы жағынан да студенттердің шығармашылық-образды ойлауына бағытталған гуманитарлық пәндер жүйесінің маңызы зор. Интерпретацияның жекелеген мәселелері әдеби шығармаларды талдауда, шығарма мен оқырман қатынасын анықтауда көрініп отырады.

Интерпретацияны әдістемелік мәселе ретінде тану әдістеме ғылымының түрлі кезеңдерінде дамып отырды. Л.А. Сомова «Методика обучения литературе: особенности художественной коммуникации» атты оқу құралында көркем шығарманың әдістеме тарихында зерттелуіне былайша тоқталады:

«XIX ғасыр әдіскерлері Ц.П. Балталон, В.П. Острогорский, В.Я. Стоюнин сынды ғалымдардың көркем шығарманы жеке тұлғаға бағыттай отырып оқыту туралы тұжырымдары әлі күнге ескірген жоқ. Олар «көркем шығарманың тану арқылы біз өмірді танимыз: қоғамның түрлі бөліктері мен қырлары көркем әдебиеттен көрініс тапқан, оқырман шығармадан, ең алдымен, фактілерді емес, оның жеке тұлғаға қатынасын іздейді» деген ұстанымды ұстанады.

В.Я.Стоюнин мұғалім оқушыны көркем шығарманың мазмұнын ғана білуге үйреткені – уақытты босқа өткізгені: ол шығарма оқушының есінде қалатын шығар, алайда, ол не шығарманың табиғатын түсінуді, не өмірді, не адамды түсінуді үйретпейді. Әдіскер көркем шығарманы оқырман тұлғасына бағыттай отырып оқыту керектігін алға тартып, әр оқырман шығарманы оқығанда «бұл шығарма маған және менің өміріме қажетті не бере алады?» «қоғамның бір мүшесі ретінде менің орным қайда?» деген сауалдарға жауап іздей отыруы керек. Және оқытушы-ұстаз білім алушыларды көркем шығарма оқытуда тұлалық құндылықтардан қоғамдық құндылықтарға қарай бағыттап отыруы керек дейді. Әдіскер-практик В.Я. Стоюнин оқытушыларға әдеби білім беруде үш нәрсеге баса назар аудару керектігін айтады. Олар: оқу материалы, оны беру әдіс-тәсілдері және білім алушылардың қабылдауы.

Д.Н. Овсяннико-Куликовский әдебиет сабақтарында білім алушылардың қабылдауын жазушының «шығармашық үдерісін қайталау» әдісі арқылы ұйымдастыруды ұсынады. Бұл әдіс әдебиеттің ой қорыту, шығармашылық

кабілетті дамыту, білім алушылардың образды ойдауын қалыптастыру сынды міндеттерін жүзеге асырады деген ой айтады.

Ц.П. Балталон да В.Я. Стоюниннің «сыныптық әңгіме» әдісін қолдай отырып, сыныптан тыс әңгімелер де көркем шығарманы түсіну мен қабылдауда үлесі зор екенін қосады. Сыныптан тыс, алдын ала берілген тапсырмалар бойынша мұғалімнің, ата-ана мен туыстардың ортасында талқыланған шығарма білім алушылардың өзіндік ой-пікірлерін еркін айтуға жеке көзқарастарының қалыптасуына әсер етеді деп көрсетеді»[82, 22-27 бб.].

Қазақ әдістеме ғылымының негізін қалаушы Ы. Алтансарин де әдеби оқу түрлерін «пайымдап оқу, талдап оқу, сыныптан тыс оқу, сөйлету, жаздыру, мақамдап оқу (жаттау), мазмұндау, мінездеу, ғибратшылдық оқу (шығарма идеясын түсіну)» деп жіктеп көрсететінін әдіскер-ғалым Б.Д. Жұмақаева «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында талдап, әдебиет пәнінің танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық рөлі туралы: «Белгілі бір шығарманы әр қырынан тануға, талдауға болады. Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Эмоциялық қабылдау да әр адамда әр түрлі. Бір шығармадағы бір көріністің, бір сәттің өзін әр адам әр түрлі сезіммен қабылдайды. Әдебиеттанудан білім дәрежесі бірдей адамның өзінің сезімі мен түйсінуі әртүрлі. Бірнеше адамның оқуындағы бір ғана үзінді әр санада бірнеше сурет құрайды. Бұл адамның ішкі сезім мен сезіне білу мәдениетіне, қасиетіне байланысты. Үшіншіден, санадағы қабылдау мидың тек бір ғана бағыттағы жұмыс әрекеті ғана емес. Санаға берілетін білім тек миға еніп қана қоймай, сол санаға өзіндік сәулесін түсіреді»[83, 87 б.] деген ой айтады.

Интерпретацияның әдістеме ғылымында қалыптасуы мен дамуына талдау мен интерпретацияның арақатынасының әдіснамалық тұрғыда қарастырыла бастауы негіз болды. Осыдан бастап, интерпретация үдерісіне бағытталған педагогикалық әсер ету тәсілі қалыптасып, тек көркем шығарма мен оқырман арасындағы интерпретацияға ғана емес, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін шындай түсуге де ықпал етті. Сондықтан да оқу материалы ретінде көркем мәтін таңдаудағы басты талаптар – жоғары көркемдік құндылық, гуманитарлық, адамгершілік тәрбие, шығарманың студент тұлғасына позитивті әсер етуі, жас ерекшелік тұрғысынан сәйкес келуі, сонымен қатар, мәдени-тарихи дәстүрлер мен білім беру тәжірибесіне сай болуы.

Кез келген интерпретацияның сәтті болуы объект (көркем туынды) пен субъект (оқырман) ерекшеліктерінің ескерілуі, өзара үлесім таба алуы, автор мен оқырман арасындағы ортақ шығармашылықтың орнауы болып табылады. Тек көркем шығарма оқырман тарапынан дұрыс қабылданып, қисынды түсіну

орнап, автор-мәтін-оқырман бірлігі үйлесім тапқанда ғана интерпретация жүзеге асып, ол шығармашылық ойлаудың дамуына ықпал ете алады.

Әдеби туындыны қабылдау мен түсінуде байқампаздық, қиялдың ұшқырлығы, бейнелі ойлау, шығарманың тілі мен стиліне бойлай алу, эстетикалық және адамгершілік сезімдердің асқақтығы, ойды нақты, жүйелі әрі көркем жеткізу қабілеттері өте маңызды. Көркем шығарманы талдаудың түрлі тәсілдерін қолдану студенттерге автордың көркем-образды ойларын ұғына түсуге, шығарманың кішкене детальдарының өзін мазмұн жүйесін ашуда қолдана білуге, оқығандарын өмірлік тәжірибелерімен, өзіндік сезім, өзіндік әсерлерімен байланыстара түсінуге көмектеседі.

«Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді қолдану керек: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, тартыстар, жорықтар мен сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар. Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбір баланың ойын оятып, ойландыруға, талдау жасауға, салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма береміз. Осындай әдістерді жиі пайдаланып оқушылардың шығармашылыққа баулуына, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытып, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді»[84, 54 б.], - дейді Қ. Сулейменова «Эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту әдістемесі» атты диссертациясында.

Көркем шығармаға жасалатын интерпретацияның студенттер бойындағы шығармашылық құзыретті қалыптастырудағы мүмкіндігі де екіжақты үдеріс. Біріншіден, көркем шығарманы адекватты түсіну мен автор интенциясын тану, шығарманы өздігінше зерделеу нәтижесі ретінде шығармашылық интерпретация туатын болса, шығарманы интерпретациялай білуді оқыту, үйрету үдерісі де шығармашылыққа құрылған әрекет болуы тиіс. Яғни көркем мәтінді интерпретациялауды жүзеге асыру да, болашақ педагог ретінде көркем шығарманы интерпретациялауға бағыттайтын әдіс-тәсілдерді меңгеру де студенттің шығармашылығын дамытуға үлесі зор.



3-сурет. Көркем шығармаға жасалатын интерпретацияның студенттер бойындағы шығармашылық құзыретті қалыптастырудағы мүмкіндігі

Алдыңғы бөлімдерде интерпретацияның теориялық мәселелерінің бірі әрі философиялық интерпретацияның негізгі идеясы – интерпретацияның авдектаттылығы мәселесі екенін айтқан болатынбыз. Бізді ойландырғаны, оқу үрдісі барысында интерпретация қалай бағаланады, оған қандай талаптар қойылады деген мәселе. Шығармашылық құзырет қалыптастыру моделінің бағалауыштық-нәтижелік компонентін дайындауда да осы сауал алға шықты. Сондықтан, Е.Р. Ядровскаяның «Интерпретация художественного произведения как технология общения с искусством и путь творческого развития личности» мақаласында көрсетілген тәжірибесіне сүйене отырып, төмендегідей көпдеңгейлі бағалау критерийлерін ұсынамыз:

1. Шығармашылық жұмыстың мазмұны мен формасының сәйкестігі (жанр және тақырып жағынан)

1.1. Нақты қойылған мақсатқа сәйкес материал таңдау;

1.2. Жұмыстың өн бойында негізгі, басты тақырыпты аша білу;

1.3. Шығарманың тақырыбы мен жанрына сәйкес стиль таңдай алу, негізі интонацияға мән беруі.

2. Интерпретация деңгейі бойынша

2.1. Интерпретацияланатын шығарманы меңгеруі;

2.2. Авторлық позицияны анықтап, оны өз жұмысында көрсете алуы;

2.3. Түрлі өнер туындыларын (интерпретацияланушы мәтін-интерпретация өнімі) салыстыра алу және өзіндік көзқарасының көрінуі;

2.4. Жасалған интерпретацияның тереңдігі мен ауқымдылығы (нақты әрі орынды материал таңдай алуы, түсініп-түйсіну деңгейінің көрінуі)

3. Өмір мен өнерді тұлғалық қабылдау деңгейі бойынша:

3.1. Материалды өз бетіше меңгеру деңгейі;

3.2. Шығармаға баға берудегі тұлғалық ерекшелігінің көрінуі;

3.3. Баға берудегі объективтілік және субъективтілік деңгейі;

3.4. Интерпретация жұмысынан “Жеке менінің” көрініп тұруы.

4. Жұмыс стилі

4.1. Көркем шығарма авторының стилі мен өзіндік интерпретация стилінің қабысуы немесе жаңашылдық;

4.2. Жұмыстың композициялық құрылымы;

4.3. Стиль даралығы;

5. Білім алушының шығармашылық өсу деңгейі

5.1. Шығармашық жұмыстарды орындауда белсенділігінің артуы, мотивациялық тұрғыда алға жылжуы;

5.2. Интерпретациялық мүмкіндіктерінің даму динамикасы;

6. Шаршы топта сөйлеу құзыреті

7. Жұмыстың эстетикалық әрленуі [85].

Сонымен қатар, дидактикалық модель бойынша студенттердің шығармашылық құзыретті қалыптасу деңгейін төмендегі кестеде (2-кесте) ұсындық.

2- кесте. Студенттердің шығармашылық құзыретінің қалыптасу деңгейі

Деңгей	Әдеби-теориялық білім деңгейі	Ақпараттық-коммуникативтік құзырет деңгейі	Шығармашылық құзыретінің қалыптасу деңгейі
Төмен	Мәтін теориясы тұрғысында жалпы білімі жоқ/бар, алайда, толыққанды түсіндіре алмайды.	Эксплицитті мәтіннің өзін толыққанды түсінбейді. Шығарма сюжетін мазмұндау деңгейінен аспайды.	Шығармашылық жұмыстарға қызығушылығы төмен, ойын еркін жеткізбейді, өзге жұмыстарды талдауға атсалыспайды.
Орташа	Мәтін туралы теориялық білімі бар, шығармаға жалпылама талдау жасай алады, дегенмен имплицитті мәтіндерді ашып түсіндіре алмайды.	Мәтіннің айтар ойын түсініп, талдай алады, кейіпкерлер портретін сипаттап, мінездемесін бере алады. Өз көзқарастарын дәлелдеп, шығармамен байланыстар алады.	Өз ойын еркін талқыға сала алады, өзге шығармашылық жұмыстарға қызығушылық танытып, эмпатия білдіреді.
Жлғары	Теориялық білімін мәтін талдау мен интерпретациялауда қолдана алады. Автор интенциясын, имплицитті мәтіндер мәнін жақсы түсінеді.	Мәтінді өмірлік жағдаяттармен байланыстар талдап, өзіндік баға бере алады. Мәтінді түсінуде жан-жақты зерттеулер мен әдістерді қолдана алады.	Мәтінді өзге өнер түрлеріне интерпретациялай алады, өзге шығармашылық жұмыстарды жүйелі талдайды, өзіндік стиль даралығы байқалады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауы көркем мәтіннің интерпретация нысаны ретінде зерттелуі, көркем мәтін интерпретациясы турасындағы философиялық, филологиялық, герменевтикалық көзқарастарының қалыптасып дамуы, көркем мәтінді қабылдау мен түсінуде танымдық үдерістің сипаты мен психолого-педагогикалық негіздері және көркем мәтін интерпретациясының студенттер шығармашылығын дамытудағы дидактикалық мүмкіндіктері мәселелеріне арналып, сол бағыттағы зерттеулермен толықты.

Зерттеу нәтижелерін түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1) Интерпретация философия, филология, психология т.б. сан қырынан зерттелгенімен, отандық қана емес шетел ғалымдары да оны оқыту мәселелеріне, әсіресе интерпретацияның көркем мәтінді тану мен таныту, оқу-таным үдерісіндегі қызметін айқындау, білімгер құзыретін қалыптастыру жолдарын қарастыру мәселелеріне бара бермегені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, интерпретацияны әдістеме ғылымының нысаны ретінде қарастырып, студенттердің оқу сауаттылығын арттырудың, шығармашылығын дамытудың тәсілі ретінде негіздеу қажет;

2) Интерпретация үдерісі оқырман көркемдік әлемге еніп, онымен бірге жасап, сол күйге енген сәтте интуитивті және бейсаналы түрде жүзеге асады. Интерпретация іс-әрекеттің көркем формасы. Яғни, интерпретация дегеніміз – түсінуге бастап апаратын үдеріс, ал түсіну - интерпретацияның мақсатты нәтижесі;

3) Мәтінді түсіну дегеніміз – мәтінді тек оқу шеңберінен шығып, талқылау, түйсіну, басқа мәтіндер мен мәдени мәнмәтіндермен қатынасы деңгейінде интерпретациялау. Демек, мәнді тану үшін және мәтінді түсіну үшін мәтінге интерпретация жасауымыз тиіс.

4) Көркем шығарманы қабылдау мәселесі әдеби білім берудің әдіснамасын жасау, қабылдаудың заңдылықтары мен болмысын зерттеу, қоғамдық дамудың түрлі кезеңдеріне және өнер дамуының тарихи үдерістеріне сай оқырман (тыңдарман, көрермен) эволюциясын көрсету, қабылдаушы аудиторияның заманауи талап-талғамын, қызығушылықтарын нақты әлеуметтік тұрғыдан зерттеу сынды ауқымды жұмыстар мен міндеттерді қатар атқарады.

5) Кез келген интерпретацияның сәтті болуы объект (көркем туынды) пен субъект (оқырман) ерекшеліктерінің ескерілуі, өзара үлесім таба алуы, автор мен оқырман арасындағы ортақ шығармашылықтың орнауы болып табылады. Тек көркем шығарма оқырман тарапынан дұрыс қабылданып, қисынды түсіну орнап, автор-мәтін-оқырман бірлігі үйлесім тапқанда ғана интерпретация жүзеге асып, ол шығармашылық ойлаудың дамуына ықпал ете алады.

6) Көркем мәтін мәдениеттің бір бөлшегі, халықтың әлеуметтік тәжірибесінің көрінісі, қандай да бір әдіс-тәсілдердің көмегімен ашылуға тиісті жасырын (кодталған) ақпарат, түсіну мен пайымдау нысаны, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, интеллектуалды өсу, рефлексивті және шығармашылық ойлау құралы, сонымен қатар шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі бола алады.

7) Студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту үшін көркем шығарманың мазмұнын ғана емес, мәні мен мағынасын өз бетінше түсініп, пайымдауға, ой түюге негізделген жұмыс түрлеріне бағыттау маңызды. Көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау өз бетінше ойлауға: ақпаратты сыни тұрғыда бағалауға және соның негізінде өзіндік қазқарасын қалыптастыруға үйретеді.

2 ОҚЫРМАНДЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ АӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Көркем мәтінге интерпретация жасаудың рефлексивті амалдары

Қазіргі гуманитарлық білім беру жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – көркем мәтінді түсіну. Бүгінгі таңда көне жазба ескерткіштеріндегі мәтіндер мен халық ауыз әдебиеті мәтіндері ғана емес, тіпті өткен ғасырда жазылып, оқырманға ұсынылған туындылардың өзі бүгінгі жас ұрпақ үшін таныс емес қоғам, жат сана, өзгеше өмір көріністері ретінде танылып, жабық, кодталған түсінікке айналып бара жатыр. Заманауи білім беру талаптары да көп жағдайда білім алушының сыртқы белсенділігін дамытуға арналған жұмыс түрлеріне басымдық беріп, оқушылардың өзіне, жан дүниесіне үңіле түсуіне, терең ойлануына, оқыған материалды қалыптасқан, таптаурын тақырыптар аясында ғана талдаумен шектеліп қалмай, өзідігінше түсінуге, пайымдауға ұмтылу тұрғысынан қалыс қалып жатқан тұстары да байқалады. Олай болса, бүгінгі оқырманды (білім алушы оқырманды) өзіндік көзқарасын автор көзқарасымен сабақтастыра білуге, авторлық интенцияны тануға және сол арқылы жеке оқырмандық тәжірибесін, өзінің рухани әлемін байытуға қалай тәрбелейміз деген сұрақ әдебиетті оқыту әдістемесіндегі негізгі сауалға айналуы заңды. Бүгінгі білім беруде оқырманның авторды түсініп, кейіпкердің сезімін, ой-арманын, іс-әрекетін қабылдап қана қоймай, кейіпкерді немесе авторды түсіну арқылы өзін түсінуін, өз жан-дүниесіне бір сәт зер салуын мақсат тұтуға тиіспіз. Ол үшін көркем мәтінді талдау мен интерпретациялауға, оқудың стратегиялары мен әдіс-тәсілдеріне жүгінеріміз сөзсіз. Сонымен қатар, әдебиет дегеніміз өнердің бір түрі екенін ескерсек, оның әлеуметтік-психологиялық функциясы рефлексивті психикаға негізделетінін білеміз. Демек, әдеби туындыны талдау мен интерпретациялауда, ол арқылы шығармашылыққа баулуда рефлексивті әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдану мақсатымыз айқындала түседі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту»[86] деп көрсетілген. Герменевтикалық түсіну техникаларының бірі әрі қазіргі білім беру жүйесінде өте өзекті де тиімді тәсіл ретінде оқырман рефлексиясы әдісіне тоқталуымыздың себебі де осы мақсаттың үдесінен шығады.

Біріншіден, рефлексия білім беруде жиі қолданылатын «өзін-өзі тану», «өзін-өзі дамыту», «өзін-өзі басқару», «өзін-өзі бағалау» т.б. оқушының ішкі әлемін қалыптастыруды көздейтін ұғымдардың барлығын қамти алады. Уақыт өте келе, рефлексия ұғымы жаңа білім қалыптастыру, мағына қалыптастыру, мән тудыру сынды қызметтерді де атқару арқылы өзінің мағыналық шекарасын кеңейте түсті[87]. С. Л. Рубинштейннің: «Рефлексия дегеніміз – сезіну, қабылдау, ішке үңілу деген сөз емес, солар арқылы әлемге зер салу, оның сезім

мен қабылдауды тударатын заттық болмысына үнілу» [88, 91 б.], – деген сөзі де осы ойға негіз болады.

Екіншіден, рефлексия ұғымын мән-мағына категориясымен байланыста қарау арқылы білім алушылардың көркем шығарманы түсіну мен интерпретациялау үдерісін жаңаша сараптауға мүмкіндік аламыз. Яғни, оқырман шығарманың көркемдік әлеміне терең бойлап, көркемдік мән-мағынаны өзінің жеке тұлғалық, эмоционалды, интеллектуалдық, эстетикалық, өмірлік тәжірибесімен байланыстыра қарастыруы арқылы рефлексивті акт орын алады. Нәтижесінде авторлық мән-мағынаны ашып қана қоймай, оны тереңдетіп, кеңейтіп, өзіндік «жаңа» мағынаға қол жеткізеді.

Үшіншіден, рефлексия көркем шығарманы талдау мен интерпретациялау үдерісі барысында жүзеге асатын амал болғандықтан, біздің зерттеу жұмысымыздың айналып өтуге келмейтін маңызды мәселелерінің бірі (4-сурет).



4- сурет. Әдеби рефлексияның жүзеге асуы

Яғни, суретте көрсетілгендей көркем шығарма, әдеби мәтін дегеніміздің өзі автордың өзі өмір сүріп отырған қоғамды, өзін қоршаған әлемді, заманның ағымын, өмірдің түрлі құбылыстары мен өзгерістерін қабылдауынан, ол туралы түсінік-пайымынан, танымынан туындаған жеке интерпретациясы нәтижесінде туатыны анық. Дәл сол сияқты, көркем шығарманы оқу барысында оқырмандық интерпретация, яғни шығарманы түсінуі, түйсінуі, пайымдауы, талқылау және соның нәтижесінде жаңа шығармашылық өнім алуы жүзеге асады.

Ал, рефлексия дегеніміз кері үдеріс. Жазылған көркем мәтін, әдеби туынды дегеніміздің өзі қоғамның, заманның бет-бейнесіне, өмір көріністеріне жасалған рефлексия болса, оқырманның өзіндік түсінігі немесе шығармашылық интерпретациясы мәтінге немесе авторға бағытталған рефлексия екені сөзсіз.

Энциклопедиялық сөздікте «Рефлексия (латын тілінен аударғанда reflexio – кейінге қарау, назар аудару) – бұл дегеніміз субъектің өзіне және өзінің санасына назар аударуы, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдерін кішкене де болса қайта қарастыруды білдіреді»[89, 364 б.] – деген анықтама береді. А.Әлімов болса, «Жалпы алғанда рефлексия зерттеу секілді: адам мұнда өзінің ішкі дүниесін жан-жақты қарастырады, яғни өзін өзі зерттейді. Бұл зерттеудің басты тақырыбы адамның өзі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия адамның өзінің ішкі ахуалы мен өзгерістерін тануы іспеттес: адам жасап жатқан әрекеттерін бір сәтке доғарып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіледі, өзімен өзі әңгімелеседі, сырласады, әрекеттерін талдап, оларға баға береді, өзіне «сырт көзбен» қарайды. Осыдан кейін әрекеттеріне өзгерістер енгізеді, кемшіліктерін түзейді, оларды болдырмаудың жолдарын қарастырады, болашақта қандай істер жасайтындығын жоспарлайды. Жалпылама алғанда, рефлексияның қадамдары мынандай болуы ықтимал: 1) Аялдама жасау (тоқтау); 2) Артқа қарау: түсіну, талдау, бағалау; 3) Өзгерістер енгізу; 4) Болашақты жоспарлау», – дей келе, «Рефлексия сыни ойлау арқылы жүзеге асырылады, өйткені мұнда дайын жауап жоқ, оны іздеу керек, іздену қажет, жобалау мен жоспарлау қажет, болжам жасап, жаңалық ашу қажет.[90, 72 б.] ...Рефлексияның оқу үдерісінде алатын орны ерекше. Өйткені үйрену деңгейі адамның өз әрекеттерін ұйымдастыру мен өзгертулерді қалайша ойластыра білетіндігіне байланысты. Басқаша сөздермен айтқанда, рефлексия – адам миындағы метанымдық (метакогнитивтік, «танымды тану») процестермен байланысты. Рефлексияда адам өзінің ойлау, зерделеу процестерінің қалай өтетіндігі туралы ойланады, танымдық әрекеттерін түсінеді және түсіндіреді, оларға мақсат қояды, жоспарлайды, шешім қабылдайды, әрі қарай не болатындығын болжайды. Бұл әрекеттер арқылы адам өз білгенін сынайды, білімін сыни тұрғыдан талдайды» [90, 73б.] , – деп түйіндейді.

Бапаева С.Т. «Рефлексия болашақ психолог іс-әрекетінің нәтижесін болжау іскерлігі ретінде» деп аталатын мақаласында рефлексия ұғымының психологиялық мазмұнына келесі анықтамаларды жатқызуға болатынын атап көрсетеді:

- 1) сананың «назарын» өзіне аудару қабілеті;
- 2) ойлау жайлы ойлау;
- 3) жаңа білімді игеру немесе түсініксіз ілімді айқын білімге өңдеу;
- 4) ақылдың немесе жанның жай-күйін өзіндік бақылау,
- 5) тіршілік әрекетіне қанықтықтан шығу;
- 6) адамның өзіне бағдарланған зерттеу актісі және т.б. [91].

Сонымен қатар, зерттеуші аталған мақаласында «Қазіргі таңда рефлексия жайлы түсініктер дамуын жалғастыруда. Олар пәнаралық зерттеулерді ұйымдастыру, жүйелі нысандарды кешенді зерттеу және жобалау құралдарын құрастыру, үлкен жүйелерді басқару, оңтайландыру және т.б. әдіснамалық мәселелерді негіздеу немесе шешу мақсатында белсенді қолданылуда. Соның негізінде рефлексияның дәстүрлі, ретроспективті қызметі – сын тұрғысынан талдау, қисынды негіздеу, жинақталған ғылыми білімнің жалпылама

жүйеленуінен басқа – оның конструктивті, шығармашылық қызметі – сол білімдерден алынатын ғылыми іс-әрекеттің құндылықтарын, мақсаттарын, бағдарламаларын оңтайлы құрастыру шаралары жүзеге асырылады. Рефлексияны қолдану аймағы біршама кеңеюде: ол тек философиялық деңгеймен шектелмей, сонымен бірге қазіргі заманғы ғылымның неоклассикалық бағыттары мен пәнаралық құрылымдардың әдіснамалық құралы ретінде (рефлексивті ойындар теориясы), немесе қоғамдық және гуманитарлық пәндер қатарын түсіндіру қағидасы ретінде (өнертану, элеументтану, лингвистика, логика және т.б.) жалпы ғылыми деңгейде кеңінен қолданылуда»[91], – деп ой қорытады.

Қазірде зерттеуші ғалымдар рефлексияны коммуникативті рефлексия, жеке тұлғалық рефлексия, философиялық, интеллектуалдық т.б. бірнеше түрге бөліп қарастырып жүр.

И.В. Сосновская филологиялық рефлексияға «Филологиялық рефлексия – өзіндік жаңалық ашуларға жетелейтін мәтінмен өз бетінше жұмыс істеудің әдіснамалық ұстанымы. Рефлексия оқырман назарының мәтінде бейнеленген құбылыстар мен жағдаяттардың оқырманның өзіндік құндылықтарымен, ұстанымдарымен, айналасына, Әлемге деген көзқарасымен қабысқан тұсына түсуінен туындайды. Бұл үдерісте ақылмен, саналы қабылдаумен қатар, эмоционалды қабылдау да қатар жүреді» [92], – деген анықтама беріп, шығарманы оқу, тану, түсінудегі негізгі негізгі ұстанымдар филологиялық рефлексияны қуаттайтынын айтады.

Филологиялық зерттеулер аясында тілдік, метатілдік, риторикалық, әдеби рефлексия түрлеріне айрықша назар аударудамыз. Жалпы алғанда, аталған рефлексия түрлерінің қай-қайсысы да білім алушының сабақ барысында өз әрекеттеріне өзіндік талдау жасай алуына бағытталған. Бұларды біз білім алушының «өзіне бағытталған» педагогикалық рефлексия деп атап, студенттердің (оқушылардың) өз әрекеттеріне баға беруін негізге аламыз. Білім алушының өз әрекеттеріне талдау жасауы өзіне деген бағасының өзгеруіне ықпал етеді.

Біздің тоқталатынымыз көркем шығармаға талдау мен интерпретация жасау барысында қалыптасатын әдеби интерпретация (көркем интерпретация) және студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастыруға тікелей әсер ететін тұлғалық рефлексия болмақ. Г.И. Богиннің филологияда әдеби интерпретацияның маңызы өте зор екенін айта келе, «Интерпретация дегеніміз – мәтін семантикасына жасалатын рефлексия» [23, 232 б.], – дейді.

Әдеби (көркем) рефлексия оқырманның мәтінмен, автордың жан-дүниесімен, ой-санасымен, болмысымен біте-қайнасып, ортақ қарым-қатынасқа түсуіне бағытталады. Тіпті кейде әдеби рефлексия оқырманның эмоционалды, эстетикалық әрекеттерін басқара алады, осы әрекеттердің тууына түрткі болады. Сол арқылы оқырманды шығармашылық әрекеттерге, қалыптан тыс (креативті) ойлауға жетелейді.

Әдеби рефлексия филологиялық зерттеулер аясында және герменевтикаға қатысты еңбектерде зерттеліп келеді. Рефлексияның бұл түрі оқырманның

мәтінді өздігінше түсінуіне, пайымдауына бағытталған. Және оның нысаны ретінде оқырманның жеке субъектілік ерекшеліктерімен қатар, шығарманың стильдік ерекшеліктерін, туындының көркемдік әлемін де қарастырамыз. Әдеби рефлексия деп көркем шығарманың эстетикалық құндылықтары мен мән-мағынасын бағамдауға бағытталған рефлексияны айтамыз. Алайда, әлі күнге ғылымда әдеби-көркем рефлексияның толыққанды ережесі қалыптаспаған. Сондай-ақ, рефлексияны суреткер дүнетанымының көрінісі ретінде де, оқырманның таным әрекетін басқару стратегиясы ретінде де қарастырған зерттеу жұмыстары жоқтың қасы.

Герменевт ғалым Г. Богин жасаған мәтінді түсіну типологиясын негізге ала отырып, рефлексивті талдау стратегиялары мен көркем мәтінді интерпретациялаудың алгоритмін былайша саралауға болады:

Бірінші қадам – мағыналық түсіну. Яғни, физикалық таңбаны (сөздер, түстер, қарапайым формалар) психофизиологиялық қабылдау; оны тану (таным немесе бейтаныс нысан ретінде); тілдегі жалпы мағынасын түсіну.

Екінші қадам – когнитивті түсіну. Мәнмәтін аясында түсіну, мәтіндегі таңбалық жағдаяттар деңгейін анықтау.

Үшінші қадам – кеңейтілген түсіну. Жеке тұлғалық рефлексияның метамағыналарға ауысуы [93]. Яғни әдеби (көркем) рефлексия тек түсінудің үшінші деңгейінде туындай бастайтынын байқаймыз.

Көркем шығарманы оқу барысында білім алушыларда сұрақтар туындауы заңды. Бұл сұрақтар түсінудің алғышарты. Осы сұрақтар туындының түп мәнін түсінуге итермелеп, қабылдаушының санасында жетпей тұрған «құрақтың қиындыларын» табуына көмектеседі. Көп жағдайда, мұғалім білім алушының көркем шығарманы түсінуде «құрақтың» жетпей тұрған қиындысын өзі табуына мүмкіндік бермей, дайын білім мен тұжырымдарды үйретуге бейім. Мұғалім сабақ барысында рефлексивті орта қалыптастыра білсе, оқушылардың бойында көркем мәтіннің түп мәнін түсінуге талпыныс, интуитивті интерпретацияға негізделген герменевтикалық өсу байқалатын болады.

Рефлексивті орта туралы айтқанда, рефлексияның сабақ барысында ұйымдастырылуын әдістемелік тұрғыда қарастыруымыз шарт. Әдеби рефлексияның ерекшелігі оның көркем шығармада дайын күйінде беріліп тұрмайтындығында. Соныдықтан да, білім алушы оқырман шығарманы бір оқығаннан рефлексия орнамайтыны да белгілі. Оның туындауы, әсер етуі толығымен мұғалімнің тиімді әдіс-тәсілдермен әдеби білім қалыптастыра отырып, көркемдік түйсікке тәрбиелей отырып рефлексивті орта қалыптастыруымен тікелей байланысты.

Көркем мәтінді герменевтикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда тіпті кез келген көркемдік тәсіл, көркемдық айшықтар (символ, метафора, эпитет, теңеу, пейзаж, портрет т.т.), көркем деталь рефлексия тудыруға ықпал ете алады, рефлексия тудыру нүктесіне айналады. Себебі, кез келген көркемдік тәсіл мәтін тудырушы ғана емес мән тудырушы қызметке ие. Сондықтан да білім алушының назарын қандай да бір көркемдік тәсілге аудару арқылы рефлексияға жетелей аламыз. Сонымен қатар, көркем шығарманы талдау мен

интерпретациялау барысында рефлексивті жағдаяттар құрып отыру өте маңызды. И.В. Сосновская мен Е.Р. Ситникова рефлексия өрбітудің бірнеше бағытын атап көрсетеді. Олар:

- көркем шығарманың композициясы мен сюжеттік ерекшеліктеріне бағытталған;
- көркем мәтіннің эстетикалық және мағыналық элементтеріне (метафора, символ, теңеу, эпитет, кейіптеу т.б.) және олардың жалпы мәдени түсініктерімен қатынасына бағытталған;
- туынды кейіпкерінің ішкі әлеміне (кейіпкердің ойлары, қуаныш-қайғысы, құндылықтары) және оның оқырманның ішкі әлемімен қатынасына бағытталған;
- мәтіннің интертекстудық байланыстарына бағытталған;
- мәтіндегі авторлық позицияға, автор дүниетанымы мен көзқарастарына бағытталған;
- мәтіннің «күшті позицияларына» (тақырыбындағы ерекшелік, кіріспе сөз, эпиграф т.б.) бағытталған рефлексия [87].

Рефлексия тудыру бағыттары неғұрлым нақты әрі ұтымды тандалса, шығарманы түсіну қисынды әрі толық жүзеге асады. Жоғарыда көркем мәтінмен жұмыс барысында рефлексивті жағдаят тудыру туралы айтқан болатынбыз. Көркем шығармаға интерпретация барысында ұйымдастыруға болатын бірнеше рефлексивті жағдаяттарға да тоқталып өтейік:


- білім алушылардың көркем шығармадағы ерекше оқиғаға, көркемдік тәсіліне, тақырыптық ерекшеліктеріне қызығушылықтарын ояту;
- «кірігу» немесе «ауысу» рефлексиясы, яғни, өзін кейіпкердің орнына қойып көру, кейіпкердің жан-дүниесіне ене білу;
- жинақталған білім рефлексиясы. Көркем туындыны түсінуде алдын-ала жинақталған ақпараттарының, білім қорының болуы өте тиімді;
- өмірлік немесе эмоционалдық тәжірибелерімен байланыстыру рефлексиясы;
- шығарманың тақырыптық арқауын, көтерген мәселелер жүгін талқылау, іздеу;
- мәдени және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдау;
- мәтіннің «күшті позицияларына» (тақырыбындағы ерекшелік, кіріспе сөз, эпиграф т.б.) назар аударту.

Сабәк барысында рефлексивті жағдаят тудыру әдістеріне тоқталып өтейік.

Тұрсынжан Шапайдың «Шырмауық» әңгімесін талдау барысында студенттердің назарын Бәйтерек пен Шырмауық образдарына аударту арқылы рефлексивті жағдаят тудыруға болады. (5-сурет)


Студенттер Шырмауық пен Бәйтерек арасындағы диалогтан мысал келтіре отырып, көркем туындының көтеріп отырған қоғамдық-әлеуметтік мәселелері төңірегінде ой өрбітеді. Бәйтеректі мақтау сөзге масаттанып, алысты болжай білмейтін, халықтың жағдайын көрмейтін билікте, басшылықта отырған шенеуніктерге теңесе, шырмауықты қолында билігі бар басшыларды жағалаған, сылдыр сөзбен, майда тілмен айтқанына арбап, дегеніне көндіріп отырған

жандайшап тобырға теңейді. Жоғарыдағыдай сұрақтар студенттердің шығарманы оқу барысында ескермей кеткен тұстарына да назар аударуына, өзара ой бөлісіп, пікір таластыру арқылы соны, тың идеялардың туына әсер етері сөзсіз.



5- сурет. Шапайдың «Шырмауық» әңгімесін талдау барысында туындаған рефлексивті жағдаят


Аталған автордың «Керексіз» әңгімесін талдау-талқылау барысында студенттерге төмендегідей сұрақтар қою арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар, адами қасиеттер мен заман келбеті, бүгінгі күннің кейіпкері сияқты тақырыптарға жол сілтейміз? (6-сурет)



6-сурет. Шапайдың «Керексіз» әңгімесін талдау барысында туындаған рефлексивті жағдаят

Студенттер талқылай келе, бүгінгі қоғам мен адамзаттың портретін дөп басып сипаттайтын, адамнан ар, қоғамнан қасиет кеткен заман келбетін жасайтын шығарманың салмағын өздері бағамдап, негізгі идеясы мен тақырыптық мәнін өздері-ақ ашып береді. Шығармаларында терең, күрделі тақырыптарды шағын формада бере білетін жазушы шеберлігі де студенттер назарынан тыс қалмайды.

Т.Шапайдың «Күлкі және көз жасы» шығармасын талдауда рефлексия тудыру нүктесі ретінде шығарманың қорытынды сөзі ретінде берілген «Жынданып кетпес үшін күлеміз» дейсің... Сен - ақылды адамсың, Чаплин! Бірақ Тұманбай аға, сен де мықтысың. Сен дейсің: «Адам жынды болар еді күлкіден, Сен болмасаң, қасиетті көз жасы...», – дейсің. Екеуіңдікі де – рас. Мың мәрте – шын!»[94] деген абзацты ала аламыз? (7-сурет)




7- сурет. Шапайдың «Күлкі және көз жасы» әңгімесін талдауда басшылыққа алынған рефлексия тудыру нүктесі

Бұл сұрақтар мәнмәтінді аша түсіп, метамағыналарды табуға жетелейді. Шағарманың қорытындысын, түйінді ойын талдау арқылы шығарманың мазмұнына қайта шолу жасалып, студенттер тарапынан жасалған әрбір тұжырым, әрбір көзқарас мәтіндегі оймен сабақтастыра талданып талқыланады.

Кез келген шығарманың оқырманға алдын-ала ақпарат беретін, оқырман ынтасын арттыратын позицияларының бірі – эпиграф. Мысалы, Алмаз Мырзахметтің «Жазушының қойын дәптерінен» деп аталатын пунктир-повесін оқытуда рефлексивті сұрақтарды әр бөлімнің басында берілетін эпиграфтар төңірегінде өрбітуге болады? Айталық, «Бұқар жырау көшесіндегі жолдан өту» деп аталатын үшінші бөлімге «Өмірдің өзі үлкен спектакль» деген Шекспирдің

сөзін эпиграф ретінде алады. Яғни, рефлексивті сұрақтарды төмендегідей өрбітуге болады: (8-сурет)



8- сурет. А. Мырзахметтің «Жазушының қойын дәптерінен» пунктир-повесінің рефлексия тудыруға ықпал ететін күшті позицияларына талдау барысы

Жүсіпбек Қорғасбектің «Үлпілдек» роман-тәмсілін оқуда рефлексия тудыру нүктесі ретінде студенттердің назарын романның прологы мен эпилог орнына берілген «Үлпілдек туралы аңызға» аударуға болады. (9-сурет)



9- сурет. Ж. Қорғасбектің «Үлпілдек» роман-тәмсілін талдауда басшылыққа алынған рефлексия тудыру нүктесі

Көркем рефлексия бастапқыда өзіндік таным, ішкі түйсікпен түсіну деңгейінде қалыптасады. Содан кейін барып, бұл деңгейдегі түсініп-түйсінгенін теориялық тұрғыдан негіздеу, басқаша айтқанда, өзіндік тұжырымдарын дәлелдеу жүзеге асады. Яғни, «Мен осылайша түсіндім, бірақ неге?, «Бұндай түсініктің қалыптасуына не түрткі болды?», «Бұл маған не береді?» «Бұл түсінгенімді немесе алған ақпаратымды неге жаратамын?» деген сияқты сұрақтар туындайды. Міне, дәл осы сынды үдеріс жүзеге асу барысында оқырмандық сана қалыптасып, шығарма мен оқырман арасындағы жеке кеңістік пайда болады.

Әдеби рефлексия траекториясы дегеніміздің өзі – авторлық ұстаным мен мағынаны барынша терең түсіне білу, оған деген өзіндік көзқарасының қалыптасуы, өзіндік қабылдау мен өзіндік түсіну. Көркем рефлексияның туындау деңгейі оқырманның көркем мәтінді түсіну деңгейіне тікелей әсер етері де сөзсіз.

Білім алушы оқырманның көркем туындыға, оның мән-мағынасына көркем рефлексия жасай алатындығының өзі оқырмандық және әдеби білім деңгейінің жоғары екендігінен хабар береді. Бүгінгі таңда студенттеріміздің көркем шығарма оқуға, оның ішінде классикалық туындыларды оқуға ынта білдіре бермеу себептерінің бірі де осы шығарманың мән-мағынасы, астары мен айтары өздеріне қатысы жоқ, мүлдем басқа әлем ретінде көрінетіндігінде, шығарманы өз бойынан өткізіп, бүгінгімен байланыстырып, түйсімен қабылдап оқымағандығында жатыр. Көркем рефлексияның міндеті сол «алыста қалған» мән-мағынаны білім алушыға «жақындата» түсу, Ж. Дерида айтқан «ұйқыдағы мағынаны ояту», мәтінді бүгінгі оқырманның тілінде «сөйлету». Әдеби рефлексия «Өзінді өзге арқылы, өзгені өзің арқылы таны» деген ойдың дәлме-дәл мысалы бола алады, оқырманды туындының мәнін ашуға, түсінуге, мәтінмен диалог орнатуға үйретеді.

Сонымен қатар, біздің нысанымыз болашақ педагог, соның ішінде әдебиет пәнінің оқытушысы болғандықтан педагог-әдебиетші үшін өзіндік эмоционалдық, интеллектуалдық және практикалық әрекеттеріне рефлексивті анализ жасай білуі шығармашылық құзыретін арттыра түсуде де өте маңызды. Яғни, тұлғалық, кәсіби-тұлғалық рефлексиясы студенттердің (болашақ педагог-әдебиетші) болашақ мамандықтарының шығармашылық мәнін тереңнен түсінуіне, рухани-шығармашылық өсуіне, шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Өз-өзіне талап қоя білуге, шығармашылық әрекетке және оның нәтижелерін талдап, өңдеуге баулиды, кәсіби тәжірибесі мен біліктілігін арттыра түсуіне мүмкіндік береді. Әдебиетші мұғалімнің кәсіби рефлексиясы білім алушыларға, олардың оқу әрекеті мен шығармашылық әрекетіне, оқу үдерісіне, көркем шығармаларға бағытталатындықтан эмоционалдық, көркем эмпатия, шығармашылық ойлау мен креативті қабылдаудың маңызы жоғары екені белгілі. Себебі, болашақ мұғалімдердің шығармашылық коммуникация жағдаяттарын құра білуі және оны кеңейте түсуі, өзіндік реакциялары мен әрекеттеріне іштей талдау жасап бақылауы, педагогикалық әрекеттерін жүзеге асыруда түрлі тәсілдерді қолдануы және

бағалауы, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі дамытуы тұлғалық рефлексия арқылы жүзеге асады.

Кәсіби-тұлғалық рефлексия қалыптастыруға арналған еңбектерде (А.А.Бизязева[95], Т.А. Кольшева[96], Ю.Н. Кулюткин мен Г.С. Сухобская[97], Т.В.Юрова [98] т.б.) педагогикалық көркемдік міндеттерді (түйіндерді) шешу әдістеріне ерекше назар аударылады. Бұл әдістердің негізгі міндеті «жаңа өнім» алу. Яғни, көркем шығарма жазу, педагогикалық әдістерді интерпретациялау, әдіс-тәсілдерді импровизациялап ұсыну, көркем шығарманы оқу және талдау барысында шығарма мазмұнына түсіндірмелер беру т.б.

Педагог-әдебиетшінің кәсіби-тұлғалық рефлексиясын жүзеге асыру барысында оқу үдерісін ұйымдастырудың төмендегідей қадамдарын ұсынамыз:

1) қандай да бір әдіс-тәсілді ұйымдастыруға, шығармашылық міндетті шешуге деген қызығушылықтың оянуы, түйінді мәселелерді табу және бағалау;

2) шығармашылық міндеттерді шешу жолдарын іздеу және оларды негіздеу;

3) шығармашылық шешімге жетелейтін практикалық және конструктивті іс-әрекеттерді әзірлеу;

4) рефлексивті әрекеттің барлық қадамдарын жинақтап баға беру, оларды жаңа шығармашылық жұмыстар мен бастамаларға бағыттау.

Ескере кететін жайт, ұсынылған жұмыс түрлері психологиялық тұрғыда жайлы, кері байланыс орнату мүмкіндігі бар ортада, педагогикалық шығармашылыққа дем беріп жігерлендіріп отыратын, кәсіби және шығармашылық өсуге ұмтылысы бар топта ғана жүзеге асады.

Кәсіби-тұлғалық рефлексия қалыптастыруға негізделген тапсырмалар шығармашылық құзыреттіліктің негізгі қозғаушы күші екенін ескеретін болсақ, студенттердің педагог-әдебиетші үшін шығармашылық белсенділіктің, шығармашыл ойлай білудің рөлін түсінуі өте маңызды. Мысалы, студенттер педагогикалық тәжірибеден өту кезінде теориялық білімі мен мұғалімдік қызмет барысында туындайтын жағдаяттар арасындағы айырмашылықпен, мұғалімге қойылатын талаптар мен оның орындалу барысындағы қарама-қайшылықтармен бетпе-бет келіп жатады. Аталған мәселелердің қай-қайсысы болсын шығармашылық шешімді, жағдаятқа шығармашылық көзқарасты талап етеді. Ал шығармашылық әрекеттің өзі талдаудан, өз іс-әрекеттерін мазмұндық және құрылымдық тұрғыда критериялды бағалаудан, шығармашылық шешімнің мәнін ұғу, оның әлеуметтік және кәсіби ортадағы мән-мағынасын ажыратуға ұмтылудан бастау алады. Шығармашыл ойлауға түрткі болатын және кәсіби рефлексияның қалыптасуына негіз болатын тәсілдердің бірі – төмендегідей бірқатар проблемалық сұрақтарға жауап іздеу:

- ✓ Оқытудың басқа әдіс-тәсілдерін қолдануға болар ма еді? Қандай? Неге?
- ✓ Берілген тапсырма қаншалықты өзекті? Қандай мәселелерді арқау етеді?
- ✓ Басқа әдіс-тәсілдер қолданған жағдайда сабақ мазмұны (сценарийі) қалай өзгерер еді?
- ✓ Өткізілген сабаққа көңіліңіз толды ма?

✓ Сабақ барысында нені өзгерту керек, неге баса назар аудару керек деп есептейсіз?

Әдебиетші-педагогтың кәсіби тұлғалық рефлексиясын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен әдістер дайындау барысында студенттердің қандай да бір әрекеті немесе сабақ барысы туралы рефлексияға, кері байланысқа ұмтылуы орындап отырған жұмысының мазмұндық, спецификалық ерекшеліктеріне (мысалы, проблемалық жағдаяттар, педагогикалық импровизация, интерпретация, көркем шығарманы оқыту, түсіндіру, талдау, шығармашылық топ құра білу, т.б.) тікелей байланысты екенін ескеру керек. Яғни, рефлексияның өзі таптаурын, жиі қайталанатын жадағай әдіске айналған сайын, шығармашылық көмескіленген сайын кері байланыс орнауы тоқтап, педагогтың кәсіби өсуі де, оқушылардың бойына әдеби көркем ойлауды қалыптастыра алуы да екіталай. Себебі әдеби үдерістің өзі рефлексиядан құралады. Көркем шығарманы автордың қоғамдық, әлеуметтік, саяси немесе тарихи жағдаяттардан туындаған рефлексиясы десек, оқырманның көркем шығарманы түсіну, қабылдау, авторлық интенцияны, сол арқылы шығарманың идеясы мен жазылу жағдайын, шығармадағы уақыт пен кеңістікті, тарихи, мәдени, саяси оқиғаларды түсініп, баға бере алуы көркем шығармаға жасалған рефлексия екені анық (4- сурет). Ал әдебиетші педагогтың міндеті осы білім алушы-оқырманның шығарманы қисынды түсініп, рефлексивті талдау жасай алуына жол ашу болмақ. Әдебиетші-педагогтың кәсіби тұлғалық рефлексиясы да оқу үдерісінде аталған әрекеттерді жүйелі ұйымдастыруды мақсат тұтады.

2.2 Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі

Тұлғаның шығармашылық құзыретін дамыту мәселелері қай кезеңде болсын антропоэзектік ғылымдардың негізгі нысандарының бірі болып қала беретіні белгілі. Оған дәлел ХІХ, ХХ тіпті ХХІ ғасыр ғалымдары – педагогтары, психологтары мен әдіскерлері аталған мәселе төңірегінде зерттеу жұмыстарын үзбей келе жатқаны болмақ. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, тұлға шығармашылығын дамыту мәселесінің ауқымы кеңейе түсіп, жүйелі, жан-жақты, түрлі бағытта зерттеліп, көпқырлы сипатқа ие болды. Әдістеме ғылымында тұлғаның шығармашылық дамуын зерттеу мәселелері төмендегідей бағыттарда қарастырылды:

Бірінші бағыт, білім алушылардың шығармашылығын дамытудың негізі педагогтың шығармашылық құзыретін дамытудан басталу тиіс деген ұстанымды көздейтін зерттеу жұмыстары. Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, соңғы жылдары педагогикалық шығармашылық мәселелері жан-жақты зерттеле бастады. Олар:

- мұғалімнің практикалық және ғылыми іс-әрекеттерінің ара-қатынасы;
- педагогикалық шығармашылық және педагогикалық шеберлік;
- педагогтың шығармашылық даралығы;

- тұлғаның шығармашылық типологиясы;
- педагогтың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері, т.б.

Екінші бағыт, білім алушылардың бойындағы жалпы және арнайы қабілеттерді дамыту мәселесінен бастау алады. С.Л.Рубинштейн, Б.М.Теплов, Б.Г.Ананьев сынды психологтардың зерттеуіне сүйенсек, тұлғаның қандай да бір арнайы қабілетінің дамуына жалпы қабілеттерінің арта түсуі ықпал ететінін дәлелдейді. С. Бап-Баба: «Қабілет жерге тастаған дәнмен бірдей: қолайлы жағдай болса өнеді, кері жағдайда көрінбей-ақ жойылады»[99, 246 б.], – десе, В.Л.Дранков «Психология художественного творчества» еңбегінде: «Тұлғаның жалпы және арнайы қасиеттері интенсивті әрі өзара жүйелі түрде дамуы оның шығармашылық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді»[100, 164 б.], – дейді. Яғни, әдеби шығармашылық қабілеттің дамуы басқа шығармашылық түрлерінің кез-келгенін иегеруге, әрі қарай шығармашылық тұрғыда өсе түсуге негіз бола алатынын байқауға болады.

Әдістеме мен психология ғылымында әдеби қабілеттердің құрылымдық компоненттері мәселесі де талқылаудан тыс қалмады. В.П.Ягункова әдеби шығармашылық қабілет компоненттері ретінде әлемді поэтикалық тану (поэтикалық қабылдау), байқампаздық, эмоционалды сезімталдық, бейнелі есте сақтау, бейнелі ойлау, шығармашылық қиял, нақтылық және тіл көркемдігі деп көрсетеді [101].

В.И.Лейбсон болса, бұл пікірге қосылмайтынын айта келе, жоғарыдағы қасиеттер тек әдеби туындыгерге (жазушы немесе ақын) ғана емес, суретшіге де сазгерге де ортақ екенін алға тартады. Өз тарапынан әдеби шығармашылық қабілеттің ерекшелігі шынайы өмірден алған әсерді әдеби образдарға айналдыра білу деп көрсетеді. Сонымен қатар, В.И.Лейбсон жалпы шығармашылық қасиеттердің екі міндетті компонентін атап кетеді:

- 1) аталмыш өнерге арқау болып отырған материалды сезіне білу, жеткізе білу;
- 2) осы өнерге тән образдарды өмірлік бейнелерге айналдыра білу[102].

Әдебиетке қатысты айтатын болсақ, бұл – сөз құдіретін сезіну мен әдеби ұшқыр қиялдың болуы.

В.Г.Маранцман әдеби шығармашылық қабілеттің көрсеткіштерін төрт түрге жіктеп көрсетеді:

- 1) Сөз арқылы сезімді және айтпақ ойды дәл жеткізе білу және олардың ара-қатынасын сақтай білу;
- 2) Сөздердің бейнелілігі және бейненің нақтылығы;
- 3) Сөздерді, интонациялар мен сөйлеу стилін таңдаудағы эмоционалды дәлдік, дөп басып айта білу;
- 4) Мәнінге деген бүтіндік көзқарастың болуы, яғни, мәтін бөлшектері, концепциясы, композициясы – бәрі жұп-жұмыр, жинақы болуы маңызды[103, 133 б.]

Көтерілген мәселе төңірегіндегі көзқарастарды түйіндей келе, *«әдеби шығармашылық қабілет дегеніміз – ұшқыр қиял мен көркем тіл арқылы*

дүниенің, әлемнің көріністерін, өмірден алынған әсерді сөзгесыйдыра біру» деген қорытындығы келдік.

Сонымен бірге, бірқатар ғалымдардың еңбектері әдеби шығармашылық қабілетті жазушымен шығармашылық одақ (сотворчество) арқылы, оқырмандық қабілетті шыңдау арқылы дамытуға арналған. Олар турасында алдағы бөлімдерде кеңірек тоқталатын боламыз.

Үшінші бағыт, білім алушылардың әдеби-шығармашылық қабілетін өздерінің жеке шығармашылық жұмыстары арқылы дамыту мәселелері. Бұл мәселе Н.Р.Бершадская, В.Я.Коровина, М.Г.Качурин, Е.В.Карсалова, Н.В.Колокольцев, Н.Л.Карнаух, В.И.Лейбсон, В.Г.Маранцман, А.А.Мелик-Пашаев, В.З.Халимова сынды ғалымдардың еңбектерінен орын алған.

Төртінші бағыт, тұлғаның шығармашылық дамуын көркем мәтінді қабылдау мен талдаудың өзара байланысы мәселелерімен қатар қоя зерттейтін еңбектер. (О.Ю.Богданова, Н.В.Беляева, С.А.Зинин, М.Г.Качурин, Н.О.Корст, В.Г.Маранцман, В.Н.Пименова, Н.М.Свирина). Көркем мәтінді жеке тұлғаның қабылдауы мен оның мән мазмұнына тереңдей білуі, талдау жасай алуы мәселесіне келгенде әлі де даулы, шешімін таба қоймаған сұрақтар жетерлік. Мәселен, білім алушылардың өнер туындыларын қабылдай алу, одан ләззат ала білу қабілетін қалай дамытуға болады, эмоцияларын аша білу, шығармашылық қиялына қанат бітіруге қалай түрткі болуға болады, шығарма оқуға деген құлшынысын қалай оятамыз, ойын бейнелі жеткізе отырып, шығарманың астары мен айтпағын дөп баса білуге қалай үйретеміз деген сұрақтар төңірегіндегі зерттеулер мен ізденістер толастай қойған жоқ.

Бесінші бағыт білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін түрлі жанрдағы шығармаларды жазуға үйрету арқылы көтеруді көздейді. Бұл сұрақ төңірегіндегі зерттеулерді Н.В.Колокольцев, Н.Л.Карнаух, Т.А.Ладыженская сынды ғалымдардың еңбектерінен табуға болады.

Алтыншы бағыт өкілдері білім алушылардың шығармашылық тұрғыда өсуін әдеби білімінің кеңейе түсуімен тікелей байланыстарады. Себебі тұлғаның шығармашылыққа, сөз өнеріне деген қызығушылығын ең алдымен мектеп қабырғасында алған әдеби білімі мен көркем туындылар туғызатыны белгілі. Бұл мәселе Н.Д.Молдавская, В.Г.Маранцман, М.А.Мирзоян, С.А.Никифорова, А.Г.Кутузов, Т.В.Рыжкова, Е.Р.Ядровскаялардың еңбектерін көрініс табады.

Жетінші бағыт, көркем шығарманы талдау мен интерпретация мәселесі қашанда қабылдаушы әдеби-шығармашылық қабілеттерінің дамуымен қатар зерттеледі. Бұндай талдаулар В.Г.Маранцман, И.В.Щербина, Е.Р.Ядровскаялардың еңбектерінде ішінара айтылып өткенімен, толық әдістемесі қалыптасқан жоқ. Біздің жұмысымыздың өзектілігі де осы бағытқа негізделеді.

Сегізінші бағыт, соңғы жылдардағы әдістеме ғылымында зерттеліп жүрген маңызды мәселелердің бірі әдеби-шығармашылық қабілетті бағалау критерийлері. Бұл тұрғыдағы зерттеулер В.Г. Маранцманның еңбектерінен бастау алады. Білім алушының шығармашылық қабілетінің дамуына да,


шығармашылық жұмыспен айналысуға ынталандыруда да бағалаудың маңызы жоғары. Бұл туралы «Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері» бөлімінде кеңінен тоқталып, бағалау критерийлерін де ұсынып өттік.

Біз өз зерттеу жұмысымызда да жоғарыда атап өткен білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін түрлі жанрдағы шығармаларды жазуға үйрету арқылы дамыту, тұлғаның шығармашылығын дамытуда көркем мәтінді қабылдау мен талдау жұмыстарына жүгіну, перципиенттің әдеби-шығармашылық қабілеттерінің дамуын көркем шығарманы түсініп-түйсіну, интерпретациялау үдерісімен байланысты қарастыру бағыттарындағы зерттеулер қатарын толықтыра түсуді көздеп отырмыз. Төмендегі сызбада аталған бағыттарды жүйелеп ұсындық. Сонымен қатар, біздің тақырыбымыз үшін басым бағыттарды белгілеп өттік.




6- сызба. Әдістеме ғылымында тұлғаның шығармашылық дамуын зерттеу бағыттары


Отандық әдістемелік еңбектерде орта мектепке, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер қоры біршама жинақталған. Алайда жоғары білім беру мен жоғары оқу орнынан кейінгі тұлғалық және кәсіби даму кезеңіндегі білім алушылардың шығармашылық тұрғыда өсуін негіздейтін әдістемелік еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Көп жағдайда жоғары оқу орнына келген студенттің шығармашылық қабілеті мектеп қабырғасынан қалыптасып келеді деген түсінік туындауы мүмкін алайда статистикаға және жүргізілген зерттеу жұмыстарына сүйенсек баланың (тұлғаның) жасы ұлғайған сайын дивергентті ойлауы, шығармашылық еркіндік деңгейі, кретивке деген ұмтылысы төмендей беретінін байқауға болады. Е.Е.Туниктің «Диагностика креативности тест Е.Торренса» деп аталатын әдістемелік нұсқаулығындағы мәліметтерге сүйенсек, Е. Торренстің шығармашылық ойлау деңгейін анықтау әдісі бойынша жүргізілген эксперимент нәтижесінде ресейлік оқушылардың креативті ойлау көрсеткіші жасы ұлғайған сайын түсе беретінін көрсетсе, америкалық оқушылардікі керісінше, жасы ұлғайған сайын көтеріліп отыратын көрсетеді [104, 19 б.]. (Диаграмма1,2) Демек, шығармашылық ойлау көрсеткішінің тұлғаның жасы ұлғайған сайын көтеріліп немесе төмендеуі психикалық дамудың қалыпты көрінісі емес, білім жүйесінің құрылымына, шығармашылыққа баулу немесе ынталандыру әдістерінің берілу тәсіліне тікелей байланысты болғаны деген тұжырым жасауға болады. Сондықтан, біз де дәл осы Торренс әдісін негізге ала отырып қазақстандық оқушыларға эксперимент жүргізген болатынбыз. Біздің қол жеткізген нәтижеміз де ресейлік оқушылардың көрсеткішімен шамалас. Нәтижесін төмендегі кестелерден көруге болады. (10-сурет) Жоғары мектепте студенттердің шығармашылығын дамытуды өзекті деп табуымыздың бірінші себебі – осы.



10-сурет. Е. Торренс тесті бойынша ресейлік оқушылардың креативтілік көрсеткіші



11-сурет. Е. Торренс тесті бойынша америкалық оқушылардың кретивтілік көрсеткіші



12- сурет Е. Торренс тесті бойынша қазақстандық оқушылардың кретивтілік көрсеткіші

Жоғары мектепте студенттердің шығармашылығын дамытудың өзектілігін көрсететін тағы бір жайт – біздің нысанымыз болашақ педагог, әдебиетші маман екендігі. Яғни мектеп жасындағы оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау үшін алдымен сол жұмысты іске асырушы педагогтың дайындығын бірінші кезекте қолға алуымыз керек екені де даусыз. Оның үсітне әдебиет пәні оқушыларды шығармашылыққа жетелеуші пәндердің алдыңғы қатарынан табылатыны тағы бар. Бәлкім бірқатар мамандықтар үшін бүгінгі таңда мұғалімнің рөлі төмендеп кеткен де болуы мүмкін. Оған себеп, ақпаратқа

қолжетімділіктің арта түсуі, қашықтан білім алу, оның ішінде, асинхронды өздігінен білім алу т.б. болып отыр. Алайда, әдебиетті оқытуда керісінше педагогтың маңызы арта түскені, әдебиетші-педагогтың жүгі ауырлай түскені анық. Өйткені, қазіргі жаһандану жағдайында білім алушының кітапқа деген қызығушылығын ояту да, қиялына қанат бітіріп, көркемдік танымын кеңейту де, жаңа дүние тудыруға деген ұмтылысына, шығармашыл тұлға болып қалыптасуға ықпал ету де әдебиетші-педагогтың үлесіне тиіп отыр. Әдіскер ғалым Б.А. Әрінованың: «Әдебиет пәні оқушының өнер туындысын тануына, оны ой көзімен пайымдауға қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып, оқырмандық тәжірибені қалыптастырады: оқушыда көркем образды қабылдауға қажетті сезім сергектігін, дамыған шығармашылық қиял мен оқыған шығарманы (жеке көріністі) көз алдыңыңызға қайта жаңғыртып елестете алу қабілетін; кейіпкер тағдырына ортақтаса білу, шығарманы бар нәрімен терең қабылдап, тебірене әсерлене білуді, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастықта қабылдай білуді; шығармада кескінделген мінездер сырын, шығарма идеясын, жазушы позициясын шығарма арқауына сүйене отырып ашуды; шығарманы бағалауды негіздей білуді; өзіндік ой толғамында дербестікті, идеялық-көркемдік құндылығы жоғары шығармаларды ғана қалайтын оқырмандық талғампаздыққа; жазушылар шығармашылығын салыстыра отырып қарастыра білу біліктіліктерін қалыптастыруды көздейді»[105, 21 б.] – деген пікірі болашақ әдебиетші-педагогтарымыз да бала бойына осы білік-дағдыларды сіңіре алу үдесінен шыға алуы маңызды екенін аңғартады.

Олай болса, шығармашылық құзыреті қалыптасқан студент, шығармашыл тұлғаның моделі қандай, ол қандай талаптарға сай болу керек, оған жетуде қандай педагогикалық тұғырларды ұстанамыз, қандай қағидалар мен тұжырымдарға сүйенеміз деген сұрақтарды негіздеу мақсатында **интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі** жасалды.

Шығармашылықты дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін құруда, ең алдымен, қандай педагогикалық тұғырлар мен оқыту ұстанымдарын басшылыққа алатынымызды негіздеп алдық. Бүгінгі педагогикалық білім берудің негізгі тұғырлары мен жоғары оқу орындарындағы оқытудың ұстанымдарын саларай отырып, оқытудың *іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, акмеологиялық, андрогогикалық, мәнмәтіндік* тұғырларының басын біріктіруші, ортақ жүйеге келтіруші **құзыреттілік макроәдістемелік тұғыры** екенін негіздедік.

Аталған құзыреттілік тұғырын оқытудың *іс-әрекеттік тұғырымен* интеграциялауымыздың негізі – құзыреттілік ұғымының өзі іс-әрекет барысында, қандайда бір мәселелерді анықтау, оның шешімін табу, жүзеге асыру кезінде қалыптасатындығында; *жеке тұлғалық* тұғырмен кіріктіре қарастыруымызға себеп – құзыреттілік жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен оның құндылықтарына, рухани қалыптасуына, білімі мен қабілеттеріне бағытталатындығы; *акмеологиялық тұғырмен* байланысты қарастыруымызға

құзыреттілікті кәсібиліктің бір бөлігі ретінде түсініп, сондай-ақ, мақсаттылық, ұмтылыс, тұлғаның педагогикалық іс-әрекетті іске асыруға деген мүмкіндіктері мен дайындығы ретінде тануымыз себеп болды; *мәнмәтіндік тұғырмен* байланыстыруымызға студенттерді кәсібилікке баулу, шығармашылығын дамыту контексінде білім беру негіз болса, *андрогикалық тұғырмен* байланысын білім алушылардың өз бетінше ізденуін, өзіндік оқу бағдарын өзі құра алуын, кәсіби саладағы түрлі өзгерістер мен жаңалықтарға икемдігін басшылыққа ала отырып негіздедік. 13- сурет.



13- сурет. Студенттер шығармашылығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Жоғарыдағы негіздемелерді басшылыққа ала отырып, құзыреттілік тұғырды студенттің шығармашылығын дамыту мен әдеби интерпретацияға бағыттауда ең тиімдісі деген шешімге келдік. Сондай-ақ, ұсынылатын әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды да педагогиканың құзыреттілік тұғырына сай құратын боламыз. Себебі, құзыреттілік дегеніміз – мақсат, мотив, құндылық, білім, дағды, рефлексияның жиынтығынан тұратын жүйелі ұғым. Құзырет дегеніміз – аталған құзыреттіліктің бірлігі, құзыреттілік қалыптастырудың негізі, жүйе құрушы құрамдас бөліктердің бірі. Демек, құзырет білім беру үдерісімен бірге берілетін, дамитын болса, құзыреттілік соны бойға сіңіруде, іске асыруда қалыптасып орнығады.

Педагогика ғылымдарының докторы Б.Ө. Сманов: «Құзыреттілік – оқушының әрекет-тәсілдерді жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Сондықтан құзыретті тұлға қалыптастыру міндеті бүгінгі күннің өзекті талабы болып есептеледі.

Оқушының жеке тұлға ретіндегі құзыреттіліктерінің қалыптасуы көркем шығарманы оқу, оны жан-жақты этикалық, эстетикалық, әдебиеттанушылық талдау арқылы жүзеге асатыны анық» [106, 174 б.] – деген пікірі ойымызды бекіте түседі.

Жұмысымызда студенттер шығармашылығын дамытуда да бірнеше құзыреттерді (көркем шығарманы қабылдау, талдау, талқылау, интерпретациялай алу, бағалау, жаңа өнім алу, рефлексия) қалыптастыруды мақсат тұтамыз.



14- сурет. Құзыреттілік мазмұны

И.Е. Брякова шығармашылық құзыреттің құрамдас бөліктерін аксиологиялық, мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік деп бөліп көрсетеді.

➤ Аксиологиялық – сөз құндылығын түсіну, әрбір тұлғаны құндылық деп қарау және оларға шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас жасау;

➤ Мотивациялық – көркем мәтінді шығармашыл түрде иегеруге деген ұмтылысы мен мүмкіндіктерінің болуы;

➤ Когнитивтік – көркем мәтінді тануға шығармашылық тұрғыдан келуі, өзіндік көркем, сыни, публицистикалық мәтіндер құра алауы, іріктелген ақпаратты шығармашылық жүйеге келтіріп қолдана алуы, кәсіби шығармашылық шешімдер қабылдауда филологиялық білімін қолдана алауы;

➤ Іс-әрекеттік – көркем мәтінді талдау әдістерін меңгеру, әдеби шығармашылықты дамыту әдістерін меңгеру, жинақталған тәжірибесін шығармашыл түрде пайдалана отырып, жаңа әдістер ойлау табуға бейімділігінің болуы;

➤ Рефлексивтік – өзінің жеке шығармашылық әрекеттеріне, көркем шығарманың мазмұны мен мәніне рефлексия жасай алуы [107, б. 109];

Сондай-ақ, И.Е. Брякованың шығармашылық құзыретті дамытуда студенттің филологиялық, мәдениеттанушылық, психолого-педагогикалық

және әдістемелік құзыреттері де қатар дамиды деген ойын айтпай кетуге болмайды. Ғалымның бұл тұжырымдарына зер салып көрсек.

Студенттің *филологиялық құзыреті* көркем мәтінді түсіну мен талдауға, авторлық көркем немесе публицистикалық мәтіндер түзуге, мәтін интерпретациясының вариативтілігін құруға, өзіндік мәтін түзуде тілдік заңдылықтарды сақтап, сөз айшықтарын орыны қолдана алуға мүмкіндік береді.

Мәдениеттанушылық құзырет студенттік көркем туындыны қисынды интерпретациялауына, стилдік ерекшеліктерін сауатты саралай білуге, оқыған мәтіннен жазылған кезеңіне тән контекстер мен интертекстерді анықтай алуға мүмкіндік береді.

Психолого-педагогикалық құзырет студентке өзіндік шығармашылығын дамытуға, өзін-өзі бағалап, өзіндік құндылықтарын қалыптастыруға жол ашады. Сондай-ақ, өзге тұлғаның (болашақ алына келетін оқушыларың) да шығармашылық қалыптасу жолына бағыт беруге үйренеді.

Филолог-студенттің *әдістемелік құзыреті* шығармашылық құзыреттің өзегі болып табылады. Себебі, бұл жерде студент өзінің ғана емес өзге тұлғаның да шығармашылық қабілетін шыңдау жолдарын, дамыту әдістерін меңгереді. Бұл құзыретті қалыптастыру шығармашылық әрекеттің тиімді нәтижеге жетуге нық қадам десе де болады [107, б. 109].

Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасауда құзыреттілік ұстанымын басшылыққа алуымыздың тағы бір себебі – көздейтін соңғы нүктеміз шығармашылық құзыретті дамыту екендігінен бөлек, көркем шығармаға интерпретация жасаудың өзі студенттің көпсатылы іс-әрекет, өз алдына жеке құзыреттер жүйесінен тұратындығы. Біздің мақсат, біріншіден, студенттерге көркем мәтіннің көп қырлы, сан-салалы болмысын түсіндіру, екіншіден, оны қабылдауға, түсініп-түйсінуге, пайымдауға, талдауға, талқылауға үйрету, үшіншіден, осы алған әрекеттерді жүйелі жүзеге асыру арқылы өзіндік шығармашылық дамуына жол ашу, шығармашылық құзыретін дамыту болмақ. Дәл осы механизм мүлтіксіз іске асырылғанда ғана біз ұсынып отырған модель нәтижелі болмақ. (15- сурет)


Бұл механизмнің жүзеге асуы бірнеше кезеңдерді қамтиды:

1) Интуитивті кезең – көркем мәтінді түсіну мен қабылдау кезеңі;
2) Рефлексивті кезең – бұл кезеңде мәтінішілік ақпараттар, түрлі мәнмәтіндер мен олардың өзара байлынысын түсіну, пайымдау жүзеге асады. Интуитивті түсіну мен түсініп-түйсінуге, саралай отырып оқудың ара-жігі осы кезеңде ажыратыла бастайды. Дәл осы кезеңде автор мен оқырман арасында диалог туындап, оқырман белсенділігі арта түседі.

3) Көркем мәтіннің идеялық-көркемдік мәнін түсіну кезеңі – оқырман санасында шығарма концептісі толықтай орнығып, талқылау, бағалау орын алады.

4) Интерпретациялау кезеңі немесе өзіндік шығармашылық кезеңі – оқырманның өзіндік түйгенін, шығармадан алғанын қандай да бір материалдық

формада жарыққа шығаруы (жаңа мәтін түрінде немесе өнердің өзге түрлерінде).



15- сурет. Көркем шығарма интерпретация арқылы шығармашылықты дамытудың іс-әрекеттік механизмі

Аталған кезеңдер сәтті жүзеге асу үшін білім алушының бойында төмендегідей білік-дағдылар қалыптасу керек.

3-кесте. Көркем шығарма интерпретация арқылы шығармашылықты дамыту механизмінің жүзеге асу кезеңдері мен қалыптастыратын білік-дағдылары

Механизмнің іске асу кезеңдері	Білік-дағдылар
1	2
Интуитивті кезең	1. Шығармадан қабылдаған ақпараттарды, түйген ойдың мәнін аша алу; 2. Шығарманың мағынасын өзінің өмірлік көзқарастарымен, жеке пікірімен салыстыру, ішкі қайшылықтарды жеңу.
Рефлексия кезеңі	1. Түрлі мәнмәтіндерді, олардың өзара байланысын

3- кестенің жалғасы

1	2
	байқай білу; 2. Шығарманың мағыналық құрылымына талдау жасай білу; 3. Шығарманы оқу барысында туындайтын мән-мағыналарды өзара салыстырып, олар арқылы қалыптасатын жалпы идеялық түзілімді қайта қарау, саралау, өзіндік түсінігін қалыптастыру; 4. Көркем мәтін арқылы автормен диалог құра білу.
Көркем мәтіннің идеялық-көркемдік мәнін түсіну кезеңі	1. Түсінген мән-мағыналарды жинақтау (синтездеу); 2. Қодталған ақпараттарды ашу, жаңа мағыналарға ұмтылу, қол жеткізу.
Интерпретациялау немесе өзіндік шығармашылық кезеңі	1. Шығармадан түйгенін, алған әсерін жарыққа шығару құралын (сөз немесе өзге өнер түрлері) іріктей, таңдай алу; 2. Интуитивті түсіну кезеңінде қалыптасқан қисынсыз (адекватты емес) түсініктер болса, коррекция жасау, қайта електен өткізе алу; 3. Шығарманың идеясын авторлық ұстанымды адекватты жеткізе білу, екінші мәтін құра алу.

Көрсетілген білік-дағдылар кезең-кезеңімен жүйелі әрі мақсатты түрде іске асқанда студенттердің интерпретациялау әрекеті, шығармашылық құзыреті шыңдала түсері анық.

Дидактикалық және әдістемелік құралдарды тиімді қолдана білсек, көркем шығармаға жасалатын интерпретация шығармашылық құзыретті қалыптастырудың барлық талаптарына (білім, білік-дағдылар, тұлғалық қасиеттер мен құнылықтарды қалыптастыру мен дамыту бойынша) сәйкес келетіні анық байқалады. Соны негізге ала отырып, білім берудің педагогикалық үдерісті ізгілендіру, оқушының әлеуметтік құзыреттілігін дамыту, дамыта оқыту, іс-әрекет теориясын жүзеге асыру және жүйелілік ұстанымдарын басшалыққа ала отырып, көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы студенттің шығармашылық құзыретін қалыптастырудың дидактикалық моделін жасадық. Дидактикалық модель бойынша, шығармашылық құзыретті қалыптастырудың көпсатылы үдерісі мақсатты-мотивациялық, ұйымдастырушылық, мазмұндық және бағалаушылық-нәтижелік құрамдас бөліктерден (компоненттерден) тұрады (7-сызба).



7- сызба. Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастыру моделі

Қорытындылай келе, ұсынылған дидактикалық модель студенттердің шығармашылық құзыретін жоғары деңгейге жетелеуде негізгі бағдар бола алады деген тұжырымға келдік. Осы бағытта жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен нәтижелерін, қоланылған әдіс-тәсілдер мен құзыреттілікті дамыту жолдары туралы алдағы тарауларда таратып айтатын боламыз. Сондай-ақ, өзіндік шығармашылық қабілеттерін шындай түсіп, оған баға бере алатын, болашақ педагог етінде шығармашылық жұмыстарды кәсіби түрде ұйымдастыра алатын шығармашыл студентке қойылатын критерийлерін төмендегідей топтастыруда жөн көрдік (16-сурет).

Көркем мәтінге адекватты интерпретация жасай алатын, шығармашыл студент:

әрдайым өзін-өзі дамытуға, өзін өзі қалыптастыруға шығармашыл тұрғыда ұмтылысының болуы;

болашақ әдістемелік жұмыстарын сәтті ұйымдастыру үшін тиімді шығармашылық міндеттерді анықтай алуы;

өзіндік көркем немесе публицистикалық мәтін түзе алу қабілетінің болуы;

әдеби-шығармашылық құзіреттілікті дамытуға арналған әдістемелік құралдарды меңгеруі;

студенттің сыншы-оқырман ретінде қалыптасуы (көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау);

көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің басқа жанрларына түрлендіріп жаңа өнім алу мүмкіндігінің болуы.

16- сурет. Көркем мәтінге адекватты интерпретация жасай алатын, шығармашыл студентке қойылатын талаптар

2.3 Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту әдістері

Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, педагогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, педагог мамандардың сапасын көтеру, оқушылардың функцияналдық сауаттылығын көтерумен қатар, тәрбие жұмысын жақсарту күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды [108, 103 б.]. Бұл мәселенің барлығы да тиімді ұйымдастырылған оқыту әдістеріне тікелей байланысты екені даусыз.

Оқыту әдістері әдістеме ғылымының маңызды мәселелерінің бірі ретінде түрлі әдістемелік еңбектерде сан қырынан зерттеліп келеді.

Біз өз зерттеу жұмысымызда студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесін құруда алдыңғы бөлімде атап өткеніміздей педагогиканың *іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, акмеологиялық, андрогогикалық, мәнмәтіндік* тұғырларының басын біріктіруші ретінде *құзыреттілік* тұғырын басшылыққа алуды тиімді деп таптық. Көркем мәтінге итерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін дамытуда қос қадамды іс-әрекет жатқандықтан оқыту әдістері де соған сай іріктеліп алынды.



17- сурет. Көркем мәтінге итерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту сатылары

Оқыту әдістерін іріктеуде Н. Кудряшевтің ұсынған оқыту әдістерінің классификациясын басшылыққа ала отырып, шығармашылық оқу әдісіне сай әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар жүйесін жасадық. Н.Кудряшевтің оқыту әдістері классификациясы төмендегі төрт әдісті негіздейді. Олар:

1. Шығармашылық оқу әдісі;
2. Эвристикалық әдіс;
3. Зерттеу әдісі;
4. Репродуктивті әдіс [109, б. 23].

Б. Жұмақаева «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында: «Шығармашылық оқу әдісі әдебиет пәнін оқытуға тән негізгі әдістің бірі болып саналады. Бұл әдістің мақсаты мен міндетінің өзі оқушылардың шығарманы көркем қабылдауына жол ашу, шығарманың көркемдік табиғаты мен әсерін

сезіну қабілетін туғызу. Сондай-ақ шығарманы көркем қабылдау мен эстетикалық әсер алу әдебиетті ғылыми негізде түсінуге де ең қажетті баспалдақ. Шығарманы қабылдау үдерісінде оның шығармашылық ерекшелігін меңгеру де қатар жүріп жатады. Н.И.Кудряшев бұл әдісті оқушылардың көркем мәтінді алғашқы қабылдауын ұйымдастыру мақсаты мен оны талдаудың алғашқы кезеңдерінде қолдануды көздейді»– деп, аталған шығармашылық оқу әдістеріне тән тәсілдерді төмендегідей жіктейді:

1. мұғалімнің көркем сөз мәтінін мәнерлеп оқуы;
2. көркем сөз шеберлерінің мәнерлеп оқуы;
3. сахна шеберлерінің орындауындағы сахналық көріністер (күй-табақ, радио, теледидар хабарлары);
4. оқушыларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру;
5. шығарманың эмоциялық әсер күшін терең де мазмұнды сіңіру мақсатындағы мұғалімнің көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқуы;
6. оқылған мәтін бойынша оқушылармен пікірлесу,
7. шығарманың ішкі мазмұнын терең қабылдай отырып шығарма мазмұнынан туындаған көркемдік таным, адамгершілік, саяси-әлеуметтік т.б бағытта проблемалық мәселелер көтеру;
8. оқушылардың өмірден көрген, білгендеріне, түйгендеріне сүйене отырып, шығарма мазмұнынан туындаған мәселелер төңірегінде шығармашылық тапсырмалар беру[83, 81-82бб.].

И. Брякова Н.Кудряшевтің классицизациясын басшылыққа ала отырып, олардың қатарына рефлексивті әдісті қосады. Біз де осы пікірді толық қостаймыз. Өйткені, алдағы бөлімдерде атап өткеніміздей, рефлексия – студенттердің өз шығармашылық жұмысына, алған жаңа өніміне сын көзбен қарай білуге, өзін-өзі бағалауға, сол арқылы қайта жетілдіруге, дамыта түсуге мүмкіндік береді. Біздің пайымдауымызша, Н Кудряшев ұсынаған әдістердің барлығын дерлік (тек шығармашылық оқу әдісі емес) студенттер шығармашылығын дамытуға бағыттауға болады. Сондықтан, шығармашылық оқу әдісін барлық әдістің өзегі деп қарап, оқытудың эвристикалық, репродуктивті, зерттеу және рефлексивті әдістері тиімді құрылған жағдайда, шығармашылық оқу әдісіне қосымша құрал, соған жетелейтін жол болатыны анық.

Олай болса, студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту әдістерін және сол әдістерге сай тапсырма мен жұмыс түрлерін төмендегідей топтастыруды жөн көрдік:

4-кесте. Студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту әдістері мен тәсілдері

Оқыту әдістер		Әдістерді қолдану тісілдері
1	2	3
Шығармашылық оқу әдісі	<ul style="list-style-type: none"> • Интерпретация; • Инсценировка; • РАФТ т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ○ Өнердің өзге түрлеріне интерпретация (киноинтерпретация, сахналық

		қойылым, сурет, постер, видеорепортаж, коммикстер, жарнама, вайн т.б.)
--	--	--

4- кестенің жалғасы

1	2	3
		<ul style="list-style-type: none"> ○ Әдебиеттің өзге жанрларына интерпретация (қара сөзді өлең түрінде беру немесе керісінше өлеңді қара сөзге айналдыру, драмалық шығарма немесе сценарий жазу, шығарма идеясы бойынша эссе, «әдеби монтаж әдісі т.б.»; ○ Ғылыми интерпретация (сын мақала, рецензия т.б.)
Эвристикалық әдіс	<ul style="list-style-type: none"> • Миға шабуыл; • Эвристикалық сұрақтар; • Инверсия әдісі; • Эмпатия әдісі; • Синектика әдісі т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ○ Герменевтикалық талдау; ○ Әдеби ойындар; ○ Пікірталас; ○ Диспут; ○ Подкаст (видеокаст); ○ «Кейіпкер орындығы»/ «Ыстық орындық»;
Репродуктивті әдіс	<ul style="list-style-type: none"> • Лекцияның түрлері; • Кітаппен жұмыс түрлері т.б 	<ul style="list-style-type: none"> ○ «Ақ дақтарды жою» тәсілі; ○ «Қарама-қарсы сұрақ» тәсілі; ○ «Сократтық диалог» әдісі; ○ «Визуалды лекция»; ○ «Екі жақты күнделік»/ «Үш түрлі күнделік»; ○ «Диктоглас» т.б.
Зерттеу әдісі	<ul style="list-style-type: none"> • Жобалау әдісі; • Кейс-стади әдісі; • Публицистикалық сын әдісі; • Партфорлио; • Модельдеу; • Бақылау әдісі т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ○ Студенттің өзіндік жұмыстары; ○ Студенттік жоба жұмыстары; ○ Диплом жұмысы; ○ Педагогикалық іс-тәжірибе жұмыстары т.б.
Рефлексивті әдіс	<ul style="list-style-type: none"> • Партфолио; • Жеке канал; • Парақша; • Сайт; • Рефлексия түрлері т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ○ Жеке шығармашылық портфелі; ○ Жетістіктер портфелі; ○ Телеграм және ютуб канал; ○ Факфиктер; ○ «Жұқа және қалың сұрақтар»;



18- сурет. Шығармашылыққа баули оқыту әдістері

Бастысы, аталған әдіс-тәсілдерге көшпес бұрын студенттің немесе жалпы топтың шығармашылық әлеуетін, педагогтың қандай әдіс-тәсілдерді қолданатынын анықтап алу шарт. Ал, алған білімін қорыту, дамыту, жинақтау, жағдаяттарға сай қолдана білу, шығармашыл ойлауын, креативтілігін дамыту, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі бағалауға жол ашу – жоғарыда көрсетілген түрлі әдістер мен тәсілдерді ұтымды қолданған жағдайда қалыптасатын білік-дағдылар.

Өзіміздің зерттеу жұмысымызда аталған жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін барлығын дерлік қолдандық. Тақырыбымызға сәйкес, студент шығармашылығын дамытуда қолданған интерпретация түрлеріне шолу жасасақ.

Студенттердің интерпретация теориясы мен практикасын қатар меңгеруіне негізделген кешенді тапсырмаларың бірі ретінде **студенттің өзіндік жұмысын (СӨЖ)** ұсындық. Қ.Тасболатов білімгерлерге өзіндік жұмыс тапсырмаларын берудің шығарманы түсініп-түйсінудегі, шығармашылық әрекетін дамытудағы

рөлі турасында: «Оқушыларды өздігінен жұмыс істей білу қабілетіне жеткізу, соның тәсілдерін меңгерту – таным әрекетінің, творчестволық ой процесінің көмегімен ғана іске асады. Әрбір орындалатын жұмыста творчестволық ой, танымдық әрекет болады. Сондықтан әдебиет тарихын оқытуда, көркем шығармаларды талдауда оқушылардың өздігінен жұмыс істей білу қабілетінің қалыптасу процесіне ерекше көңіл аударылады. ...Көркем әдебиеттің даму заңдылығын, оның табиғи ерекшелігін, әсемдігін сездіру, ұғындыру, білдіру – міне, бұлар – оқушының өздігінен жұмыс істей білу қабілетін жетілдіру жолдары арқылы жүзеге асады» [110, 24 б.], – дейді.

Өзіндік жұмыс тапсырмаларын беруде А.Б.Есиннің әдістемесін басшылыққа ала отырып, өзіміздің пәннің (Тәуелсіздік кезең әдебиеті) мазмұны мен материалдарына сәйкес негіздедік. Студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалары төрт блоктан тұрады. Әр блок бойынша СӨЖ орындау нұсқаулығы беріліп, студенттер шығарманы нұсқаулықта көрсетілген сұрақтарға жауап бере отырып талдайды.

Бірінші блок тапсырмалары студенттердің көркем мәтінге жасалатын интерпретация теориясы бойынша алған білімін қадам-қадаммен (қабылдау – түсіну – түйсіну – пайымдау – жаңа өнім) практика жүзінде іске асырып, жете меңгеруіне мүмкіндік береді.

Екінші блок тапсырмалары көркем шығармаға жасалынған интерпретациялардың қисындылығына баға беріп, сын мақала, рецензия жұмыстарына талдау жасайды. Бұл тапсырма студенттердің өзіндік интерпретациясын өзге интерпретациялармен салыстыра отырып, қайта коррекциялар жасауына, интерпретациясының кеңейте түсуіне, ғылыми интерпретацияға қадам басуына ықпал етеді.

Үшінші блок тапсырмасын орындау арқылы әдеби шығармаларғы жасалған киноинтерпретациялар мен драматургиялық интерпретацияларға талдау жасап, түпнұсқа мәтін мен интерпретациясы арасындағы қабылдау, түсіну, режиссерлік шешім, көрерменге жеткізу мәселелерін анықтай алады.

Төртінші студенттердің өзіндік интерпретациясына, жеке шығармашылық жұмыстарына арналды. Төменде төрт блок тапсырмаларын ұсынамыз. Ал студенттердің шығармашылық интерпретация

Студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1.Ж. Қорғасбектің «Үлпілдек» романы, Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі, Т. Шапай «Шырмауық» және «Керексіз» әңгімелерінің біріне төмендегі талаптарға сай интерпретация жасаңыз.

- а) мәтінді мұқият оқыңыз;*
- ә) шығарманың әсерлі тұстарын және негізгі мазмұн белгілеп алыңыз (қысқаша жазып өтіңіз);*
- б) шығарманың айтар ойы мен негізгі идеясын қысқаша түйіндеңіз;*
- в) мәтінді қайта бір оқып, шығарманың сіздің алғашқы интерпретацияңыздың қалыптасуына түрткі болған тұстарын түртіп*

алыңыз. Сіздің интерпретацияңызға қайшы келетін тұстарын да белгілеп алыңыз;

г) қажет болған жағдайда алғашқы интерпретацияңызға өзгертулер енгізіп, әр пікіріңізді мысалдармен бекітіп отырыңыз;

г) соңғы, түйінді интерпретацияңызды жазыңыз.

2. Ж. Қорғасбектің «Үлгілдек» роман-тәмсіліне Нұрбек Түсіпханның «Үлгілдектің астары» және Бағашар Тұрсынбайұлының «Сөздің реті» мақалаларында жасалған интерпретациялардың қисындылығын бағалаңыз.

а) Нұрбек Түсіпханның «Үлгілдектің астары» және Бағашар Тұрсынбайұлының «Сөздің реті» мақалаларын оқыңыз.

ә) Ж. Қорғасбектің «Үлгілдек» роман-тәмсіліне жасалған Нұрбек Түсіпхан мен Бағашар Тұрсынбайұлының интерпретацияларын салыстырыңыз.

б) кімнің интерпретациясында көркем шығарманың эмоционалды тоны (пафос) көбірек байқалады?

в) кімнің интерпретациясы көркем шығарманың поэтикасын (көркемдік ерекшеліктерін) кеңінен талданған?

г) төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Нұрбек Түсіпхан мен Бағашар Тұрсынбайұлының интерпретацияларын адекватты деп есептеуге бола ма?

- Сіз қай интерпретацияға басымдық берер едіңіз және не себепті?

- интерпретациялардың бірін (немесе екеуін де) адекватты емес интерпретация деп тануға бола ма?

Нұрбек Түсіпханның «Үлгілдектің астары» мақаласының сілтемесі: <https://qazaqadebieti.kz/4607/lpildekti-astary>

Бағашар Тұрсынбайұлы «Сөздің реті» мақаласының сілтемесі: <https://qazaqadebieti.kz/9465/s-zdi-reti>

3. Қазақ әдебиеті туындыларының біріне жасалған кез келген драмалық немесе кино интерпретацияны талдаңыз. 1-блок тапсырмалары талаптарын негізге алыңыз және қосымша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Режиссердың ұстанымы авторлық ұстаныммен (позиция) сәйкес келе ме?

- Актерлардың әдеби образдарға жасаған трактовкаларын қисынды деуге келе ме, неге?

- Қай жағдайда туындының әсер ету деңгейі жоғары? Шығарманың түпнұсқасын оқыған әсерлі ме әлде шығармашылық-образды интерпретациясын қабылдау ыңғайлы ма?

- Аталмыш интерпретация (спектакль, кино) біздің көркем шығарма туралы көзқарасымызды кеңейте түсе ме, әлде керісінше тек режиссердің таным-көзқарасын таңып бере ме?

- Аталған интерпретацияны қисынды деуге келе ме?

4. Топтық жұмыс. Таңдаған туындыларыңыздың бірін өзге өнер түрлерінде немесе әдебиеттің өзге жанрларында интерпретациялап ұсыныңыздар.

Өздік жұмыс тапсырмаларын орындауда студенттерге *бірінші және екінші* блок тапсырмаларында шығармалар мен талдауға ұсынылған сын мақалалар оқытушы тарапынан берілген болса, *үшінші, төртінші* блок тапсырмалары студенттің өзіндік ізденуіне, еркін таңдау жасауына, өзіндік шығармашылық мүмкіндіктеріне қарай орындауға мүмкіндік берді. «Қазақ әдебиеті туындыларының біріне жасалған кез келген драмалық немесе кино интерпретацияны талдаңыз» деген тапсырма аясында студенттер М. Жұмабаевтың әңгімесінің желісімен Ш.Айманов атындағы қазақфильм студиясы, Болат Шаріптің режиссерлігімен түсірілген «Шолпанның күнәсі», режиссер Абдулла Қарсақбаевтың Бердібек Соқпақбаевтың повесіне түсірген «Менің атым Қожа», Ш. Айтматовтың повесті бойынша Ардақ Әмірқұловтың режиссерлігімен көрерменге жол тартқан «Қош бол, Гүлсары», Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесінің желісі бойынша Д. Манабаевтың «Кек» кинофильмдеріне, сондай-ақ, М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында сахналанған Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Оралхан Бөкейдің «Қар қызы», «Үркер» телебағдарламасы үшін Т.Шапайдың әңгімесі желісімен сахналанған «Жағымсыз кейіпкер» спектакльдеріне, Д. Исабеков туындысының интерпретациясы «Әпке»сериалына талдаулар жасалып, әдеби образдарға жасаған интерпретациялардың қисындылығына, қабылдануына авторлық идея мен режиссерлік идеяның қабысуына баға берді.

Төртінші блоктың «Таңдаған туындыларыңыздың бірін өзге өнер түрлерінде немесе әдебиеттің өзге жанрларында интерпретациялап ұсыныңыздар» деген тапсырмасына да студенттер сан қырынан келген. Сахналық қойылымдар, қысқаметражды фильмдер, видеорепортаж, фоторепортаж, постер, коллаж, вайн, жарнама, монолог т.б. түрінде өзге өнер мен медиа құралдарына интерпретацияласа, әдебиеттің өзге жанрлары ретінде өлең, эссе, рецензия, публицистикалық мақала түріндегі интерпретациялараға басымдық берілген.

Сонымен қатар, **әдебиеттің өзге жанрларына интерпретацияның** үздік үлгілерінің бірі ретінде Т. Шапайдың «Шырмауық» әңгімесіне жасаған поэзиялық интерпретация нұсқасын ұсынуға болады.

Төрттаған түріндегі интерперетация

Ғұмыр ортақ дарынға да, ғалымға,
Көр өмірдің қарасын да, ағын да.
Бұл адамның баяғыдан әрдайым
Жақсы менен жаман жүрген жаныда.

Біреу жанып, жастығында жалындар,

Соны құртып, жойған небір залымдар.
Ал, шырмауық ши бөрілер қапса да,
Бәйтерек боп өткен талай нар ұлдар.

Білем менің кінәм менен қатам көп,
Жамандықтан сақ болсыншы жаһан тек.
Ал, бәйтерек дегеніміз кім еді,
Бар ғой мысал мынау ед(і) деп атар көп.
Сол бәйтерек айтсам егер бүкпесіз,
Кешегі өткен Исатай мен Махамбет...

Бұйырғаны болады деп сандалмай,
Сақ жүргенде болар кімде мән қандай?!
Түк бітірмей атанам деу бәйтерек,
Жатып ішер жаннан қалған арман жай
Шың бәйтерек боп өтейік бастысы,
Шырмауықтар айласына алданбай. (Студенттер жұмысынан)

Студенттердің басқа да жұмыстарымен қосымшадағы (Қосымша А) QR код арқылы танысуға болады.

Көркем шығарманы интерпретаулаялауға дағдыландыруда *герменевтикалық талдау* жұмыстарына тоқталмай өтуге болмайды. Герменевтикалық талдаудың өзі – түсіну үдерісінің герменевтикалық шеңбер бойымен іске асып жатуы, рефлексия, мәтіннің мәніне бойлай түсу, микромәтіндер мен мәнмәтіндер мағынасы арқылы бүтін мәнге қол жеткізу деп түсіндіріліп жатады. Бүгінгі таңда студенттеріміз көне мәтіндер мен ғасыр бұрын жазылған шығармалар былай тұрсын, өздерімен замандас ақын-жазушылар шығармаларына бойлай алмай жатады. Оған себеп, тілдің жұтандығы, образды ойлаудың таяздығы. Тіпті филолог студенттеріміздің де сөз саптауы ауызекі, тұрмыстық сөз деңгейінен аспай жататынын шығармаға талдау жасату, эссе жаздыру сынды жұмыстар кезінде бойқап жатамыз. Әрбір сөз бен сөйлемнің мағынасын жете түсінбей бүтін мәтінді толыққанды түсіну жүзеге аспайтыны айтпай-ақ белгілі. Ал сол жекелеген сөздер мен сөйлемдердің мәнін ашуда мәтіннің жалпы мағынасына сүйенеріміз тағы анық. Герменевтикалық түсіну шеңбері осыдан туады. Студенттерге герменевтикалық талдау үшін ұсынылған Е. Жүністің «Менің жолым» өлеңі төмендегідей талданды.

Е. Жүністің «Менің жолым» өлеңі – студенттерді өршіл рухқа тәрбиелейтін, елін, жерін, ұлтын сүйуге шақыратын, тегін танытуды мақсат тұтатын патриоттық туынды. Алайда, қазақы дәстүр мен салтты танып өскен, ұлттық таныммен сусындап өскен ұрпақ болмаса, кез келген оқырманға өлең бірден түсінікті бола қоймайтыны анық. Өлеңнің әр тармақ, әр шумағы халық танымынан, қазақы тұрмыс-тіршілік пен ұлттық болмыстың ерекшеліктерінен хабар береді. Осы төрт шумақты өлеңді түсінуде студенттер үшін ұмыт болған

түсініктер мен ұлттық дүниетануды қайта жаңғыртуда жан-жақты ізденістер қажет.

Е. Жүністің «Менің жолым» өлеңі – әр оқырман өз керегін алып, өздігінше түсініп-түйсініп, өз таным биігінде талдай алуына әлеуетті шығарма. Оқырманның өресі, қазақ танымына сәйкес ұғым-түсініктерді танып-білуі, білім дәрежесіне қарай өлеңнің идеясы ашыла түседі, мәні тереңдей береді. Аталған өлеңді талдауда концептілерді тану мен ондағы мән-мағынаны түсіну мен пайымдау аса маңызды. Сондықтан да оны түсіну мен түсіндірудің негізгі әдісі – *интерпретация* болмақ.

Мойнына бұршақ сап тілеген даланың тұңғышы,

Мен емес шығармын.

Киелі қандағы қасиетті өрліктің үлгісі,

Мен емес шығармын.

Ұлы тұз, о, сен деп ұлыған бөрі де абадан,

Мен емес шығармын.

Қазан ат –қан кешкен ғасырдың өтінде жараған,

Мен емес шығармын.

Тәңір көк еркесі – қыранның шаңқылдақ жалғызы,

Мен емес шығармын.

Алаулап атқан таң шапағы жүректей алқызыл,

Мен емес шығармын.

Білмеймін,

Бұл **кәрі далалық** тәкаппар жас халық

Менен не күтеді?!

Білерім:

Мен үшін барлық жол қазақтан басталып,

Қазақпен бітеді! [111,53 б.].

Білімгерлер Е.Жүністің «Менің жолым» атты өлеңінбір оқығанда түсініп, бойларына сіңіре алмады. Алайда, әр сөзін жеке зерделеп, түсініктемелер бере отырып талдауда өлеңнің мәнін ашу әлдеқайда жеңілдей түскенін студенттердің жасаған талдау нәтижелерінен көруге болады. Студенттердің талдау жұмыстарын төменнен көруге болды.

5-кесте. Бірінші талдау жұмысы:

Жекелеген үзінділер	Бөлшектің мағынасы	Бүтіннің мағынасы
1	2	3

5-кестенің жалғасы

1	2	3
Мойнына бұршақ сап тілеген	Қазақ халқының ертеден келе жатқа ырымы, ғұрпы. Ертеде балалы бола алмаған адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан бала сұрап жалбарынған.	Меніңше, бұл жерде ақынның айтпағы – жүрегім қазақ деп соғады, қазақпен бірге жасап, қазақпен бірге өлемін деген ой.
Киелі қандағы өрлік	Өжеттік, өр мінезділік, бірбеткейлік. Өрліктің үлгісі деп нағыз батыр, қаһармандықтың бейнесін, үлгісін меңзеп тұр.	Автордың бұлардың барлығын мен емес
Ұлы тұз – ұлы дала.	Ұлыған бөрі – қасқырлар әулетінің көсемінің ұлуы.	шығармын деп
Ұлыған бөріде абадан	Яғни, айтпағы, ұлы далада ұлитын нағыз қасқыр әулетінің көсемдері. Осы даланың нағыз иелері – тұз тағылары.	санамалап айтуындағы мақсаты – сондай
Қазан ат – қан кешкен ғасырдың өтінде жараған:	Мұндағы «қазанат» дегеніміз батырлардың жауынгерлік аты. Жаугершілік заманда ел қызметіне жараған батырлардың астына мінген аттарын «Қазанат» деп атаған.	керемет болмасам да, халық менен керемет
Тәңір көк еркесі – қыранның шаңқылдақ жалғызы:	Қыран құзар шыңның ең ұшқыр биігіне ұя салатын еркін құс. Ол көк аспанның иесі өзі секілді қанатын еркін сермеп, асқақ ұшады. Автордың оны ерке деуі де сондықтан.	дүниелерді күтеді дегенді айтады. Ұлтымының, елімнің үмітін ақтағым келеді, халықтың ұлымын, бар өлең-жырым қазаққа арналады дегенді меңзейді.

6-кесте. Екінші талдау жұмысы:

Жекелеген үзінділер	Бөлшектің мағынасы	Бүтіннің мағынасы
1	2	3
Мойнына бұршақ сап тілеген	Мойнына бұршақ салу – қазақ халқының ырымы. Перзент көре алмай жүргендер мойнына бұршақ салып Алла Тағаладан бала тілеген екен. Ал өлеңде автор «мына даланың	Өлең жолдарын жеке талдау кезінде айтып кеткенімдей, автор асқақтық –

6- кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>ұзақ күткен перзенті» өзі ме, емес пе деген ой тастайды. «Кәрі даладағы жас халықтың» бағына біткен перзенті өзі болса, ол кім?! Одан болашақ не күтеді, ел не күтеді? Өзі соған ылайықты ма? Автор ғана емес, сол сауалды әркім өзіне қойып жауап бере алар ма екен деген астарлы мағына бар. Халықтың әр перзенті өзіне артылған жауапкершілік пен ұлт алдындағы парызы туралы ойлана ма екен деген сауал жатыр. Ойланбаған болса, ой салу бар өлеңде.</p>	<p>қарапайымдылықта дегенді тамаша сипаттай білген. Оның айтуынша, ол қанша ел қатарлы азамат қана болғанымен, елдің басына біткен батыр болмағанына қарамастан, халықты соңынан ерте алатын көшбасшы болмаса</p>
<p>Өрліктің үлгісі</p>	<p>Өрлік – асқақтық, биіктік. Менің түсінігімде, өрлік – ар-ұяттың беріктігі.</p>	<p>да, өзінің қазақ боп туғанын мақтатан етеді. Оның жолы – қазақ боп тууы мен қазақ боп өлуінен тұрады. Яғни,</p>
<p>Ұлы тұз, о, сен деп ұлыған бөріде абадан</p>	<p>Абадан дегеніміз – көшбасшы. Бұл жерден де қарапайымдылықпен теңесуді көреміз. Ұлы тұлғалардың өзі ұлтым деп өткен, ұлт жолында қызмет еткен деген ой жатыр.</p>	<p>ұлтын сүюдің үздік үлгісі – елге ең жақсысын бере</p>
<p>Қазан ат –қан кешкен ғасырдың өтінде жараған</p>	<p>Қазан ат – жауға мінетін ат; Мұнда автор нағыз батыр, ел басына күн туғанда жауға шабар шын қайсар мен емес шығармын дейді. Бұл дегеніміз нағыз батырлардың қасында мен түк емеспін, алайда ұлт жолында жан беруге аянбаймын деген идеяны байқауға болады.</p>	<p>алмасаң да, өз қолыңнан келгенді бере алу. Өз халқы мен кәрі даласының алдындағы шарасыздықтың ұшқыны да</p>
<p>Тәңір көк еркесі – қыранның шаңқылдақ жалғызы,</p>	<p>Қазақта асқақтық пен биіктікті, еркіндікті қыранға балау өткеннен келе жатқан теңеу. Сол қыранның жалғызы мен ғана емеспін, халықтың менен де алғыр, менен де мықты ұлдары туары анық деген болашаққа сенім бар.</p>	<p>байқалады. Себебі елінің одан не күтерін білмейді, бірақ басты білері біреу ғана – қазақ екендігінде және</p>
<p>Мен үшін барлық жол</p>	<p>Осы екі жол автордың осыған дейін айтқан ойын анық ашып тұр десек те</p>	<p>оны мақтан тұтатындығында.</p>

6-кестенің жалғасы

1	2	3
қазақтан басталып, қазақпен бітеді!	болады. Яғни, «мен өте асқақ емеспін, тіпті елдің мақтан тұтар батыры да емес шығармын, алайда менің қазақ болып туылғаным менің басты өмірлік жолым, оның бастауы және соңы» дегенді түсіндіреді. Менің жолым – қазаққа бастап апатын жол, менің жолым ұлтқа қызмет ету дейді.	

7-кесте. Үшінші талдау жұмысы:

Жекелеген үзінділер	Бөлшектің мағынасы	Бүтіннің мағынасы
Мойнына бұршақ сап тілеген	Құдайдан жалынып бала тілеу	Өлеңде автордың елінің, халқының алдындағы жауапкершілігі сезіледі. Елім, жерім деп соққан жүректен шыққан сөз, оқырманның жүрегіне дәл жетіп тұр. Оқырмандарды да елінің алдындағы жауапкершілікті сезінуге шақырады.
Ұлы түз Ұлыған бөріде абадан	Киелі қазақ даласы Кекті қасқыр немесе ашынған қасқыр	
Қазан ат – қан кешкен ғасырдың өтінде жараған	Қиын-қыстау кезеңдер, тарихи жайттар	
Тәңір көк еркесі – қыранның шаңқылдақ жалғызы	Бір атадан жалғыз деген мағына	
Мен үшін барлық жол қазақтан басталып, Қазақпен бітеді	Қазақ деп соққан жүректен шығатын сөз.	

Келтірілген талдауларды салыстыратын болсақ, алғашқы екі жұмыста өлеңдегі әр тармақтың мағынасын жеке түсінуге, көнерген сөздер мен

тіркестердің мәнін ашуға, жеке-жеке пайымдауға деген ұмтылыс байқалады, дегенмен де әр тармақтың, әр ұғымның мағынасын толық аша алған, өлеңнің мән-мазмұнын толық түсініп, мәніне жете алған деп айтуға келмейді. Үшінші талдауда тіпті жекелеген сөздер мен сөз қолданыстарының мәніне тереңдей түспегенін байқаймыз. Соның салдарынан, өлеңнің идеясын, бүтіннің мағынасын түсіндіруде де жалпылай сипаттап қана өткен. Яғни, берілген талдау жұмыстарын зерделеп қарасақ, студенттердің өлеңнің өн бойындағы ұғым-түсініктермен толықтай таныс емес екенін байқауға болады.

Сондықтан, білімгерлердің пайым-түсінігін тереңдете түсу үшін бірінші бөлімде атап көрсеткен этномәдени жәнетарихи-мәдени **түсініктеме беру** әдістерін қолдануды жөн көрдік. Өлеңнен халық танымынан, мәдениеті мен әдет-ғұрпынан бастау алып, бүгінде сирек қолданыстарының немесе автордың төл қолданыстарының мәніне тереңдей түсу үшін этнографиялық сипаттағы материалдар мен сөздіктерді пайдалана отырып, жабық (кодталған), түсінуге қиын соғатын сөздердің мағыналарын әр түрлі контексте талдап талқыладық. Атқарылға жұмыстың нәтижесінде, студенттер өзді-өзі сөздіктер мен түрлі мақалалардағы материалдарды басшылыққа ала отырып, сөздер мен ұғымдардың берілген контекстегі мәнін, сөздің реңкін, эмотивті қызметін түсіндіруге арналған *«Өлеңнің түсіндірмелі сөздігін»* дайындады. Төменде солардың бір нұсқасын ұсындық.

Мойнына бұршақ сап тілеу – Қазақтың ежелден келе жатқан мойнына бұршақ салу ырымы бар. Ертеде баласы жоқ адамдар немесе ұрпаққа зар болып жүргендер мойнына көгеннің бұршағын салып, Алла Тағаладан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады [113].

Тұңғыш – баланың ең үлкені, ең бірінші туған бала. Қазақ алғаш көрген баласын «тұла бойы тұңғышым деп атап, «отымның алды, суымның тұнығы» деп ерекше бағалаған [13].

Киелі қан – Кие – қасиет.

Қасиетті қан – ерекше болмыс, даралық.

Қасиетті өрлік – дара болмыстан шығатын өр мінез, өр қалып-күй.

Ұлы – асқақ, қадірлі, қасиетті.

Түз – дала (өлеңде туған ел, Отан мағынасында)

Абадан бәрі – қасқыр әулетінің көсемі, бастаушысы. Қасқырдың абаданы әуегіндегі басқа қасқырлардың атасы да, мықтысы да болса керек. [113].

Қазан ат – ұзақ жолға, соғысқа шыдамды, мықты ат, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы. Арғымақтан туған қазанат [113].

Қан кешу – азапты күндерді өткеру, кескілескен соғыс көру.

Жарау (ғасырдың өтінде жараған) – шыныққан, шираған, бабына келген.

Жарату – баптау арқылы аттың етін таралту, шынықтыру [113].

Тәңір көк – аспан, көк аспан.

Қыранның шаңқылдақ жалғызы – қыран бүркіттің ұясындағы жұмыртқа жалғыз болса оны жалқы балапан деп атайды. Бұл қыран болудың бір белгісі деп есептеледі. Қыран бүркіттер жалқы балапаннан көбірек шығады. Ел аузында «жалғыз туса жан алар» деген сөз бар. Егер ұяда бірі үлкендеу, бірі

кішілеу екі жұмыртқа болса, құсбегілер үлкендеуін ұябасар деп кішілеуінен бұқатана балапан шығады деп есептейді де, ұябасар жақсы өсіп жетілсін деп бүркіт жоқта ұядағы жемге ортақтасатын бұқатана жұмыртқаны алып тастайды [114].

Таң шапағы – таңның арайлап атуы, нұры (өлеңде жаңа күнге деген үміт, болашағынан үміт еткен ұрпақ мағынасында берілген)[13].


Кәрі дала – талай ғасырды, небір заманды басынан өткерген дала, бабамыздың көзін көрген, атадан ұра боп жеткен Отан мағынасында[13].

Тәкаппар – өр, асқақ, маңғаз[13].

Жас халық – тәуелсіздікке жаңа қол жеткізген, жаңа заман белесіндегі халық[13].

Интерпретация теориясы мен тәжірибесіндегі басты мәселе – оның орынды, орнықты, шындыққа сай, яғни қисынды болуында. Ең алдымен шығарманың шынайы мәнін, терең қабаттарын түсіну үшін интерпретация жасалады. «Интерпретация дегеніміз – *өзінің* түсінуі» деген қарапайым қағидаға ден қойсақ, мұндағы «өзінің түсінуі» - авторға қарама-қарсы, одан өзгеше түсіну деген сөз емес, керісінше шығарманың сырын ұғу мақсатында оны «өз жүрегіңнен өткізу» болмақ[13].

Біз алдыңғы бөлімде көркем шығармаға интерпретация арқылы шығармашылықты дамыту механизмінің жүзеге асу кезеңдерін *интуитивті кезең, рефлексивті кезең, көркем мәтіннің идеялық-көркемдік мәнін түсіну кезеңі және интерпретациялау немесе өзіндік шығармашылық кезеңі* деп төрт кезеңге бөліп көрсеткен болатынбыз. Аталған әр кезең көркем шығармаға жасалатын интерпретация сатыларын айқындайды (19-сурет) .



19- сурет. Көркем шығармаға жасалатын интерпретация сатылары мен жүзеге асу кезеңдері

Көркем шығармаға интерпретация арқылы шығармашылықты дамыту механизмінің әр кезеңі мақсатқа сай жүзеге асу үшін оқытушы тарапынан әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар жүйесінің тиімді таңдалуы маңызды. Осыған орай, көркем туындыны интерпретациялау барысында ұсынылатын тапсырмаларды да үш топқа жіктеп ұсынуға болады. Олар:

- 1) Шығарманы оқу-түсіну-қабылдауға негізделген тапсырмалар;
- 2) Талдау-жинақтау-бағалауға негізделген тапсырмалар;
- 3) Шығармашылыққа негізделген тапсырмалар.

Мысалы, Алмаз Мырзахметтің «Түн жанарындағы жас» әңгімесі студенттердің ерекше қызығушылық білдіріп, кең талқыға түскен туындылардың бірі. Аталмыш әңгімені талдау барысында жоғарыда көрсетілгендей үш деңгейлі әдістер жүйесін қолдандық.

1. Шығарманы оқу-түсіну-қабылдауға негізделген тапсырмалардың бірі ретінде «Джиксо» тәсілі таңдалды. Студенттерді 4 топқа бөліп, әр топқа әңгіменің бір бөлімі табысталды.

1- топқа – «*Шуақ кемпірдің көршісіне айтқаны*» деп аталатын бөлім;

2- топқа – «*Өз еркімен куәгерлікке келген жігіттің сот тергеушісіне айтқаны*» бөлімі;

3- топқа – «*Айдардың сот тергеушісіне айтқаны*» бөлімі;

4- топқа – «*Қаза болған жігіттің емінінің құлағына сыбырлап айтқаны*» бөлімі оқуға берілді. Бұл топтардан бөлек, мүлде мәтінмен таныс емес екі студент «Тергеуші» болып тағайындалады. Әңгіменің соңғы «*Жеңгесінің күнделігіне жазғаны*» деп аталатын бөлімі топтарға ұсынылмай оқытушының өз қолында қалады.

Әр бөлім оқиғаны әр түрлі кейіпкердің көзімен баяндайтындықтан, әр топ сюжет желісінің қалай өзбегінін өздігінше болжап, өз бөлімдері бойынша әңгіменің негізгі мотивіне, тақырыбы мен идеясына болжалды баға беруге, талдау жасауға тырысады. Өзара талқылаулардан кейін, бірінші топтан бастап, әр топтан бір студент өз бөлімдеріндегі оқиғаны «Тергеушілерге» баяндайды. Әр топтың оқиғасы баяндалған сайын оқиға желісі нақтыланып, сюжет айқындала түседі. Сюжеттің басы құралғаннан кейін студенттер өзара талқыға салып, өз бөліміндегі кейіпкерлердің ой-пікірін, көзқарасын жақтауға тырысады. Төрт топты да тыңдап болған «Тергеушілердің» біреуі оқиға желісін жүйелеп, әңгімені қайта құрап айтып шығады, екіншісі әңгіменің түйінін, негізгі идеясын түсіндіріп, баға беруге ұмтылады. Ең соңында оқытушы өз тарапынан «*Жеңгесінің күнделігіне жазғаны*» бөлімін оқып береді. Осы бөлім оқылғаннан кейін студенттер өз болжамдарының дұрыс/бұрыстығын, негізгі ойды таба білген/білмегендерін қайта саралай түседі.

Көркем шығарманы қабылдауға негізделген тапсырмалардың ең тиімділерінің бірі көркем шығармадан үзінділер беріп, қандай әсер, қандай сезімде болғандарын сипаттауларын сұрау. Мысалы шығармадан үзінділер ұсынылып, төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

1) *Сол түні қорқынышты түс көрдім. Қаптаған қара қарғалар аппақ арғымақты тірідей жеп жатыр екен деймін. Құстарды үркітейін деп тас*

лақтырып едім, өзіме қарай құжынап келе бастады. Айқайлап қашып үйге тығылдым. Есік терезені тарсылдатқан қарғалардың даусынан құлағым тұнып, селк етіп оянып кеттім. Таңғы төрттің кезі екен. Енді ұйқым келмейші... Біршама уақыттан соң үйдің есігін ашып, ұлымның өз бөлмесіне кіргенін, төсегіне жатқанын естідім. Сыртқы шығуға бара жаттым да көре салайын деп барып ем, ояу жатыр екен; басын көтеріп қарады. Көңілім орнына түсіп бұрышқа тастай салған пальтосын көтеремін дегенде «ке-е-ш-ш-ш-і-і...» деп тұңшыққанын естідім. Құдай-ай, не жазып еді, сорлы ұлым? Жанына барғанымда көзі айналып бара жатты. Жүрегі жарылып кеткен екен [115].

- Берілген үзіндіні оқығанда қандай сезім күйін кештіңіз?

- Шуақ кейіптің бейнесін қалай елестеттің, суреттеп беріңіз?

- Түн, бөлеме іші шығармада суреттелмеген. Сіз бөлме ішін қалай елестеттіңіз, т.б.

2) Аруақтар сарайының есігін қаққандай тұңшығып шыққан зілбалға дауысы барлығымызды есеңгіретіп, орнымыздан қозғалтпай тастады. Молаларды жаңғыртып, марқұмдардың мазасын алған әр соққы өмірдің соңғы секундтарындай дүрсілдеп жатты. Бір кезде ортасына дейін қағылып, әрі қарай батпай тұрған қазық кезекті соққыдан соң қабірге екі-үш қарыстай еркін кіріп кетті. Барлығының құлағына жұмыртқаның жарылғанындай үн естілді. Мен лоқсып жер сипалап қалдым. Басымды көтергенде үңірейген бейіттерден ысылдап басталған дауыс ызыңдап, ырылдап, ұлып, қарқылдап, мияулап, маңырап, сай-сүйегімді сырқырата бастады. Әрі қарай көп нәрсе есімде жоқ, көз алдым тұманданып, ауылға қарай жүгірдім. Үйге жете сала білетін дұғаларымды жүз қайтара оқып, кірпік айқастыра алмадым. Сол күні таң да атпай қойды [115].

- Берілген үзіндіні оқығанда қандай сезім күйін кештіңіз?

- Бейіт ішін, түн қараңғысын қалай елестеттіңіз? Сипаттап айтыңыз немесе суреттеп беріңіз.

- Шығармадағы кейіпкердің үрейлі сәтін қалай қабылдадыңыз? Кейіпкерге үрей тудырған не деп ойлайсыз?

3) Мен елесін! Тыңда мені-і-і! Ол түн — ерекше түн еді. Мен шексіз түнекке қамалғанға дейінгі жалған өмірімнің соңғы демі! О, жалған өмір! Сол кезде сенің көкжиегіңнен осы түнек жарқ-жұрқ найжағайын сермен, төніп келе жатқан-ды. Оның ақиқат әлемінің түнегі екендігін ойладым ба, жоқ па? Сол бір өмір деп аталатын әлем мен үшін тәтті түс еді ғой, шіркін! О, өмір деген – жалған түс екен-ау! Енді менің жаным қараңғылыққа байлаулы.

Еле-е-есін, тыңда мені-і-і!

Түн, қарғыс атсын сені! Неге сен әлемнің сансыз бояуын көлеңке көрпесімен қымтар кезде, менің де жанарымды тұмшаладың, неге? [115].

- Берілген үзіндіні оқығанда қандай көңіл-күй туды?

- Түн, қараңғылық сізге қандай эмоция, сезім сыйлайды?

- Кейіпкер қандай сезімде болды деп ойлайсыз?

- Кейіпкерге қорқыныш туғызған себепті анықтаңыз?

Бұл тапсырма студенттердің қабылдау деңгейін байқауға, өзіндік интерпретация жасауына бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттердің эмоционалды интеллекттерін дамытуға, ішкі сезім күйін сипаттап айта алуға да ықпалы зор.

2) Талдау-жинақтау-бағалауға негізделген тапсырмалар.

«Автормен сұқбат» тәсілі. Бұл әдіс бойынша студенттерге шығарманы оқып болғаннан кейін авторға қоятын сұрақтарын жазуға арнайы ортақ ватман қағазы ұсынылады. Қағазға әр студент өз сұрақтарын жазып қалдыра алады. Мысалы: *«Сіз мистикаға сенесіз бе?»*, *«Готикалық сарындағы әңгіме жазуды арнайы мақсат тұттыңыз ба?»* *«Қазақ әдебиетіне қандай шығармалар жетпейді деп ойлайсыз?»*, *«Түн жанарындағы жас» әңгімесінің идеясын өзіңіз қалай түсіндірер едіңіз?»*, *«Бұл шығарманың ойтұрткісі не?»* т.б.

Сұрақтар қағазға түсіріліп болған соң, студенттерді кезек-кезек «Автор орындығына шақырып, қағазда жазылған сұрақтардың кез-келгенін таңдап қойып, автор ретінде жауап беруге шақырамыз. Бұл әдіс оқушылардың шығарманың айтпақ ойы, авторың ұстанымы, автордың қандай тұлға екендігі, дүниеге көзқарасы туралы кеңірек ойланып, іздене түсуіне жол ашады. Ұжымдық талдау, бір-біріне ой салып, таным көкжиегін кеңейте түседі. Осылайша, шығарманы қабылдау мен түсіну үдерісі жеңілдейді. Ортақ талқылаулар қабылдау мен түсінуді бір бағытқа қарай жетелеуі де қайшы көзқарастар тудыруы да мүмкін. Бұл өзіндік интерпретация тудырудың негізгі баспалдағы деуге болады.

Шығарманы жүйелі талдап, бағалау үшін шығарма тек мәтін тұрғысынан талдануы аздық етеді. Шығармаға әсер еткен **экстрематіндік факторларға талдау жасау** өте маңызды. Бұл тұста әлем және қазақ әдебиетінде талданып отырған шығармаға тақырыптың, мазмұндық және формалық ұқсас туындыларды саралау, автордың өзге туындыларын, жалпы шығармашылық ұстанымдары мен көзқарастарын зерттеу, әдеби-теориялық тұрғыдан талдаулар жасау «Талдау-жинақтау-бағалау» кезеңінің өзегі десе де болады. Бұл тапсырмалар студенттердің өзіндік ізденіс жұмыстарын қамтиды. Үй тапсырмасына студенттерді үш топқа бөліп, бірінші топқа – «Қазақ және әлем әдебиетіндегі мистикалық сарын, ортақ мотивтер» тақырыбы; екінші топқа – «Алмаз Мырзахмет шығармашылығын зерттеу (шығармалары, сын-пікірлер, сұқбаттары мен авторлық жұмыстары)» тақырыбы; үшінші топқа – «Готикалық әдебиет: зерттелуі мен үлгілері» тақырыбы берілді. Студенттер семинар сабағында презентация түріндегі зерттеулерімен бөлісіп, шығарманы тың идеяларымен бекіте түседі.

3) Шығармашылыққа негізделген тапсырмалар. Шығармашылық жұмыс ретінде студенттер төмендегідей тапсырма үлгілері берілді:

- Шығармадан алған әсеріңді, түйген ойыңды өнердің өзге түрінде жарыққа шығыру (өлең, музыка, постер, сурет т.б.)

- «Түн жанарындағы жас» әңгімесіне кітап мұқабасын жасау;

- Прозаны поэзияға айналдырып қайта жазу;

-Сахналық қойылым немесе сценарий түзу.

Студенттер өздері таңдаған жұмыс түріне (таңдауға ұсынылмаған, өз жұмысын өткізуге де болады) сай шығармашылық өнім ұсынады.

Прозалық шығармаларды интерпретациялау жұмыстарының өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктері бар. Студент прозалық туындының бойындағы түрлі мән-мағынаны, идеяны, өмір көріністері мен сезім күйлерін қисынды интерпретациялай алу үшін деңгейлеп, жүйелеп оқытудың тиімді әдістерін таңдай білген жөн. Н.А. Трофимова «Методика формирования навыков интерпретации художественного текста у студентов-бакалавров» атты мақаласында: «Сабақ барысында интерпретация жасауға ұсынылатын көркем мәтіннің идеялық-эмоционалдық мазмұны санқырлы, толыққанды болуы шарт, сондай-ақ, лингвомәдениеттанушылық ақпараттың қайнар көзі болуы керек»[116], – дей отырып, студенттердің көркем шығарманы тиімді оқуын көздейтін үш теңгейлі тапсырмалар жүйесін негіздейді. Біз аталған әдісті зерттеу эксперименті кезінде тәжірибеден өткізіп, тиімді деген әдістерді таңдап алдық.

1. Прозалық шығарманы оқуға дейінгі кезең
2. Прозалық шығарманы оқу барысы
3. Прозалық шығарманы оқығаннан кейінгі кезең.

Әр кезең өз ішінде бірнеше тапсырмаларды қамтиды.

Прозалық шығарманы оқуға дейінгі кезең. Оқуалды кезеңі бірнеше мақсаттарды көздейді. Олар – оқырманға алдын-ала не туралы оқитынынан хабар беру және осы алған ақпараттары көркем туындыны қабылдауына (түсіну-түйсіну) әсерін бағамдау; студентті оқуға ынталандыру, шығарманың көтерген проблематикасын анықтау, туынды тақырыпаттарының мәнін ұғу, автор туралы мәліметтермен танысу, шығармаға қатысты сын-пікірлермен танысып шығу және осылар арқылы шығарманың не туралы екеніне, немен аяқталатынына алдын-ала болжам жасау. Бұл кезеңде студенттерге төмендегідей тапсырмалар ұсындық:

1) «Тақырыптар мен жанрлар» деп аталатын тапсырмада студенттерді өзара жұптастырып, алдыларына бес кітап береміз. Студенттер кітаптың мұқабасындағы иллюстративті ақпараттармен, атауымен, тарау-тараушаларымен, кітаптың аннотациясымен т.б. экстрамәтіндік ақпараттармен танысып шығады. Содан кейін студенттер қайтадан үш адамдық топтарға бөлініп, танысып шыққан кітаптары туралы мәліметтермен бөліседі (кітаптың атауы айтылмайды). Ал басқа студенттер қай кітап туралы әңгімеленіп жатқанын табулары қажет.

2) Келесі тапсырма «Андатпа» деп аталады. Студенттер қайтадан екі адамнан жұптасады. Студенттердің біріне әр түрлі кітаптар туралы аннотациялар беріледі, ал екіншісіне кітаптар тізімі беріледі. Студенттердің бірі аннотацияны дауыстап оқиды, екіншісі оның тізімдегі қай кітаптың аннотациясы екенін табуы тиіс. Бұл тапсырма арқылы білім алушылар өз қызығушылықтарына сай кітаптар таңдап алуына мүмкіндік туады және оқитын шығармалары туралы болжам жасау (алғашқы интерпретацияның), алдын-ала баға беру кезеңінен өтеді.

3) Білімгерлер үшін мәтіннен тыс ақпараттармен, соның ішінде, автор туралы мәліметтермен танысып шығу да өте маңызды. Бұл турасында Ә. Қоңыратбаев «Көркем әдебиеттің ерекшеліктері» мақаласында: «Әдебиет тарихының орталығында жазушының өмірі мен шығармашылық жолы, қалыптастырған жанры, көзқарасы, стилі, әдісі, тарихи орны тұрады. Жазушының өмірі деген желі мұғалімге таныс. Әрбір жазушы белгілі бір заманда, ортада өмір сүріп, өмір құбылыстарына өз заманы тұрғысынан баға берген. Екінші сала – оның шығармашылық жолы. Мұның екі буыны бар: а) тудырған жанры, ондағы роблемалар, стилі, әдісі, көзқарасы; ә) автордың әдебиет, қоғам тарихынан алатын орны» [117, 23 б.], – деп тұжырымдайды. Сондықтан оқуалды кезеңінде мәтінмен жұмысқа көшпес бұрын студенттерге таңдаған кітаптарының авторы туралы, оның биографиясы мен маңызды еңбектері туралы, қанатты сөздері, қайраткерлік жолы туралы, замандастары мен аға буын пікірі жайлы презентация жасап келу тапсырылады.

Прозалық шығарманы оқу барысы. Бұл кезеңде студенттер төмендегідей тапсырмаларды орындайды.

1) *Болжам жасау.* Білімгерлер мәтіннің бір бөлігін оқып, ары қарай не болатыны туралы осыған дейінгі оқиғалар мен идеяларды негізге ала отырып шығарманың қалай өрбитіні туралы болжайды.

2) *«Кері шегініс»* әдісі осыған дейін алған ақпараттарды мәтінмен интеграция жасай алуға арналған. Оқуалды кезеңінде жасалған болжамдар мен көзқарастар мәтінмен байланыстыра қайта қаралады. Шығарманы түсінуге ықпал еткен тұстары талданады.

3) *Герменевтикалық шеңбер.* Бұл әдісті «герменевтикалық шеңбер» деп атадық. Себебі атқарылатын жұмыс Ф. Шлейрмахердің «герменевтикалық шеңбер» тұжырымдамасын негіздейді. Яғни, мәтінде кездескен түсініксіз ұғымдар, студент танымында жоқ әдет-ғұрып, салт-сана көріністері, мәдени алшақтықтарды контекст арқылы анықтап, мәнін ашуға ұмтылу.

4) *Үзіліс.* Көлемді мәтіндерді оқығанда студенттердің бір уақыт үзіліс жасап, осыған дейін оқыған-түйгендерін бір саралап алған тиімді. Мысалы, көлемді романдарды оқуға екі апта уақыт беріп, арасында оқыған бөліктерін топ болып бір талқылап алған маңызды. Бұл тапсырма пікір алмасу кезінде шығарманы түсінуде жіберіп алған ой-идеяларды толықтырып немесе басқа қырынан қарап, ары қарай оқуда шығармаға тереңірек үңілуге, жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Прозалық шығарманы оқығаннан кейінгі кезең. Үшінші кезең тапсырмалары біріншіден, студенттердің оқыған шығармаларын түсіну деңгейін анықтаса, екіншіден, көркем шығарманы талдау дағдыларын қалыптастырады. Көркем шығармаға интерпретация жасаудың негізі болып саналатын сюжет, уақыт пен кеңістік, кейіпкерлер жүйесі, автордың айтпағы негізгі идеясы деген ұғымдарды игереді. Топтық дискуссиялар студенттердің оқу барысында ескертпей кеткен тұстарын толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде төмендегідей тапсырмалар беруге болады:

1) *Қайта құру*. Тапсырманың бұл түрі студенттердің мәтінді қайта құруын немесе диаграммадағы бос орындарды тиісті сөздермен, сөйлемдермен немесе сөз қолданыстармен толықтыруды талап етеді. Бұндай тапсырма түрлері ретінде *мәтінді аяқта, оқиғаларды орнымен орналастыр, келесі оқиғаны тап, тарау атауларын берілген сюжетпен сәйкестендір* деген сияқты әдістерді қодануға болады.

2) *Талдау*. Бұл тапсырма студенттердің мәтінмен жұмыс барысында негізгі ақпараттарды анықтау және оларды жүйелеу дағдыларының болуын талап етеді. Талдау барысында мынандай қосымша амалдарға жүгінуге болады: *белгілеп алу (талдауға қажет деп тапқан ақпараттарды немесе мәтіннен туындының негізгі идеясын ашып тұр деген тұстарын белгілеп шығу), кесте құру (шығарманы бірнеше мағылалық және ақпараттық топтарға бөліп, кестенің әр бөлігіне атау немесе қысқаша сипаттама беріп, оны толтыру, сұрақ-жауап (оқытушының сұрақтарын басшылыққа алу немесе мәтін бойынша сұрақтар дайындап алу. Сұрақтараға жауап бере отырып талдау жүргізу)*.

Көркем мәтінді интерпретациялаудың шығармашылық сипатымен қатар, зерттеушілік сипаты да бар. Сондықтан көркем шығарманы талдау мен интерпретациялауда көркем мәтіннің ерекшеліктеріне, эстетикалық тұтастығына, түрлі филологиялық талдау тәсілдеріне, мәтін, мәнмәтін, интермәтіннің өзара байланысы мен қызметіне, мәтін төңірегіндегі сан түрлі оқырман пікірлері мен сыни мақалаларға назар аудару өте маңызды. Кейде тұтас туындыны бөлшектеп, жіктеп қарау барысында бұрын байқалмаған, мән берілмеген жасырын («ұйқыдағы мән» Ж. Дерида) мән-мағынаға қол жеткізуіміз әбден мүмкін. Кейде керісінше түрлі жекелеген талдаулардың басын біріктіріп, жинақтау арқылы шығарманың негізгі идеясына, айтпақ ойына дөп түсіп жатамыз. Бұл турасында Т. Есембеков: «... түптеп келгенде, әдеби туындыны әр қилы интерпретациялық тезден өткізуге деген ниеттің жетекші идеяға айналатын даусыз. Мәтін структурасын сараптаудан басталатын алғашқы жұмыстың әрі қарай мазмұндық пайымдаулар мен байламдарға жалғасқаны нәтижелі болмақ», – деп түйіндейді. Студенттердің шығармашылық қабілетімен бірге, зерттеушілік құзыретін қатар дамытатын жұмыс түрлерінің бірі – **рецензия жазғызу**. Көркем шығармаға жазған рецензиясы арқылы студенттің көркем шығармаға қай деңгейде бойлай алғанын, қаншалықты терең түсінгенін, интерпретациясының адекваттылығын бағалауға болады. Бүгінгі әдебиетте мазмұндық әрі формалық жағынан түрлі эксперименттерге барып жүрген жас жазушылардың бірі Алмаз Мырзахметтің «Жазушының қойын дәптерінен» деп аталатын пунктир-повесіне жазған студенттер рецензиясынан үзінділер ұсынсақ:

1-студенттің жұмысынан үзінді:

А. Мырзахметтің “Жазушының қойын дәптерінен” повесі өзіндік жазу стилімен, сюжеттік құрылысымен басқа шығармалардан ерекше. Әр оқиға басында беріліп отырған эпиграфтар сол бөлімнің негізгі ойын жеткізуде ұтымды пайдаланылған. (Алайда, кейбір эпиграфтар орыс тілінде. Бәлкім

автор қостілді оқырман үшін сол қалпында әсерлірек болады деп тапқан шығар.) Бұнысымен автор өзінің айтпақ болған ойын қысқаша суреттеп жеткізіп алғаннан соң, сол қысқа нақыл сөзді өзінің оқигасымен ашқандай болады. “Бұқар Жырау көшесіндегі жолдан өту” деп аталатын бөлімі «Өмірдің өзі үлкен спектакль» деген Шекспирдің сөзінен басталып, жазушы өмірдегі бар жаратылыс ең кемел жаратылысқа бағындырылатыны жөнінде баяндайды. Бұл мысалды өзінен өткізіп, “менің айналамда бүкіл әлем мені айналада, мен үшін барлық құбылыс өзінің жұмысын атқаруда” деген мотивті қозғайды. Оқиға көшеден өткен автордың қасындағы адамды өзіне байланысты деп санап, не себепті ондай ойға келгенін тарқатып ашады. Яғни, барлық адам, жаратылыс бір қойылымда секілді, әр кім өз рөлін ойнау үшін ғана жүр деген ойды жеткізеді. ...Бөлімнің түйініне келер болсақ, “Кейде ойлаймын, кім біледі, бәлкім, мен сіз үшін жаралған шығармын. Сіздің мінсіз өміріңіздегі бес минуттық, он минуттық уақытыңызды толтыру үшін осы әңгімені жазу – мендік миссия. Басқасы жалған” деп ендігі бағытты өзінен оқырманға бұрып әкеледі. Автор негізгі кейіпкер өзі деп алғанменен, соңында өзі арқылы барлық адамзатты айтып тұрғанын байқаймыз. Оқиганы оқырманға ой тастау мақсатымен сұрақ қою арқылы аяқтайды.

...Сондай-ақ, автор қазақ әдебиетіне пунктир-повесть деген жаңа жанр әкелген. Пунктир аталауы шығарманың жеті пункттен тұратындығы, әр пунктің (бөлім) әр түрлі ойды қозғайтынын меңзесе керек. Ал повесть жанрының үдесінен шыға ма? Бәлкім, барлық бөлігін бір шығарма ретінде түзе білсек, повестің сюжетіне татырлық дүние шығып та қалар.

Оқырман жалпы шығарманы оқу барысында повесті емес, бір адамның күндегілігін, ой толғанысы түскен қағаз беттерін оқып отырғандай сезінеді. Бұлда бір автордың оқырманмен жақын байланыс орнату, өз ойын жеңіл бірақ терең жеткізудегі мақсаты болар деп түсінесіз.

2- студенттің жұмысынан үзінді:

...«Әйнектің ар жағындағы тағдыр» деп аталатын бөлімде, адамдардың өзін көзілдірік тағатындар және тақпайтындар деп бөледі. Бұл бөлімде автор бізге нені жеткізгісі келеді? Меніңше, бұл адамдар өмірге екі түрлі көзқараспен қарайды, бірі жеңіл, бірі астарлы ойлармен қарайды деп ойладым. Әрбір пунктің атауы ретінде берілген «Бұқар жырау көшесінен өту», «Жапырақ», «Аялдаманы күту» т.б тақырыптарға қарасақ бірден қызықтырады. Маған ерекше әсер еткен бөлімі – «Аялдаманы күту». Себебі, автобусты өмір деп алсақ ол автобус біреу үшін ерте келеді, біреу үшін уақытылы немесе кеш келеді. Ал, ол автобустың ішінде қанишама жан бірі күліп тұрады, бірі терең ойға, мұңға батып, енді бірі жасы келген ата-апаларымыз болады. Неше түрлі тағдырлар суреттеледі. Және автордың өзінің туған жері Қарқаралыны қосуы, яғни «Жер Жәннәті – Қарқаралыға дейін қанша адам бара жатыр екен ә?», – деп осылай қорытындылағаны ерекше ұнады. Қаниша адам жәннатқан жету жолында түрлі аялдамалардан түсіп қалып жатыр. Қанишасы жәннаттық болар екен деген астарлы ой жатқандай көрінді.

Екі студенттің жұмысы да ғылыми интерпретация, рецензия талаптарын толық қанағаттандырмаса да шығарманың мазмұнының өзінше саралау, терең философиялық ойларға ұштастыра мән іздеу сынды ұмтылыстары қуантады. Әр талдау студент-оқырманның дүниетанымынан, жеке көзқарастарынан, білім деңгейінен хабар береді. Бірінші жұмыс шығарманың құрылымдық ерекшеліктеріне, эпиграфы мен жанрлық атауына көбірек мән беріп, автордың оқырманмен байланыс орнату тәсілдерін екшеуге тырысан. Екінші жұмыс көбірек мазмұнына, идеясына бойлаған. Тіпті «Жер Жәннәті – Қарқаралыға дейін қанша адам бара жатыр екен ә?» деген бір сөйлемнен, жәннат пен тозақ сынды діни философиялық ойларды іздеуге тырысуының өзі студенттің жеке дүниетанымынан хабар беретінін байқауға болады. Қалай десек те, екі жұмысытан да студенттердің өзіндік түсінік, өзіндік қабылдаулары қалыптасқанын көруге болады.

Студенттерге «Тәуелсіздік кезең» әдебиеті пәні бойынша оқыған шығармаларының **бірін өнердің өзге түріне интерпретациялап ұсыну** топтық тапсырмасы берілген болатын. Тапсырманы орындау барысында 1-топ студенттері Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесіні бойынша «Әдебиет алаңы» әдеби телевизиялық бағдарламасын дайындады. Тапсырманың орындалуында ұтымды шыққан тұсы тапсырманы орындауда әдеби сұқбат, автор орындығы, монолог, сахналандырылған қойылым сынды түрлі тәсілдердің басын біріктіріп бір телевизиялық бағдарлама ретінде тиімді бере білуінде. Сұқбат барысында бағдарлама жүргізушісі авторға барша оқырманның көкейінде жүрген сұрақтарды қоюға тырысты. Жүргізуші: «Неге шығарма «Бекторының қазынасы» деп аталады? Бұл шығарманы жазуыңызға не түрткі болды?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы авторлық ұстанымды, шығарманың ойтүркісін білуге, шығарманың идеясын аша түсуге ұмтылады. Автор бейнесін сомдаушы студент өзіміз сабақта жиі қолданатын әдіс «автор орындығында» отыр. Яғни, жүргізушінің сұрақтарына жауап беру үшін, шығарманы тереңнен түсініп оқу, автор туралы үлкен ізденіс, автордың осы сынды сұрақтар төңірегіндегі сұқбаттарын саралау сынды жұмыстар жүргізілуі тиіс. Бұлардың барлығы да шығарманы қисынды интерпретациялауға, шығарманың астарын түсініп, мәнін ұғуға жетелейді. Сондай-ақ, шығарманың негізгі идеяларының бірін даяшының монологы ретінде бір-ақ ауыз сөзбен ұтымды бере білуі, сол арқылы Қайырболды мен Бекторының сұқбатын тиімді байланыстырып әкетуі шығармашылық зеректіктің, режисерлік ұтқырлықтың көрінісі бола білген. Инсценировка ретінде де Бекторы мен Қайырболдының соңғы сұқбатын таңдап алулары арқылы шығармадағы негізгі идеяны, оқырманға жеткізбек ой-түйінді беруге тырысқан. Шығарманың басты құндылықтарын насихаттай отырып, оқымаған оқырманды шығарманы оқуға кеңес беріп өтеді. Яғни, жүргізілген сұқбат та, көрсетілген қойылым да шығарманың сюжетін қайта баяндап немесе тәппіштеп айтып бермейді. Ең түйінді, ең қорытынды ойын сүзіп алып беруінің өзі оқырманға тасталып отырған интрига.

Дәл осы тапсырманы айтарлықтай ұтымды бере алмаған топтар да бар. 2-топ студенттері Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романынан үзінді келтіріп, шағын фильм дайындап ұсынды. Ұсынылған интерпретацияларды сабақта талдау барысында бұл топтың жұмысы шығармадағы дайын оқиға желісін еш өңдеусіз ұсынған, көркем шығарма тілі сценарий түрінде қайта қаралмаған, уақыт пен кеңістік мәселелері ескерілмеген деген сияқты сын-пікірлер алды. Сол сияқты бүкіл романның ішінен оқиғаны толық, аяқталған ойды бере алатындай етіп таңдай білу, Ербол мен Меңтай рөліндегі студенттердің актерлік шеберліктері, тапсырманың видеоөңдеуі сынды ұтымды тұстары да аталып өтті.

Екі жұмысты салыстыра отырып, интерпретация тек автордың айтпағын дөп басу ғана емес, шығарма мәнін аша білу ғана емес, тіпті шығарманың сюжетін айнытпай беру де емес, оқырманның өзіндік ойының, өзіндік қабылдауының берілуі, сол авторлық идеяны, шығарманың айтар ойын жаңаша өңдеп, өзіндік қолтаңбамен, жаңа өнім ретінде бере білу.

Көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне интерпретациялау тапсырмасы студенттерге шығарманың бар болмысын ақтарып, толықтай зерделей отырып оқуға, қисынды түсінуге және өзіндік көзқарасын беру мақсатында шығармадан өзін іздей отырып оқуға мүмкіндік береді. Сол арқылы автормен бірлескен шығармашылық құрып, өзіндік шығармашылығына жол ашылады. Студенттердің жұмыстарымен қосымшадағы (Қосымша Ә) QR код арқылы танысуға болады.

Студенттердің әр шығарманы шығармашыл түрде қабылдап, жаңаша жаңғыртып сыртқа шығаруына негізделген өте тиімді әдістердің бірі – **жобалау әдісі**. XIX ғасырдың II жартысында АҚШ-та пайда болған бұл мектеп, алғашында оқушыларды еңбекке баулу идеясынан бастау алып, кейінен білім берудің түрлі саласында кең қолданысқа ие болды. Бұл әдіс студенттердің өз бетінше ізденуіне, алған білімін, қолда бар ақпаратын талдау, жинақтауына, жұмыс барысын бақылау, болжау, қорытуына, өз әрекеттеріне сын көзбен қарап, нәтижелі әрекетке қадам басуға мүмкіндік береді. А. Сатбекованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы» атты оқу құралында: «Білім беру үдерісінің шығармашылық сипаты оқу пәні бағдарламаларының мазмұндық-құрылымдық жүйесі, білім беру технологиялары мен әдістемелерінің түрлендірілуі, ақпараттық технологиялардың қолданыс өрісі және профессорлық-оқытушылар құрамының шығармашылық-креативтік әлеуеті арқылы анықталады әрі жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтың жүзеге асуының басты көрсеткіштерінің бірі студенттің шығармашылық әлеуетін көтеруге бағытталған оқыту технологияларын, оның ішінде оның өздігінен жол табуына негіз қалайтын жобалай оқыту технологиясын қолдану болып саналады»[118, б.12], - деген пікірі біздің ойымызды қуаттай түседі.

Сондай-ақ, интерпретацияның басты мақсаттарының бірі жаңа өнім алу дейтін болсақ, жобалау әдісі сол өнімге жоспарлы, ұйымдасқан, шығармашыл түрде қол жеткізу тәсілдерінің бірі. Қ.А. Мұса «Жобалық оқыту білім беру

жүйесінің негізі ретінде» атты мақаласында жобалау әдісінің төмендегідей ерекшеліктеріне тоқталады:

1. Маңызды мәселе – ақпараттық, зерттеу, практикалық (себебі мәселе нақты себеппен немесе әрекетке итермелейді);

2. Жобаның ерекшелігі-ақпаратты іздеу ғана емес, шығармашылық (яғни шығармашылық және зерттеу қызметі);

3. Студент үшін жобаның нақты практикалық мақсаты болуы тиіс, ол 7таңдалған проблеманы шешуге бағытталуы тиіс. [119]

Жобалау әдісі негізінде студенттерге топтық және жұптық жұмыс ретінде екі жоба ұсынылды.

Бірінші жоба аясында Смағұл Арай, Кәрібаева Аружан, Оспанова Ләззат «Қисса-дастандарды оқыту арқылы ұлттық дүниетанымды кеңейту» деген тақырыпты тандап, қисса мәтіндерін оқушы қауымға бүгінгі күннің интерпретациясында қайта жаңғырту арқылы ұлттық дүниетанымды кеңейтіп, жас ұрпақтың діни-танымдық қиссаларды санасына сіңіріп өсуіне ықпал етуді көздеді. Жоба нәтижесінде қиссалар желісі бойынша коммикстер жинағы әзірленіп, баспаға ұсынылды. Сонымен қатар «Қисса қазыналары» атты телеграм канал ашылып, қиссалардың мән-мағынасы түсіндіріліп, басқа да танымдық ақпараттар берілді.

Осы сияқты өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды, ырым-тыйымдардың мәнін, ұлттық салт-дәстүрдің қалыптасу тариханы дәріптеуге, ұлттық сананы қайта жаңғыртуға негізделген оннан аса қиссалар іріктеліп алынып, коммикстер жинағы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бүгінгі таңда графикалық әдебиет деген атауға ие болып, әлемде сан мыңдаған оқырман жинайтын мұндай шығармашылық жұмыстар мәтіннен түйген-түсінгенін кескіндеме арқылы жарыққа шығаруды көздеп қана қоймай, оқушының визуалды оқу дағдысын дамытып, әдебиетке құштарлығын оятары сөзсіз. Коммикстердің толық нұсқасын қосымшадан (Қосымша Б) көруге болады.





20- сурет. Студенттердің жоба жұмыстары нәтижесінде қиссалар желісі бойынша жарық көрген коммикстер жинағынан үзінді

Тақырыптың өзектілігін «Қисса қазылары» атты телеграм каналдың жарты жыл ішінде 328 қолданушы жинап, салынған қиссалар мен олардың мән мағынасына қатысты сауалнамалар оқырмандар тарапынан қызу талқыға түсіп жататындығынан байқауға болады. Жалпы телеграм канал, ютуб канал сынды әлеуметтің желілерді тиімді пайдалана білу – кері байланыс ұйымдастырудың тиімді тәсілі. Оқырман түсінбеген сұрақтарын, көкейінде жүрген ойларын, керекті ақпараттары мен реакцияларын бірден жазып, әр оқырманмен рефлексиялық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. (Қосымша В)

Эссе. Студенттер шығармашылығын дамытуға арналған жұмыс түрлерінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі – шығармашалық жазуға арналған тапсырмалар. Шығармашылық жазу жұмыстарына анықтама да бүгінгі күнге дейін түрліше беріліп келді.

«Шығармашылық жазба жұмысы – адамның, жазушының жеке ой-пікірі мен сезімдерінің жарыққа шығуы. Креативті жазба – жазушының ерекше ойлау қабілетін қажет ететін шығарманың ерекше түрі, дәстүрден тыс жазу. Шығармашылық жазба жұмысының негізгі мақсаты – автордың өзін-өзі (өзіндік көзқарасын, пікірін, әсерін т.б.) жарыққа шығаруға деген ұмтылысы. Шығармашылық жазба жұмысы шығармашылық еркіндікті, ерекше идеялар мен ойларды, сезімдерді жүзеге асыра алу қабілетін қажет етеді[72]».

Шығармашылық жазба жұмыстарының түрлері өте көп. Соның ішінде біз эссе жазуға ерекше мән беруді жөн санадық. Себебі эссе автордың даралығын,

жеке көзқарасын білдіріп, өзіндік қабылдауы мен жеке сезімдеріне, өзінің түйсік-пайымына сай жазылады.

Студенттерге шығармашылық жазба жұмысын өздері қалаған жанрда жазу тапсырмасы берілгенде, басым көпшілігі (67%) эссе жазуды таңдағанын байқадық. Студенттердің бұл таңдауын эссенің автордың жеке ұстанымын, шынайылығын, эмоционалдық жай-күйін, жеке ассоциацияларын, бейнелі ойлауы мен салыстыруларын еркін қолдануға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіруге болады. Бұл туралы Н.С. Балтабаева: «Эссе сөзінің мағынасы айтып тұрғандай, оның бар сын-сипаты мен қасиеті авторлық, қала берді адамзаттық тәжірибеден көрінеді»[120, 83 б.], – деп тұжырымдайды.

«Эссе түрлерін әр ғалым әр түрлі жіктейді. В. Heydrick эссенің алты түрін көрсетеді: жеке эссе немесе таныс эссе, сипаттама эссе, сыни эссе, редакциялық эссе, рефлексивті эссе, кейіпкер сомдаушы эссе. J. Meriwether эссенің жеті түрін атап көрсетеді: салғастырмалы эссе (контрастты эссе), аргументативті эссе (келісемін/келіспеймін), әдеби-аналитикалық эссе, кейіпкерлерді талдау эссесі, анықтаушы эссе, себеп-салдар эссесі, түсіндіруші эссе. S. Rockowitz болса, тек үш түрге бөліп хабарлау эссесі, түсіндіру эссесі және дәлелдеу эссесі деп атайды [72]».

Эссе жанры тақырыпқа субъективті түрде келіп, өзіндік жеке композициясын құруға мүмкіндік береді. Яғни, эссе жазу арқылы студент тек тапсырманы орындап қана қоймай, тақырыпты өзінше интерпретациялауға, оны шығармашыл түрде қабылдап, өз қалауынша жарыққа шығарады. Студенттерге М. Өтемісұлы өлеңі негізінде «*Мен – мен едім, мен едім*», Т. Әбдіктің «Ақиқат» повесі негізінде «*Ашуға болмайтын есік*», Т. Шапайдың «Күлкі және көз жасы» әңгімесі бойынша «*Күлкім келеді*» деген тақырыптарда шығармашылық жазба жұмысы берілді.

Біз студенттерге ассоциативті эссе, оның ішінде «тақырыптық ассоциацияға» негізделген жұмыс түрін ұсындық. Бұл тапсырма Д. Гилфордтың «Сөздік ассоциация» әдісінің бейімделген нұсқасы. Жұмыс нәтижесін өңдеуде де Гилфордтың әдісін басшылыққа ала отырып, 3 категорияға бөлдік. Ассоциациялар жиілігі – ұсынылған ассоциативті анықтамалардың жалпы саны, түрлілігі – ұқсас немесе бірдей ассоциациялар бойынша топтастыру, ерекшелігі – ең ерекше жауаптарды бөліп алу. Студенттерге берілетін тапсырма екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде студенттер аталған тақырыптарға алғашқы әсерлерін, өзіндік бағамдауын, жеке көзқарастарын негізге алып ассоциациялар ұсынады. Екінші кезеңде сол ассоциациялардың бірін тақырыптың өзегі етіп алып эссе жазады. Мысалға бірінші кезеңде студенттер «Мен – мен едім, мен едім» тақырыбына: «*Мен – мен едім, мен едім, Елім деген ер едім*», «*Мен – мен едім, мен едім, Ертеңіме сенемін!*», «*Мен – мен едім, мен едім, Ұстаз болсам деп едім*», «*Мен – мен едім, мен едім, Бәрін өзім жеңемін!*», «*Мен – мен едім, мен едім, Менмендікті жек көремін*» секілді ассоциативті тақырыптар ұсынды. «Ашуға болмайтын есік» тақырыбына: «*Ашуға болмайтын есік – ащы шындық*», «*Ашуға болмайтын есік – біреудің жеке өмірі*», «*Ашуға болмайтын есік – өтірік айту*», «*Ашуға болмайтын есік – өзгенің құпиясы*», «*Ашуға*

болмайтын есік – құлыптаулы есік» т.б. нұсқалар ұсынылды. Сондай-ақ, «Күлкім келеді...» тақырыбына да, «Күлу дегеніміз – қуану», «Күлу дегеніміз – ашыну», «Күлу дегеніміз – өзін-өзі жұбату», «Күлу дегеніміз – мейірім», «Күлу дегеніміз – жақсы қарым-қатынас», «Күлу дегеніміз – шарасыздық», «Күлу дегеніміз – демалу», «Күлу дегеніміз – өмір» деген сияқты ассоциациялар ұсынылып, студенттер аталған ассоциациялар арасынан өзіне жақын тақырыпты тандап эссе жазады. Әр тақырыпқа бір эседен мысал келтіре кетейік.

1-студенттің жұмысы:

Ашуға болмайтын есік

Қазақ халқы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін, үлкенге қарсы сөйлемейтін дана халықтардың бірі. Алайда кейбір адамдар бұл сөздердің мағынасын қате түсініп, өзгелермен дұрыс қарым-қатынас жасай алмай жатады. Қисынсыз сұрақтар қойып, сұралмаған ақыл айтқыш адамдар да аз емес. Бұның бәрі жеке шекараны бұзу деп аталады. Жалпы жеке шекара деген не және оның бұзылғанын қайдан білеміз?

Жеке шекара адамның өзін сезіну, түсіну үшін, өмірдегі өз орнын білу үшін, жеке эмоциялары мен ойларын жеткізу және соларға жауапкершілік алу үшін, ішкі әлемді сыртқы қол сұғушылықтардан қорғау үшін қажет. Адамның жеке шекарасы «ашуға болмайтын есік» секілді, тіпті есігін қағудан аулақ болу қажет. Кей жағдайда адамдар өзінің шекарасының бұзылып жатқанын немесе өзгенің шекарасынан өтіп бара жатқанын байқамай жатады. Кейін неге көңілінің түскенін, неге кешке келгенде ештеңеге күшінің қалмайтынын, өзгелердің неге ренжігенін түсінбейді.

Жеке шекараны бұзу өзгені тұлға ретінде құрметтемеумен тең. Оны қайдан байқасақ болады? Жаңа құрылған отбасыға «Қашан балалы боласыңдар?», «Жүре бермеңдер», енді бала көтерген әйелге «Қанша ай болды?» секілді сұрақтар қою; денсаулығымен мәселесі бар адамдарға «Кішкене спортпен айналыспайсың ба?», «Ап-арық болып кетіпсің, дұрыс тамақ ішпейсің бе?» секілді сұрақтармен, орынсыз ақыл айтып мазаны алу. Жоғарыда жазылғандардың тым болмаса бірін естіген немесе айтқан болсаңыз оны тоқтатуға тырысыңыз. Тіпті орынсыз көмек ұсыну да өзгенің шекарасын бұзуы мүмкін.

Адам өзгелердің ісіне араласа берсе, өзінің негізгі міндеттері мен жұмыстарына уақыт таппайды, оған күші де қалмай қалады, себебі, бойындағы энергиясын орынсыз жерде қолданып, тауысып қояды.

Өзге біреудің сіздің шекараңызда тұрғанын сезінсеңіз сол кезде ескерткеніңіз жөн. Сонда ол адамның екінші қайта қателеспеуіне көмектеседі. Өзіңізге ұнамайтын сұрақтар мен істерге бірден «Жоқ» деп айта алу да жеке шекараңызды қорғауға сеніміңізді тигізеді.

Адамдардың жеке шекарасына құрметпен қарап, өзімізге қатысы жоқ нәрсеге араласпауды үйренсек, бізден жақсы адам болмайды. Бұл адам бойындағы ең құнды қасиеттердің бірі. «Ашуға болмайтын есікті» рұқсат бермесе ашпауға тырысайық.

Екінші студенттің жұмысы:

Мен – мен едім, мен едім...

Біз барлығымыз бір қоғамның мүшесіміз. Әрбір күніміз сол қоғаммен тығыз байланыста өтуде, тиісінше бүкіл өміріміз де қоғаммен байланыстан құралған. Сан түрлі адамдар, сан түрлі өмірге деген көзқарас. Күнделікті байланысқа түсіп, ешқандай келіспеушіліксіз өтудің өзі мүмкін емес жағдай. Кезі келсе, әрбіріміз өз ой-пікірімізді мақұлдағанын қалаймыз, бірақ қарама-қарсы адамның да тұлға ретінде өз түйіні бар екендігін естен шығарып жататын сәттер де аз емес. Көбінесе қоғамдағы келеңсіз жағдайлар тура осы көзқарастардың сай келмеуінен, өзінің пікірін өзгенікінен жоғары қоюдан пайда болатындығы өкінішті.

Қарапайым екі адамның әңгімесін мысал етсек, басым бөлігінде бір-бірін тыңдауға емес, керісінше, жарыса сөйлеуге негізделген. Сәті түссе, өзіміздің өткендегі жетістігімізді алға тартып, екінші адамнан үстем түсуге тырысып бағамыз. Алайда, шын мәнісіне келгенде, жалпы адами құндылықтың, сұхбаттасушының жай-күйіне мән беру одан да жоғары бағаланатыны сөзсіз. Өзіміздің бар болмысымызды аса жоғарылата жеткізу – адамның ең үлкен кемшілігі болар бәлкім. Сөзіміз бен ісіміз сай келгенде, біз құрған қоғам мүмкін мұнша қатыгез болмас па еді?!

Сөз соңында, егер де түсінігімізді кері бағытқа өзгертіп, өз жетістігімізді емес өзгенің жетістігін санасақ, өзгенің кемшілігін емес өз кемшілігімізді ескерсек, әрбіріміздің ішіміздегі өзімізшіл “мен” бір сәтке де тұрақтамасы анық. Расында, менмендіктен талай адам опық жеді ме?!

Үшінші студенттің жұмысы:

Күлкім келеді...

*Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен алыс өлгенше!*

Шәкәрім

Қазіргі қазақ қоғамына көз салсам шынайы күлкім келеді.. Зулаған уақыт пен заман қарқынына ілесу қазіргі таңда тіршілік үшін күрестің бір формасына айналып, өмірімізге еніп, қанымызға сіңіп кетті десек артық айтпаған болар едік. Тиісінше, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін жаңа технологиялар мен әлеуметтік желіні өзгеден қалмау үшін игеруге бар күшін салып ақ жатыр. Ал ең бір өкініштісі жастардың шынайылықтан бұрын, виртуалды өмірге еніп, өз мәдениетіміз бен өмір салтымызды ұмытып Батыстық танымға елтіп бара жатқандығында. Адами құндылықтардың ауқымды өзгерісіне себеп болып жатқан осынау өзгерістер болашақта неге алып соқтырмақ?

Соңғы кездері айналамдағы жандар мен олардың жан дүниесіне көз салып, өмірге деген көзқарастарына назар аударуға тырысып бақтым. Өкініштісі, өзгелердің сөзінен де ісінен өзім іздеген жасауаптарды ала алмадым.

Десе де, өзім қатарлас жастарды үш топқа бөліп қарастыруға болатынын түсіндім. Бірінші топ: өте ақылды, жан жақты, пысық жандарды құрайды екен, сырттай қарасаң сүйсінетіндей-ақ. Алайда жекелей үңілсем, эгоист, тұрақсыз, өз мақсаттарымды орындап, дамысам болды өзгелермен байланысымның маңызы жоқ деп есептейді екен. Ал екінші топ: өздерінің не істеп жүргендері белгісіз, күні түні әлеуметтік желінің арбауында отырып, қалай милары мен көздерінің тозып жатқанын да білмейтін жандар. Жалпы қарасаң қарның ашады. Спорт пен таза ауа жайында айтпасам да болады. Сыртқа шықса тек түнгі уақытта қызық қуу үшін ғана шығып, уақытын құртып, ата анасының ақшасын шашып жүргендер. Ал үшінші топқа келсек, бұлар қызыл кітапқа еніп бара жатыр десем артық айтпасын. Өмірлік мақсатын, жұмысы мен сабағын, дамуы, спорттық өмірін қатар ала отырып, айналадағылармен де жақсы байланыста болып, қазақылығын жоғалтпаған жандар. Бір өкініштісі, соңғы топтағы жастар өте аз...

Бұл ойдың барлығы қайдан келді десеңіз, қазақ әдебиетінің небір туындыларын оқып, біраз күрсіндім. Сол кездегі Қарашаш, Шұға, Ақбілек пен Ұлпандарды, бергі жылдардағы Меңтайды, олардың нәзіктігі мен батылдығын, ақыл парасаты мен сөз саптауын қайта оқып, қайран қалдым. Қыпша белді, ақша жүзді, көркем мінезді, үлкеннің алдын кесіп сөйлемейтін сондай қыздар қазір қайда? Қыздарға осы сөздерді айтсаң, олар ер жігіттер бұрынғыдай емес, азаматтық рухы мен адуынды сөзі жоқ дейді... Жоғарыда айтылған сұлуларды суреттеген шығармалардағы ерлерді айтсаңызшы. Ғабит Мүсіреповтың “Ұлпанындағы” Еснейдің ер тұлғасы, шешімге әділдігі, сұсты жүзі мен адуынды сөзінің, бірден жазадан алмай, сөзбен шешіп, іспен дәлелдеуі, жалпы шығармадағы ерлер қауымының қыз баланы сыйлап, алақынында аялап өсіріуі қыз баланың тәрбиесіне көңіл бөлуі барлығы бұрын алмаған әсер қалдырды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бүгінгі күні өз замандастарыма зер саламын да күлкім келеді. Бұл күлкі – шарасыздыққа, ызаға толы күлкі. Десе де, “тасты тескен тасқын судың күші емес, тамшылардың үздіксіздігі” екенін ұмытпасақ, жастарымыздың бойына ұлттық рух пен қазақы тәрбиені сіңіруге тамшыдай болсын өз үлесімізді қоса білсек болашағымыз бұлыңғыр болмас деп сенемін.

Эссе жаздырмас бұрын тақырыпқа қатысты ассоциацияларын ортаға салып, ой бөлісіп алу студенттерге бір тақырыптың төңірегінде таптаурын болған, қоғам талқысында жүрген, үйреншікті тақырыптарды ғана емес, әлдеқайда терең, жаңашыл, креативті эссе ұсынуға мүмкіндік береді. Бір студенттің ерекше ассоциациясы екінші ассоциацияның туына алып келеді. Осылайша тақырып аясы кеңейе береді, студенттерде «мен де ерекше, ешкімде жоқ тақырыпты табайын» деген мотивация пайда болады. Студенттерді тақырыпты өзінше интерпретациялауға, шығармашыл тұрғыда ойлауға итермелейді.

Сонымен қатар, білім алушылардың интерпретациялау және шығармашылық қабілеттерің шыңдай түсу үшін төмендегідей әдеби ойындар мен тапсырмаларды ұсынамыз:

Кейіпкер орындығы. Шығарманы толық оқыған студенттер арасында жеребе басталып, оған шығарма кейіпкерлерінің аты жазылады. Студенттер жеребеде өзіне түскен кейіпкердің бейнесіне еніп, «Кейіпкер орындығынан» орын алады. Қалған студенттер кейіпкерге шығармадағы іс-әрекеттері, айтылған сөздері, жасаған таңдауы т.б. бойынша сұрақ қояды. Бұл сұрақтар «Кейіпкер орындығында отырған студенттің өзі сомдап отырған кейіпкер психологиясын терең түсініп, оның әр әрекетін өзіндік интерпретацияда ақтап алуға немесе түсіндіруге тырысады» [121, 18 б.].

Мысалы, Кейіпкер орындығына Т. Шапайдың «Керексіз» әңгімесінің бас кейіпкері (Сайтан) келіп жайғастқан кезде, оған топ студенттері «*Сіз не себепті ешкімге керексіз болып қалдыңыз?*» – деген сұрақ қойды. «Кейіпкер орындығындағы студент:

– Бұл күні адамзаттың айласы менен де асып кетті ғой.

– Бүгінгі жұрттың пиғылы тарылғаны сонша, оларды азғыратын сайтан да керек емес. Бірін-бірі азғырып, алдап, арбап жүрген жоқ па?

– Ал, Масғұт сияқты жанарында шексіз мейірім, адам айтқысыз жап-жарық, жып-жылы нұр ұялағандарға менің шамам келмейді ғой. Бірақ олар өздері де аз қалыпты. Менің шәкірттерім оларды да қатарына қосып алыпты.

– Өйткені, мен өз миссиямды орындадым, мақсатыма жеттім! – деген сияқты жауаптар беру арқылы кейіпкер психологиясын түсіне отырып, кейіпкердің әр іс-әрекетінің жауабын тауып, автор идеясын ұғынуға мүмкіндік алды. Осылайша, жеребедегі келесі кейіпкер түскен студентпен орын ауыстырады.

Әдеби монтаж. Тапсырмада барысында студенттер өздері оқыған бірнеше туындының сюжет желісінің басын біріктіріп жаңа мәтін құрады. Көркем туындыларды қажет тұсын кесіп алып, қосатын үзінділерді қосып монтаж жасайды десе де болады. Тапсырма түрлі шығармалар арасындағы ортақ мотивті аңғаруға, кейіпкерлер психологиясының ұштасатын тұсын тануға, шығармаларды іріктеу барысында полифониялық талдаулар жасауына мүмкіндік береді. Шығармашылық қабілетін шыңдай түсіп, жаңа өнім алуға жетелейді. Мысалы:

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Бір мезгілде ай астында азараң-азараң еткен көп топ көрінді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты. (М. Әуезов «Көксерек»)

... Жау қоршап алды. Қалбаңдаған қарға-құзғынға ұқсап ішінара қара киімділер де көрінеді. Басқыншылардың жендеттерін алғаш көргенім осы болатын. Көк киімділері – неміс солдаттары, ал қара киімділері – полицайлар, отанды сатқан азғындар. Біздің енді кейін шегінер жеріміз қалмаған. Жаумен шайқасудан басқа амал жоқ. (Қ. Қайсенов «Жау тылында»)

Кенет, төбемді екі қолыммен жауып, баж ете түстім:

– Ой, әкең... Осы кезде біреудің қолы құлағымды шап етіп ұстай берген еді. Ыстық, жұмсақ алақан.

– Әп бәлем, түстің бе колыма! Қыздың даусы. Қарасам – Күлдәрі. «Мына сайтан қайдан кеп қалды?» – деп ойлауым мұң екен, бүкіл денем мұздап, жүрегім су ете түсті. Он, құлағымның, түбі күтірлеп, бүкіл құлақшекем суырылып кеткендей болды.

– А-а! – Ащы даусым шығып кетті. Сасқандағы айлам: шоқпар қапқан бөрідей аузымды ашып арс еттім. Тісіме шүберек пе, бірдеңе ілініпті. Қыршып түстім. – Ә-ә " (С. Сарғасқаев «Тәмпиш қара»)

... – деп дауыстап жібергенімде өз даусымнан өзім шошып оянып кеттім. Көзімнен жас ағып қалған екен. Өксіп қоям. Жанымда тірі жан да жоқ, бүрлі қайыңның түбінде бүрісіп, жалғыз өзім гана отырмын... (Қ.Қайсенов «Жау тылында»)[121, 19 б.].

Бұл тапсырманы семестр немесе оқу жылының соңында ұсыну қолайлы болады. Студенттер бір курстың аясында өтілген шығармаларды қайталап алуға мүмкіндік алады.

Үш түрлі күнделік.

Бұл әдіс функционалды оқу әрекетіне негізделген. Студент шығарманы оқу барысында төмендегі кестеде (8-кесте) көрсетілген үлгідегідей кесте толтырып отырады. Кестеге мәтіннің әсерлі тұстарын, анықтай түсу үшін өзінге түртіп алған түсініктерін, авторға қойғысы келеген сауалдарын жазып отырады. Нәтижесінде студенттің шығарманы түсіну деңгейі, өзіндік көзқарасы жеке интерпретациясы оның көрінеді.

8- кесте. «Үш түрлі күнделік» әдісі [121, 19 б.]

Мәнінің өзіне ерекше әсер еткен тұстарын жазып отыр.	Шығармада өзіңді толғандырған идея, қабылдауыңа қайшы келген оқиға, басқа да әсер еткен тұстарының себебін түсіндір.	Шығарма авторына сауал
...

Қайшылықтар стратегиясы. Бұл әдіс білімгерлерге шығарманың жазылу тарихы мен жағдайын, авторлық интенцияны, автор позициясын, шығарманың жалпы сюжеті мен идеясын аша түсуге мүмкіндік береді. Оқушылар бұл тапсырманы көркем шығарманы оқып, оны топта түрліше талдап, шығармаға байланысты барлық жеке зерттеулер жүргізіліп, әбден талқылаудан өткеннен кейін орындайды. Төмендегі кестеге сәйкес талдау арқылы шығарма төңірегінде көп сұрақтарына жауап ала алады, әрі шығармашылық процесті де бойына сіңіріп түсіне түседі.

9- кесте. «Қайшылықтар стратегиясы» әдісі [121, 19 б.].

<i>Сыртқы қайшылық</i>	<i>Ішкі қайшылық</i>
<i>Жеке тұлғалар арасындағы қайшылық (конфликт)</i>	<i>Кейіпкерлер арасындағы идеялар қайшылығы</i>
...	...
<i>Топтар арасындағы қайшылық</i>	<i>Кейіпкерлер арасындағы құндылықтар қайшылығы</i>
...	...
<i>Белгілі бір оқиға немесе жағдайдан туындаған қайшылық</i>	<i>Кейіпкер эмоциясы арасындағы қайшылық</i>
...	...

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлері студенттердің оқырмандық интерпретациясының, ғылыми және шығармашылық интерпретациясының қалыптасуына, шығармаға баға беріп, қисынды түсінуіне, ол арқылы жеке шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыздың әдістемелік жүйесін құруда біз Ә. Қоңыратбаевтың: «Әдеби процесс жайындағы ұғымдарды оқушыға жеткізудің үш түрлі саласы бар: Олар: а) көркем шығарманы талдай білу, бәрін содан шығару; ә) сындық қосымша еңбектерді оқытып, тереңдету; б) осы екі арнаны әдебиет теориясымен бекіту» [117, 23], – деген деген пікірін басты назарда ұстадық.

2.4 Көркем шығармаға интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың тиімділігін зерттеу бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстардың барысы мен нәтижесі

Диссертациямыздың өзегі – тақырып бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының, ұсынып отырған теориялық және әдіснамалық тұжырымдарымыздың, әдістемелік материалдарымыздың тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілген эксперименттік жұмыстар. Эксперимент жұмыстарының мақсаты студенттердің көркем шығарманы түсініп-түйсіну, интерпретациялай алу, туындыға өзіндік көзқарасын қалыптастыру арқылы жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тәжірибелік жұмыстар Сулейман Демирель атындағы университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Филология» білім беру бағдарламалары бойынша 1,3,4 курс білім алушылары арасында, Еуразия гуманитарлық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері арасында және докторанттың шетелдік тағлымдамасы аясында Босния және Герцеговина федерациясында Халықаралық Бурч университетінің (IBU) «Шетел филологиясы» студенттері арасында жүргізілді.

Студенттердің көркем мәтінге интерпретация жасай алу және сол арқылы шығармашылығын дамытуды зерттеу үдерісі төмендегідей кешенді жұмыстар мен әдістемелер арқылы жүзеге асырылды:

- білім берудің түрлі кезеңінде және жас ерекшеліктеріне сәйкес тұлғаның шығармашылық белсенділік деңгейін анықтау. Аталған мақсатта орта мектептерде 1-11 сынып аралығындағы оқушылар арасында Торренс әдісі бойынша тест алынып, 6 және 17 жас аралығында білімгерлердің шығармашылық ойлау деңгейінің анықталды. Тәжірибелік жұмыстар «Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданы бойынша білім бөлімінің» №48 орта мектебінде, К. Әзірбаев атындағы №15 орта мектебінде, Боралдай кентіндегі №11 орта мектеп базаларында жүргізілді. (Торренс тесті бойынша нәтижелер диссертацияның 2.2 бөлімінде көрсетілген);

- бірінші курсқа түскен студенттердің (таңдаған мамандығына қарамастан) шығармашылық әлеуетін анықтау мақсатында Сулейман Демирель атындағы университеттің 1-курстары арасында шығармашылық әлеуетті анықтауға негізделген А.Н. Лук және Х. Зиверт сауалнамалары жүргізілді;

- студенттердің көркем шығармаға жасалатын интерпретация туралы түсініктерін, мектеп және университет бағдарламасы барысында таныс (қолданылатын) әдіс-тәсілдерін анықтау мақсатында сауалнама алынды;

- студенттер шығармашылығын дамытудың негізгі бағыттарын анықтау мен аталған тақырыптың жоғарғы білім берудегі өзектілігін анықтау мақсатында ЖОО оқытушыларымен сұқбат жүргізілді;

- студенттердің көркем шығарманы талдау, интерпретациялау және жеке шығармашылық жұмыстарын анықтауға арналған тапсырмалар мен оны бағалау критерийлері жасалды;

- студенттердің көркем шығармаға интерпретациясын қалыптастыру және дамыту мақсатындағы авторлық жобалар жүзеге асырылып («Қисса-дастандарды оқыту арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу», Әдебиет пәнін өнердің өзге түрлерімен интеграциялай оқыту), авторлық әдістер («Әдеби монтаж», «Қанатты өлең», «Егіз өлең», «Рестоврация немесе өңделген өлең» т.б.) жинақталды;

- студенттердің өзіндік шығармашылық қабілеттерін бағалау және өсу жолындағы ұмтылыстарына бақылау жүргізілді;

- әр студенттің шығармашылық жұмыстарын қадағалап отыру әрі өсу деңгейін бақылауға арналған әдістер мен рефлексивті технологиялар жүйесі құрылды;

- алынған нәтижелерді қорыту үшін математико-статистикалық әдістер қолданылды.

Осындай кең көлемді инструментарий көркем шығармаға интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын арттырудың тиімділігін зерттеуге мүмкіндік берді.

Эксперименттік жұмыстар үш кезеңнен тұрады:

І кезең – анықтау эксперименті. Бұл кезеңде жас ерекшеліктеріне сәйкес тұлғаның шығармашылық белсенділік деңгейін, 1-курс студенттерінің

шығармашылық әлеуетін, студенттердің көркем шығарма интерпретациясы туралы таным-түсініктері мен мүмкіндіктерін, ЖОО орындарында студент шығармашылығын дамудың жолдары мен өзектілігін анықтау көзделді.

II кезең – қалыптастыру эксперименті. Студенттердің көркем шығарманы қабылдауын, түсініп-түйсінуін, талдау және интерпретациялай алуын, шығармашыл ойлауын дамытуға және жаңа шығармашылық өнім ұсына алуға баулуға негізделген тапсырмалар мен әдістерді жүзеге асыруды көздейді.

III кезең – қорытындылау эксперименті. Бұл кезеңде жүргізілген тәжірибе нәтижелерін талдау, сараптау, соған сәйкес, әдістемелік жүйеге өзгетулер мен түзетулер енгізіліп, тиімділігін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Экспериментіміздің алғашқы кезеңінде жүргізілген жұмыстардың бірі Торренстің креативтілік тесті болды. Бұл тестті жүргізудегі мақсат – тұлғаның жас ерекшеліктерінің шығармашыл ойлауына әсері бар ма, білім беру жүйесінің шығармашыл тұлға қалыптастырудағы рөлі қандай, дивергентті ойлаудың жас ұлғайған сайын көтеріліп немесе төмендеуі қалыпты психикалық даму көрсеткіші ме, әлде қоғамның, ортаның, білім жүйесінің нәтижесі ме деген сұрақтарға жауап іздеу. Бұл тест америкалық психолог Э.П. Торренс ойлап тапқан, шығармашылық ойлауды зерттеуде баламасы жоқ тест толып табылады. Торренс тесті вербалды, бейнелі және дыбыстық деп аталатын үш батареядан тұрады. Біз Е.Туниктің «Диагностика креативности тест Е.Торренса» деп аталатын әдістемелік нұсқаулығына сүйене отырып, нәтижелерімізді Е. Туник ұсынған ресейлік және америкалық оқушылардың нәтижелерімен салыстыру мақсатында автордың ұстанымы бойынша біз де тек вербалды және бейнелі батареяларға ғана тоқталуды жөн деп таптық.

Торренс тесті екі бағыт бойынша жүргізілді: вербалды батарея және бейнелі батарея.

Вербалды батарея жеті субтесттен тұрады:

1. Бірінші субтест «Сұрақтар деп аталады. Суретте көрсетілген көрініс бойынша неғұрлым көп сұрақ құрастырылуы керек.

2. Екінші субтест «Себептер» деген атауға ие. Бұл субтест бойынша оқушылар суретте бейнеленген оқиғаның туындауына себеп болуы мүмкін деген жағдаяттар құрастыруы керек.

3. «Салдар» субтестін орындауда суреттегі жағдаяттың қандай салдар тудыруы мүмкін екендігі жайында барын көп нұсқа ұсынуға тырысу керек.

4. «Затты жақсарту» деп аталатын келесі субтест суретте беілген ойыншық пілді неғұрлым қызықты етіп жақсарту идеялары берілуі керек.

5. «Ерекше қолданыс» бөлімінде картон қорапты ерекше қолданудың жолдарын жазу керек.

6. «Ерекше сұрақтар» субтестінде картон қораптар туралы неғұрлым көп ерекше сұрақтар құрастыру сұралады.

7. «Таңғажайып жағдаят» субтесті суреттегі бейнеге сәйкес таңғажайып жағдаяттар тізбегін жазуды көздейді.

Бейнелі батарея үш субтесттен тұрады:


1. Бірінші субтест «Сурет жасау» (Создание рисунка) деп аталады. Бұл тапсырма бойынша түрлі түсті кез-келген фигураның айналасында толыққанды бір картина дайындап ұсыну керек.

2. «Аяқталмаған фигуралар» субтесті ұсынылған аяқталмаған фигураларды пайдаланып сурет салуды ұсынады.

3. «Қайталанатын сызықтар» субтесті ұсынылған параллелл сызықтарды пайдалана отырып ерекше суреттер салуды ұсынады.

Е. Торренс тесті 5 жасар баладан бастап кез-келген жастағы адамдарға диагностика жүргізуге арналған. Біз Е.Туниктің нұсқаулығына сәйкес әрі орта білім жүйесінің шығармашылық әлеуетті дамытудағы рөлі мен университет қабырғасына келген студенттің шығармашылық әлеуетін анықтауды да мақсат тұтқандықтан 6-17 жас аралындағы оқушыларға жүргізуді жөн деп таптық. Тест 1-11 сынып оқушылары арасында 124 респондентті қамтыды.

Тест нәтижесіне үңілер болсақ, 6-10 жас аралығындағы оқушылардың өзіндік ойлау деңгейі мен ойлау ауқымының өсу қарқынын байқасақ, тапқырлық деңгейі төмендеп кеткенін байқаймыз. 11-12 жас аралығында керісінше ойлау ауқымы мен өзіндік ойлауы сәл төмендегенімен тапқырлық шкаласының көтерілгені көрінеді. 13-14 жас аралығында тек өзіндік ойлау деңгейі қарқынды көтерілсе, 15-17 жас аралығында ойлау ауқымы мен өзіндік ойлауы тым төмендей қоймағанын, алайда, тапқырлық деңгейінің жоғарылағанын көруге болады. Нәтижелердің ресейлік және америкалық оқушылардың нәтижесімен салыстырғандағы көрсеткіштерді жұмыстың 2.2 бөлімінен көре аласыздар.



21- сурет. Е. Торренс тесті бойынша қазақстандық оқушылардың креативтілік көрсеткіші

Қазақстандық оқушылардың нәтижесін талдау барысында білім беру жүйесі әлі де болса оқушының шығармашылығын дамытуға, креативті тұлға қалыптастыруға мақсатты жұмыс жүргізе алмай келе жатқанын байқауға

болады. Алайда, жоғары оқу орнына келетін болашақ студенттің (15-17 жас) үш шкала бойынша да көрсеткіші шамалас, тұрақты екендігі жоғары мектепте студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастыруға негізделген әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға жақсы мүмкіндік тудырады.

Торренс тестінің нәтижесін бекіте түсу үшін әрі жоғары оқу орны студенттерінің шығармашылық әлеуетін анықтау мақсатында Сулейман Демирель атындағы университет студенттері арасында А.Н. Лук және Х. Зиверт сауалнамалары жүргізілді. Сауалнамаларға **137** студент қатысып А.Н. Лук сауалнамасы бойынша орташа көрсеткіші **42** балл. Х. Зиверт сауалнамасы Н шкаласы бойынша **28,5** баллдық орташа көрсеткішке, Д шкаласы бойынша **36,6** балл орташа көрсеткіш ие болғанын көруге болады. Бұл көрсеткіш екі сауалнаманың да (А.Н. Лук және Х. Зиверт сауалнамалары) айқындамасына сәйкес орташа көрсеткіш екенін көруге болады. Демек, студенттердің шығармашылығын дамыта түсуге арналған тапсырмалар мен әдістемелер жүйесі тиімді құрылса жоғары нәтижеге қол жеткізуге толық мүмкіндік бар.

10- кесте. А.Н. Лук сауалнамасының түсіндірмесі.

Тест жауаптарын төмендегідей жолмен есептеңіз:	
<p>а жауаптары – 3 балл ә жауаптары – 1 балл б жауаптары – 2 балл 1,6,7,8 сұрақтар – Сіздің білуге деген құштарлығыңызды 2,3,4,5 сұрақтар - өзіңізге сенімділігіңізді 9,15 сұрақтар – тұрақтылығыңызды 10 сұрақ – амбицияңызды 12,13 сұрақтар – есте сақтау қабілетіңізді 11 сұрақ – көру арқылы есте сақтау қабілетіңізді 14 сұрақ – еркіндіке ұмтылуыңызды 16, 17 сұрақ – бейнелі ойлауыңызды 18 сұрақ – жинақылығыңызды анықтайды. Бұл қабілеттер шығармашылық потенциалды анықтаудың негізгі көрсеткіші. Жиналған баллдың жалпы суммасы Сіздің шығармашылық потенциалыңыздың деңгейін анықтайды.</p>	
49 балл және одан жоғары.	Сіздің тамаша шығармашылық потенциалыңыз бар. Егер оны іс жүзінде қолдана алатын болсаңыз, шығармашылықтың түрлі-түрлі формаларын іске асыра аласыз.
24 баллдан 48 балл аралығы.	Сіздің шығармашылық қабілетіңіз жақсы. Шығармашылық сіздің қолдан келетін іс. Алайда, сіздің шығармашылық үдерісін тежеуші қандай да мәселелер бар. Қалай болса да Сіз шығармашылықтан құр алақан емессіз. Өзіңіз қаласаңыз әрине.
23 баллдан төмен.	Сіздің шығармашылық потенциалыңыз, өкінішке орай, жоғары емес. Мүмкін Сіз өз мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағаламағын боларсыз. Өз мүмкіндіктеріңізге сеніммен қараңыз, шығармашылық жұмыстар да қиындық тудырмайды.

11- кесте. Зиверт сауалнамасының түйсіндірмесі:

Н ШКАЛАСЫН БАҒАЛАУ (ТАПҚЫРЛЫҚ) Тапсырма орындалған жолдарды санап шығыңыз. Үш тапсырма нәтижелерін қосыңыз. Нәтижені 1,5 бөліңіз. Максималды 60 балл ала аласыз.		Д ШКАЛАСЫН БАҒАЛАУ. Әрбір қисынды толтырылған жауап үшін өзіңізге 2 балл есептеңіз. Жиналған баллды екі еселеңіз. Максималды 60 балл ала аласыз.	
1	2	3	4
0-20 балл аралығы	Бұл тапсырма сізге қиынға соқты. Өкінішке орай, бұл тапсырманы орындауда әлсіздер категориясынан табылдыңыз.	0-20 балл аралығы	Сіздің стандартты емес ойлау қабілетіңіз қалыптасқан, алайда бұл тапсырма Сізге әлі де қиындық келтіріп тұр.
	Алайда, сіз өз қабілетіңізді шыңдауыңызға әбден болады.		Осыған ұқсас тапсырмалармен жиі жаттықсаңыз қабілетіңізді шыңдап алуға болады. Бұндай тапсырмалар кәсіби біліктілікті анықтауға арналған тект-зерттеулерде де жиі кездеседі.
20-40 балл аралығы	Сіздің нәтижелеріңіз орташа. Аталмыш тапсырма бойынша қабілетіңізді сәл шыңдасаңыз жоғары нәтиже көрсетеріңіз анық.	21-40 балл аралығы	Сіздің ерекше ойлау қабілетіңіз жақсы қалыптасқан. Бұл тапсырма бойынша Сіз орташа көркеткішке ие болдыңыз. Жиі жаттығатын болсаңыз, жоғары көрсеткішке қиналмай-ақ қол жеткізесіз.
41-60 балл аралығы	Байқағаныңыздай, бұл тапсырмада тапқырлықпен қатар, жазу жылдамдығы да маңызды. Бір сөзге екі секунд қана уақыт жұмсауға болады. Бұл өте қиын іс. Жазу барысында сіз келесі сөздерді де ойлап отыруыңыз керек. Яғни, ойлау мен жазу әрекетін қатар іске асырасыз. Сондықтан да, сіздің нәтижеңіз мақтауға ылайық.	41-60 балл аралығы	Сіздің ерекше ойлау қабілетіңіз өзгерелерден оқ бойы озық тұр. Өзіңізді шығармашылықпен байланысты кез-келген салада сынап көруіңізге болады.

Жоғарыдағы көрсетілген эксперименттер негізгі жұмысымызға қосымша, жалпы орта және жоғары білім жүйесіндегі білім алушылардың шығармашылық әлеуетін анықтау мақсатында жүргізілген болса, нақты зерттеу тақырыбымызға сәйкес студенттердің көркем шығармаға жасалынатын интерпретация туралы түсініктері мен көзқарастарын, интерпретацияның сабақ барысындағы қолданыс аясын анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижесі төмендегідей болды:

12-кесте. Студенттердің көркем шығармаға жасалынатын интерпретация туралы түсініктерін анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижелері

Сауалнама сұрақтары	Жауаптар көрсеткіші
1	2
1. Көркем шығарма интерпретациясы дегенді қалай түсінесіз?	57 студент (51,8%) – оқырманның шығарманы өзіндік қабылдауы;
	34 студент (30,9%) – шығарманы талдау мен интерпретациялау тең ұғым;
	31 студент (28,2 %) – авторлық идеяны ашу;
	30 студент (27,3%) – мәтінді терең түсіну
2. Интерпретацияның қай түрі сізге жақынырақ?	36 студент (32,7%) – көркем шығарманың астарын өнердің өзге түрлері арқылы жеткізу;
	53 студент (48,2) – шығарма желісі бойынша қойылым, фильм т.б. дайындау;
	3 студент (3,6%) – әдебиеттің өзге жанрларына ауыстыру;
	39 студент (35,5%) – шығарма желісін өз қиялында өрбіте түсу
3. Көркем шығарманы оқытуда театрландырылған қойылымдар, шығарманың кинонұсқасы, музыкалық туындылар т.б. атқаратын қызметі қандай?»	66 студент (60,6%) – шығарманың кезеңдік ерекшеліктерін түсінуге, кейіпкерлерді тануға ықпал етеді; 42 студент (38,5%) – шығарманың мәнін тереңінен ұғуға ықпал етеді; 20 студент (18,3%) – көркем мәтін поэтикасын түсінуге ықпал етеді;

12- кестенің жалғасы

1	2
	11 студент (10,1%) – дайын түсінікті таңып беріп, білім алушыға шығарманы өз бетінше түсінуіне кедергі келтіреді
4. Студенттің көркем шығарманы түсінуі төмендегі талаптардың қайсынына негізделуі керек?	87 студент (80,6%) – өзінің жеке қабылдаулары мен сезімдеріне; 35 студент (32,4%) – көркем шығарма мәтінін толық білуге; 10 студент (9,3%) – әдеби сыншылардың пікіріне; 2 студент (1,9%) – мұғалімнің көзқарасына; 2 студент (1,9%) – көпшіліктің қабылдауына
5. Егер басқа студенттің көркем шығарма мен оның кейіпкерлері туралы пікірі жалпы қалыптасқан пікірден өзгеше болса, ол студенттің пікірін қолдайсыз ба?	96,4 % - иә, егер ол дәйекті пікір болса; 2,7 % - жоқ;
6. Әдебиет сабақтарында өнердің қай түрі көбірек қолданылады?	55,5 % - сахналық қойылымдар; 22,7 % - бейнелеу өнері; 18,2 % - көркем фильмдер; 3,6 % - музыка
7. Студенттердің оқыған шығармасы негізінде қойылған театр қойылымдарына баруы қаншалықты маңызды?	81,8 % - мүмкіндік болса барған артық болмайды; 15,5 % - өте маңызды; 2,7 % - қажеттілігі жоқ.
8. Классикалық шығармаларды жаңаша интерпретациялауға көзқарасының қандай?(Қазіргі заманның құндылықтарына сай вайн, рэп, Q-рор, аниме т.б.)	74,5 % - қарсылығым жоқ, ондай интерпретациялар да сабақ барысында талдану керек; 20,9 % - әр кезде әрқалай; 4,5 % - қарсымын
9. Егер шығарманың экранизациясын көрген болсаңыз, туынды мәтінін оқисыз ба?	68,2 % - сирек оқимын, көп жағдайда оқымаймын; 26,4 % - иә, оқимын; 3,6 % - жоқ оқымаймын; 0,9 % - қызықтырып жатса, оқуға ынтығамын; 0,9 % - керісінше, кітапты оқып, сосын экранизациясын көргенді жақсы көремін.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында студенттердің көркем шығармаға жасалатын интерпретация, шығарманы түсіну мен талдау төңірегінде жалпы білімдері бар екені байқалады. Алайда, оны жүзеге асыру, қолдану, шығармашылық өнім ұсыну тұрғысынан олқылық танытатын тұстар бар. Ол туралы келесі эксперимент жұмыстары негізінде кеңірек тоқталамыз. Сондай-ақ, ұсынылған сауалнама нәтижесінде әдебиет сабақтарында көбіне-көп сахналық қойылымдар қойғызу мен бейнелеу, сурет салудан өзге интерпретациялау тәсілдерін сирек қолданатынымызды байқауға болады.

Дәл осы сауалнама шетелдік тағлымдама барысында Босния және Герцеговина федерациясында Халықарлық Бурч университетінің студенттерінен де (фокус-топ) алынған болатын. Екі ел студенттердінің сауалнамаға ұсынған жауаптары арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Бұл айырмашылықтар әр ұлттың менталитетіне, дүниеге деген көзқарасына, өмір салтына, әдеби шығармалардың насихатталуына тікелей байланысты екені даусыз. Дегенмен, білім беру жүйесінің, пәнді оқыту әдістемесінің да оқырмандық интерпретацияға ықпалы зор екенін ескеру керек.

Мысалы, қазақстандық студенттердің 28,2 % «Көркем шығарма интерпретациясы дегенді қалай түсінесіз?» дегенде «авторлық идеяны ашу» деген нұсқаны таңдаған. Босниялық студенттердің бірде-бірі бұл жауапты таңдамағанын байқадық. Оның себебін анықтау мақсатындағы әңгімелесу барысында студенттер: «Шығарма жазылып аяқталғаннан кейін автордың идеясынан гөрі оқырманның түйген ойы маңыздырақ. Авторлық идея, авторға шығарманы жазуға түрткі болған ой автордың заманында ғана өзекті болуы мүмкін. Оқырман шығармадан қай кезде де керегін ала алатын болса ғана шығармаға интерпретация жасай аламыз. Интерпретация авторға емес оқырманға тиесілі» деген уәж айтты.

«Интерпретацияның қай түрі сізге жақынырақ?» деген сұраққа қазақстандық студенттердің басым көпшілігі (48,2%) «көркем шығарма желісі бойынша фильм, сахналық қойылым т.б. дайындау» деген нұсқаны таңдаса, босниялық студенттер «шығарма желісін өз қиялында өрбіту» деген нұсқаға басымдық (70%) берген. Бұл жауаптар қазақстандық студенттердің шығармашылық белсенділігінің жоғары, жаңа өнім ұсынуға деген ынтасының зор екенін байқатады.


Босниялық студенттердің жауаптары «Әдебиет сабақтарында өнердің қай түрі көбірек қолданылады?» деген сұрақта да біздің студенттерден өзгеше болғанын көреміз. Біз әдебиетті оқыту әдістемесі ретінде аудиожазбалар мен подкасттарды мүлде қолданбайтын болсақ, Босниялық студенттер бұл әдістің қолданыс аясын 13,3% көрсеткішпен ұсынғанын көруімізге болады. Қазақстандық студенттердің көрсеткішінен әдебиет сабақтарында драмалық интерпретацияға басымдық берілетінін (55,5 %) байқасақ, босниялық студенттер киноинтерпретацияға (53,3 %) басымдық бергенін байқадық.

13- кесте. Қазақстандық студенттер мен Босния және Герцеговина студенттерінің сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіші

«Әдебиет сабақтарында өнердің қай түрі көбірек қолданылады?» сұрағына берілген жауап нұсқалары:	Қазақстандық студенттердің көрсеткіші:	Босния және Герцеговина студенттерінің көрсеткіші:
бейнелеу өнері	22,7	20 %
Музыка	3,6%	0 %
көркем фильмдер	18,2%	53,3 %
сахналық қойылымдар	55,5 %	13,3 %
Аудиожазбалар (подкасттар)	0 %	13,3 %

Әдебиет сабақтарында өнердің қай түрі көбірек қолданылады?


110 ответов



22- сурет. Қазақстандық студенттердің көрсеткіші

What types of art are most often used in literature classes?

10 ответов



23- сурет. Босния және Герцеговина студенттерінің көрсеткіші

Сонымен қатар, «Егер шығарманың экранизациясын көрген болсаңыз, туынды мәтінін оқисыз ба?» деген сұраққа қазақстандық студенттердің 68,2 пайызы «Сирек оқимын, көп жағдайда оқымаймын» деген жауап ұсынса, Босниялық студенттердің 70 пайызы «Иә, оқимын» деп жауап берген.

Анықтау экспериментінің негізгі бөлігін филология мамандығында оқып жатқан студенттердің әдеби-шығармашылық деңгейін анықтауға арналған жұмыс түрлері құрады. Бұл экспериментімізде, жұмысымыздың басты мақсатына сай, студенттердің шығармашылық деңгейін анықтауда көркем мәтінге интерпретация жасауға негізделген әдістерді басшылыққа алдық. Студенттерге шығарма фабуласы беріліп, соған сәйкес көркем мәтін түзу және қандай да бір лирикалық өлеңге сыни мақала жазу тапсырмасы берілген болатын.

Интерпретация үдерісі барысында студенттердің әдеби-шығармашылық деңгейлері, кәсіби оқырман ретіндегі көзқарастары, құндылықтары мен таным деңгейі анықталады. Сонымен қатар, материалды таңдау, әдеби ұғымдар мен терминдерді дұрыс қолдана алуы, мәтіннен алған эмоционалды-бейнелік әсерін авторлық позициямен салыстыра алуы, автордың өзіне тән шығармашылық қолтаңбасын ескере білуі, шығарманы мәдени мәнмәтін тұрғысынан талдай алуы, интерпретация барысында жеке пікір қалыптастырып, оны негіздей білуі сынды білік-дағдылары да байқалады.

Студенттердің көркем мәтін түзу және сыни мақала жазу алу қабілеттерін бағалауда төмендегі критерийлерді ұсындық:

1. Көркем мәтін интерпретациясының авторлық позициямен сәйкестігі және шығармаға өзіндік баға бере алуы;

2. Мәтінді түсіну деңгейі (тақырыбы, жанры, композициясы, идеясы т.б.);

3. Әдебиет теориясын білуі және оны интерпретация үдерісінде қолдана білуі;

4. Лирикалық кейіпкер образын қабылдауы мен түсініп-түйсінуі. Сол арқылы автор даралығын тани білуі;

5. Жұмыстың тілі мен стилі (құрылымдық бірізділігі, логикалық қисыны, тілдік сауаттылығы).

Бағалау шкаласы:

- интерпретация барысында қажетті білік-дағдылары, түсініктері байқалып, сауатты мәтін түзе білген жағдайда, **3 балл** қойылды;

- көркем мәтінді түсіну мен талқылауда жетпей қалған тұстары болса, **2 балл** қойылды;

- мәтінді түсіну мен талқылауда нақты қателер кеткен болса, **1 балл** қойылды;

- мәтін интерпретациясы барысында мүлде адекватты түсіну немесе студенттің жоғарыдағы критерийлер бойынша білік-дағдылары байқалмаса, **0 балл** қойылды.

Жұмыс үшін ең жоғыры балл 15 балл (максималды 3 балл 5 критерийге көбейтіледі) берілді. Студенттерді жинаған балына қарай үш деңгейге бөлдік.

10-15 балл арасы – жоғары деңгей;

5-10 балл арасы – орта деңгей;

0-5 балл арасы – төмен деңгей.

Эксперимент нәтижесі төмендегі диаграммалардан көруге болады:

Көркем мәтін түзу



24- сурет. Студенттердің көркем мәтін түзе алу қабілеттерінің көрсеткіші

Сыни мақала жазу



25- сурет. Студенттердің сыни мақала жаза алу қабілеттерінің көрсеткіші

Көріп отырғанымыздай, 3-4 курс студенттерінің көркем мәтін түзе алу, көркем мәтінге сыни талдау жасай алу деңгейлері өте төмен. Студенттердің ұсынған көркем мәтіндеріндегі образдар жүйесі тым қарабайыр суреттелген, кейіпкер характері ашылмаған, кейіпкерлер арасындағы диалог берілмеген немесе тым бір сарынды, шығарманың сюжеті мен композициясында, тілінде штамптар көп кездеседі. Сыни мақалаларында көбіне дайын әдеби талдауларға жүгінген немесе талдаудан гөрі мазмұндап беру басымдыққа ие. Мәтінге өзіндік баға беріп, әдеби-теориялық білімдеріне сүйене отырып талдау жасаған жұмыстар өте аз.

Бізді ойландырған мәселе, 1-курсқа келген студенттің шығармашылық әлеуетін анықтау мақсатында А.Н. Лук пен Х. Зиверт сауалнамаларын алғанымызда нәтиже орта деңгейді көрсеткен болатын. Олай болса, неліктен 4-курс фиололог (шығармашылыққа бейім мамандықардың бірі) студенттердің әдеби-шығармашылық жұмыс нәтижелері төмен көрсеткішке ие болды? Бұның себебін жоғары білім беруде студенттердің шығармашылық қабілеттерін

шыңдауға, жазбаша талдау, талқылау жұмыстарына арналған бағдарламалар мен пәндердің аздығымен, студенттерді әдетте академиялық білім деңгейіне сай бағалап, шығармашылық қабілеттері бағалаудан тыс қалып жататындығымен түсіндіруге болады. Яғни, 1-курсқа шығармашылық әлеуеті орта деңгейде келген студенттің 3-4 курсқа дейін шығармашылық әлеуеті төмендеп кететінін байқауға болады. Бұл қарама-қайшылықтың шешімі ретінде жоғарғы білім беру бағдарламаларының әдістемелік жүйесін қайта құруды, студенттердің шығармашылығын дамытуға, мәтінмен жұмыс дағдылары мен шығарманы талдап, талқылауға негізделген пәндерді көбейтуге ұсыныс білдіргіміз келеді.

Эксперимент жұмыстарының екінші кезеңін **қалыптастыру экспериметі** құрады. Бұл кезеңнің басты мақсаты – студенттің шығармашылық құзыретін дамыту. Бұл мақсатқа жетуде алдыңғы бөлімдерде атап өткен шығармашылық құзыреттің аксиологиялық, мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерінің толықтай жүзеге асуы өте маңызды. Сондай-ақ студенттердің филологиялық, мәдениеттанушылық, психолого-педагогикалық құзыреттіліктері қатар дамуы да назардан тыс қалмауы керек.

Қалыптастыру экспериментінің мақсатқа жетудегі басты міндеттері – студенттерге көркем мәтінді талдау мен бағалау негіздерін үйрету, студенттерді өз бетінше ғылыми ізденіске ынталандыру, дискуссивті мәселелерді талқыға салу, оқып отырған курстың өзге пәндермен, білім беру жүйесімен байланысын түсіндіру, оқырмандық таным көкжиегін кеңейту және осыған сәйкес шығармашылық тапсырмалар мен шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру. Мақсатқа жетуде талдау, жинақтау, салыстыру, ассоциация, аналогия, синектика т.б. әдістерге жүгіндік.

Студенттердің әдеби-шығармашылығын дамытуға арналған жұмыстар жүйесін төмендегі кестеде топтастырып ұсындық.

14- кесте. Студенттердің әдеби-шығармашылығын дамытуға арналған жұмыстар жүйесі

Әдістер мен технологиялар				Жұмыс түрлері	
1		2			
Сыни мәтін түзе алу дағдысындамытуға арналған әдістер:				<ul style="list-style-type: none"> ➤ эпизодтық талдаулар; ➤ жекелеген образдарға талдау; ➤ рецензия жазу; ➤ ұқсас мотивтерге талдау; ➤ шығарма поэтикасына талдау; ➤ герменевтикалық талдау т.б. 	
Көркем және публицистикалық мәтін түзе алу қабілетін дамытуға негізделген әдістер:				<ul style="list-style-type: none"> ➤ эссе-ассоциация; ➤ субъективті эссе; ➤ аргументативті эссе; ➤ ертегі, әңгіме жазу; ➤ суретті сөйлет; ➤ детективті әңгіме т.б.; 	

14- кестенің жалғасы

1	2
Ғылыми шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға арналған әдістер:	<ul style="list-style-type: none"> ➤ тезис түзу; ➤ аргументтер таңдау; ➤ автор ойын қуаттау;
Креативті ойлауын дамытуға арналған рефлексивті тапсырмалар:	<ul style="list-style-type: none"> ➤ инсерт; ➤ екі жақты күнделік; ➤ қанатты өлең; ➤ әдеби ойындар; ➤ өңделген өлең; ➤ синквейн, т.б.
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шығармашылықты дамыту тапсырмалары	<ul style="list-style-type: none"> ➤ аудио және видеоподкаст; ➤ онлайн тренингтер; ➤ иллюстративті постерлер; ➤ слайдтар; ➤ аудиокітап т.б.

Аталған тапсырмалар, бір жағынан, жекелеген студенттердің шығармашылық қабілетін шындаса, екіншіден, көрем мәтінге өзіндік баға беруін, қисынды түсінуі мен интерпретациялау мүмкіндігін береді.

Мысалы, «Тәуелсіздік кезең әдебиеті» пәні аясында студенттер егемендік алғаннан бергі әдеби үдерісті саралау, аталмыш кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен жаңалығына талдау жасау, 60-80 жылдардағы әдеби толқынның жаңашыл әдебиет тудыруға әсері, жаңа қоғамдық құрылыстың немесе цифрлық дәуірдің әдеби үрдіске ықпалы сынды түрлі сауалдарға жауап іздеу арқылы сыни ойлауға, ғылыми шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруға, әдеби үрдісті түрлі мәнмәтін тұрғысынан саралауға дағдыланады. Эксперимент нәтижесінен байқағанымыз, көркем шығармаға жасалған талдауларды бірге талқылау, автормен, мәтінмен диалог орнатуға ұмтылыс, авторлық интенцияны, авторлық ұстанымды анықтауға арналған болжамдар ұсыну немесе оны жоққа шығару, оқу мен жазудың түрлі технологияларын қолдану студенттердің сыни ойлауын, кез-келген істегі креативтілігін, шығармашылыққа ынтасын арттыратыны анық.

Студенттердің көркем шығармаға интерпретация жасай алуын, шығарманы терең түсініп, жаңа шығармашылық өнім алуға құлшынысын қалыптастыратын тәсілдердің бірі – герменевтикалық талдау. Эксперимент барысында студенттер филологиялық герменевтика негіздерімен, оқырмандық интерпретация кезеңдерімен, «мәнмәтін», «микромәнмәтін» ұғымдарымен танысып, түсіну әрекетіндегі рефлексияның маңызын саралады. Эксперимент студенттердің бойында төмендегідей дағдыларды қалыптастыруды көздеді:

- көркем шығармадан микромәнмәтіндерді тану және олардың өзара байланысын, қатынасын анықтау;
- көркем шығарманың мағыналық құрылымын талдау;
- шығарманың астарлы ойын, «кодталған» мәнін (ұйқыдағы мән) ашуға ұмтылыс;

- мәтін концептісін жасау;

Эксперимент жұмысы нәтижесінде төмендегідей өзгерістер байқалды:

- студенттер мәтінге көбірек ден қойып оқытын болды, үстірт жасалған түсіндірме-талдаулар азайды;

- студенттер мәнмәтіндерді табуды үйренді және олардың жалпы мәтіннің мәніне ықпалын, өзара байланысын анықтауға, бөлшек арқылы бүтіннің, бүтін арқылы бөлшектің мағынасын ашуға дағдыланды;

- интерпретация әрекеті рефлексиямен қуатталып отырды. Студенттер оқыған мәтінге ғана емес, өздерінің интерпретациясына, өз түсініктеріне баға беруді үйренді;

- студенттер көркем шығарманы оқу барысында авторлық көзқарасты табуға, авторлық ұстанымды қабылдауға дағдыланды. Оны өзіндік көзқарасы тұрғысынан түсіндіруге тырысты. Осылайша, автор-оқырман диалогы қалыптасты;

Студенттердің көркем шығарманы интерпретациялауы анықтаушы эксперимент нәтижелерімен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

15- кесте. Анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент нәтижелелерінің салыстырмалы көрсеткіші

Критерийлер	Анықтаушы эксперимент нәтижесі	Қалыптастырушы эксперимент нәтижесі
1. Мәнмәтіндерді тану	15%	45%
4 Мәнмәтіндердің өзара байланысын құру және шығарма мәнін анықтау	10 %	36%
5 Авторлық ұстанымды тану, қабылдау	20%	52%
6 Шығарманың тіл айшықтарын талдау	10%	40%
7 Мәтіннен дәйектемелерді орынды қолдану	30 %	65%

Көркем және публицистикалық мәтін түзе алу қабілетін дамытуға негізделген эссе-ассоциация, амплификация, ертегі, әңгіме жазу, суретті сөйлет, шығармашылық шеберхана т.б. тапсырмалар орындалды.

«Шығармашылық шеберхана» әдісі бойынша оқушыларға 2 тапсырма берілді.

Біріншісі – «әңгіме-детектив» тапсырмасы. Бұл тапсырмада басты назар студенттердің детективті проза туралы білімінің болуы, детективті шығармалармен танысу. Біз эксперимент тобымен аталған тапсырмаларды Алмаз Мырзахметтің «Түн жанарындағы жас» шығармасын оқығаннан кейін ұсындық.

Тапсырма 1: 5-7 минут ішінде 5-10 сөйлеммен детективті әңгіменің кіріспесін жазыңыз. Өзіңізді Агата Кристидің кабинетінде отырмын деп елестетіңіз. Өз замандастарыңыз, олардың қызушылықтары, қоғамдағы әшкерелену тиіс оқиғалар, өзіңіз куә болған тосын жайттар, өзіңіз білгіңіз келетін өзгелердің құпиялары туралы ойланыңыз. Әңгімені бастау үшін берілген сөйлемді пайдалануыңызға болады немесе өз нұсқаңызды қолданыңыз. Сөйлем: «Ала көлеңке тартқан жұмыс бөлмесінің терезесінен білінер-білінбес жарық жылт етті. Орнынан сүлесоқ көтеріліп, терезеге беттеді...»

Екінші тапсырма –«қорқынышты әңгіме» деп аталды. Бұл тапсырмада да шығармашылық микроклимат орната білу, студенттердің аталмыш жанрға деген қызығушылығын ояту өте маңызды.

Тапсырма 2: Бұл жолы өздеріңізді Стивен Кингтің кабинетінде отырмын деп елестетіңіздер. (Стивен Кингтің мұражай-үйіне виртуалды саяхат жасап алуға болады.) 10 минут ішінде қорқынышты әңгіменің кіріспесін жазыңыз. Әңгімені бастау үшін берілген сөйлемді пайдалануыңызға болады немесе өз нұсқаңызды қолданыңыз. Сөйлем: «Тағы да түс көрді. Ояна сала жалма-жан әлденені іздеген адамдай төсегінің асты-үстін, бөлме ішін қопара бастады...»

Студенттердің ұсынған жұмыстары тақырыптық ауқымы жағынан да, бейнелілігі жағынан да жан-жақты. Тапсырма тек шығарманың кіріспесін жазу болғанымен, аталған жұмыс сабақ барысында ғана орындалып қалып қалғаны сирек. Көп студенттер өз қалаулары бойынша шығарманы аяқтап жазып, бір-бірінің шығармасы қалай аяқталғанын сұрап жатты. Әр тапсырма бойынша ұсынылған жұмыстардан бір мысалдан келтіріп өтсек:

Каметова С. «Ала көлеңке тартқан жұмыс бөлмесінің терезесінен білінер-білінбес жарық жылт етті. Орнынан сүлесоқ көтеріліп, терезеге беттеді. Жаңағы жылт еткен көршісінің көлігің шамы екен. Үйінің тұсына келіп тоқтап, өшіріп үлгеріпті. Қақпасын ашып алғанша жағып қойса да болар еді. Бірақ олай етпеді. Қараңғыда қалбалақтап жүріп, артқы багажын ашты. Үлкен сөмкені әрең көтеріп, жерге зырқ еткізіп тастай салды. Соған қарағанда сынатын ештеңе жоқ сынды. Ары қарай бақылап тұра беруге ниетті емес еді. Алайда, пердені қайта жаба салайын дегені сол еді, сөмке қозғалып жатқандай көрінді...»

Үсенбек А. «Тағы да түс көрді. Ояна сала жалма-жан әлденені іздеген адамдай төсегінің асты-үстін, бөлме ішін қопара бастады...»

Елдер қорқынышты түс көрсе «Ух, түсім екен зой...» деп өздерін жұбатып, оянғанына шүкір етеді. Бұл кересінше, көрген түсінің бәрі орындалады. Онда да романтикалық немесе қарапайым тұрмыстық түстер көрген емес. Кей күндері түс көрмей оянады. Түс көрсе, кіл қорқынышты түс. Бүгін де түсінде соны көрді. Бөлмесіне баса көктеп кіріп келіпті. Бөтен емес, ӨЗІ. Қорғану керек... »

Тапсырманы төмендегі әр критериге сай **0-5 балл** аралығында бағаладық:

1. Мәтінде шығарманың жанрлық доминатын анықтауға арналған бейнелі баяндау тәсілінің көрінісі;

2. Мәтінлейтмотивінің анық көрінуі;
3. Баяндау тілінің көркемдігі;
4. Стыльдік бірізділігі;
5. Оқиға динамикасының байқалуы.

Әр критерий бойынша ең жоғары 5 балл, жалпы тапсырма үшін 25 балл қойылды. Екі тапсырманың мақсаты мен орындалу жолы бір болғандықтан, ең жоғары 50 балмен бағаланды. Экспериментке қатысқан 21 студенттің 33 % жоғары, 47 % орта, 19 % төмен нәтиже көрсетті.

16- кесте. «Шығармашылық шеберхана» әдісі бойынша эксперимент нәтижелері

Деңгейі	Көрсеткіші	Студент саны
Жоғары деңгей	40-50 балл аралығы;	7 студент
Орта деңгей	20-40 балл аралығы;	10 студент
Төмен деңгей	0-20 балл аралығы.	4 студент

Публицистикалық мәтін түзу үшін студенттерге «Суретті сөйлет» тапсырмасы берілді.

Тапсырма. Төмендегі суреттердің бірін таңдап, публицистикалық мақала жазыңыз.



26- сурет. Публицистикалық мақала жазуға ойтүрткі ретінде ұсынылған суреттер

Бұл тапсырманы бағалауда төмендегідей критерийлерге сүйендік:

- тақырып таңдауы (өзіндік ерекшелігі, даралығы);
- тілінің бейнелігі, сөз айшықтарын орынды қолдануы;
- көтерген мәселесінің өзектілігі, қоғам (оқырман) сұрансын қанағаттандыруы;
- ойының ұшқырлығы, оны оралымды жеткізе білуі (салыстыра талдаулар жасауы, ойын дәлелдеуі, дәйек, деректерді дұрыс қолдануы).

Әр критерий 0-5 балл аралығында бағаланып, ең жоғары 20 балл берілді.

17- кесте. «Суретті сөйлет» әдісі бойынша эксперимент нәтижелері

Деңгейі	Көрсеткіші	Студент саны
Жоғары деңгей	15-20 балл аралығы;	12 студент
Орта деңгей	5-15 балл аралығы;	10 студент
Төмен деңгей	0-5 балл аралығы.	2 студент

Көркем мәтінге жасаған интерпретациясылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жарыққа шығаруды көздейтін тапсырмалар да өте нәтижелі болды. АКТ-ны қолдана отырып интерпретациялауға төмендегідей жұмыс түрлері ұсынылды:

- Абай өлеңіне жасалған интерпретация негізінде бүгінгі күннің өзекті мәселелерін арқау ететін онлайн-тренинг;

- Абайдың қара сөздерін талқылауға арналған видеоподкаст;

- Гректің Лоакон туралы аңызына жасалған иллюстративті постер;

- Алмас Темірбайдың «Уақыт» өлеңі бойынша видеорепортаж;

- Абайдың 17-қара сөзі бойынша постер;

- Абай бейнесін қылқаламмен картинаға түсіріп, отыз үшінші қара сөзі бойынша видеоинтерпретация;

- Жекелеген көркем шығармалар бойынша толық ақпарат беретін және өзіндік интерпретацияларын қамтитын сайт, т.б.

Толық жұмыс түрлерімен қосымшадан (Қосымша Г) танысуға болады.

Студенттердің ғылыми шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға арналған тезис түзу, аргументтер таңдау, автор ойын қуаттау тапсырмалары мен креативті ойлауын дамытуға арналған инсерт, екі жақты күнделік, қанатты өлең; өңделген өлең; синквейн, т.б. тапсырмалар мен әдеби ойындар студенттердің шығармашығын көркем шығарманы түйсініп-түсінуіне, сол арқылы шығармашылық қабілетін шыңдай түсіне ықпал етті.

Сондай-ақ, «Интерпретация арқылы студенттердің шығармашылық құзыретін дамыту әдістері» бөлімінде көрсетілген әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар да толықтай дерлік қалыптастыру эксперименті кезінде қолданылып, студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырға септігін тигізді.

Эксперимент жұмыстарының үшінші кезеңінде қолданылған әдістер мен тапсырмалардың нәтижесін анықтау мақсатында **қорытынды эксперимент** жұмыстары жүргізілді. Қорытынды эксперименттің мақсаты қалыптастыру экспериментінің нәтижелі болғанын анықтау, бақылау табы мен эксперимент топтарының шығармашылық жетістіктерін, оқырмандық сауаттылығын, түсіну-интерпретациялау дағдыларын салыстыра талдау жасау.

Қорытынды эсперимент барысында ең алдымен студенттердің шығармашылық белсенділіктері мен өзіндік тұлғалық рефлексиясын анықтау мақсатында өзін-өзі бағалау сауалнамасы қайта алынды. Нәтижесі төмендегідей:


18-кесте. Өзін-өзі бағалау сауалнамасының нәтижелері

Шығармашылық құзыреттілік критерийлері	Бақылау тобының көрсеткіштері			Эксперимент тобының көрсеткіштері		
	Жоғары	Орта	Төмен	Жоғары	Орта	Төмен
Өздігінен дамуға, өздігінен білім алуға деген ұмтылыс. Жеке шығармашылықпен айналысуға құштарлық	39%	61%	6%	47%	53%	-
Студенттің шығармашылық міндетті анықтай алу қабілетінің болуы	30%	65%	5%	41%	57%	2%
Сыни мақала жаза алу қабілеті	15%	47%	38%	33%	52%	15%
Көркем мәтін түзе алу, әдеби шығармашылық қабілеті	14%	50%	36%	37%	51%	12%
Тосын шығармашылық шешім қабылдайтын тұста тиімді әрекет ете алуы	32%	62%	6%	54%	46%	-

Сауалнама нәтижесіне қарасақ, эксперимент тобының студенттерінің өздеріне деген сенімділігі, шығармашылық жұмыспен айналысуға деген құштарлығы әлдеқайда өскенін байқауға болады. Яғни қалыптастырушы эксперимент шығармашылық құзыреттің барлық компоненттерінің жүзеге асуына ықпал ете алғанын көруге болады.


Сондай-ақ, бақылау тобы мен эксперимент тобының шығармашылық деңгейлерін анықтау мақсатында рецензия жазу, көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау тапсырмалары алынды.

Рецензия жазу тапсырмасын төмендегідей критерийлерге сәйкес бағалап, қорытынды нәтиже шығардық.






Рецензия жазу тапсырмасы бойынша бақылау және эксперимент топтарының нәтижелерін төмендегі диаграммалардан көруге болады.



27- сурет. Бақылау тобының рецензия жазу тапсырмасы бойынша нәтиже көрсеткіші



28- сурет. Эксперимент тобының рецензия жазу тапсырмасы бойынша нәтиже көрсеткіші

Көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау тапсырмаларын төмендегі талаптарға сәйкес бағаладық.

19- кесте. Көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау тапсырмаларын бағалау талаптары

Жалпы критерий	Жекелеген талаптар	Балл	Жалпы балл
1	2	3	4
Шығармашылық жұмыстың мазмұны мен формасының сәйкестігі	Нақты қойылған мақсатқа сәйкес материал таңдау;	1балл	3 балл
	Жұмыстың өн бойында негізгі, басты тақырыпты аша білу;	1балл	
	Шығарманың тақырыбы мен жанрына сәйкес стиль таңдай алу, негізі интонацияға мән беруі.	1балл	
Интерпретация деңгейі бойынша	Жасалған интерпретацияның тереңдігі мен ауқымдылығы (нақты әрі орынды материал таңдай алуы, түсініп-түйсіну деңгейінің көрінуі)	1балл	3 балл


	Авторлық позицияны анықтап, оны өз жұмысында көрсете алуы;	1балл	
<i>19- кестенің жалғасы</i>			
1	2	3	4
	Түрлі өнер туындыларын (интерпретацияланушы мәтін – интерпретация өнімі) салыстыра алу және өзіндік көзқарасының көрінуі	1балл	
Өмір мен өнерді тұлғалық қабылдау деңгейі бойынша	Материалды өз бетіше меңгеру деңгейі	1балл	3 балл
	Шығармаға баға беру мен интерпретациялауда тұлғалық ерекшелігінің, «Жеке менінің» көрінуі	1балл	
	Баға берудегі объективтілік және субъективтілік деңгейі	1балл	
Жұмыс стилі	Көркем шығарма авторының стилі мен өзіндік интерпретация стилінің қабысуы немесе жаңашылдық;	1балл	3 балл
	Жұмыстың композициялық құрылымы	1балл	
	Стиль даралығы	1балл	
Білім алушының шығармашылық өсу деңгейі	Шығармашық жұмыстарды орындауда белсенділігінің артуы, мотивациялық тұрғыда алға жылжуы	1балл	3 балл
	Шаршы топта сөйлеу құзыреті		
	Жұмыстың эстетикалық әрленуі	1балл	
Жұмыс бойынша жалпы балл:			15

10-15 балл аралығы – жоғары деңгей;


5-10 балл аралығы – орта деңгей;

0-5 балл аралығы – төмен деңгей.

Көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрына интерпретациялау тапсырмасы бойынша бақылау және эксперимент топтарының нәтижелерін төмендегі диаграммалардан көруге болады.




29- сурет. Бақылау тобының көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау тапсырмалары бойынша нәтиже көрсеткіші



30- сурет. Эксперимент тобының көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне немесе әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау тапсырмалары бойынша нәтиже көрсеткіші

Алынған нәтижелер бойынша бақылау және эксперимент топтарының жалпы көрсеткішін салыстыра қарастыратын болсақ:

■ Төмен деңгей ■ Орта деңгей ■ Жоғары деңгей



31- сурет. Бақылау және эксперимент топтары нәтижесінің салыстырмалы динамикасы

Қорытындылай келе, эксперимент нәтижелері көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың негізгі ұстанымдары мен ұсынылған әдістемелік жүйенің жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатындығын көрсетті. Студенттердің оқу сауаттылығын жетілдіруіне, көркем шығарманы адекватты түсініп, оған баға бере алуына, талдау, интерпретациялау дағдыларының жетілуіне жол ашты. Сол арқылы тұлға ретінде дамуына, креативті ойлауына, шығармашылық қабілеттерінің шыңдала түсуіне мүмкіндік алды. Қолданылған педагогикалық әдіс-тәсілдер мен оқу материалдарының тиімділігі дәлелденді. Сондай-ақ, студенттердің оқылым стратегияларын, шығарма талдау тәсілдерін, көркем туындыға рефлексия жасаудың жолдарын, шығармашылық іс-әрекет түрлерін меңгеріп, функционалды сауаттылығын арттыра түсуіне ықпал етті.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысымыздың екінші бөлімі көркем мәтін интерпретациясы мен рефлексияның ара қатынасын зерделей отырып, көркем шығармаға интерпретация жасаудың рефлексивті амалдарына, көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға және жоғары білім беру жүйесінде интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытуға негізделген

әдіс-тәсілдер жүйесіне, сондай-ақ, ұсынылған әдістемелік жүйені эксперименттік жұмыстар арқылы бекітіп, нәтижелерін талдауға бағытталды.

1) Көркем мәтін, әдеби туынды дегеніміз – қоғамның, замананың бет-бейнесіне, өмір көріністеріне жасалған рефлексия болса, оқырманның өзіндік түсінігі немесе шығармашылық интерпретациясы – мәтінге немесе авторға бағытталған рефлексия.

2) Әдеби рефлексия траекториясы дегеніміздің өзі – авторлық ұстаным мен мағынаны барынша терең түсіне білу, оған деген өзіндік көзқарасының қалыптасуы, өзіндік қабылдау мен өзіндік түсіну. Көркем рефлексияның туындау деңгейі оқырманның көркем мәтінді түсіну деңгейіне тікелей әсер етері де сөзсіз. Білім алушы оқырманның көркем туындыға, оның мән-мағынасына көркем рефлексия жасай алатындығының өзі оқырмандық және әдеби білім деңгейінің жоғары екендігінен хабар береді.

3) Шығармашылықты дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі қандай да бір педагогикалық тұғырлар мен оқыту ұстанымдарына негізделуі тиіс. Біз педагогикалық білім берудің негізгі тұғырлары мен жоғары оқу орындарындағы оқытудың ұстанымдарын саларай отырып, оқытудың *іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, акмеологиялық, андрогогикалық, мәнмәтіндік* тұғырларының басын біріктіруші, ортақ жүйеге келтіруші құзыреттілік макроәдістемелік тұғырын басшылыққа алдық.

4) Көркем шығармаға интерпретация жасаудың іс-әрекеттік механизмі біріншіден, студенттерге көркем мәтіннің көп қырлы, сан-салалы болмысын түсіндіру, екіншіден, оны қабылдауға, түсініп-түйсінуге, пайымдауға, талдауға, талқылауға үйрету, үшіншіден, осы алған әрекеттерді жүйелі жүзеге асыру арқылы өзіндік шығармашылық дамуына жол ашу, шығармашылық құзыретін дамытудан тұрады.

5) Жұмысымызда көрсетілген түрлі әдістер мен тәсілдер студенттің бойында алған білімін қорыту, дамыту, жинақтау, жағдаяттарға сай қолдана білу, шығармашыл ойлауын, креативтілігін дамыту, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі бағалауға жол ашу сияқты білік-дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

6) Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамытуға негізделген эксперименттік тәжірибе қолданылған оқу материалдары мен әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды

Бүгінгі жас ұрпақ, қазіргі студент буын жаңалыққа құштар, өзін-өзі дамытуға, коммуникативтік, ақпараттық кеңістікте өзін-өзі қалыптастыруға, танытуға ынталы. Алайда, олардың мәдени кеңістігі, ақпарат алмасу ортасы, көзқарас қоры мен таным көкжиегі әлеуметтік желімен шектеліп жатады. Соның салдарынан көркем мәдениет пен әдебиет алаңынан алыстап бара жатқаны да анық байқалады. Бүгінгі білімгерлерде өз бетінше ізденуге деген ынта бар, бірақ, іздегендерін әдеби туындыдан таппай жатады. Сондықтан, көркем шығарманы оқуға, талдауға, автормен, шығармамен «диалог орнатуға» тым шорқақ. Себебі, көркем шығарма мазмұны мен айтпағы бүгінгі буынның мәдени кеңістігінен алшақ, олардың дүниетанмынан бөлек, кодталған, жабық деуге болады. Сондықтан да, қабылдау, түсіну, пайымдау, оқу сауаттылығын қалыптастыру, оқыған мәтіннің мәніне жету, идеясын тану мәселелері бүгінгі әдеби білім берудің өзегіне айналып отыр. Бұл – бірінші мәселе.

Екіншіден, бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – шығармашыл тұлға қалыптастыруға негізделген білім беру ортасын құру. Себебі, барлық жоғары білім беруші ұйымдар жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігінің көрсеткіші – креативті, шығармашыл маман. Қазіргі қоғам сұранысына ие маман ақыл-ой интеллекті ғана емес, сезім интеллекті мен рухани интеллекті де жоғары тұлға ретінде танылады.

Көркем шығармаға интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі аталған екі өзекті мәселенің бағытын бір арнаға тоғыстырып, зерттеу нысанына алады. Осыған орай, зерттеу барысында көркем мәтін интерпретациясы теориялық және әдістемелік тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, студенттер шығармашылығын дамытудың дидактикалық мүмкіндіктері сараланды. Тиімді әдістемелік жүйе құрылып, көркем мәтінге интерпретация арқылы қалыптасқан шығармашыл тұлға моделі жасалды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде төмендегідей тұжырымдарға қол жеткіздік:

1) Көркем мәтін интерпретация осы уақытқа дейін теориялық тұрғыда түрлі ғылымдардың (философия, герменевтика, лингвистика, әдебиеттану, семиотика, психология т.б.) нысаны ретінде зерттеліп келсе, интерпретация үдеріс ретінде, оқу-танымдық әрекет ретінде әдістеме ғылымының нысаны ретінде қарастырылып, студенттердің оқу сауаттылығын арттырудың, шығармашылығын дамытудың тәсілі бола алады;

2) Интерпретация – қабылдау - түсіну - түйсіну - пайымдау - талқылау - шығармашылық өнім алу сатыларынан тұратын үдеріс. Сондықтан көркем мәтін интерпретациясы шығармашылық үдерісте әрі әрекет, әрі нәтиже ретінде сипатталады.

3) Көркем шығармаға интерпретация жасауда мәтіннің жазылу тарихын, автордың ұстанымын, автордың жеке тұлғасын, оның биографиясы мен шығарманың жазылу орнын, туындау себебін зерттеу, шығарма жазылған кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды, тарихи оқиғалар мен әдеби бағыттарға назар аудару өте маңызды.

4) Көркем шығарма көптеген экстралингвистикалық, яғни, прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлардың бірлігінен, олардың біте қабысып көркем мәтін түзуінен туындайды. Ал оларды қабылдау мен түсінуде интерпретацияны психологиялық, педагогикалық тұрғыда зерттеген еңбектерге, герменевтикалық және әдеби талдауларға жүгінеміз.

5) Кез келген сәтті интерпретация – оқырманның көркем шығарманы қисынды, дұрыс қабылдауы, толыққанды түсінуі, автор мен оқырман арасындағы ортақ шығармашылықтың орнауының нәтижесі. Тек көркем шығарма оқырман тарапынан дұрыс қабылданып, қисынды түсіну орнап, автор-мәтін-оқырман бірлігі үйлесім тапқанда ғана интерпретация жүзеге асып, ол шығармашылық ойлаудың дамуына ықпал ете алады.

6) Студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту үшін көркем шығарманың мазмұнын ғана емес, мәні мен мағынасын өз бетінше түсініп, пайымдауға, ой түюге негізделген жұмыс түрлеріне бағыттау маңызды. Көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау өз бетінше ойлауға: ақпаратты сыни тұрғыда бағалауға және соның негізінде өзіндік қазқарасын қалыптастыруға үйретеді.

7) Көркем шығармаға талдау мен интерпретация жасау барысында қалыптасатын әдеби интерпретация (көркем интерпретация) студенттердің шығармашылық құзыретін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Әдеби (көркем) рефлексия оқырманның мәтінмен, автордың жан-дүниесімен, ой-санасымен, болмысымен біте қайнасып, ортақ қарым-қатынасқа түсуіне бағытталады. Тіпті кейде әдеби рефлексия оқырманның эмоционалдық, эстетикалық көзқарастарының қалыптасуына түрткі болады. Сол арқылы оқырманды шығармашылық әрекеттерге, қалыптан тыс (креативті) ойлауға жетелейді.

8) Шығармашылықты дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі «Құзыреттілік» макроәдістемелік тұғырына негізделіп жасалды. Оған себеп, біріншіден, жұмысымыздың басты мақсаты – шығармашылық құзыретті дамыту, екіншіден, көркем шығармаға интерпретация жасаудың өзі студенттің көпсатылы іс-әрекет, өз алдына жеке құзыреттер жүйесін қамтиды. Біздің мақсат, біріншіден, студенттерге көркем мәтіннің көп қырлы, сан-салалы болмысын түсіндіру, екіншіден, оны қабылдауға, түсініп-түйсінуге, пайымдауға, талдауға, талқылауға үйрету, үшіншіден, осы алған әрекеттерді жүйелі жүзеге асыру арқылы өзіндік шығармашылық дамуына жол ашу, шығармашылық құзыретін дамыту болды.

9) Студенттердің шығармашылығын дамытуда көркем шығарманы түсіну, талдау, интерпретациялауға негізделген рецензия жазу, көркем шығарманы өнердің өзге түрлеріне, әдебиеттің өзге жанрларына интерпретациялау, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану, әдеби ойындар, эссенің түрлері, әңгіме жазу, жоба жұмыстарын мен өзіндік жұмыс тапсырмалары ретінде түрлі кейстер ұсыну сынды оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен амалдары, оқыту құралдары таңдалды. Қолданылған әдіс-тәсілдердің барлығы дерлік зерттеудің мақсатына жетуде тиімділігін танытты.

10) Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесін жасау барысында анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды эксперименттер жүргізіліп, сапалық және сандық талдаулар жасалды. Әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденіп, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (04.06.2020 ж. қаралды)
2. Қазақстанның PISA рейтингіндегі көрсеткіші төмендеді. Не себеп? // Азаттық радиосы, 4-желтоқсан, 2019 ж. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-at-the-pisa-ranking/30305694.html> (02.06.2021 ж. қаралды)
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (04.06.2020 жылы қаралды)
4. Т.Қ. Маняпова Мәтін интерпретациясындағы прагматикалық негіздер – Вестник Инновационного Евразийского университета. 2012. № 4 ISSN 1729-536X
5. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
6. Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар// ҚазҰУ хабаршысы, Қазақстан, Алматы – 2018ж, №4 (172);
7. Дильтей В. Герменевтика и теория литературы. – М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. – Т. 4. – С. 239.
8. Гадамер Х.-Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики. – М.: Прогресс, 1988. – С. 35.
9. Россиус Ю. Г. О теории интерпретации Э. Бетти // История философии. – 2012. – № 17. – С. 88.
10. Рикер П. Конфликт интерпретаций : очерки о герменевтике / П. Рикер. – М. : Искусство, 1996. – 622 с. 5.
11. Усманова А. Р. Умберто Эко: парадоксы интерпретации. — Мн.: "Пропилеи", 2000. - 200 с. ISBN 985-6329-29-9.<http://yanko.lib.ru/books/cultur/usmanova-eco.htm> (қарау мерзімі 19.04.2019ж.)
12. Гадамер, Х.-Г. Текст и интерпретация (Из немецко-французских дебатов с участием Ж. Деррида, Ф. Форгета, М. Франка, Х.-Г. Гадамера и др.) / Х.-Г. Гадамер // Герменевтика и деконструкция / под ред. В. Штегмайера, Х. Франка, Б. Маркова. – СПб., 1999. – С. 202–242. – Режим доступа:http://www.bim-bad.ru/docs/hermeneutics_and_decostruction.pdf– Дата доступа: 05.06.2020
13. Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар// ҚазҰУ хабаршысы, Қазақстан, Алматы – 2018ж, №4 (172);
14. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б.

15. Отарбаева Ғ.Н. Көркем мәтін интерпретациясы және герменевтикалық әдістер// Ш. Уалиханов атындағы КМУ хабаршысы, Қазақстан, Көкшетау – 2019ж, №4;
16. Әдебиет теориясы (1960-70 жж.). Классикалық зерттеулер 15-том. Зейнолла Қабдолов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов.
17. Головкин В. М. Понимание как способ бытия и познания литературного жанра. URL: [http:// conf.stavsu.ru/conf.asp?ReportId=528](http://conf.stavsu.ru/conf.asp?ReportId=528) (қарау мерзімі 22.04.2019)
18. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
19. Лотман Ю.М. Автокоммуникация: “Я” и “Другой” как адресаты (О двух моделях коммуникации в системе культуры)// Лотман Ю. М. Семиосфера. – С.-Петербург: Искусство—СПБ, 2000. – С.159-165.<http://philologos.narod.ru/lotman/autokomm.htm> (қарау мерзімі 19.04.2019ж.)
20. Дәдебаев Ж. «Абайдың «Сегіз аяғы: мән мен мағына поэтикасы» - <http://abai.kaznu.kz/?p=1637>(23.05.2020 қаралды)
21. Ж. Аймауытов. Мақалалар https://kitap.kz/book/maqalalar_zh_a (Қарау мерзімі 21.12.2019)
22. Брудный А.А. Психологическая интерпретация. Москва. Лабиринт, 2005. –306 с.
23. Богин Г. И. Обретение способности понимать. Тверь, 2001. 761 с. http://www.bim-bad.ru/docs/bogin_ponimaniye.pdf (қарау уақыты 23.04.2019)
24. Жанузакова К.Т. Герменевтика – интерпретация теориясы. Алматы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2013.
25. Ұ. Еркінбай. Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері – http://www.asiainfo.kz/A_adebiet/sin/2017-05-10/652.html (қарау уақыты 2.07.2020)
26. Bühler A. Die Vielfalt des Interpretierens // Bühler A. (Hrsg.) Hermeneutik. Heidelberg, 2003.
27. Шлейрмахер Ф. Герменевтика – переводс немецкого А.Л. Васелькова. СПб: Европейский дом, 2004. – 242 с.
28. Адаева Е.С. Прозалық мәтінді талқылау тәсілдері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 153 б.
29. Чернявская Н.А. К вопросу об уровнях понимания художественного текста. Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология. 2018. Т. 24, №2. С. 148-152.
30. Журкова М. С. Адекватность интерпретации смысла художественного произведения – <https://scipress.ru/philology/articles/adekvatnost-interpretatsii-smysla-khudozhestvennogo-proizvedeniya.html> Дата публикации 28.06.2019 – (қарау уақыты 06.07.2020)
31. Скафтымов А.П. К вопросу о соотношении теоретического и исторического рассмотрения в истории литературы - Фрагмент книги: Русская литературная критика: Учебн. пособ. для студентов высших учеб. заведений/ Под ред. В.В. Прозорова и О.О. Миловановой. — Саратов: Изд-во Саратов. ун-та,

1994. — С. 134-15 - <https://www.twirpx.com/file/2258744/> (қарау уақыты 12.04.2019)

32. В.З. Демьянков. Лингвистическая интерпретация текста: универсальные и национальные (идиоэтнические) стратегии - Язык и культура. Факты и ценности. К 70-летию Юрия Сергеевича Степанова – М.: Языки славянской культуры, 2001. – 600с.

33. Л.В. Чернец. О формах интерпретации литературных произведений // Художественное восприятие. – Калинин, - 1988., 48 б.

34. А.Б. Есин. Интерпретация литературного произведения как творческая проблема // Проблемы интерпретации художественного произведения. – М., 1985., 5 б.

35. Тульчинский Г.Л. Интерпретация как историко-научная и методологическая проблема. Новосибирск: Наука, 1986.

36. Лихачев Д.С. О филологии – Москва: Высшая школа, 1998. – 208 с.

37. М.В. Николаева Совершенствование интерпретационной деятельности студентов в процессе чтения художественного текста : диссертация ... кандидата педагогических наук . Москва, 2008.- 222 с.: ил. РГБ ОД, 61 08-13/1072

38. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов по специальности «Иностранные языки». Л., «Просвещение», 1978.

39. Демежанов Т. М. Художественная интерпретация образа Кенесары Касымова в казахской литературе. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы, 1994

40. Крылов В.Н. Принципы интерпретации художественных произведений в литературной критике Н. А. Добролюбова. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук, Казань -1991

41. Рубцова С. П. Интерпретация и объяснение: два подхода к пониманию текста// Вестник ВГУ. Серия: Философия. 2016. № 2, стр. 61.

42. Миронов О. В. Развитие герменевтических практик в толковании сакрального текста : дис. ... канд. филос. наук / О. В. Миронов. – Воронеж, 2002. – 151 с.

43. Хализев В.Е. Драма как явление искусства. - М.: Искусство, 1978.

44. Ермаш Г.Л. Искусство как творчество. - М., Искусство, 1972; 100.

45. Бушмин А. С. Об аналитическом рассмотрении художественного произведения. Наука о литературе. М.: 1980

46. Отарбаева Ғ.Н. Интерпретация көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің бір жолы// Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы, Қазақстан, Алматы – 2019ж, №1 (77);

47. Савельева В.В. Художественный текст и художественный мир: проблемы организации. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996. – 192 с.

48. Потебня А.А. Эстетика и поэтика. / А.А. Потебня. — М., 1976. — 368 с.

49. Есин А. Б. Интерпретация литературного произведения как теоретическая проблема. Проблемы интерпретации художественных произведений. Межвузовский сборник научных трудов. М.: МГПИ, 1985.

50. Лихачев Д. С. Избранные труды по русской и мировой культуре. — 2-е изд., перераб. и доп. / сост. и науч. ред. А. С. Запесоцкий. — СПб. : СПбГУП, 2015. — 540 с. — (Почетные доктора Университета).

51. Кривцун О.А. Эстетика. Москва: Аспект Пресс, 1998. — 430 с.

52. П.М. Якобсон. Психология художественного восприятия. М., 1964. С.

67

53. Никифорова О.И. Психология восприятия художественной литературы. М., 1972. С. 7 – 8

54. Чернец Л.В. «Как слово наше отзовется...». Судьбы литературных произведений. М., 1995. С. 21

55. Борев Ю.Б. Эстетика. В 2-х т. Смоленск, 1997

56. Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2009.

57. Лотман Ю . М. Структура художественного текста // Лотман Ю. М. Об искусстве. СПб.: Искусство — СПб, 1998. С. 272.

58. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. М.: Искусство, 1979. 424 с.

59. Матюшкин А. В. Проблемы интерпретации литературного художественного текста. Петрозаводск, Издательство КГПУ, 2007.

60. Богин Г.И. Субстанциональная сторона понимания текста. / Г.И. Богин. — Тверь, 1993. — 185 с.

61. Абайдың қара сөздері // abay.kz ақпараттық порталы. <https://abai.kz/post/6> (қарау мерзімі 27.04.2021)

62. Хайдеггер М. Бытье и время / М. Хайдеггер. Перевод с немец. В.В. Бибихина. — Харьков: «Филио», 2003. — 503 с.

63. Н.И. Колодина. Теоретические аспекты понимания и интерпретации художественного текста. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Тамбов, 2002

64. Ахметжанова, З.К. Очерки по национальной концептологии.- Алматы: Елтаным, 2012

65. Бореев Ю. Б. Искусство интерпретации и оценка. Опыт прочтения «Медного всадника». М.: Советский писатель, 1986.

66. Адскова Т. П., Турбекова С. А. Реализация коммуникативно-когнитивной парадигмы при обучении функциональному чтению бакалавров технических специальностей - Очерки по национальной концептологии.- Алматы: Елтаным, 2012

67. Молдавская Н.Д. Литературное развитие школьников в процессе обучения. М., 1976. С. 88

68. Маранцман В.Г. Изучение творчества А.С. Пушкина в школе. На путях к А.С. Пушкину: В 2 ч. Ч. 1. М., 1999
69. Беленький Г.И. Приобщение к искусству слова. М., 1990
70. Доманский В.А. Чтобы не работать вслепую (Знание об уровнях читательского восприятия старшеклассников как фактор их дальнейшего развития) // Русский язык и литература в средних учебных заведениях Украины. 1992. № 1
71. Қ. Әбдібекқызы. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту (5-8 кластардағы әдебиет пәнінің мұғалімдеріне арналған көмекші құрал). – Алматы, Рауан» баспасы, 1994.
72. Shaimerdenova Zh. et al. Criteria-Based Assessment Of Creative Types Of Writing In A Form Of Essay. *Orpción*, Año 35, No. 88 (2019): 470-508
73. Макарова М.Ф. Развитие творческой активности учащихся в современной школе. Дисс. канд. пед. наук. Саратов, 2004.- 195 л.
74. Ерхожина Ш.Л. Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту әдістемесі: Монография. – ЖК «Балауса». – 2018. 232 б.
75. Филимонова В. Б. Проблема определения творческой активности личности в педагогических исследованиях // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2014. – № S10. – С. 51–55. – URL: <http://e-koncept.ru/2014/14626.htm>.
76. Умбетова А.К. Болашақ маманның шығармашылық белсенділігі түсінігінің мәні мен мазмұны. www.library.wksu.kz
77. Фуфаев И.В. Развитие творческой активности студентов средствами ТРИЗ-педагогика. Вестник ЧГПУ №6, 2010 г.
78. К.Р.Исаева, А.К.Бұртибаева Студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру. Қарағанды университетінің хабаршысы, - 2013ж. Дерек көзі: <https://articlekz.com/kk/article/15935> (қарау мерзімі: 09.06.2020ж.)
79. Наурызбаева Р. Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары. (Оқу құралы). Алматы: Білім, 2006 – 128 бет.
80. Қырықбаева Ж.М., Қырықбай К.М., Ниязбекова К.С. «Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі». Дерек көзі: http://www.rusnauka.com/11_NPE_2014/Pedagogica/2_166525.doc.htm (қарау уақыты: 09.06.2020)
81. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Рауан,1997.
82. Сомова, Л.А. Методика обучения литературе: особенности художественной коммуникации : электронное учеб. пособие / Л.А. Сомова. – Тольятти : Изд-во ТГУ, 2014. – 1 оптический диск. Дерек көзі: <https://dspace.tltsu.ru/bitstream/123456789/16/1/Somova1-03-13%20-%20EUP.pdf> (қарау уақыты: 7,05,2020)
83. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
84. Қ. Сулейменова Эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту әдістемесі (10-11 сыныптар) . Философия

докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2018ж

85. Е. Р. Ядровская Интерпретация художественного произведения как технология общения с искусством и путь творческого развития личности. Дерек көзі <https://cyberleninka.ru/article/n/interpretatsiya-hudozhestvennogo-proizvedeniya-kak-tehnologiya-obscheniya-s-iskusstvom-i-put-tvorcheskogo-razvitiya-lichnosti> (қарау мерзімі 11.06.2020 ж.)

86. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> (қарау мерзімі: 08.12.2020)

87. И. В. Сосновская Е. Р. Ситникова. Художественная рефлексия как условие понимания читателем-школьником литературного произведения - Раздел «Педагогические науки» Педагогический Имидж № 2 (39), апрель – июнь 2018, Онлайн-доступ к журналу: <http://journal.iro38.ru> (қарау уақыты 29.06.2020)

88. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб. : Питер, 2000. 712 с.

89. Психология: Энциклопедиялық сөздік./Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011

90. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/А. Қ. Әлімов Асхат Қамзақұлы . – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.

91. Бапаева С.Т. Рефлексия болашақ психолог іс-әрекетінің нәтижесін болжау іскерлігі ретінде. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, (3/1), 55 – 66

92. И. В. Сосновская. Стратегия «точки фиксации рефлексии» как способ мотивации к чтению и пониманию классического текста на уроке литературы - Педагогический ИМИДЖ, раздел «Педагогические науки» педагогический имидж № 3 (44), июль – сентябрь 2019. Онлайн-доступ к журналу: <http://journal.iro38.ru>

93. Богин Г.И. Методологическое пособие по интерпретации художественного текста (для занимающихся иностранной филологией) (рукопись).<http://window.edu.ru/resource/096/42096/files/bogin-vvedenie.htm>

94. Т. Шапай. Күлкі және көз жасы. <http://kazgazeta.kz/news/21761> (қарау күні 3.08.2020)

95. Бизяева, А. А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия [Текст] / А. А. Бизяева. – Псков : Изд-во ПГПИ им. С. М. Кирова, 2004. – 216 с.

96. Колышева, Т. А. Подготовка учителя музыки к профессионально-личностной рефлексии в системе высшего профессионального образования [Текст] : дис. ... д-ра пед. наук / Т. А. Колышева. – М., 1997. – 370 с. 6.

97. Мышление учителя: Личностные механизмы и понятийный аппарат [Текст] / под ред. Ю. Н. Кулюткина, Г. С. Сухобской. – М. : Педагогика, 1990. – 104 с

98. Юрова, Т. В. Педагогическая рефлексия: диагностика и условия развития [Текст] / Т. В. Юрова. – Владивосток : Изд-во ВГУЭС, 2008. – 224 с
99. Бап-Баба С.Б. Жалпы психология (жантану негіздері). – Алматы, Дарын. – 2005. – 352 бет.
100. Дранков В.Л. Психология художественного творчества. – Л.: ЛГИК, 1991. – С.38.
101. Ягункова В.П. В мире прекрасного //Способности ваших детей. – М.: 1969. – С.54 – 61.
102. Лейбсон В.И. Руководство литературно-творческим развитием школьников на уроках // Изучение творчества писателей в старших классах. – М.: НИИАПН, 1981. – С.109 – 141.
103. Методика преподавания литературы: Учебник для пед. вузов / Под ред. Богдановой О.Ю., Маранцмана В.Г. – В 2 ч. Ч.1. – М.: Просвещение, 1994.
104. Е.Е.Туник. Диагностика креативности тест Е. Торренса. – Санкт-Петербург, «ИМАТОН»- 1998.
105. Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы: Монография. – Алматы: Жазушы, 2004. – 152 бет.
106. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау әдістемесі: Монография. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы, 2011. – 344 б.
107. Брякова, И. Е. Формирование креативной компетентности студентов-филологов педагогического вуза : монография / И. Е. Брякова ; Мин-во образования и науки РФ, Оренбург. гос. пед. ун-т. Оренбург : Изд-во ОГПУ, 2010. — 380 с.
108. К.Т. Медеубаева, Д.Қ. Садирбекова Білім сапасын арттыруда функционалдық сауаттылықтың педагогикалық маңызы. //Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 2 (74), 2018
109. Кудрящев Н.И. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы, -М., 1981.
110. Тасболатов Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал). – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974.
111. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер/ Е.Жүніс. – Алматы, «Хан тәңірі», 2014. – 324 бет.
112. Бұршақ салу санадан өшіп барады. Дерек көзі: <https://qazaly.kz/zanalyk/ruhaniyt/15496-brsha-salu-sanadan-shp-barady.html> (қарау мерзімі: 07.12.2020)
113. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Дерек көзі: <http://kaz.slovopedia.com/> (қарау мерзімі: 07.12.2020)
114. Бүркіт балапаны және оның сыны. Дерек көзі: <https://egemen.kz/article/120491-%E2%80%8Bburkit-balapany-dgane-onynh-synu> (қарау мерзімі: 07.12.2020)

115. Алмаз Мырзахмет. Түн жанарындағы жас (әңгіме). Дерек көзі: http://qamba.codeo.kz/site/book/online/almaz-myrzahmet-hanshaiym/content/content_16.xhtml/(қарау мерзімі 21.04.2022)

116. Трофимова Н.А., Методика формирования навыков интерпретации художественного текста у студентов-бакалавров. Дерек көзі: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodika-formirovaniya-navykov-interpretatsii-hudozhestvennogo-teksta-u-studentov-bakalavrov.pdf> (қарау мерзімі 03.02.2022)

117. Қоңыратбаев Ә.Қ., Көптомдық шығармалар жинағы – Алматы: «МерСал» Баспа үйі, 2004. – Т.7: Педагогикалық еңбектері. – 2005. 512 бет.

118. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы: Оқу құралы./ Сатбекова А.А. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. 2013. - 210 бет.

119. Қ.А. Мұса. Жобалық оқыту білім беру жүйесінің негізі ретінде. <https://bilim-all.kz/jospar/5189-ZHobalyq-oqytu-bilim-beru-zhuiesinin-negizi-retinde>, қарау мерзімі (06.04.2021)

120. Балтабаева Н.С., Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық-дәстүрлік ұстанымдары. – Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы, 2016

121. Б.Д. Керімбекова, Ғ.Н. Отарбаева Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 142 б.

Қосымша А

Студенттің өздік жұмыс тапсырмалары бойынша ұсынған жұмыстары



Қосымша Ә

Көркем шығарманы өнердің өзге түріне интерпретациялау тапсырмасы
бойынша студенттер жұмысының үлгілері



Қосымша Б

*Қазақ қиссаларының комикс түріндегі интерпретациясы
(Студенттердің жоба жұмысы нәтижесінде дайындағын
шығармашылық өнімі)*



ӘОЖ
КБЖ
Ж

Тағылымды қиссалар. – Алматы: «Алтынсақа» баспасы, 2021. – 24 бет.

ISBN 978-601-76

Графикалық әдебиет, соның ішінде комикс жанры қазіргі әлемдік әдебиетте жас оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие. Осы кітап арқылы қазақ балаларына да тағылым, тәрбиесі мол әрі қазіргі заманауи сұранысқа ие өнімді ұсыну көзделді. Бұл өнім ретінде қазақтың ұлттық дүниетанымын, салт-дәстүрін комикс арқылы жеткізді. Қиссалардың сурет арқылы берілуі жас оқырмандардың ойлау, елестету қабілеттерін дамытып, қиссаға деген қызығушылықтарын арттырады.

Кітап барша оқырман қауымға, соның ішінде, жасөспірімдерге арналады.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-76

© «Алтынсақа» баспасы, 2021

Қосымша В

«Қисса қазыналары» атты телеграм арна (Студенттердің жоба жұмысы нәтижесінде дайындағын шығармашылық өнімі)

Updating...

Халық жаңалықтары «» 10:02 AM
Қаталастыңдар! Суретте профе... 91

SOFTBOX TV «» Feb 13
[Озвучка SOFTBOX] Жестокая... 128

Қолданбалы филология | При... 11/25/2021
Jungliw: Қайта қайта шығып кіріп көр

Ақжан 77 балл 11/25/2021
Камила да барам деп еді ғой

ҮЗІК ОЙЛАР «» 11/24/2021
#негрусти 26

Тарих | История 11/24/2021
You: Келіңіздер

Ниегбаева Камила 11/23/2021
Voice message

Faculty of Education & Humaniti... 11/22/2021
Сіз мұражайға соңғы рет қашан бар...

Bota Kuanyshova 11/22/2021
Outgoing Call (1 minute, 31 seconds)

Байбол Бақытжанұлы 11/19/2021
Ок

Мех 11/18/2021

Unread messages

Сәлем оқырмандар! Күндеріңіз сәттілікке толы болсын! Бүгінгі қиссамыз баға жетпес байлықтарымыз ата-анаға байланысты болады. Ата-анамызды құрметтеп, оларға қуаныш сыйлап жүрейік.

Leave a comment

Ата-ананды құрметте

Бірде Мұса пайғамбар Алла тағалаға:
– Уа, Тәңірім! Маған жұмақта көрші болатын кісіні көрсетші, – деп өтінеді. Жаппар Хақ:
– Базарға барып, ет сататын қаспашыны іздеп тауып ал. Сенің жұмақтағы көршің сол болады, – дейді. Мұса дереу базарға барып, қаспашыны тауып алады. Ол ынты-шынтысымен еңбек етіп, ет сатып тұр екен. Кешке қаспашы үйіне қайтады. Жол бойында Мұса оны қуып жетіп:
– Бауырым, жүзің жылы, қайырымды жан екенсің. Кімсің, қайда асығып барасың? – дейді. Жігіт:
– Менің көрі сырқат шешем бар. Оны бағып-қағу менің мойнымда. Күнде үйге қайтарда малдың жылы-жұмсағын, екпе-бауырын алып барып, оған ас әзірлеймін. Шешем ауқаттан кейін күнде маған: «Балам, Тәңір жарлықасын! Маған қылған қызметің Құдайдан қайтсын! Ертең жұмақта Мұса пайғамбардың көршісі бол!» деп үнемі дұға қылатын, – дейді. Мұса жігітке риза болып: «Уа, Тәңірім, ата-анасын сыйлаған жанның бәрін менің көршімен қыл!» – деп дұға етіпті. Бұл туралы миграж сапарында да айтылады. Мұхамбет пайғамбар мигражда бір топ адамдарды көреді. Олардың түрлері сондай ұқсынсыз, ауыздарында бір тіс жоқ, құлақтары жырық, мұрындары пұшық, көздері қысық, қол-аяғы шидей жіңішке, бірақ қарны қампылып кеткен. Өз бетінше жүре алмайды. Тырнақтары соғудай, жезтырнақтың кейпіне енген. Шаштары алба-жұлба. Пайғамбар олардың түрін көріп шошып кетеді.
– Бұлар кімдер? – деп сұрайды. Жебірейіл:
– Бұлар – өмірде ата-анасын ренжітіп, Құдайдың рахымынан құр қалғандар. Кім ата-анасын сыйламай, олардың кеңіліне қаяу салса, сол адамның Құдай алдында сүйкімі болмайды. Қияметте түрлері осы қалыпта тіріледі, – дейді. Пайғамбар: «Ата-анасын ренжіткен мұндай сұрықсыз адам менің үмбетімнен болмасын!» – деп дұға қылған екен.

Profile

Кисса қазыналары
383 subscribers

kissakazinalari
Username

Бұл канал-қиссаларды дәріптеп, ол жайлы қосымша, және де қызықты мәліметтермен бөлісу үшін ашылды. Басқа да жақындарыңыз, я болмаса достарыңызбен бөлісе отырып, каналымызға тіркеліңіздер! 📢❤️


Bio

Notifications


Media Links Music Voice

Қосымша Г

Студенттердің түрлі жанрдағы интерпретацияларының үлгілері



Сурет Г 1. Абайдың 17-қара сөзі бойынша постер




Сурет Г 2. Абай өлеңіне жасалған интерпретация негізінде онлайн-тренинг



Сурет Г 3. Абайдың қылқаламмен салған суреті және қара сөзіне жасалған видеоинтерпретация


Жекелеген көркем шығармалар бойынша жан-жақты ақпараттарға беретін және студенттердің өзіндік интерпретацияларын қамтитын сайт сілтемелері

1. <https://sites.google.com/view/maqozhagoaaray/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8B-%D0%B1%D0%B5%D1%82>



Сурет Г 4. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі бойынша дайындалған сайт

2. <https://sites.google.com/view/parasatmaidany/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8B-%D0%B1%D0%B5%D1%82>



Сурет Г 5. Т. Әбдіктің «Парасат майданы» повесі бойынша дайындалған сайт

Қосымша F

Анықтау эксперименті бойынша жүргізілген сауалнама

Вопросы Ответы 111 Настройки

Сауалнама

Описание

Көркем шығарма интерпретациясы дегенді қалай түсінесіз? *

- оқырманның шығарманы өзіндік қабылдауы
- шығарманы талдау мен интерпретациялау тең ұғым
- авторлық идеяны ашу
- мәтінді тереңінен түсіну
- Другое...

Интерпретацияның қай түрі сізге жақынырақ? *

- көркем шығарманың астарын өнердің өзге түрлері арқылы жеткізу
- шығарма желісі бойынша қойылым, фильм т.б. дайындау
- әдебиеттің өзге жанрларына ауыстыру
- шығарма желісін өз қиялыңда өрбіте түсу
- Другое...

Көркем шығарманы оқытуда театрландырылған қойылымдар, шығарманың кинонұсқасы, музыкалық туындылар т.б. атқаратын қызметі қандай?

- шығарманың кезеңдік ерекшеліктерін түсінуге, кейіпкерлерді тануға ықпал етеді
- шығарманың мәнін тереңінен ұғуға ықпал етеді
- көркем мәтін поэтикасын түсінуге ықпал етеді
- дайын түсінікті тақып беріп, білім алушыға шығарманы өз бетінше түсінуіне кедергі келтіреді
- Другое...

Студенттің көркем шығарманы түсінуі неге негізделуі керек?

- өзінің жеке қабылдаулары мен сезімдеріне
- көркем шығарма мәтінін толық білуге
- әдеби сыншылардың пікіріне
- мұғалімнің көзқарасына
- Другое...

Егер басқа студенттің көркем шығарма мен оның кейіпкерлері туралы пікірі жалпы қалыптасқан пікірден өзгеше болса, ол студенттің пікірін қолдайсыз ба?

- иә, егер ол дәйекті пікір болса
- жоқ
- Другое...

Әдебиет сабақтарында өнердің қай түрі көбірек қолданылады? *

- бейнелеу өнері
- музыка
- көркем фильмдер
- сахналық қойылымдар
- аудиожазбалар
- Другое...

Студенттердің оқыған шығармасы жайлы театр спектаклдеріне баруы қаншалықты маңызды? *

- өте маңызды
- мүмкіндік болса, барған артық болмайды
- қажеттілігі жоқ
- Другое...

Классикалық драмалық шығармаларды жаңаша интерпретациялауға көзқарасының қандай? (Қазіргі заманның құндылықтарына сай) *

- қарсымын
- қарсылығым жоқ, ондай интерпретацияларды да сабақ барысында талдау керек
- әр кезде әрқалай
- Другое...

⋮

Егер шығарманың экранизациясын көрген болсаңыз, туынды мәтінін оқисыз ба? *

- иә, оқимын
- сирек оқимын, көп жағдайда оқымаймын
- Другое...

Қосымша Д

Босния және Герцоговина Республикасы, Халықаралық Берч университетінің студенттерінен алынған сауалнама сұрақтары

Вопросы

Ответы 10

Настройки

Всего: 0

Survey

Описание

What does "interpretation of a work of art" means to you? *

- the reader's own perception of the work
- analysis and interpretation of the work is an equal concept
- disclosure of the author's idea
- deepening the understanding of the text
- Другое...

Which interpretation principle is closer to you? *

- delivery of the background of the work of art through other forms of art
- creating a play, film, etc. based on a work of art
- transfer to other genres of literature
- to develop the line of the work in your imagination
- Другое...

What function do artistic illustrations, theatrical productions, film versions, and musical works perform in the study of literature? *

- helps to understand the periodic features of the work, to recognize the characters
- promotes a deeper understanding of the essence of the work
- they help you better understand the poetics of the work
- implies a ready-made concept and prevents the student from understanding the work on their own
- Другое...

What should the student's understanding of a literary work be based on? *

- on your personal perception, feelings
- on the knowledge of the text of the work;
- on the opinions of critics
- in the position of a teacher
- Другое...

Do you agree with the other student's opinion about the work of art and its characters, if it differs from the generally accepted one?

- yes (if it is reasoned)
- No, I don't agree
- Другое...

What types of art are most often used in literature classes?

- paintings
- musical works
- films
- works of theatrical art
- audio recordings
- Другое...

How important is it for students to go to theatrical performances about the work they read? *

- necessary
- If there is an opportunity to go, then yes
- no need to
- Другое...

How do you feel about modern interpretations of dramatic works? *

- sharply negative;
- positively, such interpretations should be discussed with students in the classroom
- they are ambiguous
- Другое...

Do you read the text of a work of fiction if you have watched its film adaptation? *

- Yes, I read it
- rarely, not always
- I find it difficult to answer
- Другое...

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ АНЫҚТАУ ТЕСТІ**(Х. Зиверт)****ТАПҚЫРЛЫҚ (Н шкаласы)**

Сізге бірнеше тапсырма беріледі, оларды орындау барысында сіз қаншалықты шығармашылыққа бейім екеніңізді анықтай аласыз. Тапсырманы топ болып орындауға да болады. Ондай жағдайда топ ішін бір адамды «хатшы» сайлап, топтың өзге мүшелері идея айтушы болу керек. Тапсырманы жеке орындасаңыз да болады. Секундамер қосып қойып, тапсырманы неғұрлым тез орындауға тырысу керек. Бір бағанды орындауға 1 минут, жалпы тапсырмаға 3 минут беріледі.

ТАПСЫРМА

Келесі бетте берілген кесте бағандарының әрқайсына бір сөзден жазып шығу керек. Барлық сөздердің алғашқы екі әрпі бірдей басталу керек. Мысалы, «ап» әріптерінен басталса, *ана, апта, апан, апар, т.б.*

Әр бағанды толтыруға бір минут беріледі.

Н шкаласын бағалау (тапқырлық)

Тапсырма орындалған жолдарды санап шығыңыз. Үш тапсырма нәтижелерін қосыңыз. Нәтижені 1,5 бөліңіз. Максималды 60 балл ала аласыз.

0-20 балл аралығы. Бұл тапсырма сізге қиынға соқты. Өкінішке орай, бұл тапсырманы орындауда әлсіздер категориясынан табылдыңыз. Алайда, сіз өз қабілетіңізді шыңдауыңызға әбден болады.

20-40 балл аралығы. Сіздің нәтижелеріңіз орташа. Аталмыш тапсырма бойынша қабілетіңізді сәл шыңдасаңыз жоғары нәтиже көрсетеріңіз анық.

41-60 балл аралығы. Байқағаныңыздай бұл тапсырмада тапқырлықпен қатар, жазу жылдамдығы да маңызды. Бір сөзге екі секунд қана уақыт жұмсауға болады. Бұл өте қиын іс. Жазу барысында ғсіз басқа келесі сөздерді де ойлап отыруыңыз керек. Яғни, ойлау мен жазу әрекетін қатар іске асырасыз. Сондықтан да, сіздің нәтиженіз мақтауға ылайық!

№	«Ал»-дан басталатын қанша сөз таба аласыз. Мысалы: <i>алма, алтын</i>	«Жы»-дан басталатын қанша сөз таба аласыз. Мысалы: <i>жылу, жылға</i>	«Кө»-ден басталатын қанша сөз таба аласыз. Мысалы: <i>көше, көру</i>
1
2
3

ДИВЕРГЕНТТІ (СТАНДАРТТЫ ЕМЕС) ОЙЛАУ (Д шкаласы)

Бұл тестті орындау арқылы сіз өзіңіздің дивергентті ойлау қабілетіңіздің қаншалықты дамығанын анықтай аласыз. Бір қарағанда ойға келе қоймайтын, алайда кез келген жерде қолданысқа жарайтын дүниені ойлап табу керек.

Мысалы, қаламсап дейік. Біз оны жазу мен сурет салу үшін қолданамыз, алайда ол басқа істерге де жаруы мүмкін. Мысалы, оны қағаз парақты тесу үшін қолдануға болады. Қаламсаптың екі басын алып тастаса, «үрмелі қаруға» (ортасына қағаз шиыршықтап салып, атып ойнаушы едік қой))) айналады, т.б.

ТАПСЫРМА. Келесі бетте Сізге берілген үш заттан не жасауға болатынын ойлап көріңіз. Қанша нұсқасын табар екенсіз? Максималды он нұсқа таба алсаңыз тіпті керемет. Әр затқа 1 минуттан, яғни жалпы тапсырманы орындауға 3 минут беріледі.

Д ШКАЛАСЫН БАҒАЛАУ.

Әрбір қисынды толтырылған жауап үшін өзіңізге 2 балл есептеңіз. Сосын жиналған баллды екі еселеңіз. Максималды түрде 60 балл ала аласыз.

0-20 балл аралығы. Сіздің стандартты емес ойлау қабілетіңіз қалыптасқан, алайда бұл тапсырма Сізге әлі де қиындық келтіріп тұр. Осыған ұқсас тапсырмалармен жиі жаттықсаңыз қабілетіңізді шыңдап алуға болады. Бұндай тапсырмалар кәсіби біліктілікті анықтауға арналған тект-зерттеулерде де жиі кездеседі.

21-40 балл аралығы. Сіздің ерекше ойлау қабілетіңіз жақсы қалыптасқан. Бұл тапсырма бойынша Сіз орташа көркеткішке ие болдыңыз. Жиі жаттығатын болсаңыз, жоғары көрсеткішке қиналмай-ақ қол жеткізесіз.

41-60 аралығы. Сіздің ерекше ойлау қабілетіңіз өзгерелерден оқ бойы озық тұр. Өзіңізді шығармашылықпен байланысты кез-келген салада сынап көруіңізге болады.

КІРПШПЕН не істеуге болады?Сіз қандай нұсқалар ұсынасыз?
1
2
3
4
5
6
7

8
9
10

СТАКАНМЕН не істеуге болады?Сіз қандай нұсқалар ұсынасыз?
1
2
3
4
5
6
7
8
9
10

ГАЗЕТПЕН не істеуге болады?Сіз қандай нұсқалар ұсынасыз?
1
2
3
4
5
6
7
8
9
10

Қосымша Ё

ЕРЕСЕК АДАМНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУ

(А.Н. Лук)

Біз Сіздің шығармашылық әлеуетіңізді анықтауға арналған шағын тестті ұсынамыз. Жауап таңдау сіздің құзырыңызда. Жауап тек біреу болу керек.

1. Сіздің ойыңызша қазіргі білім беру жүйесі жақсара түсуі мүмкін бе?
 - А) иә,
 - Ә) жоқ, ол онсыз да жақсы
 - Б) иә, кейбір тұстарына аз-кем өзгерту енгізу керек
2. Сіз білім беру жүйесін өзгертуге қатыса аламын деп ойлайсыз ба?
 - А) иә, көп жағдайда әсер ете аламын
 - Ә) жоқ
 - Б) иә, аздаған үлесімді қоса аламын
3. Сіздің кейбір жеке идеяларыңыз өзіңіз жұмыс істейтін саланы жақсарты алады деп ойлайсыз ба?
 - А) иә
 - Ә) иә, орайлы сәті келе қалса
 - Б) иә, аздаған деңгейде
4. Сіз болашақта өте маңызды рөлге ие болып, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерте аламын деп ойлайсыз ба?
 - А) әбден мүмкін
 - Ә) күмәнім бар
 - Б) мүмкін
5. Қандай да бір әрекетке барар алдында сіздің бастамаңыз қалыптасқан жағдайды жақсы жаққа өзгертеді деп сенесіз бе?
 - А) иә
 - Ә) көп жағдайда қолымнан келмейді деп ойлаймын
 - Б) иә, көп жағдайда
6. Оқыту туралы ғылым ретінде дидактикамен айналысуға қызығушылық танытасыз ба?
 - А) иә, қызығушылығым бар
 - Ә) жоқ, қызықпаймын
 - Б) бәрі бұл ғылыммен айналысудағы мақсатқа байланысты
7. Сіз жиі жаңа іс бастайсыз ба? Бастаған ісіңізде жетістікке жетуді қалайсыз ба?
 - А) иә
 - Ә) маған дейін жеткен жетістіктерді бағындарсам да қанағат
 - Б) жоқ, жетістікке жету мүмкін емес деп ойлаймын
8. Егер қандай да бір мәселе шешілген болса, алайда ол шешім сізді қанағаттандырмаса, мәселені шешудің барлық теориялық мүмкіндіктерін қарастыруға дайынсыз ба?

- А) иә
Ә) жоқ, неге бұндай шешімге келгенін білсем болды
Б) жоқ
9. Сәтсіздікке ұшыған жағдайда сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?
А) біраз уақыт басаған ісімді аяқтау үшін тырысып бағатын боламын
Ә) қолымды бір сілтеп қоя салам
Б) жаңа іс бастсаймын
10. Мамандық таңдауда не маңызды?
А) өз мүмкіндіктерің мен қалауыңды ескеріп таңдау керек
Ә) мамандықтың маңыздылығы мен сұранысын ескеру керек
Б) оның беретін артықшылықтарын ескеру керек
11. Саяхатта жүрсеңіз бір жүріп өткен маршрутыңызды оңай тануыңыз мүмкін бе?
А) иә
Ә) жоқ
Б) иә, тек өте ұнаған жерлер болса
12. Әңгіме аяқтала салысымен не айтылғанын толық есіңізге түсіре аласыз ба?
А) иә, оңай түсіремін
Ә) мені қызықтырған нәрсені ғана есте сақтаймын
Б) бәрін есіме түсіре алмаймын
13. Егер белгілі бір ортада таныс емес термин естісеңіз, соған ұқсас жағдай туындағанда сол терминді қолдана аласыз ба?
А) иә
Ә) иә, егер термин оңай есте қалатын болса
Б) жоқ
14. Бос уақытыңызда немен айналысуды таңдайсыз?
А) оңашада ойлану
Ә) көпшілік ортада болу
Б) бәрібір
15. Сіз баяндама дайындап жатырсыз делік. Қандай жағдайда жұмысты тоқтатуыңыз мүмкін?
А) толыққанды дайын болғанда, өте жақса орындалғанда
Ә) толық болмаса да жеткілікті дайын болса болды
Б) толық дайын болды, десе де тағы материалдар қосуға болар еді
16. Жалғыз қалғанда Сіз...
А) сүйікті жазушыңыздың кітабын оқисыз
Ә) қалай болмасын бір іспен айналысуға тырысасыз
Б) жұмысқа байланысты мәселелеріңізбен айналысасыз
17. Сізде қандай да бір идея туындаса
А) ол туралы кіммен және қай орта болмасын ойланасыз
Ә) жалғыз қалғанда ойланасыз
Б) тым шулы емес орында ойланасыз
18. Егер сіз қандай да бір идеяны көздейтін болсаңыз

- А) оппоненттердің сенімді аргументтері болса бас тартасыз
- Ә) қандай аргумент болмасын өз пікіріңізде қаласыз
- Б) қатты қысым көрсетілген жаңдайда, пікіріңізді өзгертесіз

Тест жауаптарын төмендегідей жолмен есептеңіз:

а жауаптары – 3 балл

ә жауаптары – 1 балл

б жауаптары – 2 балл

1,6,7,8 сұрақтар – Сіздің білуге деген құштарлығыңызды

2,3,4,5 сұрақтар - өзіңізге сенімділігіңізді

9,15 сұрақтар – тұрақтылығыңызды

10 сұрақ – амбицияңызды

12,13 сұрақтар – есте сақтау қабілетіңізді

11 сұрақ – көру арқылы есте сақтау қабілетіңізді

14 сұрақ – еркіндіке ұмтылуыңызды

16, 17 сұрақ – абстракциялау

18 сұрақ – жинақылығыңызды анықтайды.

Бұл қабілеттер шығармашылық потенциалды анықтаудың негізгі көрсеткіші.

Жиналған баллдың жалпы суммасы Сіздің шығармашылық потенциалыңыздың деңгейін анықтайды.

49 балл және одан жоғары. Сіздің тамақша шығармашылық потенциалыңыз бар. Егер оны іс жүзінде қолдана алатын болсаңыз, шығармашылықтың түрлі-түрлі формаларын іске асыра аласыз.

24 баллдан 48 балл аралығы. Сіздің шығармашылық қабілетіңіз жақсы. Шығармашылық сіздің қолдан келетін іс. Алайда, сіздің шығармашылық үдерісін тежеуші қандай да мәселелер бар. Қалай болса да Сіз шығармашылықтан құр алақан емессіз. Өзіңіз қаласаңыз әрине.

23 баллдан төмен. Сіздің шығармашылық потенциалыңыз, өкінішке орай, жоғары емес. Мүмкін Сіз өз мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағаламағын боларсыз. Өз мүмкіндітеріңізге сеніммен қараңыз, шығармашылық жұмыстар да қиындық тудырмайды.

Қосымша Ж

*«Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері»
атты әдебиет сабағында қолдануға ұсынылатын шығармашылық
тапсырмаларға құрылған әдістемелік нұсқау*



ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.1
К 32

*Баспаға Сулейман Демирель атындағы университеттің
Оқу-әдістемелік кеңесі (№1 хаттама 20.12.2018 ж.)
және Сулейман Демирель атындағы университеттің
Ғылыми кеңесі ұсыналған
(№6 хаттама 27.12.2018 ж.)*

Пікір жамағандар:

Педагогика ғылымдарының докторы, доцент **Б. Жумақиева**
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С. Дүрбібайұлы**
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Л. Дзуренбекова**

Керімбекова Б.Д.

К 32 Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері: әдістемелік нұсқау / Б.Д. Керімбекова, Г.Н. Отарбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 150 б.
ISBN 978-601-7537-81-4

Әдістемелік нұсқауда жазартылған білім мазмұнына негізделген қазақ әдебиеті сабақтарында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері анықталып, олардың орындалу барысы, шарттары нақты мысалдармен берілді. Сонымен бірге сабақта баланың әдебиетке деген қызығушылығын арттыратын әдеби ойын түрлері, кері байланыс, яғни рефлексивтік түрлері, яғни мұқалімдеріне әдебиет туралы рефлексивтік мекендеріне қатысты әзіл жұмбақтар да жинақталып ұсынылған.

Аталған еңбек жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері мен магистранттарына, мектеп және колледж мұқалімдеріне, әдебиеттің түрлі саласынан дәрiс оқытатын оқытушыларға арналады.

Авторлық редакциясымен шығарылды.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.1

ISBN 978-601-7537-81-4

© Керімбекова Б.Д., Отарбаева Г.Н., 2019
© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2019